Следующий этап истории Кыргызстана неразрывно связан с Западнотюркским каганатом, который существовал с 603 по 704 год. В его состав входили Восточный Туркестан, земледельческие области Средней Азии, обширные степные территории Приаралья и Северного Кавказа. Административно-политическим центром государства был изначально город Мин-Булак в Таласской долине Кыргызстана, а с 618 года - город Суяб (развалины города Ак-Бешим недалеко от современного Токмока, КР). При Тон-ябгу-кагане (618-630) каганат достиг значительных успехов в политическом развитии и успешно сопротивлялся Китаю. Тон-ябгу-каган провел административные реформы с целью уравнивания статусов оседлых и кочевых феодалов, введя институт наместников-тутуков для управления регионами. Однако после его смерти каганат быстро утрачивал свою мощь. В 704 году в городе Кулан (рядом с современной станцией Луговая) тюргеши убили последнего кагана из династии Ашина, завершив тем самым эпоху Западнотюркского каганата [2. С. 44].

В начале VIII века на развалинах Западнотюркского каганата возникло Тюргешское государство, существовавшее с 704 по 766 год. Основателем правящей династии стал Уч-элиг каган (704-706), руководитель желтых тюргешей, с центром в городе Суяб [2.С.48]. Каган разделил свои владения на 20 округов, каждый из которых в случае необходимости должен был предоставлять войско в 7 тысяч человек верховному правителю. Власть тюргешей простиралась также на Восточный Туркестан. Полной независимости тюргеши достигли при Чабышчоре Сулуке (716-738), кагане из черных тюргешей. После его смерти (738) началась продолжительная борьба между желтыми и черными тюргешами за власть, что существенно ослабило государство. Этим воспользовались соперники, и в середине VIII века власть в каганате была захвачена карлуками.

Вместо Тюргешского каганата пришло Карлукское государство, существовавшее с 766 по 940 год. Согласно историческим источникам, союз трех карлукских племен с самого начала характеризовался территориальной и политической раздробленностью. Во второй половине VI века или в начале VII века одна часть карлуков владела определенными регионами Тохарстана (часть Восточного Туркестана). Их правитель, обладавший титулом "джабгу", первоначально подчинялся западнотюркским, а затем тюргешским каганам. Карлуки из Тохарстана сыграли значительную роль в сопротивлении арабским захватчикам. Другая часть карлуков расселилась в далеких восточных монгольских степях.

Карлуки, сыгравшие ключевую роль в разгроме китайских захватчиков в битве на реке Талас в 751 году, укрепили свое положение в Семиречье. Тем не менее, для установления политического лидерства карлукским лидерам пришлось продолжить многолетнюю борьбу. Только спустя два десятилетия, в 766 году,

карлуки смогли захватить города Суяб и Тараз. Большинство огузов покинуло Семиречье, переселившись на берега Арала, где сформировалось их собственное государство. В последующие годы карлуки вели упорную борьбу за гегемонию в регионе Семиречье [2.С. 53].

Период с X по XII век считается эпохой процветания в области экономики и культуры в Караханидском каганате на территории Тенир-Тоо. Предок основателя династии Караханидов, Сатук Абд ал-Керим Кара-хан, был каганом карлуков по имени Бильге Кул Кадыр-хан. Эти исторические сведения позволяют предположить, что династия Караханидов имеет корни, прослеживаемые к карлукскому наследию. Система управления в Караханидском каганате была сложной и ветвистой; государство разделялось на владения, руководимые представителями правящей династии. Лидеры этих владений обладали широкими полномочиями, вплоть до права чеканить собственные монеты, что, в свою очередь, создавало условия для конфликтов и набегов между ними.

Караханидское государство фактически представляло собой два отдельных каганата – Восточный и Западный, у каждого из которых были свои правители с собственными титулами и столицами.

Центром Восточного каганата был город Баласагын (вблизи нынешнего города Токмок в Кыргызстане), позднее он был перенесен в Кашгар. Столицей Западного каганата был Узген (на юге Кыргызстана), позднее замененный на Самарканд. В конце XI – начале XII века оба каганата Караханидов переживали кризис. Как результат, они стали вассалами сельджуков, сохраняя при этом полную самостоятельность в своих внутренних делах.

Бесконечные внутренние конфликты и войны с сельджуками подорвали мощь Караханидского государства. В первой половине XII века Караханиды были завоеваны кара-кытаями под руководством Елюй Даши, потомками древних монголов, относящихся к народам тунгусо-маньчжурской группы. Отсутствие эффективного управления государством и стремление вассалов отделяться от верховной власти ослабили Кара-кытай. В 1208 году их территории были захвачены найманскими и меркитскими племенами, бежавшими от поражения, нанесенного ими Чингисханом на реке Иртыш. Сын хана найманов, Кучлук, присоединился к кара-кытайцам, собрав оставшиеся части своего народа, и поселился в Семиречье. Воспользовавшись хаосом в государственном управлении, в 1210 году он атаковал Узген, завладел казной, а через год схватил самого правителя Кара-кытай. Однако положение Кучлука оказалось неустойчивым. Восстания в городах Восточного Туркестана продолжались четыре года, и их подавление найманами удалось только в 1214 году. На западе влияние усиливалось Мухаммедом, правителем Хорезма, а на востоке Чингисхан готовился к своему времени. В истории развития не только кыргызов, но и большинства народов Азии и Европы начался новый этап – наступление разрушительного монголо-татарского нашествия. Процветавшее более 90 лет государство каракытайцев и найманов было уничтожено волной орд Чингисхана, наступивших с востока.

Поскольку государственное управление тюркских государств на территории Кыргызстана достигло своего пика в эпоху Караханидов, этот период считается золотым веком тюркской цивилизации. Поэтому основные принципы управления, сформировавшиеся в Средние века на территории Кыргызстана, можно проиллюстрировать на примере Караханидов [1. 26-45]

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

История кыргызского народа насчитывает тысячи лет. Одними из первых известных обитателей этой местности были скифы, сарматы и другие иранские племена, а также тюркские племена, включая уйгуры и карлуки. Они оставили свой след в культуре и языке кыргызов. Этнические кыргызы начали формироваться в результате слияния тюркских племен с местными ираноязычными племенами в первом тысячелетии нашей эры. Этот процесс в значительной степени был обусловлен миграционными потоками и культурным обменом на территории Центральной Азии.

Как и многие народы региона, кыргызы подвергались воздействию различных великих империй. В разное время они находились под властью китайских династий, монголов, иранских и индийских держав. Эти контакты оказали значительное влияние на культуру, язык и образ жизни кыргызского народа.

В начале 20-го века, в условиях распада Российской империи, кыргызы стали активно выступать за свою независимость. В 1916 году началось крупномасштабное восстание против российской власти, известное как "Басмачество", которое продолжалось до 1930-х годов. Однако после установления советской власти, Кыргызстан стал частью Советского Союза, сначала как автономная область, а затем как союзная республика.

С распадом Советского Союза в 1991 году Кыргызстан объявил о своей независимости. В последующие годы страна столкнулась с вызовами, свойственными переходному периоду, включая экономические трудности и политические нестабильности. Однако, несмотря на эти трудности, Кыргызстан укрепляет свою демократию и развивается как суверенное государство.

БИБЛИОГРАФИЯ

1. Бактыгулов Дж. С., Момбеков Ж.К. / История кыргызов и Кыргызстана с древнейших времен и до наших дней Б., 2001. 345с.
2. История кыргызов и Кыргызстана / Учебное пособие для ВУЗов Б., 1995г. 332с.
3. <https://www.issykkul.com/history.htm>

ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МҰРАЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Есназарова Ұ.Ә., Есмагамбетова А.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

АНДАТПА

Тарихи-географиялық мұраларды қазіргі білім беру жүйесіне енгізе отырып, оқушылардың ұлтжандылық сезімдерін ояту мен қалыптастырудың заманауи әдістері ұсынылды. Географиялық білім берудің маңызды аспектісі ретінде тарихи мұраларды зерттеу және талдау, сонымен бірге оларды қорғау мен сақтауға бағытталған іс-шаралар оқушыларды рухани байытатын құнды мәлімет болады.

Кілт сөздер: тарихи географиялық мұра, ұлтжандылық, заманауи әдістер, білім беру.

АННОТАЦИЯ

Внедряя историко-географическое наследие в современную систему образования, были предложены современные методы пробуждения и формирования у учащихся чувства национализма. В качестве важного аспекта географического образования исследование и анализ исторического наследия, а также деятельность, направленная на его защиту и сохранение, станут ценной информацией, духовно обогащающей учащихся.

Ключевые слова: историко-географическое наследие, национализм, современные методы, образование.

ABSTRACT

By introducing the historical and geographical heritage into the modern education system, modern methods of awakening and developing a sense of nationalism in students were proposed. As an important aspect of geographical education, research and analysis of historical heritage, as well as activities aimed at protecting and preserving it, will provide valuable information that enriches students spiritually.

Keywords: historical geographical heritage, nationalism, modern methods, education.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында негізгі бағыттардың бірі болып патриоттық тәрбие саналады. Еліміздің болашағы республика азаматтарының ұлтқа деген сүйіспеншілігімен, елдің тұтастығын қамтамасыз етуге деген ынта-жігермен тікелей жүзеге аса отырып дамиды.

Республикамыз тәуелсіз екендігін бүкіл әлемге қысқа мерзім ішінде мойындатып үлгерді. Ендігі басты міндет-мемлекетіміздің өркендеуі, халықтың экономикалық, әлеуметтік өмір сапасын көтеру, және осы орайда әрбір қазақстандықтың алдында тұрған азаматтық парызы-ол ел келешегіне мүмкіндігінше үлес қосу.

Қазіргі кезеңде “қазақстандық отансүйгіштік” ұғымына зор мән берілуде. Көп ұлтты Қазақстан халқының отансүйгіштік сезімін қалыптастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасымдылығында. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар – жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдыра алмайды. Олар сөзсіз адам көкірегінде жылылық, жақындық, туыстық сезімдерді ұялатып жатады. Бір сөзбен айтқанда, отансүйгіштік қасиетті ұғым.

Ұлтжандылық - ұлттық патриотизм. Ұлтжандылық дегеніміз - елі мен жері, халқының бостандығы және мемлекет ретінде жер бетінде сақталуы үшін, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу [1].

Отансүйгіштік-адамдағы бірте-бірте пайда болатын құндылық [2]. Адамзат баласында сезім отбасынан бастау алып тұлға есейген сайын ұлт, халық, қоғам, мемлекет деңгейіне дейін жететін бұл қасиет адамның бүкіл ғұмырына жалғасын табады. Патриотизм Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман саулығының қоғамдық мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткені мен бүгінін және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді [3].

Қазіргі уақытта қоғам дамуына байланысты оқушыларға заманауи білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту уақыт өте күрделі процестердің біріне айналды [2]. Негізгі міндеттердің бірі ретінде оқушылар мектеп қабырғасында жүріп Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм, таным заңдылықтарын меңгеруі тиіс. Оқушыларға патриоттық білім беру барлық пәндердің үлесіне тиесілі.

Тәрбиенің өмірмен байланысы тұлғаны жастайынан шынайы өмірмен тікелей байланыста болуы, қоғамдық ағымдағы тарихи болмысты меңгеруі оның туған ел мен жер тарихына деген қызығушылығын тудыру арқылы патриоттық сезімді қалыптастыруға игі ықпал етеді [1].

Патриоттық тәрбие тұрғысынан алатын болсақ егемен еліміздің бейбітшілігі мен тәуелсіздігін, ұлтаралық мәдениетті қалыптастыратын тұлғаны тәрбиелеу көзделеді.

Ұлтжандылық сезімі - ол өз елінің тарихы мен географиясын, мәдениетін тану арқылы сонымен қатар өткенің, бүгінің, ертеңді толық идеяға алатын көпфункционалды қасиет.

Ұлтжандылық тәрбиені тарихи-мәдени мұралар арқылы қалыптастыру негізінен екі бағыт: жалпы қазақстандық және аймақтық бойынша жүзеге

асады. Себебі оқушыға «қазақи тәрбие», «қазақи ой», «қазақи таным» секілді жалпы түсініктерін қалыптастырумен қатар, адамның тарихи-рухани тамыры болған кіші отанды дәріптеу, қорғау да маңызды [4].

Отансүйгіштік тәрбие адамзаттың тарихындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тапқан ұлттық рухани мақсат болғандықтан, мектеп қабырғасындағы оқушылардың Отанға деген патриоттық қасиетін қалыптастыруға тарихи-географиялық мұралардың алатын орны ерекше. Оқушыларда ұлтжандылық қасиетін қалыптастыру және дамыту жұмыстары білім беру жүйесінде:

- Оқу процесінде
- Сабақтан тыс жұмыста
- Мектептен тыс жұмыста [4].

Тарихи-географиялық мұра алдыңғы ұрпақтан келе жатқан мәдени, әлеуметтік және физикалық артефактілер немесе орындар. Ол ғасырлар бойы сақталған ғимараттар, ескерткіштер, артефактілер және ландшафттар секілді материалдық элементтер. Тарихи географиялық мұралар физикалық ортамен тығыз байланысты және орналасқан аймақтың мәдени, экономикалық және әлеуметтік аспектілерін қалыптастырады.

Еліміздің тарихи географиялық мұрасын оқыту оқушылар үшін рухани байытатын және қызықты тәжірибе болады. Осы орайда оқу бағдарламасына енгізуге болатын кейбір тәсілдер мен тақырыптар:

- Тарихи ескерткіштер (*Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Түркістанның көне қаласы секілді тарихи орындармен және нысандардың маңыздылығын, архитектуралық ерекшеліктері мен мәдени маңыздылығын зерттеу*);
- Ұлы Жібек Жолы (*Қазақстан Ежелгі Жібек жолы сауда жолында шешуші рөл атқарған және аймақтың экономикасы мен әлеуетіне тигізген әсері туралы, жол бойындағы тарихи қалалар мен сауда орындары туралы тарихи білім беру*);
- Көшпелілер мұрасы (*Еліміз көшпелілердің бай мұрасына ие және осы көшпелі өмір салтын қалыптастырған географиялық жағдайы мен климаты, көшпелі мәдениеттің Қазақстан тарихи мен болмысына әсерін зерттеу*);
- Табиғи ландшафттар (*Сарыарқа, Қаратау, Алтай таулары, Каспий теңізі секілді түрлі табиғи ландшафттарды сақтау мен қорғаудың маңыздылығы туралы*);
- Заманауи оқиғалар (*Елордасы Астана және Каспий теңізі аймағындағы қарқынды дамып келе жатқан мұнай өнеркәсібі сияқты заманауи даму урбанизацияны талқылау және осы оқиғалардың ел географиясына, экономикасына әсерін зерттеу*);

Кесте-1. Тарихи-географиялық мұраны мектеп қабырғасында оқытудың әдістері

№	Оқыту әдістері	Педагог іс-әрекеті	Күтілетін нәтиже
1	Туған жерге саяхаттар	Оқушыларды тарихи – географиялық, киелі орындарға экскурсияға апару, жергілікті мұра орындарын а баруды қамту. анықтау	Тарихымыздың терең де бай екенін, тарих мен географияның өзара байланысын түсінеді.
2	Картаны талдау	Ландшафттар мен шекара өзгерісі туралы түсінік беру.	Ата-бабларымыздан қалған мұралардың құндылығын ұғынады, және отанға деген сүйіспеншіліктері артады.
3	Ғылыми жобаға негізделген оқыту	Белгілі бір аймақтың тарихи географиялық мұрасын зерттеуді талап ететін жобалар тағайындау.	Белгілі бір ландшафттың маңызы туралы зерттеу жасап, еліміздің байлығы біздің табиғи мұраларымыз екенін түсінеді.
4	Туған жер тарихына сауалнама	Жергілікті қауымдастық мүшелерімен сұхбат немесе сауалнама жүргізуге ынталандыру.	Тарихи географиялық мұралардың сақталуы ұрпақтар ауысуы мен жергілікті дәстүрлердің маңыздылығына тікелей байланысты болатындығына көз жеткізеді.

(Ескертпе. Берілген кесте автормен құрастырылған)

Оқушылардың патриоттық сезімін тарихи-географиялық мұралар арқылы қалыптастыру маңызды аспектілердің бірі болып табылады және осы орайда бірнеше стратегиялық оқыту жолдарын ұсынылады:

- Тарих пен ұлттық мұраны тереңдете оқыту;
- Азаматтық белсенділікті ынталандыру;
- Сыныптан тыс Патриоттық іс-шаралармен айналысу;
- Жауапкершілікті азаматтыққа баулу;
- Ұлттық құндылықтар туралы сыни тұрғыдан ойлауға бейімдеу;

Осы стратегияларды қолдану арқылы педагогтар оқушыларға білімге, түсінуге және өз елі мен оның құндылықтарына белсенді араласуға негізделген күшті патриоттық сезімін дамытуға көмектесе алады.

Қазақстандық патриотизмнің арқауы-қазақ еліне деген сүйіспеншілік, көп ұлтты мемлекет болғандықтан ұлтқа, дінге, салтқа қарамастан бір тудың астына бірігіп, бір болашаққа қадам басу.

Қорытынды бөлім. Адамның көптеген адамгершілік қасиеттері балалық және мектеп жасында қалыптасады. Туған жерге деген сүйіспеншілік, туған жердің күннен-күнге өсіп, гүлденуін көруге құштарлық – осы сезімдердің барлығы көбінесе олардың мектеп кезінде балалардың бойына қалай сіңгеніне байланысты. Туған табиғаттың суреттері: таулар мен көлдер, далалар мен қалың ормандар – мұның бәрі балалардың туған жерге деген сезімін бірдей дәрежеде қалыптастырады, ал тарихи әңгімелер мен ескерткіштер баланың санасында үлкен із қалдырады. Оқушылардың туған өлке, оның жақсы адамдары туралы білімдері неғұрлым толық, терең, жарқын және мазмұнды болса, олардың бойында туған жерге деген қызығу мен сүйіспеншілік, терең құрмет, асыл адамгершілік сезімді қалыптастыруда соғұрлым нәтижелі болады. Отанға деген патриотизм ол әрбір адамның Отан алдындағы перзенттік парызы [5].

Қазіргі кезде Қазақстан өмірінде “қазақстандық патриотизмді” қалыптастыру және оны азаматтардың ой-санасына сіңіруді мемлекеттік дәрежеге көтергенімен, Отаншылдық ой-сананы қалыптастырудың шешілмеген мәселелері бар.

Қазақстандық патриотизм – ел азаматтарының республиканың бүгінгі тұрақты өмірі мен жарқын келешегі жолындағы еңбегі мен күрескерлігі іспетті.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иманбаева С.Т., Майғаранова Ш. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. -Алматы 2017, 240 бет.
2. Мақала: «Рухани жаңғыру: оқушыларға патриоттық тәрбие беру» Ақынова Л.А.б.ғ.к., Исалиева Н.С. Елмұратова А.С.
3. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру «әдістері»
4. [Электронды ресурс].- Рұқсат режимі: <https://www.tarbie.kz/25766>
5. Статья по теме «Роль географии культуры в воспитании патриотизма и гражданственности» Н.В. Проскурина 2007г.
6. Статья по теме "Роль географического краеведения в патриотическом воспитании школьников" Зайцева Марина Николаевна

МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫНДА САЯСИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мылқайдаров А.Т., Жамбыл А.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

АНДАТПА

Мақалада геосаяси және саяси мәселелерді мектеп географиясында оқытудың маңыздылығы мен ерекшеліктері жазылды. Географиялық білім беруде мектеп оқушыларын саяси біліммен қамтамасыз ету барысында оқушылардың қалыптастыратын жеке қасиеттері мен оқыту нәтижелері талданды. Білім алушының дидактикалық мәселелерін шешуде және саяси географиялық білімдерін қалыптастырудағы тиімді әдістері сараланды. Мақаланың өзектілігі - саяси және геосаяси мәселелерді оқыту арқылы оқушыларды саяси тәртіпке дағдыландыруда, саяси биліктің шешімдері мен жоспарларын түсіне алуда, саяси сауатты демократиялық өскелең ұрпақты қалыптастыру.

Кілт сөздер: геосаясат, дидактикалық мәселе, саяси білім, демократия.

ВАЖНОСТЬ ПРЕПОДАВАНИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ВОПРОСОВ В ШКОЛЬНОЙ ГЕОГРАФИИ

АННОТАЦИЯ

В статье рассказывается о значении и особенностях преподавания геополитических и политических вопросов в школьной географии. В ходе предоставления школьникам политических знаний в географическом образовании анализировались личностные качества и результаты обучения учащихся. Дифференцированы эффективные методы решения дидактических задач студента и формирования политико-географических знаний. Актуальность статьи заключается в том, чтобы приучить студентов к политическому порядку путем обучения политическим и геополитическим проблемам, уметь понимать решения и планы политических властей, сформировать политически грамотное демократическое молодое поколение.

Ключевые слова: геополитика, дидактическая проблема, политическое образование, демократия.

THE IMPORTANCE OF TEACHING POLITICAL AND GEOPOLITICAL ISSUES IN SCHOOL GEOGRAPHY

ABSTRACT

The article talks about the meaning and features of teaching geopolitical and political issues in school geography. In the course of providing schoolchildren with political knowledge in geographical education, the personal qualities and learning outcomes

of students were analyzed. Effective methods for solving the student's didactic problems and forming political and geographical knowledge are differentiated. The relevance of the article is to accustom students to political order by teaching political and geopolitical problems, to be able to understand the decisions and plans of political authorities, and to form a politically literate democratic younger generation.


Keywords: geopolitics, didactic problem, political education, democracy.

«Саяси география» термині XVIII ғасырдан бері қолданыста болған жаңа термин, бірақ арнайы пән ретінде саяси география әлдеқайда кейінірек пайда болды. Әсіресе, оның мазмұнын, категорияларын, табиғатын және әдістерін түсіну географиялық білімдердің жинақталуы және кейіннен саяси биліктің өсуі нәтижесінде қалыптаса бастады.

Саяси география адам географиясының пәнаралық бөлімі болып табылады, ол адамдардың барлық түрлерін және олардың мемлекеттік және саяси жүйелерді ақылды түрде құру және басқаруға қатысты әрекеттерін қарастырады. Ол саяси күштердің кеңістікте таралуын зерттеп, саясаттың география арқылы қалай қалыптасатынын атап көрсетеді.

Американың көрнекті географы Ричард Хартшорн саяси географияны «территориялық айырмашылықтар мен ұқсастықтардың жалпы кешенінің өзара байланысты бөлігі ретінде саяси сипаттағы аумақтық айырмашылықтар мен ұқсастықтарды зерттеу» деп анықтады.

Саяси география маңызды зерттеу саласы болып табылады, өйткені ол биліктің әртүрлі контексттерде және әртүрлі географияларда қалай әрекет ететіні туралы түсінік береді. Сонымен қатар, ол саяси процестердің физикалық ортамен және адамның қоршаған ортасымен қалай әрекеттесетінін түсіндіреді [1].



1-сурет. Геосаясат құрылымы

Қазіргі уақытта қоғам дамуына байланысты оқушыларға заманауи білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту уақыт өте күрделі процестердің біріне

айналды. Негізгі міндеттердің бірі ретінде оқушылар мектеп қабырғасында жүріп геосаяси білімді, саяси заңдылықтарды меңгеруі тиіс. Оқушыларға геосаяси білім беру география пәнінің үлесіне тиесілі [2].

Мектеп оқушылары сыртқы саясатқа қатысты жекелеген тақырыптарды оқу барысында кез келген мемлекеттің сыртқы саясаты жалпы осы мемлекеттің дамуына және керісінше: мемлекеттің қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық жағдайына елеулі әсер ететінін түсінеді, ел басқа державалармен өзара іс-қимылдың сыртқы бейнесін жасайды [3].

Сонымен, төменде саяси географияны мектеп географиясында оқудың маңызды кейбір негізгі себептері келтірілген:

- Жергілікті және ұлттық басқару мен саяси жүйелер туралы түсінік қалыптастырады;
- Саясат құру процесін түсінуге көмектеседі;
- Халықаралық қатынастарды түсінуге көмектеседі;
- Әлеуметтік және экономикалық теңсіздікті түсінуге көмектеседі;
- Тұрақты даму стратегиясын әзірлеуге көмектеседі;
- Көші-қонды және ұтқырлықты түсінуге көмектеседі.

Барған сайын өзара байланысты және күрделі әлемде саяси және геосаяси мәселелерді оқытудың маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Бұл салалардағы білім ақпараттандырылған азаматтарды дамыту, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, жаһандық сана мен эмпатияны дамыту, әлеуметтік әділеттілік мәселелерін шешу, болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу және демократияны қорғау үшін өте маңызды. Адамдарды саяси және геосаяси мәселелерді түсіну және олармен айналысу үшін біліммен, дағдылармен қаруландыру арқылы біз ақпараттандырылған, белсенді және жауапты қоғам құра аламыз.

Ақпараттандырылған азаматтарды дамыту. Саяси және геосаяси тақырыптарды оқытудың негізгі себептерінің бірі – білімді азаматтарды дамыту. Азаматтар өз өмірін қалыптастыратын саяси процестер, институттар және мәселелер туралы хабардар болған кезде демократия өркендейді. Осы пәндерді оқыту арқылы біз адамдарға демократиялық процестерге белсенді қатысуға, дауыс беру кезінде негізделген шешімдер қабылдауға, саяси пікірталастарға қатысуға және олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға мүмкіндік береміз. Ақпаратты азаматтар – салауатты демократияның тірегі.

Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту. Саяси және геосаяси мәселелерді зерттеу сыни ойлау дағдыларын дамытудың тамаша тәсілі болып табылады. Студенттер әртүрлі көзқарастарды талдауға және бағалауға, дереккөздердің сенімділігін талдауға және өздерінің негізделген пікірлерін дамытуға үйренеді. Олар болжамдарға күмән келтіруге, басым әңгімелерге қарсы тұруға және дәлелді пікірталастарға қатысуға шақырылады. Бұл дағдылар күрделі мәселелерді шешу, дәлелді шешімдер қабылдау және қоғамға белсенді үлес қосу үшін өте маңызды.

Жаһандық хабардарлық пен эмпатияны насихаттау. Саяси және геосаяси білім беру студенттерді әртүрлі мәдениеттер, қоғамдар және саяси жүйелермен таныстырады. Бұл оларға әлемнің өзара байланыстылығын және жаһандық оқиғалардың жергілікті қауымдастықтарға әсерін түсінуге көмектеседі. Бұл білім эмпатияға, толеранттылыққа және жаһандық азаматтық сезімге тәрбиелейді. Дүниежүзіндегі адамдардың әртүрлі тәжірибелері мен қиындықтары туралы білу арқылы студенттер кеңірек көзқарас пен мәдени айырмашылықтарды тереңірек бағалайды.

Әлеуметтік әділеттілік пен теңсіздікті шешу. Саяси және геосаяси білім адам құқықтары, теңдік және кемсітушілік сияқты әлеуметтік әділеттілік мәселелерін талқылауға арналған платформаны ұсынады. Тарихи және заманауи мысалдарды зерделеу арқылы студенттер жүйелі әділетсіздіктерді тереңірек түсініп, әділетті қоғам құру жолында жұмыс істей алады. Олар маргиналданған топтардың күресі мен жетістіктері туралы біледі және әлеуметтік өзгерістердің жақтаушысы болуға шақырылады. Бұл мәселелерді оқыту инклюзивті және әділ қоғам құруға көмектеседі.

Болашақ көшбасшылар мен саясаткерлерді тәрбиелеу. Саяси және геосаяси мәселелерді оқыту студенттерді көшбасшылық рөлдерге және мемлекеттік қызметтегі мансапқа дайындайды. Ол оларды күрделі мәселелерді шешуге, қақтығыстарда келіссөздер жүргізуге және негізделген саяси шешімдер қабылдауға қажетті білім және дағдылармен жабдықтайды. Жан-жақты білімді көшбасшылар ұрпағын тәрбиелеу арқылы біз әділетті және гүлденген қоғамның дамуына үлес қоса аламыз. Бұл болашақ көшбасшылар қоғамдық мәселелерді шешетін және жалпы игілікке ықпал ететін саясатты қалыптастыру қабілетіне ие болады.

Демократияны қорғау. Демократия хабардар және белсенді азаматтарға сүйенеді. Саяси және геосаяси мәселелерді оқыту арқылы біз жеке тұлғаларға демократиялық жүйелерді негіздейтін принциптер мен құндылықтарды түсінуге мүмкіндік береміз. Бұл білім белсенді қатысуға, көшбасшыларды жауапкершілікке тартуға және демократиялық институттарды қорғауға жәрдемдесу арқылы демократияны сақтауға көмектеседі. Жалған ақпарат пен жалған ақпарат дәуірінде саяси және геосаяси мәселелерді оқыту сыни медиа сауаттылық дағдыларын дамыту және демократиялық процестердің тұтастығын қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі әлемде саяси және геосаяси мәселелерді оқытудың маңызы зор. Ол хабардар азаматтарды дамытуда, сыни ойлау дағдыларын дамытуда, жаһандық сана мен эмпатияны дамытуда, әлеуметтік әділеттілік мәселелерін шешуде, болашақ көшбасшыларды тәрбиелеуде және демократияны қорғауда маңызды рөл атқарады. Адамдарды саяси және геосаяси мәселелерді түсіну және олармен айналысу үшін білім және дағдылармен қаруландыру арқылы біз ақпараттандырылған, белсенді және жауапты қоғам құра аламыз. Дәл осы

салалардағы білім беру арқылы біз өз қауымдастығына белсенді үлес қосатын және әлемге оң әсер ететін тұлғаларды қалыптастыра аламыз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. [Электронды ресурс].- Рұқсат режимі:
https://translated.turbopages.org/proxy_u/en-ru.ru.9a0902bf-66154b98-d91a2907-74722d776562/https/www.tutorialspoint.com/political-geography-an-overview?__ya_mt_enable_static_translations=1
2. Статъя по теме "Особенности преподавания темы «внешняя политика» в средней школе" Розенер Д.А., 2008г., Рязанский университет имени С.А. Есенина
3. Статъя по теме "Роль географического краеведения в патриотическом воспитании школьников" Зайцева Марина Николаевна

АҚЫРТАС КӨНЕ ТҮРКІ ТАРИХЫ

Кужаков Т.

Жамбыл облысы Байзақ ауданы, Александр Пушкин атындағы орта мектебі

АҢДАТПА

Жер-су атаулары-біздің тарихымыз бен мәдениетіміздің көрінісі. Олар көптеген тарихи оқиғалардан құнды деректер бере алатын, сол арқылы өлкетанушылық білімімізді кеңейтіп, рухани дүниемізді байытып, ұлттық тұлғамызды қалыптастыратын дүние. Ұлттық тарихымыздың белгісіне айналған елді мекендер атаулары әр ғасыр шежірісінен сыр тартып, салт-дiстүрден, халықтың өмір-тұрмысынан дерек беретін қайнар көзі. Атауларға негіз болған белгілердің барлығын да ұлтымыздың, ата-бабаларымыздың да танымы жатыр деп айта аламыз. «Жер судың атауы-тарихтың хаты» деген халық атауында терең мазмұн, сындарлы салмақ жатыр. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов: «Біздің қазақ –жер аты, тау атын әмамда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай өлкеге барсаң да жер, су, жаһан дүзде кездескен кішкентай бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», - дейді.

Жамбыл қаласынан 40 шақырым шығысқа қарай Ақшолақ темір жол бекетінен сәл оңтүстікке қарай құраған, күнге күйген Қырғыз жоталарының беткейлерінде қызыл-қоңыр жартастай болып тастан қаланған орасан зор құрылыстың орны көз тартады. Белгісіз біреу тау беткейіне алып қолымен шашып тастанған тәрізді дәу-дәу тастар ғажайып құрылыстың жан-жағында қалай болса солай ретсіз шашылып жатыр. Ғимараттың солтүстік қасбеті тау сілемдеріне қараған, ал батысы мен шығысы аласа жоталармен қоршалған.

Ел аузында Ақыртас туралы аңыз, әңгімелер өте көп. Бұл құрылысты қырғыз эпосының батыры Манаспен және оның ұлымен де байланыстырады. Аңыздарға қарағанда, Манастың ұлы алыста тұрған таулардан үлкен тастарды лақтырып беріп тұрған, ал Манас олардан үй қалаған, сөйтіп әкелі-балалы екеуі сол жерде өмірлерінің соңына дейін тұрған деседі.

Алып тастар, ғимараттың аумағы, осынау орасан зор құрылыстың шөл даладағы оқшау тұрысы- осының бәрі Ақыртастың көне замандық тамаша архитектуралық жәдігер екенін көрсетеді. Мұндай құрылысты жүргізу үшін өнерлі сәулетшілер мен бесаспап шеберлерден басқа көптеген жұмысшы қолмен орасан зор байлық қажет болғаны анық.

Ақыртас 140 жылдан астам уақыттан бері зерттеліп келеді. Оған бірінші болып назар аударған орыс суретшісі М.С.Знаменский еді. Ол Ақыртас панорамасының сызбасын және төрт қатар блоктан тұратын қабырғалардың фрагменттерін қағаз бетіне түсіреді.

Содан соң 1867 жылы тарихи ескерткішті белгілі шығыстанушы П.И.Лерх аралап көреді. Ол Ақыртасты буддалық монастырь деп санайды.

1893-1894 жылдары бұл жерде В В Бартольд болады, ол ескеркіш жайлы аңыз – әңгімелерді жазып алып, оны христиандар құрылысы-несториандар монастырі деп түсіндіреді.

1945 жылы Ақыртаста ҚАЗКСР-ның Министрлер Кеңесі жанындағы архитектура істері жөніндегі бөлімнің экспедициясы жұмыс істейді. Олар құрылыстың жобасын сызады, зерттеу материалдары архитектор Т.К.Басеновтың мақаласында жарық көреді.

Т К Басенов Ақыртасты буддалық та, несториандық та емес, ол 8-9 ғасырларда салынған қамал-сарай деген болжам айтады.

Ақыртасты анықтауға қатысты Л.Ю.Маньюковская да өз пікірін ұсынады, Оның айтуынша, Ақыртас үлкен сауда орталығы және аялдамалық, түнемелік бекет ретінде салынған.

Сонымен бірге Л.Ю.Маньюковская аталған құрылыстың өмір сүрген уақытын 10 ғасырдан кеш емес деп көрсетеді.

Ал неміс ғалымы Б Брентъес Ақыртасты 8 ғасырдың басында араб қолбасшысы Кутейба өздері жаулап алған жерлердің солтүстік аймақтарында бас сауғалайтын пана ,қамал ретінде салғызған деп болжам жасайды.

1996 жылы Ақыртасты ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым академиясы жанындағы Археология институтының қазақ-француз археологиялық экспедициясы зерттей бастады. Олар тарихи мұраның жасын және басқа да қызықты жайттарды түсіндіруге септік ететін деректерді тапты.

Археологиялық жұмыстар 2000-2002 жылдары жандандырылып, қайта қолға алынды. Бұл зерттеулер бәрінен бұрын құрылыстың бірінші бөліміндегі ауланы анықтауға қатысты болды. Сондай жұмыстардың нәтижесінде ғалымдар аула мешіт салуға арналған орын деген тұжырымға келді. Оның мешіт екенін қазба жұмыстары кезінде батыс қабырғадағы бұрынғы қақпа болған жерден табылған михрабқа қарап анықтады. Ауланың солтүстік қабырғасынан оны көшемен жалғастырып жатқан үш есік аршылып алынды. Олар құрылыстың көпшілікке арналғанын дәлелдейді

Сондай-ақ аулада тас бағаналарды орнатуға пайдаланылатын тас тұғырлар жатқан, Оларды мешіт салуға арнайы дайындап қойған болу керек. Демек, бұл жерде бағаналы типтегі мешіт орналасуы тиіс еді.

Мұндай мешіттер ерте дәуірлік мұсылман құрылыстарына жатады, Оларға тән ерекшелік- мешіт салуда өте көп бағаналар қолданылғандығы . Ол үшін үлкен-үлкен бағаналар бір-бірінен 3-3,5 метр арақашықтыққа қатар-қатар қойып , периметрі бойынша орналастырған. Төбесін жайпақ жасап , жабындысын осы бағаналарға бекіткен. Мұндай мешіттерді археологтар , көбінесе Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аймақтарынан кездестірген. Олардың бірі Отырарлық Құйрықтөбеден , екіншісі Ақыртастан шығысқа қарай 20 шақырым жерде орналасқан Өрнек қалашығынан табылып, зерттелді. Екеуі 9-10 ғасырларда салынған.

Ақыртастан мешіттің табылуы бұл құрылыс несториандық немесе буддалық деген болжамды жоққа шығарады. Сонымен бірге оған қарап құрылыстың салыну уақытын анықтауға байланысты нақты дәлелдер табуға мүмкіндік береді. Ислам Жетісуға 8 ғасырдың орта тұсында ене бастайды. Демек, құрылыс бұл уақыттан ерте салынбаған.

Ақыртас жобасына ұқсас жобаларды табудың да сәті түсті. Мұндай архитектура Таяу және Орта Шығыста кең тараған. Сонымен бірге Самаррадағы сарайлардың – араб халифтерінің жаздық резиденцияларының Сирия мен Иордания сарайларының, өзінің сән-салтанатымен белгілі Қаср әл-Хайр әл-Ғарби сарайының жобалары осыған ұқсас.

Сонымен Ақыртастың жобасына қарап ол әміршінің жаздық сарайы болуы тиіс деген тоқтамға келеміз. Ол әмірші қарлұқ қағаны болу керек. Өйткені қарлұқтар Жетісудың батыс бөлігінде 766 жылдан 893 жылға дейін билік жүргізгені белгілі.

Археологиялық және архитектуралық зерттеулер тек Ақыртастан ғана емес, оның айналасындағы жерлерден де бізге белгісіз болып келген көптеген қызықты жайттарды ашуға көмектесті.

Аталмыш құрылысты салдырған билеушінің сарайы Ақыртастан оңтүстік-батысқа қарай бір шақырым жерден табылды. Ол төңірегі алақандағыдай анық көрінетін тау қыраттарының үстіне жайғасқан. Сұлбасына қарап қабырғалары тастан қаланған, бұрыштарында мұнаралар орналасқан, айналдыра ор қазылған төртбұрышты қамал екендіні анықталды. Оның ауданы-40x40 метр. Бұл жерде әміршінің сарбазары қоныстанған, ал оның жанында билеуші сарайы болған. Сарайдың орнында биіктігі -5 метр, ал ауданы-25x30 метр төбешік қалған. Әдетте мұндай төбешіктердің астында тұрғын және шаруа-жайлар, жан жағы ормен қоршалған, қабырғалары мықты салтанат залдары жатады. Олардың жобасы мен орналасуы бізге Талас пен Шу даласындағы сарайлардың қазба жұмыстарынан таныс.

Зерттеу жұмыстары кезінде сарай салумен айналысқан сәулетшілердің, құрылысшылардың, тас кесуші, кірпіш қалаушы, қышшылардың қайда тұрғандарын анықтау мүмкін болды. Мешіті бар сарайды араб немесе мұсылман архитекторлары салған. Ақыртас –Қазақстандағы мұсылман архитектурасының ең ежелгі құрылыстарының бірі, сондықтан ол өзіне осыншама қызығушылық тудырып отыр.

Бақуаттылар тұрған квартал Ақыртастан солтүстікке таман орналасқан. Ол қабырғалармен қоршалған тұрғын-жайлар кешені болып табылады. Ауданы-2,5 га. Ол жерде қабырғалармен қоршалған төрт – бұрыш пішінді учаскелер түріндегі үй қожалықтары болған. Үй қожалықтарында тұрғын үйлер мен хауызы бар аула салынған.

Құрылысшылардың үйлері біркелкі өлшеммен 10x10 метр жасалған. Балшық илеп, одан еденге төсейтін кірпіш құйып, оны күйдіретіндер Ақыртастан жарты шақырым жерде таудың солтүстік етегінде тұрған. Таудың солтүстік етегінің басқа жерлерден айырмашылығы сол-ол жерде кірпіш пен қыш өндірудегі таптырмас материал-сары топырақтың қалың қабаты бар. Бұл

жерден кірпіш күйдіруге арналған пештің қалдықтары , күйдірілген кірпіштің сынықтары,күл табылды. Ол жердің көлемі 1,5 гектарға жуық, бұған қарап құрылыста күйдірілген кірпіш өте көп қолданылғанын білуге болады.

Қызылтас тауының шығыс беткейінен тас өндірілген. Бұл жерде қазір ұзындығы 400- м-ге жететін карьер жатыр. Онда әлі күнге дейін тегістелген және тегістеліп үлгермеген тастардың үйінділері,кесек тастардың сынықтары, ұсақ тастар тау боп үйілген қалпында сақталған.

Карьерден құрылысқа дейінгі аралық 200-400 м-ге жуық. Оған қоса бұл тастарды құрылысқа жеткізу үшін жаз бен күзде арнасы құрғап қалатын кішкене суы бар сайдан өткізу керек болған. Сондықтан құрылысқа қажетті тастар мен блоктарды тасымалдау жұмыс шамасы, қыста жүргізілген болуы керек. Ол үшін жуан бөренелерден жасалған шаналарды қолдануға болатын еді. Карьердің жанынан тас өңдеу , тас қашау , жұмыстарымен айналысқан жұмысшылардың жеркепелері табылды. Жеркепелердің орындарында ойық шұңқырлар , күйдірілген кірпіштер , қыш сынықтары қалған. Бұдан бұрын жүргізілген қазба жұмыстары кезінде Ақыртасқа Шошқалы мен Ұзынбұлақ шатқалдарындағы бұлақтардан су жеткізіліп тұрғаны анықталған. Ақыртас пен шатқалдардың арасы 3-4 шақырымға жуық. Су әрқайсысының ұзындығы 50-60 см болатын,бір жақ басы жуан, екінші басы тарлау келген құбырлармен жүрген. Жуан жағының диаметрі 20 см, тарлау жағының диаметрі 18 см. Құбырдың тарылатын басы келесі құбырдың жуан басына кигізіліп отырған. Су құбырлары мен олардың сынықтары бұлақтардың басынан табылды. Ұзынбұлақ шатқалында су құбырлары жан-жағы жартас болып келген сайдың тарылған жеріне топырақ пен тастан жасалған бөгетке жиналған су қоймасынан бастау алған. Су жүйесі өте күрделі болған. Ақыртастың маңайында да су қоймасы салынған да, одан диаметрі кішірек құбырлар арқылы су үйлер мен үй қожалықтарына таралған. Аулаларда да бассейндер болған.

Ақыртастың солтүстігінде екі су қоймасы бар. Олардың бірі, батыс тараптағысы, қазіргі күні ауданы 40x40 м, тереңдігі 2 м болатын төртбұрышты қазан шұңқыр. Оған 3200 текше метр су сияды. Ал шығыстағы су қоймасы көлемі жағынан бұдан кішірек , оның диаметрі 30 м. Шамасы , бұл жердегі жиналған су Ақыртастан солтүстікке қарай орналасқан алқаптағы егістікті суаруға арналған болуы керек. Ақыртастың шығысында қабырғамен қоршалған ауданы 250x20 м болатын учаске табылды.

Бұл учаскенің шығыс жағы көктемде суға толып ағатын жылға аңғарымен шектеседі. Одан басқа , тау жақтан келетін канал аңғары да жақын орналасқан, Соған қарағанда бұл жерде үлкен бақ салыну ісі жоспарланған болуы керек не болмаса оған дейін бақ болуы мүмкін деп болжам жасауға болады. Ондай бақтар Шығыс сарайлары кешендерінде,әсіресе Самаррадағы халифтердің жаздық резиденцияларында көп болған.

Ақыртастың айналасында қарауыл жүйесі мұқият ойластырылған. Егер әлдеқалай жау келе қалса,қауіп туралы дер кезінде хабарлап отырған, Қызылтастың жотпаларының бірінде тастан салынған қарауыл мұнарасы

болған . Оның орнында қазір тек диаметрі-5 м болатын төменгі қатардың тастары ғана сақталған, Мұнараның қасында қауіп туған жағдайда от жағып, түтіндетіп белгі беретін ошақ орналасқан алаңқай бар.

Ақыртаста қазба жұмыстарын жүргізудің тек осы тамаша архитектуралық кешенді зерттеу үшін ғана емес, сонымен бірге Қазақстанды мекен еткен түркі мемлекеттерінің ерте ортағасыр кезеңінде Жібек жолы арқылы Таяу және Орта Шығыс мемлекеттерімен жасаған саяси және мәдени қарым-қатынастарын анықтау үшін де маңызы зор болды.

Осы бір таңғажайып ескеркіш, көне заманның куәгері-Ақыртасты 2004 жылдан бастап қайта қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды.



Оқушыларды жыл сайын апарып, Ақыртастың тарихын аңыз әңгімелерін түсіндіріп беремін қаланың қай жерлерінен жау келгенін су қалай аққанын тасты қай жерлерде өндіргенін түсіндіріп беремін.

Ақыртаста ертеректе жер астынан шығатын жол болған.

1 - ші жол Тектұрмастан шыққан. 2- ші жол Ақмешіт әулие үңгірінен шыққан. 3- ші жол Арыстанбаб жақтан шығатын жер асты жол болған 4-ші Қызылорда жақтан жер асты жолы болған 5-ші Маңғыстаудан шыққан жер асты жолы

болған. 1966 жылы Ташкентте жер сілкінісі болған кезде жер асты жолдары жабылып қалған.

Ақыртаста адамдарға ем тастар бар оны айтатын болсақ, Жүрек тас бар. Бауыр тас бар оқушыларды алып барып тастарды ұстатып адамдарға қандай ем екенін түсіндіріп беремін, және Үлкен төбе жақта ертеректе өзен ағып жатқан сол төбеден тас өндірген содан домалатып қаланы қалаған екен. VII ғасырда ең үлкен Орта Азиядағы мешіт болған екен 751 жылы Талас өзенінде Арабтар мен Қытайлардың әскері шілде айында 5 күн соғысып ақырында арабтар жеңіске жеткен аңыздарға қарағанда, Ақыртастың айналасында үлкен Қарауылдайтын төбелер болған түнде от жаққан жау келе жатыр деген белгі берген. Аңызға қарағанда, Ақыртаста үлкен төбенің маңайында 350 мың атты әскер жатыр екен. Темір жолдың астынан өткенімізден бастап қырғын ірі шайқастар болған 3200 әулие жатыр. Оқушыларды алып барып тереңірек түсіндіріп беремін қала әліде зерттелуде.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Археологические исследования на северных склонах Каратау. Труды института истории, археологии и этнографии Академии наук КазССР. Алма-Ата, т. 14, 1962.
2. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы, 1999.
3. Байпаков К.М. Среднорековая городская культура Южного Казахстана и Семи-речья. Алма-Ата, 1986.
4. Байпаков К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы, 1992.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

Калиаскарова З.Қ., Исман Ш.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

АҢДАТПА

Ұсынылған мақалада оқушылар арасындағы географиялық білім сапасының мәселелері және заманауи ойын технологияларын білім беру процесіне біріктіру арқылы оларды жақсартудың мүмкін стратегиялары талданады. Географияны оқыту үшін географиялық тақырыптарға мамандандырылған компьютерлік ойындар мен мобильді қосымшаларды қолданудың тиімділігі қарастырылады. Оқу процесін жандандыруға және білім алушылардың ынтасын арттыруға бағытталған интерактивті виртуалды экскурсиялар, викториналар мен басқатырғыштарды қоса алғанда, осындай білім беру бағдарламаларын әзірлеу принциптері талқыланады. Оқу тәжірибесін неғұрлым тартымды және нәтижелі ету мақсатында ұсынылатын ақпараттың жоғары ғылыми дәлдігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету қажеттілігі танылады.

АННОТАЦИЯ

В представленной статье анализируются проблемы качества географических знаний учащихся и возможные стратегии их улучшения путем интеграции современных игровых технологий в образовательный процесс. Рассматривается эффективность использования компьютерных игр и мобильных приложений, специализирующихся на географических темах, для обучения географии. Обсуждаются принципы разработки таких образовательных программ, включая интерактивные виртуальные экскурсии, викторины и головоломки, направленные на активизацию учебного процесса и повышение мотивации обучающихся. Признается необходимость обеспечения высокой научной точности и достоверности представляемой информации с целью сделать учебный процесс более привлекательным и продуктивным.

ABSTRACT

Modern education requires innovative approaches to teaching, especially in the field of local history. Information technology (it) has become an important factor in improving the quality and efficiency of the educational process. This study aims to analyze the possibilities offered by it in integrating local history into the curriculum, with particular emphasis on an inquisitive approach to teaching.

Information technologies provide unique opportunities for enriching the educational process in local history. They provide access to extensive electronic resources,

geographic information, archives and databases, which facilitates in-depth study of local characteristics and cultural heritage. Visualization and geographical information technologies allow students to study the geographical location of objects, which is useful in studying the history and geography of the region.

КІРІСПЕ

Тұрақты даму стратегиясын жүзеге асыру география ғылымымен тығыз байланысты және осы бағыттағы пәндерді білуге негізделген. Тұрақты дамудың маңыздылығы мен қажеттілігін толық түсіну үшін қоғамға географиялық мәдениеттің жоғары деңгейіне жету қажет. Географиялық білім тұрақты дамуға бағытталған білім берудің негізгі элементіне айналуы тиіс. Бұл білім адамдарға тұрақты өмір сүруді қамтамасыз ету үшін білім, дағдылар, құндылықтар мен құзыреттер беруі керек. Сондықтан географияны оқытуға қызығушылықты арттыру және оның сапасын арттыру тұрақты дамудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін қажет.

Қазіргі қоғамда ақпарат ағыны, әсіресе гаджеттерге көп уақыт жұмсайтын мектеп оқушыларының үлгеріміне айтарлықтай әсер етіп, олардың оқу үлгеріміне кері әсер етеді. Көптеген ата-аналар, тіпті мұғалімдер үшін балаларын оқуда ынталы болуға ынталандыру қиынға соғады. Гаджеттерге толы заманауи әлем білім алушылардың назарын пайдалы ақпараттан гөрі компьютерлік ойындарға көбірек аударады. Неліктен бұл факторды білім беру мақсатында қолданбасқа? Оқу процесінде компьютерлік ойындарды қолдану мүмкіндіктері туралы ұзақ және көпжақты пікірталастар бар. Кейбіреулер бұл оқушыларға кері әсер етеді деп есептесе, басқалары ойынды оқу процесіне ынтасын арттырып, қызығушылығын арттыратын оқу құралы ретінде қарастырады [1].


Қазіргі кезде жаппай мектептердің оқу үрдісінде географияны оқытуда түсіндірмелі және иллюстрациялық оқыту әдісі басым. Дегенмен, бұл әдісті компьютерлік ойындарды енгізу арқылы әртараптандыруға болады, бұл оқушылардың оқуға деген ынтасын және географияға қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Бұл ойындар тек көңілді ғана емес, сонымен қатар географиядағы күрделі ұғымдар мен құбылыстарды меңгеру үшін интерактивті платформаны ұсынып, оқу процесін тиімдірек және оқушылар үшін қызықты етеді.

Географиялық тақырыптағы компьютерлік ойындар оқыту мен ойын-сауықты біріктіретін тиімді құрал болып табылады. Олар білім алушыларға материалды қызықты түрде терең игеруге мүмкіндік береді. Елдер мен қалалардың орналасуы туралы білімнің кеңеюіне ықпал етумен қатар, мұндай ойындар әртүрлі ландшафттарды талдау және тану, сондай-ақ олардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды анықтау қабілетін дамытады. Уақытпен шектелген онлайн викториналар білім алушыларға тез шешім қабылдауға және олардың салдарын бағалауға мүмкіндік береді, бұл нақты өмірдегі жағдайларды модельдейді. Бұл тәжірибе олардың сыни ойлауын және өзгермелі жағдайларға бейімделу қабілетін дамытады [2].

Оқу ойындары арқылы оқушылар кеңістіктік ойлау және жер бедерін бағдарлау дағдыларын дамытады. Оқытудың бұл тәсілі географияға деген қызығушылықты оятады және зерттеу процесін тиімдірек және тартымды етеді. Нәтижесінде, компьютерлік ойындар білім беру құралы ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемде сәтті бейімделу және алға жылжу үшін қажетті негізгі дағдыларды қалыптастыру құралы болады [3].

Мақалада географияны зерттеуде қолдануға болатын ең танымал компьютерлік ойындар мен мобильді қосымшаларға теориялық шолу берілген [4-6].

«EarthViewer» ойыны - бұл Жердің алыс тарихын зерттеуге арналған уақыт машинасының бір түрі. Соңғы ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, ол пайдаланушыларға соңғы 4,5 миллиард жыл ішінде болған өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді. Бұл ойында сіз қалалар мен көрнекті орындардың пайда болғаннан қазіргі күйге дейінгі эволюциясын, сондай-ақ ландшафттағы өзгерістерді бақылай аласыз. «EarthViewer» континенттік даму, күн белсенділігі, атмосфералық құрамы, температура және биоәртүрлілік туралы ақпарат береді, бұл ойыншыларға біздің динамикалық планетамызды толық түсінуге мүмкіндік береді. Ойындағы жер шарындағы әрбір нысан оның геологиясы мен тарихы туралы ақпаратпен бірге жүреді, бұл пайдаланушы тәжірибесін байытады. EarthViewer – пайдаланушыларға қызықты ғылыми жаңалықтар мен зерттеулер әлеміне еруге мүмкіндік беретін, қызықты және білім беру тәжірибесін ұсынатын бірегей оқу құралы (Сурет 1).



Сурет. 1 - EarthViewer компьютерлік ойын экранының скриншоты

GeoMaster Plus - бұл интерактивті тестілеуді және география туралы білімді шектеулі уақыт форматында бекітуді ұсынатын қызықты викторина ойыны. Қолданба орографиялық ерекшеліктерді, теңіздер мен мұхиттарды және әлемнің саяси картасының элементтерін қоса алғанда, географиялық ерекшеліктер туралы білімді нығайту үшін арнайы жасалған. Ойында жоғары сапалы карталары бар мұқият жасалған әлем атласы, сондай-ақ қырықтан астам

қиындық деңгейлері бар, бұл ойыншыларға әртүрлі және қызықты тәжірибе береді (Сурет 2).



Сурет. 2 - GeoMaster Plus компьютерлік ойынының скриншоты

GeoGuessr – швед бағдарламашысы Антон Уоллен жасаған және 2013 жылы шыққан веб-ойын. Ойын Google Street View бейнелерін пайдаланады, ойыншылардан осы панорамалық фотосуреттер түсірілген орынды болжап, әлем картасында сол орынды белгілеуді сұрайды. Қарапайымдылығына қарамастан, ойынды сәтті аяқтау үшін география, мәдениет, тарих және сәулет туралы кең ауқымды білім қажет.

Ойын қатысушыларды өсімдік түрлері, аймақтарға бөлу, географиялық ерекшеліктері, инфрақұрылымы және популяциясы сияқты географияның әртүрлі аспектілері туралы білімдерін пайдалануға шақырады. Пайдаланушылар әртүрлі аймақтардың физикалық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерімен, сондай-ақ жол желісінің сипаттамаларымен және әртүрлі елдердегі автомобиль брендтерінің танымалдылығымен таныс болуы керек.

GeoGuessr аналитикалық ойлау мен географиялық сауаттылықты дамытып қана қоймайды, сонымен қатар ойыншыларға мектептен немесе жұмыстан кейін демалуға сапалы уақыт өткізуге мүмкіндік береді. Ойынды оқушылар мен білім алушыларға географияны қызықты әрі интерактивті түрде үйренуге және өз білімдерін басқа ойыншылармен салыстыруға көмектесетін білім беру мақсатында пайдалануға болады (Сурет 3).



Сурет. 3 - GeoGuessr компьютерлік ойын экранының скриншоты

Геосаяси деректермен жұмыс істеудің бірінші және маңызды қадамы ақпарат жинау мен талдау. Мәліметтер қоры, аналитикалық есептер мен басылымдар, жаңалықтар көздері, статистика, ғылыми мақалалар, үкімет баяндамалары, халықаралық ұйымдар және т.б. ақпараттық ресурстар деректердің негізгі көздері болып табылады. Ақпараттық ресурстарды жинау кезінде біз дереккөздердің сенімділігіне, өзектілігіне және беделіне назар аударуымыз керек. Деректер жиналғаннан кейін оны тиімді түрде бейнелей білу маңызды. Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ), графиктер, карталар және диаграммалар геосаяси процестерді суреттеуге және көрнекі талдау негізінде қорытынды жасауға көмектеседі. Геосаяси деректерді дұрыс түсіндіре білу басты рөл атқарады. Сонымен қатар, бұл контексті түсінуді, әртүрлі факторлар арасындағы қарым-қатынастарды анықтауды және байланысты ұғымдар негізінде талдау жасауды талап етеді. Стратегиялық шешімдер

геосаяси деректерді талдау негізінде қабылданады. Логикалық қорытындылар жасау, тәуекелдерді бағалау және ықтимал салдарларды болжай білу ақпаратпен табысты жұмыс істеудің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Геосаяси жағдай үнемі өзгеріп отырады, сондықтан біліміңізді жаңартып, ағымдағы оқиғаларды қадағалау маңызды. Бұл ізденістерді бақылау стратегиялар мен шешімдерді жаңа ақпаратқа сәйкес бейімдеуге көмектеседі [1].

Геосаяси деректермен және ақпараттық ресурстармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын дамытуда талдаушылардың тиімді жұмыс істеуі және негізделген шешімдер қабылдауы қажетті шарт болып табылады. Үздіксіз оқу, тәжірибе және әртүрлі аналитикалық әдістерді пайдалану мен деректерді басқаруды жақсартуға және геосаяси салада қабылданған шешімдердің сапасын жақсартуға көмектеседі.

Бұл дағдыларды дамытуды бастау үшін геосаяси талдау, сатистикалық әдістер мен сапалық зерттеулерді қолдану, әртүрлі елдердің саяси жүйелері мен географиялық ерекшеліктерін салыстырмалы талдау, деректерді талдау мен түсіндіру, саяси процестер мен қақтығыстарға географиялық факторлардың әсерін зерттеу, географиялық ақпараттық жүйелер және зерттеу әдістері бойынша арнайы курстарды немесе ресурстарды өту болып табылады.

Геосаяси модельдеулерде әртүрлі дипломатиялық стратегияларды талдау маңызды. Дипломатиялық стратегиялар қызметтің кең ауқымын қамтиды, оның ішінде одақтар, келіссөздер, сауда, соғыс және т.б. Міне, әртүрлі дипломатиялық стратегиялардың кейбір ықтимал салдары:

1. Альянстарды құру: альянстарды құру қосымша ресурстарды, қақтығыстарда қолдау көрсетуді және ақпаратпен бөлісу мүмкіндігін қамтамасыз ету арқылы елдің позициясын нығайта алады. Дегенмен, басқа елдерге тәуелділікті немесе мүдделер қақтығысын болдырмау үшін мұндай одақтардың ұзақ мерзімді салдарын бағалау қажет.
2. Келіссөздер және бейбітшілік келісімдері: Дипломатиялық келіссөздер қақтығыстар мен зорлық-зомбылықты болдырмай, бейбіт келісімдерге әкелуі мүмкін. Алайда сапасыз жасалған келісімдер болашақта елдің позициясын әлсіретуі мүмкін.
3. Сауда келісімдері: Пайдалы сауда келісімдеріне қол қою экономикалық дамуға ықпал етуі мүмкін, бірақ өз еліңіз бен басқа қатысушылардың мүдделерінің тепе-теңдігін ескеру маңызды.
4. Күшті қолдану: Дипломатиялық стратегия ретінде әскери әрекетті таңдау ресурстарды жоғалту, дұшпандық тарту және халықаралық оқшаулану тәуекелдерін қоса алғанда, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.
5. Дипломатиялық оқшаулану: Сыртқы араласудан аулақ болу тұрақтылықты сақтайды, сонымен бірге ынтымақтастық пен даму әлеуетін азайтады[2].

Геосаяси модельдеуде осы стратегиялардың салдарын талдау қабылданған шешімдердің тиімділігін, олардың басқа елдер мен жаһандық қауымдастыққа

әсерін және қатысушы мемлекеттердің ішкі саясаты мен экономикасына әсерін бағалауға көмектеседі.

Шектеулі ресурстар мен саяси қақтығыстар жағдайында геосаяси шешімдерді әзірлеу әртүрлі факторларды мұқият талдауды және теңгерімдеуді талап ететін күрделі міндет болып табылады. Мұндай жағдайларда келесі аспектілерді ескеру қажет:

1. Басымдықтарды белгілеу: Ресурстардың шектеулі жағдайында ел үшін негізгі мақсаттар мен басымдықтарды анықтау маңызды. Бұл негізгі салаларға назар аударуға және қосымша тапсырмалар бойынша ресурс шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.
2. Ресурстарды тиімді пайдалану: Дамудың стратегиялық маңызды бағыттарына назар аудара отырып, қолда бар ресурстарды барынша тиімді пайдалану, бюджет шығындарын оңтайландыру қажет.
3. Дипломатиялық күш-жігер мен келіссөздер: Қақтығыстар мен шектеулі ресурстар кезінде қақтығыстарды шешу, ымыраға келу және одақтастардың қолдауын қамтамасыз ету үшін дипломатиялық құралдарды белсенді түрде тарту маңызды.
4. Ықтимал сценарийлерді болжау: стратегияңызды алдын ала бейімдей алу үшін оқиғалардың дамуының ықтимал сценарийлерін және олардың елге әсерін талдау маңызды.
5. Ішкі ресурстарды дамыту: Сыртқы ресурстарға тәуелділікті азайту және шектеу жағдайында тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін елдің ішкі ресурстарын дамыту бойынша жұмыс жүргізу қажет [3].

Жалпы, шектеулі ресурстар мен саяси қайшылықтар жағдайында елдің мүддесін, қауіпсіздігі мен болашақ даму әлеуетін ескере отырып, саналы, стратегиялық шешімдер қабылдау қажет. Дипломатиялық шеберлік, тиімді ресурстарды басқару және аналитикалық көзқарас, геосаяси шешімдер қабылдау процесінде маңызды рөл атқарады.

Ақпаратқа және күрделі геосаяси процестерге қаныққан заманауи әлемде студенттерге деректермен және ақпараттық ресурстармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын қалыптастыру қажет. Бұл оларға не болып жатқанын жақсы түсінуге ғана емес, сонымен қатар болашақта кәсіби және жеке өмірге негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде ЖОО-да білім алушыларға арналған арнайы саяси география, ғаламдық география сынды пәндерді оқытады. Мұнда студент геосаяси күрделі ақпараттарды игере отырып, ресурстарды талдай отырып, сенімді дереккөздерді жалған жаңалықтардан, үгіт-насихаттық және біржақты ақпараттан ажырата білуді, академиялық дерек көздерімен жұмыс істеуді үйренеді. Яғни, ғылыми мақалаларды, кітаптарды, баяндамаларды және басқа материалдарды іздеу мен талдауды, қажетті ақпаратты табу үшін іздеу сұрауларын, сүзгілерді және басқа құралдарды тиімді пайдалануды, тапқан ақпараттарын дәлелдерді бағалау және қорытынды жасауға дағдыланады. Географ маман ретінде, кез-келген

күрделі ақпараттарды пайдалана отырып, тақырыптық карталар құрастыра алады [4].

Геосаяси деректермен және ақпараттық ресурстармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын дамыту арқылы сапалы ғылыми еңбектер жазу басты рөл атқарады. Олар әртүрлі геосаяси процестерді, құбылыстар мен мәселелерді зерттеуге қажетті ақпаратты, деректер мен аналитикалық құралдарды ұсына отырып, қазіргі геосаяси оқиғаларды, тенденциялар мен проблемаларды зерттеу барысында ғылыми жұмыстың өзекті және қызықты тақырыбын анықтауға көмектеседі. Геосаяси деректер мен ақпараттық ресурстар геосаясат пен халықаралық қатынастар бойынша академиялық мақалалар жазудың таптырмас құралы болып табылады. Олар сапалы зерттеулер жүргізу және негізделген қорытындылар жасау үшін қажетті ақпаратты, мәліметтерді және аналитикалық құралдарды ұсынады.

Бұл дағдыларды меңгеру - үнемі оқуды және жетілдіруді талап ететін үздіксіз процесс. Бірақ бұл бүгінгі әлемде неғұрлым сауатты, сенімді және табысты тұлға болуға көмектесетін инвестиция.

Әлем керемет жылдамдықпен өзгеруде және табысты болу үшін біз жаңа жағдайларға бейімделе білуіміз керек. Геосаяси деректермен және ақпараттық ресурстармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын дамыту - әлемді түсінудің, дұрыс шешімдер қабылдаудың және жақсы болашақты құрудың кілті.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбсаттаров Р. Қазіргі әлемнің геосаяси архитектурасы. // Ана тілі газеті. – Алматы, 22 желтоқсан, 2021 ж. anatili.kazgazeta.kz/news/, 14.11.2022 ж. бұл ақпарат қаралды.
2. Исаев Б.А. Геополитика. Учебник, Питер, 2016. 390 с.
3. Устинова Н.В. Геополитика. Учебное пособие, Издательство Уральского университета, Екатеринбург, 2017. 90 с.
4. Ө.Қ. Сембаев. «География пәнін оқытудағы өзекті мәселелер». Білімді ел газеті, Қарағанды, 2020

ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕР ГЕОГРАФИЯСЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Сагындыкова С.А.

Ақмола облысы білім басқармасы Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Қостомар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі” КММ директоры

Ниязов С.Ұ.

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Төретам кенті Т.Жүргенов атындағы №80 мектеп-гимназия география пәні мұғалімі

АҢДАТПА

Білім беру саласында жаңаша ойлайтын, ақпараттық технологияларды меңгерген, инновациялық үрдістерге ілесетін, заманауи шешім қабылдайтын, жаңа тұрпатты педагогты қажет етумен тығыз байланысты.

Себебі, әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр. Жаңа реформалардың пайда болуы жаңа әдістерді және оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімді технологияларын іздестіруді талап етеді.

Адам ойының, ойлауының биік өресін ғылым мен техника дамуының деңгейі арқылы көруге болады. Себебі техниканың әртүрлі озық түрлерін пайдалана отырып адам өз мүмкіндіктерін жан-жақты аша алады, оны қолдана отырып дамытады. Әлемдік деңгейдегі мүмкіндіктерге қол жеткізіп, сыни ойлау қабілеті де артады.

XXI ғасырдағы білім беру стратегиясын жүзеге асыру негізінде, «Ғұмыр бойы оқып үйрену» қағидасын ұстана отырып, цифрлық білімнің заман талабы екендігін ескеріп, ақпараттандыру ғасырынан қалыс қалмай, өз білім, білік, дағдымызды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман болуға барынша жағдай жасауымыз керек.

Кілт сөздер: география, Түркі тілдес, инновация, оқыту

Оқытудағы өзгерістер, жаңа мазмұндағы бағдарламамен білім беру ұстаздар үшін үлкен серпіліс, жаңа көзқарас. Заман көшінен қалмай, білім беруде де оң өзгерістердің енуі мені де қуантады. Оқушылардың ойлау дағдысын дамытуға, сындарлы оқытуға құрылған сабақтарға қаншама ізденіс, қаншама дайындық керек десеңізші. Қазіргі мұғалім тек оқытушы, білім беруші ғана емес. XXI ғасыр мұғалімі - үздіксіз ізденетін, заманға сай рухани құндылықтарды бойына жинаған, шәкіртінің тек интеллектуалды ғана емес жеке тұлға болып дамуына ықпал ететін жан. Ақпараттың көз ілеспес жылдамдықпен дамуы байқалған заманда география пәнінің де қамтитын аумағы кеңейуде. Тіршіліктің дамуы, жер, елдер, табиғат пен шаруашылықтың ұштасуын зерттеп қана қоятын пән

емес, баланың табиғатқа саналы көзқарасының нақты проблемаларына, оны игеру мен қорғау жолдарын түсіну үшін білімін шығармашылықпен қолдана білетін іскерлігін арттыратын пән, нақты ғылым. Осы орайда елтану бағытында түбі бір түркітілдес елдер географиясын мектеп бағдарламасында оқыту маңызды болып келеді. Түркі тілдес елдер географиясын оқытудың осындай талап пен маңыздылығын ұғынған пән оқытушылары өз педагогикалық үдерісіне сараптама жасап, әрбір сабағын жоспарлауда үлкен ізденістерге ұмтылады. Жаңа көзқарас, жаңа мақсат, жаңа әдіс-тәсілдерге жүгінеді. Қаншама жылдар дәстүрлі сабаққа дағдыланған біздер де оқушылар үшін де бірден өзгеріс қиын-ақ. Қалыптастырушы бағалауға құрылып, енді күнделікті баға қойылмайтын болғандықтан, оқушы ынтасын ашып, нәтижелі оқыту үшін әдіс-тәсілдерді көптеп қолдануымыз қажет деп ойлаймын.

Сол себептен, сабақтарымда оқушылардың тек ақпарат алумен шектелмей, оқушы белсенділігін арттыратын, ойлау дағдысын дамуына ықпал ететін әдіс-тәсілдер жоспарлап, қолданатын әдіс-тәсілдерді сабақ кезеңдеріне қарай үшке бөліп қарастырамын.

Сабақтың бірінші кезеңі өткен тақырып пен үй тапсырмасын пысықтап қайталауға құрылады. Бұл кезеңде оқушының есте сақтау, жинақтау, ойды топтау, сәйкестендіру, суреттеу, әңгімелеу, анықтау сияқты дағдыларын дамытатын әдістер қолданған дұрыс. Бұл әдістер бір жағынан өткен сабақтағы, үзілістегі ойлардан арыла алмай отырған бала үшін селт еткізетіндей қызықты, нақты, сабаққа оқушы ынтасын бірден ашатындай болуы тиіс. «Бір сөзбен», «Бөтенін тап», «Карточкадағы термин», «Жұмбақ сан», «Викториналар», «Дегеніміз», «Тізбекті қалпына келтіру», «Таңба-белгі», «Даму канондары», «20 сөз» әдістері осы бастапқы кезеңге жоспарлаған балалардың сабаққа деген ынтасын аша түседі. Себебі, бала әр уақытта өзін қызықтыратын іс-әрекетке аса назар аударып, құлшыныспен орындауға кіріседі. Бұл әдістердің тапсырмалары аса күрделі болмайды. Кім?, Не?, Қашан?, Қайда? деген секілді жабық сұрақтарды қамтиды. Жетекші сұрақтар қойып, салыстыруға, сәйкестендіруге де болады.

Сабақ ортасында жаңа тақырыпты меңгеруде белсенді, өзара белсенді әдістер қолданамын. Осы сабақ кезеңінде оқушылардың жаңа тақырып бойынша талдау, жинақтау, тұжырымдау, қорытындылауға, жаңа ақпарат бойынша өздері жаңа туынды жасауға негізделген әдістер жүргіземін.

«Бес сұрақ», «Концептуалды кесте», «Балық қаңқасы», «Галерея», «Топтық тергеу», «Кезбе тілші», «Рафт», «Эссе» әдіс-тәсілдері арқылы сабақ мақсатына жетуге тырысамын. Бала жаңа ақпаратпен топпен немесе өз бетінше жұмыс істейді, салыстырады, негізгі идеяны анықтап қорытынды жасайды, себеп –салдарын зерттейді, тұжырым жасайды. Жаңа тақырып немесе жаңа ақпарат бала санасында осы әдістер арқылы өңделеді. Сол себептен де бала есінде жақсы жатталып, алдағы уақытта тиімді қолдана білуіне ықпал етеді. Зертеушілікке, саралауға негізделген жұмыстар оқушы ойлау дағдысын арттырады. Үлгерімі жоғары оқушыларға көбіне тақырыпқа сай таныстырылым дайындап келуге алдын-ала тапсырма беремін. Ал, үлгерімі төмен оқушыларға тапсырма орындау кезінде қолдау көрсету олардың сенімділігін арттырады, ынтасын ашады.

Сабақтың соңғы бөлігінде ОҰБ құралдары арқылы оқушылардан кері байланыс алуға тырысамын. Бұл тәсіл оқушылардың рефлексиялық ойлау дағдыларын қалыптастырады.

География пәні- баланың табиғат пен қоғам туралы түсінігін қалыптастыратын жаратылыстану пәні болумен қатар, рухани танымын толықтырушы пән ретінде ерекшеленетін болса, Түркі тілдес елдер географиясы түбі бір туысқан халықтарды тануда үлкен рөл атқарады. Қоршаған ортаға , туған елге деген құрмет пен сүйіспеншілік қасиеттерінің қалыптасуына көп ықпал етуге тырысып, экологиялық сауаттылыққа яғни табиғаттың бір бөлшегі ретіндегі жауаптылыққа шақырамын.Кез-келген мемлекетпен танысқанда, ол елдің даму ерекшеліктерін өз отанымызбен салыстыра, сараптап, жақсы жақтарын оқушыларға үлгі етемін. Отанына деген сүйіспеншілігін қызметіндегі жауаптылығымен, барын салып еңбек етумен көрсететін жапондықтар қасиетін үлгіге алып, балалар бойына да сол дәстүрді еге білсек, еліміздің жарқын болашағына ұстаз ретінде қосар басты үлесіміз деп ойлаймын.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Есназарова Ұ.Ә., Темірбеков А.Т. ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕРГЕОГРАФИЯСЫ қолданбалы курсының бағдарламасы.

ТҮРІКМЕНСТАН МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАЛАРДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Джумакулыев Б.А.

Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университетінің магистранты

ORCID ID: 0009-0006-7428-2487

АНДАТПА

Мақалада Түрікменстан мен Қазақстанның соңғы жылдардағы экономикалық және әлеуметтік салалардағы байланыстары баяндалды. Түркі тілдес елдердің жақындасуына түрткі болатын негізгі өңірлік факторлар атап көрсетілді. Тарихи тамыры бір елдердің, географиялық орналасу жақындығын пайдалана отырып екі елге де тиімді экономикалық, әлеуметтік салалардағы байланыстарды жандандырудың заманауи ортақ мәселелері қарастырылды.

Кілт сөздер: экономика; әлеуметтік сала, байланыстар, география, Түркі әлемі.

Түрікменстан Республикасы мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 5 қазанында орнатылды. Екіжақты ынтымақтастық 1993 жылғы 19 мамырдағы Достық қатынастар және ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес дамып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы Түрікменстанға төртінші рет мемлекеттік сапармен барды. Бұл Түрікменстанның Қазақстан үшін стратегиялық маңызды екенін білдірсе керек. 2022 жылдың 15 қазанында Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов Қазақстанға келді. Мұндай жоғары деңгейдегі сапарлардың екі ел арасындағы экономикалық, әлеуметтік әсіресе білім саласындағы нәтижесі қандай болды деген мәселеге үңілсек: бұл кездесуде достық, өзара құрмет пен сенім рухында екі түркі тілдес Мемлекет басшылары стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету перспективаларын егжей-тегжейлі талқылады, сондай-ақ өзара қызығушылық тудыратын өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты.

Президенттер Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы көп ғасырлық достық байланыстар мен тату көршілікке, бауырлас түркі халықтардың терең мәдени-рухани байланыстарына негізделген дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылғаннан кейінгі 30 жылдық кезеңінде қол жеткізілген ынтымақтастықтың жоғары деңгейін атай отырып, Қазақстан-Түрікменстан қарым-қатынастарын жан-жақты нығайту бағытының мызғымастығын және екіжақты ынтымақтастықты екі бауырлас түркі тілдес мемлекеттердің түбегейлі мүдделеріне сай келетін және Орталық Азия өңіріндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды факторы ретінде қызмет ететін өзара іс-қимылдың жаңа сапалы дәрежесіне шығарылғанын растаған болатын.

Сол кездесуде халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормаларына, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына, оның ішінде мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікті, өңірлік тұтастықты, шекаралардың мызғымастығын өзара құрметтеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, тең құқықтылық пен өзара тиімділік қағидаттарына берік бейімділігін растай, саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы Қазақстан-Түрікменстан ынтымақтастығының үдемелі дамуын қанағаттанушылықпен атай келе, 2017 жылғы 18 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы стратегиялық әріптестік туралы шартта көрсетілген қағидаттарды басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы мәлімдемелер жасалған болатын, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының және Түрікменстанның Президенттері өңірлік және халықаралық ұйымдар шеңберіндегі өзара тығыз іс-қимылды арттыру, сондай-ақ әлем сахнасында өзара іс-қимылын жандандыру, Орталық Азиядағы түркі тілдес мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулері форматы шеңберіндегі өңірлік кооперацияны дамытып, тереңдету, өңіріндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту ісіне бірлесе күш салу..

Бүгінгі күнде Каспий маңы өңіріндегі түркі тілдес үш ел өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қолдау бағыты мен бірлескен күш-жігердің өзгермейтініне сенімді. Геосаяси диалогты дамыту және туысқан түркі елдерінің жан-жақты ынтымақтастық әлеуетін ашу мақсатында Каспий маңы мемлекеттері басшыларының саммиттерін тұрақты түрде өткізудің маңызы өте зор. Осы орайда түркі тілдес елдері басшыларының Түрікменстанда өткен Алтыншы Каспий саммитінің маңыздылығын және Каспий экономикалық форумын одан әрі өткізу қажеттілігін атап өту қажет.

Қазіргі заманда күрделі халықаралық ахуал, мемлекетаралық қақтығыстардың өсіп келе жатқан тәуекелдері мен күшейіп келе жатқан геосаяси және экономикалық текетірес аясында Түрікменстан мен Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы және оның институттарының жаһандық мәселелерді шешудегі, орнықты дамуды қамтамасыз етудегі, әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтудағы рөлін арттыру, сондай-ақ халықаралық қоғамдастықтың халықаралық әлемге қауіп төндіретін агрессия актілеріне қарсы күш-жігерін біріктіруі қажет.

Екі ел Түркі мемлекеттері ұйымы және басқа да халықаралық және өңірлік ұйымдар мен форумдар аясындағы өзара іс-қимылды одан әрі нығайтуға және өзара қолдауға мүдделі, сонымен қатар мемлекетаралық қарым-қатынастың іргетасы болып саналатын мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығы зор. Білім, ғылым, туризм және денсаулық сақтау салаларында өзара іс-қимылды жандандыру туралы уағдаластықты жүзеге асыру күн тәртібіндегі тұрған өзекті мәселенің бірі. Әсіресе жоғары оқу орындары арасында байланыстар орнатылғаны бүгінгі алғаш рет өткізіліп отырылған «Түркі әлемі бірінші халықаралық география конгресінің» нақты айғағы.

Биыл 2024 жылы Түрікменстан Республикасы мен Қазақстан Мәдениет күндерін ұйымдастыруды жоспарлауда. Жақын күндерде екі ел бірлескен

телевизиялық жобалар, көрмелер, фестивальдер мен өзге де мәдени іс-шаралар өткізуге, ортақ тарихи және мәдени мұраны сақтау мен ілгерілету мақсатында іс – шаралар өткізуі көзделуде.

Қазақ және түрікмен халқының мәдени-рухани мұрасының ұқсастығы, туыстық тақырыбы өте ауқымды. Түрікмен мәдениетінің қазақ мәдениетімен көп ұқсастығы бар. Ежелгі заманнан бері халықтарымыз бір-біріне қолдау көрсетіп, бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп келеді. Бізді ортақ шекара, тарих, туыстық тілдер, дін, мәдени құндылықтар, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар біріктіреді. Осындай іргелі негіздерде біздің елдер өзара іс-қимылдың тұтас ауқымында бұрын-соңды болмаған табыстарға жетті.

Ерекше атап өтерлігі, география елдерімізді біріктіріп, бізді бауырластарға айналдырса, экономика жақсы сенімді серіктестер етті. Түрікменстанның Балқан вelayты мен Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысы – шекаралас өңірлер. Бізді құрлық пен теңіз шекарасы байланыстырады, оны бауырластық пен достықтың шекарасы деп атауға болады. Көп жағдайда Балқан вelayты мен Маңғыстау облысы ұқсас. Мәдени-гуманитарлық тұсын айтпағанның өзінде, екі аймақта да мұнай-газ және химия өнеркәсібі басым, екеуі де ірі көліктік-логистикалық хаб болып саналады. Облыстар теңіз, теміржол және автомобиль жолдарымен байланысады.

Қазақстан Республикасы Түрікменстанның маңызды стратегиялық серіктесі екенін және тәуелсіздік жылдары дос әрі бауырлас елдер арасындағы қарым-қатынас өзара құрмет, сенім және өзара тиімді әріптестік рухында дамыған. Биыл 5 қазанда Түрікменстан мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық қатынастардың орнағанына 32 жыл толады

Халықаралық алаңда біздің елдеріміз аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселелер бойынша ұқсас көзқарастарға ие. Біз БҰҰ, ТМД, АӨСШҚ, ИЫҰ, Түркі мемлекеттері ұйымы, «ОА+» форматтары мен басқа да халықаралық құрылымдар аясында белсенді ынтымақтасамыз, бұл бізге өзара табысты іс-қимыл жасауға және бір-бірімізді қолдауға мүмкіндік береді. Түрікменстан сауда қатынастарын одан әрі кеңейтуге және Қазақстан Республикасымен өңіраралық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға мүдделі.

Бүгінде Түрікменстан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас стратегиялық әріптестік сипатын алып, жаңа сапалы деңгейге көтерілді. .

Түрікменстан мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекетаралық тауар айналымы да қарқынды өсіп келеді, бұл әрбір елдің дамуы мен өркендеуінің ажырамас шарты саналатын сауда-экономикалық ынтымақтастықты ұлғайтуға өзара мүдделі екенін айғақтайды. Сондай-ақ, Түрікменстан-Қазақстан экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының ерекше ролін атап өткен жөн, бұл комиссия өзінің 12 отырысын өткізіп, барлық перспективалы бағыттар бойынша өзара іс-қимылды әртараптандыруда бірқатар нақты қадамдарды айқындау үшін пәрменді құрал және алаң бола алатынын көрсетті.

Екіжақты қарым-қатынастарды қолдауда және халықтарымызды одан әрі жақындастыруда біздің елдерімізде тұратын көптеген түрікмен және қазақ диаспоралары маңызды рөл атқарады, оларға ұлттық мәдениетті, тіл мен дәстүрді дамыту үшін қолайлы жағдай жасалған. Түрікменстан мен Қазақстанда екі елдің өкілдері өте көп. Қазіргі уақытта Түрікменстанның Мары және Балқан вelayттарында қазақтар көп.

Түрікменстанда әр жылға ішкі және сыртқы саясаттың басты бағытын көрсететін белгілі бір ұран арнау дәстүрі қалыптасты. 2024 жыл Түрікменстанда «Мақтымқұлы Фрагидің ақыл-парасаты» ұранымен өтеді. ТҮРКСОЙ 2024 жылды «Түркі әлемінің ұлы ақыны және ойшылы Мақтымқұлы Фраги жылы» деп жариялады, ақынның 300 жылдығын ең жоғары деңгейде атап өту жоспарланған. Мақтымқұлы Фрагидің мерейтойлық жылына орай Түрікменстан 2024 жылдың қазан айында үкімет басшылары деңгейінде саммит өткізеді және биылғы мамыр айында мәдениет министрлері деңгейінде халықаралық конференция ұйымдастырады. Сондай-ақ, бауырлас екі ел басшыларының түрікмен және қазақ халықтарының ұлы ақын-ойшылдары – Мақтымқұлы Фраги мен Абай Құнанбайұлына құрмет көрсетіп, Астана мен Ашхабадта ескерткіштер орнатудағы күш-жігерін атап өткен жөн.

Түрікменстан мен Қазақстан гуманитарлық салада, оның ішінде білім беру, ғылым және қолданбалы зерттеулер, мәдениет және шығармашылық бойынша өзара іс-қимылды табысты дамытып жатқанын ерекше атап өткен жөн. Екі елдің ғылым қайраткерлері арасында тұрақты байланыстар тәжірибесі жолға қойылған, Түрікменстан мен Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары арасында тікелей байланыстар жандануда. Түрікмен жастары үшін Қазақстан – білім алу үшін дәстүрлі әрі сүйікті елдердің бірі. Бүгінгі таңда қазақстандық жоғары оқу орындарында 3 мыңнан астам түрікменстандық студент оқиды.

Түрікменстанда да әр жылдары басқа мемлекеттерден көптеген студенттер келіп оқыды, бүгінде олар өз елдерінде экономиканың әртүрлі салаларында жұмыс істеп жүр. Түрікменстан әрдайым өзінің жоғары оқу орындарына шетелдік студенттерді қабылдауға дайын. Түрікменстан жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасы өте жақсы. Университеттер мен институттардың көпшілігі тәуелсіздік жылдарында салынған және ең озық жабдықтармен қамтылған.

Биыл 22 ақпанда түрікмен халқының ұлттық көшбасшысы, Түрікменстан Халық мәслихатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовтың төрағалығымен Халық мәслихаты президиумының отырысы өтті. Онда түрікмен халқының ұлттық көшбасшысы 2023 жылды қорытындылап, өткен жылы жалпы ішкі өнімнің тұрақты өсу қарқыны сақталғанын айтты. Инвестициялық саясат та іске асырылды, қаражаттың үлкен көлемі өндірістік сегменттерді, әлеуметтік саланы және қызмет көрсету саласын дамытуға бағытталған. Арқадаг қаласы салтанатты түрде ашылды, сондай-ақ «ақылды» қаланың екінші кезегінің құрылысы басталды.

Отырыстың басты тақырыбы – «2024 жылғы Түрікменстанның әлеуметтік-экономикалық даму және инвестициялар бағдарламасын» іске асыру болды. Бұл

бағдарлама Үкіметтің алдыңғы жылдардағы жетістіктеріне негізделген. Биыл Халық мәслихаты қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмыстар мен іс-шаралар жоспарын талқылау ел мәжілісінің, министрліктердің, салалық ведомстволардың және қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен өтіп жатыр.

Әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан, Түрікменстан жалпы ішкі өнімнің тұрақты өсу қарқынын сақтап қалды. 2009 жылдан бастап ЖІӨ өсімі орта есеппен 6%-дан асты. Соңғы 15 жылда ЖІӨ көлемі 3,7 есеге, 2023 жылы шығарылған өнеркәсіп өнімінің көлемі өткен жылдармен салыстырғанда 3 еседен астам, 2008 жылмен салыстырғанда 2023 жылы бөлшек тауар айналымының көлемі 8,5 есе өсті. Сонымен қатар, 2008 жылдан бері халық саны 2 миллионға көбейді. 2022 жылғы желтоқсандағы санақ қорытындысы бойынша елде 7 миллионнан астам адам тіркелген.

Бұл күндері Түрікменстан туризм бойынша халықаралық конференция өткізеді. Делегаттарға Аркадаг қаласымен, бірегей тарихи-мәдени ескерткіштермен, музейлермен және жалпы Түрікменстанның туристік әлеуетімен танысу үшін жағдай жасалады.

Біздің елдеріміз көліктік-логистикалық саланы дамытуға баса мән беріп отыр, оны біртіндеп Еуразия құрлығындағы көліктік-логистикалық хабқа айналдыру көзделуде.. Қазір қолданыстағы шекара өткелдері белсенді түрде жаңғыртылуда. Биыл қаңтар айында Түрікменстан мен Қазақстан шекарасындағы «Гарабогаз» кеден бекетін қайта жаңарту бастады. Елдеріміз арасындағы жол қатынасын да дамытуға мысал, Солтүстік-Оңтүстік автомобиль жолы жобасы бар. Кеден бекетін жаңғырту кедендік рәсімдерінен өту уақытын қысқартуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде бекет арқылы өтетін жүк ағындарын ұлғайтады. Бұл құрылысты 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланды..

Түрікменстанның Қазақстанмен теңіз және темір жол бойынша өзара байланысының ұзақ тарихы бар, осы бағыттар бойынша ынтымақтастық бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Өзен (Қазақстан) – Қызылғая – Берекет – Этрек (Түрікменстан) – Горган (Иран) теміржол желісі Таяу Шығысқа жүк тасымалдауды қамтамасыз ететін Еуразияның көлік-логистикалық схемаларындағы маңызды түйін екенін атап өткен жөн.

Жалпы Түрікменстанда да, Қазақстанда да тұрғындар халықтарымыздың достығы мен бауырластығын шын жүректен мақтан тұтады. Біздің әдет-ғұрыптарымыз, дәстүріміз, өте ұқсас түркі халқымыз.

Біз тату көршілік, бауырластық және өзара сенімімізді одан әрі кеңейтуге ниеттіміз. Бауырлас түркі халықтарымызға амандық пен өркендеу, бүгінгі жалпы түркі дүниесінің ортақ астанасы қасиетті Түркістанда алғаш рет өткізіліп отырылған «Түркі әлемі бірінші халықаралық география конгресінің» барлық қатысушыларына зор денсаулық пен табыс тілеймін.

ІЛЕ-АЛАТАУ ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНДЕГІ ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ЭТНО-ТУРИЗМДІ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Ғабдолла О.Ж.

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті География және табиғатты пайдалану факультеті География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы, аға оқытушы

ORCID ID: 0009-0005-4019-5329

АНДАТПА

Мақалада Қазақстанда ерекше қорғалатын аумақтар ұғымына талдау жасай отырылып, оның ішінде Іле – Алатау ұлттық табиғи паркінің қазіргі жай – күйіне географиялық сипаттама беру арқылы, ондағы этно – туризмді дамытудың мәселелері қарастырылды.

Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында Қазақстан 2050 жылға дейін ауасы таза және суы мөлдір, таза және жасыл желекті елге айналуға тиіс екенін айтылады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жүйесін құру осы мақсаттарға қол жеткізу құралдарының бірі болып табылады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) бұл өзінің құрамына әр түрлі өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, табиғи байлықтарын, орман, су, өзен көлдерді жинақтайтын экологияның үлкен бір нысаны. Ал осы құрамдағы табиғи байлықтар және ормандар мен қорықтар арқылы жеке тұлғалар, азаматтар, мемлекет, әкімшілік аумақтық бөліністер өздерінің материалдық болсын, рухани болсын қажеттіліктерін қанағаттандырады.

ЕҚТА ішінде Мемлекеттің ұлттық табиғи парктердің (МҰТП) маңызы ерекше. Мемлекеттік ұлттық табиғи парк – ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің биологиялық және ландшафттық саналуандығын сақтауға, оларды табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Қазақстанда қазіргі уақытта 12 ұлттық парк ұйымдастырылған.

Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заң 1997 және 2006 жылдары қабылданды. Мұндай Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұйымдастырылу мақсаттарына және табиғат қорғау ережелеріне сәйкес бірнеше топқа бөлінеді. Биосферадағы экожүйелердің бастапқы қалпын сақтап қалу және қорғау тірі организмдердің сан алуан түрлілігін сақтау мәселелерімен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде Жер шарында адамның аяғы тимеген және іс-әрекетінің әсеріне ұшырамаған алқаптар жоқтың қасы. Дегенмен де табиғаттың бастапқы табиғи қалпы сақталған немесе антропогендік факторлардың ықпалы онша байқала коймаған экожүйелердің біраз бөлігін табиғи эталон ретінде сақтап қалудың маңызы зор. Өйткені мұндай аумақтар антропогендік факторлар көбірек ықпал еткен аймақтармен салыстыру үшін қажет. Халықаралық қабылданған ережелерге сәйкес әрбір мемлекеттің жалпы жер аумағының 10%-ы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәртебесін алуы қажет.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға биосфералық қорықтар, мемлекеттік табиғи қорықтар мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, қорықтық аймақтар, қорықшалар және т.б. табиғи нысандар жатады. Соңғы деректер бойынша дүние жүзінің 100-ден астам ірі мемлекеттерінде 1000-нан астам ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұйымдастырылған. Мұндай аумақтардың жалпы көлемі 230 млн га жерді алып жатыр. Бұл жер бетіндегі құрлықтың 1,6%-на тең.

- Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;
- Мемлекеттік ұлттық қорықтар;
- Мемлекеттік табиғи резерваттар;
- Мемлекеттік қорықтың аймақтары;
- Мемлекеттік табиғи қорықшалар;
- Мемлекеттік табиғат ескерткіштері;
- Мемлекеттік зоологиялық бақтар;
- Мемлекеттік ботаникалық бақтар;
- Мемлекеттік дендрологиялық бақтар және т.б.

Құру мақсатына және қорғау түріне байланысты жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың келесі түрлерін белуге болады:

- 1) мемлекеттік өңірлік табиғи парктер;
- 2) мемлекеттік зоологиялық парктер;
- 3) мемлекеттік ботаникалық бақтар;
- 4) мемлекеттік дендрологиялық парктер;
- 5) мемлекеттік табиғат ескерткіштері;
- 6) мемлекеттік табиғи қаумалдар.
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың басқа да түрлері көзделуі мүмкін.
- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды республикалық маңызы бар санатқа жатқызу уәкілетті органның ұсынысымен Қазақстан Республикасы Үкіметімен, ал жергілікті маңызы бар санатқа — уәкілетті органның келісуімен облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар) атқарушы органдармен іске асырылады.

Мысалы, Қазақстанда ұлттық парктің жері болуы үшін табиғи жер телімінде өзгеріске ұшырамаған деген бап бар. Яғни ондай болмаған жағдайда ол нысан

ұлттық парк болып есептелмейді. Әлемде ұлттық парк деген ұғымға саятын ерекшеліктерге мыналар жатады:

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры дегеніміз қоршаған ортаның ғылыми зерттеулерге, білім беру ісіне, туризмге және экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған объектілерінің жиынтығын айтамыз.

Мемлекеттік табиғи - қорық қорына мына объектілер енгізіледі:

1. Зоологиялық объектілер – жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері; жануарлардың құнды түрлері және сирек кездесетін тобы.
2. Ботаникалық объектілер - өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері; өсімдіктердің құнды түрлері және сирек кездесетін тобы.
3. Орман объектілері – ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ормандар.
4. Дендрологиялық объектілер – ғылыми және мәдени-тарихи маңызы бар жекелеген ағаштар немесе олардың топтары.
5. Гидрологиялық объектілер – ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе ғылыми жағынан ерекше құнды су қоймалары.
6. Геологиялық, геоморфологиялық және гидрологиялық объектілер – жер қойнауының экологиялық ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелер.
7. Топырақ объектілері - әр түрлі топырақ аймақтарындағы типтік, бірегей және сирек кездесетін топырақтар.
8. Ландшафтық объектілер – типтік, бірегей және сирек кездесетін ландшафтар.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар дегеніміз: ерекше қорғау режимі белгіленген, табиғи кешендері мен мемлекеттік табиғи -қорық қорының объектілері бар жерлердің, су объектілерінің және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің бөлігі. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи кешендері дегеніміз – ерекше қорғауды қажет ететін биологиялық алуандылық пен өлі табиғат объектілерінің жиынтығы. Мемлекеттік табиғи - қорықтық қор дегеніміз: мемлекеттік қорғау аясына алынған қоршаған ортаның, генетикалық резервтердің табиғи эталондары, уникалдары мен реликтері, ғылыми зерттеулердің, ағартушылықтың, білім берудің, туризм мен рекреацияның көзі ретінде ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық

құнды объектілерінің жиынтығы. Табиғи кешендер, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сондай-ақ осы жерлер мен басқа санаттардағы жерлерде орналасқан мемлекеттік табиғи - қорықтық қор объектілері - ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастар объектілері болып табылады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік табиғи-қорықтық қор объектілерінің маңызына қарай республикалық немесе жергілікті маңызы бар санаттарға бөлінеді.

Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 ақпан №228 қаулысымен құрылды. Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі - Іле Алатауының әсем ландшафтарын қорғау, өсімдік жамылғысы мен жануарлар әлемін сақтау, туризмді дамыту мақсатында ұйымдастырылған. 1996 ж. Алматы облысы Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарының аумағында орналасқан Қаскелең, Пригород, Түрген орман шаруашылықтарының негізінде құрылған. Орталық бөлігі. - Таусамалы а. Ауданы 202 мың га, ол Алматы қ-нан оңтүстікке қарай Іле Алатауының (Тянь-Шань) солт. беткейінде, батыста Шамалған өз., шығыста Түрген өзенінің аралығындағы ұзындығы 120 км, ені 30 – 35 км аймақты алып жатыр. Оның құрамына 4-Ақсай, Медеу, Талғар және Түрген орман шаруашылығы аумағындағы аласа, орташа және биік тау ландшафтары енеді

Парк өзінің табиғи және эстетикалық ерекшеліктерімен өзгеше. Туристер паркке кіре берістен аптаған аласа таулы, жартылай шөлейт және құрғақ даладан алып шалғындығы, тундралардың салықындығы мен мәңгі, ашпақ қары әрі мұздықтарымен жарқыраған жартасты шыңы бар, тауларға дейінгі теңдесіз, тік ландшафты аймақты бақылау мүмкіншілігіне ие болады.

Парк жаппай рекреация мен денсаулықты қалпына келтіру үшін теңдесіз шарттар ұсынады. Мысалы, рекреациялық аймақта тау өзені жағалауында тыныш серуен құру және киіз үй-шатырлық кемпингте демалыс, тікұзақпен сапар, атпен серуендеу, тау туризмі және альпинизм. Туристер назарына Түрген арнасындағы Киелі бұлақ орталығына жолдама, Парк территориясында оншақты жаяу және атты бағыттар, треккинг және рафтинг ұсынылады. Экологиялық соқпақтар бойымен біркүндік экскурсиялар, ғылыми-танымдық туризм, табиғатта түнеу көпкүндік сапарлары және тағы басқалар. Ал қыс мезгілінде тау жолдарынан шанамен, атты шанамен сырғанау және тау шаңғы спорты күтеді.

1. Үлкен Алматы көлі – Іле өзенінің саласының бірін жанай өтетін оңтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 154 шақырымға созылған. Үлкен Алматы көлі Алматы қаласынан оңтүстікке қарай 28,5 км қашықтықта, теңіз деңгейінен 2497 м биіктікте Үлкен Алматы өзенінің аңғарында орналасқан. Мұздық суымен нәрленетін көл 500 м ендікте 1 шықырым ұзындыққа созылады.

2. Есік көлі – Іле Алабындағы көл. Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында, Есік қаласынан оңтүстікке қарай 17 км жерде, Іле Алатауының теріскей баурайындағы әсем шатқалдардың бірінде теңіз деңгейінен 1759 м жоғарыда орналасқан. Аумағы 0,86 км², ұзындығы 1,8 км, ені 600 м.

3. Түрген сарқырамасы – Іле-Алатау ұлттық саябақтың құрамында сұлу шатқалында, Алматы облысының туристер баратын орындарының бірі. Бағыт Алматы қаласының орталығында басталады. Жолы бұрын керуендердің өтетін жолдарында Еуропаға шығыстан – Қытайдан және Үндістаннан келетін болған. Түрген шатқалында 7 сарқырама бар. Адамдар көп баратыны: біріншісі “Аюлы” және екіншісі “Тескенсу”.

Бұл жер өзінің қайталанбас көркемдігімен, мәңгі мұз басқан шыңдары, биік таулары және жасыл ормандарымен ерекшеленеді. Ол теңіз деңгейінен 600-4540 м биіктікте орналасқан. Саябақтың флорасында 1 мыңнан астам өсімдік түрі бар. Олардың 36 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген. Сондай-ақ аумағында Талқыз және Түрген ескі қалашықтарының орны сақталған. Түрген шатқалында ертедегі темір дәуірінің зираттары мен Есік өзенінің бойында сақ қорғандары бар. Бутаков сарқырамасы, реликті мүк басқан Шыңтүрген шыршалары да табиғат ескерткіштері болып саналады

«Шымбұлақ» тау шаңғы курорты – Іле Алатауы шатқалында 2510 метр биіктікте орналасқан. Жайлы климат, шуақты күндердің көптігі, тұрақты қар жамылғысы және табиғаттың таңғажайып көрінісі бұл жерге қысқы спорт түрлерін жақсы көрушілерді ғана тартып қоймайды. Сонымен қатар табиғат аясында, таза ауамен тыныстауды жақсы көретін жандар үшін де таптырмас орын. Онда келушілерге арналған үлкен шаңғы трассасы бар. Шаңғыға алғаш тұрған адамдар да, бұл спортпен кәсіби айналысатын жандар да сол жерден табылады. Шымбұлақтағы қалың қар қабаты желтоқсаннан сәуір айына дейін жатады. Шымбұлақ – Алматы маңындағы Іле Алатауы шатқалының 2510 метр биіктігінде орын тепкен тау-шаңғылық курорты. Талғар асуының бөктеріндегі бұл спорттық кешен 1954 жылдан бастап тау шаңғысы спортшыларының сүйікті орнына айналған. Алғашқыда бұл кешен кеңес тау шаңғышыларының олимпиадаға дайындық базасы ретінде құрылған. Жарыс жолының ені 25 метр, еңістігі 11-29 градустардың аралығында, сондықтан шаңғышылардың ең жақсы жылдамдық көрсетуіне қолайлы. Техникалық сипаттамасы жағынан Еуропаның ең жақсы жарыс жолдарынан кем емес, көп жағдайда (қарының сырғанақтық сапасы бойынша) олардан артық.

Кешенді жаңа жөндеу бойынша жалпы ұзындығы 6 шақырымнан екі есеге ұзартылды. Ал ені ең негізгі бөліктерінде 10-20 есеге кеңейтілген. Тау шаңғы трассаларының бойына қар зеңбіректері орнатылған, аспалы жолдардың болат арқандары жаңартылған. Алдағы күндері шаңғы жолдарын Қарлытау мұздығына дейін ұзарту көзделген. Осы шаралар іске асқаннан кейін шаңғы трассасының ұзындығы бойынша Шымбұлақ әлемдік жетекші курорттарымен

теңесетін болды. Сондай-ақ, қонақ үйлер қайта жасақталып, мейрамханалар мен дүңгіршектер, боулинг, спа-орталықтар құрылады

Алайда бүгінде елімізде Іле-Алатау ұлттық табиғи паркінде туризмнің тау шаңғысы спорты, экотуризм, шопинг сияқты бірнеше түріне ғана басымдық беріліп отыр. Сондықтан мәдени-танымдық туризмнің бір бағыты саналатын этнотуризм саласының мүмкіндіктерін де қарастырған жөн.

Көшпенділердің дәстүрі көптеген елдерді қызықтырады. Бірақ біз қазір оны дамыта алмай отырмыз. - Қазақстанда ішкі жалпы өнімдегі туризмнің үлесін 10 пайызға жеткізу мүмкіндіктеріне келетін болсақ, егер біз этнографиялық ауылдарды дұрыс ұйымдастыра алсақ, Іле Алатау ұлттық табиғи паркінде туристерді көп тарта аламыз. Бұл үшін онда жергілікті тұрғындардың көмегімен этнографиялық ауылдарды құрастыру қажет. Бізде оған қажетті барлық негіз бар. Жалпы этнографиялық туризм арқылы Іле Алатауының көрікті табиғатымен қоса халқымызды әлемге таныстырудың мүмкіндігі өте зор.

**ТҮРІКМЕНСТАННЫҢ ГАЗ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ
ЭКСПОРТТАУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ - ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ****Оразбаев Р.Н.**

ORCID ID: 0009-0003-9523-6664

Мақалада Түрікменстан Республикасының газ кен орындарындағы газ қоры және олардың қазіргі өндірілу жағдайы баяндалған. Елдегі басты газ өндіру кен орындарына сипаттама беріліп, оларды өңдеу мәселесіне талдаулар жасалған. Газ экспортындағы газ құбырларының жүру жолдарындағы экономикалық – географиялық мәселелер қарастырылған.

British Petroleum (BP) мәліметтеріне сәйкес, Түркіменстан табиғи газдың дәлелденген қоры бойынша 19,5 триллион текше метрмен Ресейден (38 триллион текше метр), Ираннан (32 триллион текше метр) және Катардан (24,7 триллион текше метр) кейін әлемде төртінші орында. *Жерінің 80 % мұнай мен газ бар. Осы уақытқа дейін олардан 144 кен орны табылған. Бірақ соның әзірге 40-қа жуығы ғана игерілуде. Газдың болжамды қоры 21-23 трлн м³, ал мұнайдікі 12 млрд тоннаға жуық делінеді.* Осылайша, Түркіменстан әлемдегі дәлелденген табиғи газ қорының 9,8%-на ие. Географиялық орналасуына байланысты ол бай табиғи газ қорын Кеңес өкіметі кезінде салынған құбырлар арқылы Ресейге, Иранның солтүстік бөлігінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Иранға және энергияға мұқтаж Қытайға экспорттайды

Ел жылдық 100 миллиард текше метрге жақын табиғи газ өндіреді. Табиғи газын экспорттауға арналған үлкен газ құбыры желісі бар Түрікменстан жыл сайын Түрікменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай құбыры арқылы шамамен 40 миллиард текше метр табиғи газын сатады. Ол 2009 жылы іске қосылды. Қазіргі уақытта бұл желі Қытайдағы ең ірі табиғи газ жеткізушісі болып табылады. Газ қоры 2019 жылдың басындағы жағдай бойынша Түркіменстандағы табиғи газдың дәлелденген қоры 19,5 триллион текше метрді құрады. Барланған газ қорының едәуір бөлігі Түркіменстанның оңтүстік-шығысында Иранмен мемлекеттік шекараға жақын орналасқан Довлетабад құрылымында шоғырланған. Довлетабад құрылымына Довлетабад-1, Довлетабад-2 және Довлетабад-3 кен орындары кіреді.

Елімізде жақында ашылған ең ірі газ кен орны – Түркіменстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде Иран және Ауғанстан шекарасына жақын орналасқан Ғалқыныш (2007 жылы ашылған). 2010–2011 жылдары Ғалқыныш құрылымының газ жинақтау аймақтарында, атап айтқанда Оңтүстік Йолотан-Осман, Яшлар, Минара, Батыс Яндақлы, Дольгуй, Егритегенлі, Газанлы, Шабасан, Гаракел және т.б. геологиялық барлау жұмыстары жүргізілді. 2015 жылы геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде кен орнының жанынан «Гаракел» және «Бағлы» жаңа газ кен орындары ашылды; 2016 жылы - Джурги кен орны. 2017 жылы Минара және Бағлы аудандарында табиғи газдың өнеркәсіптік ағыны алынды. 2017 жылдың соңындағы жағдайы бойынша

Галқаныш кен орнының ілесімі Яшлар және Гаракекел кен орындарымен бірге қоры 27,4 трлн текше метрге бағаланады. m (Gaffney, Cline & Associates мәліметтері бойынша). 2011 жылдың қаңтарында кен орны жоспарланған Түркіменстан-Ауғанстан-Пәкістан-Үндістан (ТАPI) газ құбыры арқылы газ жеткізу үшін ресурстық база ретінде таңдалды. 2011 жылы Түркіменстанның оңтүстік-батысындағы Кемер ауданында жаңа газ кен орны ашылды. 2012 жылдың наурыз айында Бағтиярлық келісім-шарт аумағындағы Ширингуй учаскесінде өнеркәсіптік газ ағыны алынды.

Газ өндіру. Түркіменстан аумағында 40-тан астам газ кен орындары игерілуде (ең ірілері Галқыныш, Довлетабад, Зеакли-Дерваза, Малай, Самандепе, Наип, Ақпатлауқ, Кеймир, Алтыгуйи, Корпеже, Окарем және т.б.). 2019 жылдың қорытындысы бойынша Түркіменстандағы газ өндірісі 63,2 миллиард текше метрді құрады. Кен орындарының көпшілігін Түркіменгаз пайдаланады; елдің батысындағы кен орындарының бір бөлігі «Түркіменмұнай» компаниясына тиесілі. Түркіменстанда табиғи газ өндіретін шетелдік компаниялардың арасында Қытайдың CNPC (Бағтиярлық учаскесінде PSA) және малайзиялық Petronas (1-ші сөре блогындағы PSA) ерекшеленеді. Довлетабад кен орнында ұңғыманың пайдалану қоры 300 бірліктен асады. Газды алдын ала тазарту қондырғылары шикізатты Довлетабад-2 және Довлетабад-3 кен орындарында орналасқан екі бас нысанға жібереді. Бірінші бас қондырғы 19,7 миллиард текше метрге дейін тазартып, магистральдық газ құбырына жіберуге арналған. м газ жылына. Екінші бас қондырғының қуаты 21,9 млрд текше метрді құрайды. м жылына Бірінші бас блок Довлетабад – Серахс – Хангеран құбырын, екіншісі – Довлетабад – Дерялық магистральдық құбырын газбен қамтамасыз етеді. 2011 жылдың қазан айында «Довлетабад-2» кен орнында қуаты 20 миллиард текше метрге дейін жететін газ компрессорлық станциясы іске қосылды. м жылына. 2013 жылдың қыркүйегінде бірінші кезең шеңберінде «Галқыныш» кен орындары тобында өндіру басталды (жылына 30 млрд текше метрге дейін тауарлық газ). 2014 жылдың мамырында кен орнын игерудің екінші кезеңі іске қосылды, ал 2015 жылдың желтоқсанында бұл құрылымды игерудің үшінші кезеңіне (жылына 90 млрд текше метрге дейін) негіз қаланды.

- *Газды өңдеу*
- Түркіменстанда өндірілген табиғи газды өңдеу 5 кәсіпорында жүзеге асырылады:
 - «Сұйытылған газ өндіру бойынша Найп кешені» («Наип ГӨК»);
 - «Бағадж газ өңдеу зауыты»;
 - Самандепе газ өңдеу зауыты;
 - «Бағтиярлық» ГӨЗ;
 - Petronas Carigali газ өңдеу зауыты

Еліміздің солтүстік-шығысында Наип газ конденсаты кен орнына жақын жерде орналасқан Наип газ өңдеу зауыты 1998 жылы пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта ГӨК жылына 130 мың тоннаға дейін сұйытылған газ және 100 мың тонна газ конденсатын өндіруге қауқарлы. Найп газ өңдеу зауытында

өндірілген сұйытылған газ экспортталады. Газ конденсаты кейіннен өңдеу үшін Сейді мұнай өңдеу зауытына жіберіледі. Бағаджы газ өңдеу зауыты 2006 жылдың қыркүйегінде пайдалануға берілді. 2011 жылдың қазан айында газ өңдеу зауытының екінші кезегі іске қосылды, бұл жалпы көлемі 2 млрд текше метрді өңдеуге мүмкіндік берді. және сұйытылған газ өндіруді жылына 44 мың тоннаға, конденсатты – жылына 37 мың тоннаға дейін ұлғайту. Бағажын газ өңдеу зауытының сұйытылған газы экспортталады, ал газ конденсаты одан әрі өңдеу үшін конденсат құбыры арқылы Сейді мұнай өңдеу зауытына жеткізіледі.

5 млрд текше метрге дейінгі өңдеу қуаты бар Самандепа газ өңдеу зауыты. м газды және жылына 180 мың тонна конденсат пен 210 мың тонна күкірт өндіруді CNPC 2009 жылы іске қосты. Зауытқа газ жеткізу Бағтиярлық келісім-шарт аумағынан жүзеге асырылады. 2011 жылдың желтоқсанында қуаттылығы 9 млрд текше метр болатын екінші газ өңдеу зауытының құрылысы басталды. м жылына. 2014 жылдың мамыр айында зауыт іске қосылды. 2011 жылдың шілде айында Петронас Каригали Каспий теңізінің жағалауында Қиянлы ауылы маңында 1 блок кен орындарынан келетін газды өңдеу үшін газ өңдеу кешенін пайдалануға берді. Жоба құны 3,8 миллиард долларды құрады. Бірінші кезеңде газды өңдеу шамамен 5-6 млрд текше метр көлемінде жүзеге асырылады. м жылына. 2014 жылдың сәуір айында Корея Республикасы (LG International Corp. and Hundai Engineering Corp. Ltd) және Жапония (TOYO Engineering Corp.) және «Түркіменгаз» мемлекеттік корпорациясы компанияларының консорциумы Қиянлы ауылында газ-химия кешенінің құрылысын бастады. . 2018 жылдың қазан айында кешен пайдалануға берілді. Кәсіпорында газды өңдеу көлемі 5 млрд текше метрді құрайды. жылына м; тауарлық газ өндіру – 4,5 млрд текше метр. м жылына, жоғары тығыздықтағы полиэтилен – жылына 381 мың тонна, полипропилен – жылына 81 мың тонна.

2014 жылдың тамыз айында Овадандепеде қуаттылығы 1,8 млрд текше метр табиғи газды бензинге қайта өңдейтін зауыттың құрылысы басталды. Зауыт Haldor Topsoe (Topsoe Improved Gasoline Synthesis) технологиясы бойынша салынған. Зауытқа тапсырыс беруші – «Түркіменгаз» мемлекеттік концерні. Жапондық компания Kawasaki Heavy Industry Ltd. Бас мердігер және қосалқы мердігер ретінде Түркияның Rönesans Turkmen компаниялары таңдалды, олар Халдор Топсомен бірге жобалық және құрылыс жұмыстарын жүргізді. Зауыт 2019 жылдың маусым айында пайдалануға берілді.

Газ экспорты

2019 жылы Түркіменстан 31,6 миллиард текше метр мұнай экспорттады., бұл 2018 жылмен салыстырғанда 10,2%-ға төмен. Газдың барлық көлемі Қытайға экспортталды. Ресейге және ТМД елдеріне газды жеткізу Қазақстан мен Өзбекстан арқылы транзиттік жолмен МАК-1, МАК-2, САК-3 (тек Қазақстан арқылы өтетін транзит) және МАК-4 газ құбырлары арқылы жүзеге асырылады. Орталық Азия – Орталық жүйесінің жалпы ұзындығы 4088 км, өткізу қабілеті 62,4 млрд текше метр.. МАК газ құбырларының шикізат базасы Түркіменстанның батысындағы Окарем және елдің оңтүстігіндегі Довлетабад кен орны болып табылады. 2016 жылдың қаңтарынан бастап Газпром

The article discusses the physical geographical characteristics, economic importance, and ecological problems of the Araz River basin, one of the most important water sources in the South Caucasus region and belonging to the Caspian Sea basin. It is emphasized that the physical geographical characteristics of the area play a key role in the formation of the water balance and hydrological regime of the river. In recent years, there has been a significant decrease in the amount of water in the river due to its use for economic purposes, making the regulation of water in the river a very complex issue.

The water of the Araz River is utilized by four states. At the same time, this river is polluted by the same states in the region. Numerous residential and industrial facilities in Armenia play a significant role in the pollution of the river. The ecological imbalance of the water poses a number of problems for neighboring states, especially for

Azerbaijan. Polluted water spreads throughout the entire Caspian Sea basin through polluted water flows in a short period of time. For this reason, joint monitoring should be conducted by regional states and representatives of Caspian basin states, and appropriate measures should be taken based on the analysis of the results.

The regulation of all the issues mentioned above is a problem for all states in the region and requires a joint solution.

Keywords: transit river, hydrological, ecological problems, water reservoir, economic importance

ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ И ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ РЕКИ АРАЗ

АННОТАЦИЯ

Статья говорит о физических географических особенностях бассейна реки Араз, одного из важнейших водных источников Южного Кавказа и бассейна Каспийского моря, экономической значимости и экологических проблемах. Отмечается, что физические географические особенности региона играют ключевую роль в формировании водного баланса и гидрологического режима реки. В последние годы количество воды в реке значительно уменьшилось из-за использования ее в экономических целях, что делает регулирование воды в реке очень сложной проблемой.

Воду реки Араз используют четыре государства. В то же время, эта река загрязняется теми же государствами в регионе. В Армении множество жилых и промышленных объектов играют особую роль в загрязнении реки. Нарушение экологического баланса воды создает ряд проблем для соседних государств, особенно для Азербайджана. Загрязненные водные потоки быстро распространяются по всему акваториальному бассейну Каспийского моря. Для этого государства региона, а также представители государств бассейна Каспийского моря, должны проводить совместные мониторинги, после анализа результатов принимать соответствующие меры.

Регулирование всех вышеупомянутых проблем является проблемой для всех государств региона и требует совместного решения.

Ключевые слова: транзитная река, гидрология, экологические проблемы, водохранилище, экономическое значение

GİRİŞ

Havza alanı 101.900 km² olan Araz Nehri, Güney Kafkasya'nın ikinci büyük nehri olup uzunluğu 1.072 km'dir. Transit nehir olan nehrin Azerbaycan topraklarından geçen kısmı 580 km'dir. Araz Nehri, Nahçıvan MR topraklarında Türkiye Cumhuriyeti sınırı boyunca 17 km, İran İslam Cumhuriyeti sınırı boyunca ise 163 km akmaktadır.

Araz Nehri, kaynağını Kuzey Anadolu Platosu'nun Bingöl Dağı'ndan (2990m) alır ve Sabirabad yakınlarında deniz seviyesinin 11 m altında Kur'a katılır. Geçmişte Araz

Nehri doğrudan Hazar Denizi'ne akıyordu. Ancak kıyı deformasyonu sonucu nehir Kura Nehri ile birleşti. Araz Nehri, üst kısımlarında geniş bir tektonik eğim bölgesi boyunca doğuya akar. Buradaki nehrin genişliği 25-50 m'dir ve Horasan (Türkiye) şehri yakınlarında 100 m'yi aşmaktadır. Horasan'ın kuzeyinde derin bir kanyon benzeri boğazdan geçen Araz Nehri, Ermenistan sınırına ulaştığında Orta Aras çöküntüsüne girer. Burada, Türkiye'nin Sürmeli çöküntüsünde nehir yatağını yalnızca birkaç metre derinleştirmiştir.

Nahçıvançay ağzından kuzeydeki Nehram vadisine kadar Araz nehri 150 km'den fazla bir mesafe boyunca düz bir nehir olarak nitelendirilebilir. 1971 yılında Nehram kanyonuna girmeden önce nehir kapatılarak "Araz su kavşağı" rezervuarı oluşturuldu. Burada oluşturulan rezervuarın hacmi 1350 bin km³'tür.

Toplam beslenmesinin %46'sını oluşturan Türkiye'deki Bingöl dağlarında yüzeye çıkan çok sayıda kaynakla beslenir. Su seviyesi mayıs ayında maksimuma, ağustos ayında minimuma ulaşır. Batı Azerbaycan'dan Nahçıvan'da Batı Arpaçay, Sevçur, Zengiçay (Razdan), Vediçay, Doğu Arpaçay, Ordubadçay, Nahçıvançay, Gilançay ve Alınçay; Karabağ volkanik platosundaki Hekari, Okçuçay ve Barghushad Araza'ya akan başlıca nehirlerdir. İran topraklarından Zangemar, Goturchay, Karasu nehirleridir.

Araz Nehri'nin aktığı alanlar, özellikle Azerbaycan Cumhuriyeti'nde su kaynağının az olduğu bölgelerdir. Bu durum bölgenin doğal iklim koşulları ve orografik yapısıyla ilgilidir. Su talebini karşılamak için oluşturulan bir takım rezervuarlar ve sulama sistemleri, doğal peyzajların antropojenik dönüşümünü hızlandıran bir takım sorunlar yaratmaktadır. Aynı zamanda nehir üzerinde oluşan su kütleleri de ciddi çevre sorunlarına yol açmıştır. Nahçıvanın Azerbaycan'da en çok taşkın yaşanan bölge olduğundan bölgedeki nehirlerin taşıdığı malzeme miktarı da yüksektir. Bu nedenle bu nehirler her yıl Araza'ya büyük miktarda malzeme taşımaktadır.



Araz nehrinin orta yolu

Aynı zamanda sınıraşan devletler Araz'ın suyunu kullanıyor, bu nehir de o devletler tarafından kirletiliyor. Araz bölge için önemli bir ekonomik öneme sahiptir. Yalnızca "Araz suyu kavşağı" rezervuar bölgesinde İran İslam Cumhuriyeti ve Azerbaycan Cumhuriyeti'nin 400.000 hektara kadar tarım arazisi sulanmaktadır.

YÖNTEM

Makale yerli ve yabancı bilim adamlarının araştırmalarına, Ekoloji ve Tabii Kaynaklar Bakanlığı'nın yıllık raporlarına, çeşitli harita ve uzay görüntülerinin analizine dayanmaktadır. Makalede karşılaştırma, gözlem ve karşılaştırmalı analiz yöntemleri kullanılmıştır.

ANALİZ VE TARTIŞMA

Araz Nehri ve kollarının oluşumunda iklimin istisnai rolü ve Sh.V.Mosidze, A.A.Madatzade, P.S.Mirzayev, S.Erinç, M.Golashan ve diğerlerinin yanı sıra çok sayıda araştırmacının çalışmaları yıllık sinoptik veriler, nehirlerin oluşumunda iklimin temel faktör olduğunu göstermektedir. İklim faktörlerinin birbirine bağımlılığı havzadaki hidrolojik koşulların oluşumunu etkilemektedir. Havzanın radyasyon rejimi esas olarak orografiye ve bulutluluğa bağlıdır. Radyasyon dengesi yılın mevsim ve dönemlerine bağlı olarak Arazboyu ovasında 44-45 kcal/cm², orta yaylalarda 35-40, yaylalarda ise 20 kcal/cm² maksimum değerdedir. . Bunun yüzde 50'si yaz aylarında düşüyor. Ova kesiminde yıllık ortalama güneşli saat sayısı maksimumdur (2600 saat) [1, 44-45 s.].

Araz Nehri'nin hidrolojik rejimini etkileyen birçok faktör vardır; bunların en önemlileri iklim faktörleri ve orografik faktörlerdir. Yılın farklı zamanlarında orografik koşullara bağlı olarak sekiz tip hava kütlesi bölgede oluşan atmosferik dolaşımı etkilemektedir. Arktik hava kütlesi, Büyük Kafkasya'nın batı ve doğu kanatlarından havzaya giriyor ve ciddi şekilde dönüşüyor. Araz havzasında hava hızla soğur, bulutluluk artar ve yağış meydana gelir. Güney ve güneybatıdan giren tropik hava kütleleri sırasıyla Erzurum, Kars, Gümrü, Nahçıvan ve Culfa havzasında, mutlak maksimumlar ise Türkiye, İran, Azerbaycan ve Ermenistan topraklarında görülmektedir [2, 6 s.].

Havzanın Anadolu bölgesindeki konumu, İran platosu ve Küçük Kafkas dağ sistemleri, üç büyük orografik birim, karmaşık rölyef koşulları ve coğrafi konumu, günlük, aylık ve yıllık sıcaklık koşullarının oluşmasına yol açmaktadır. Havzadaki mevsimler keskin farklılıklar gösterir. 1500 m'den yüksek bölgelerde kış dönemi keskin soğuma nedeniyle karasal soğuk hava ile karakterize edilir. 1000-2000m yükseklikte sıcaklık değişimi meydana gelir. Antisiklon rejiminde Kars-Gumru çöküntüsünde don olayları bazen -40°C'nin altına düşebilmektedir. Gümrü çöküntüsünde yer alan Şurabad'da zaman zaman -42°C, Ağrı'da -46°C, Nahçıvan'da ise -42°C kaydediliyor. Yılın soğuk dönemlerinde Göyçe gölü ve Araz baraj gölü civarında mezoiklim meydana gelir ve bölgenin iklimi giderek -42°C'ye kadar çıkar. Temmuz ayında hava sıcaklığı Alagöz'de +18°C, Culfa'da +43°C, İğdır'da +39°C'dir.

Havza büyük ve karmaşık orografik birimlerde yer aldığından yağışlar dengesiz dağılmıştır. En az yağış Aralık'tan (Türkiye) doğuya doğru 850-900 m yükseklikte

Arazboyu duanesinde görülür. En fazla yağış, nehir ağının daha yoğun olduğu 2000-2600 m rakımlarda görülür. Arazboy ve Sürmeli havzasında akarsu ağı bulunmamaktadır. Nehirlerin beslenmesinde kar örtüsü ve yeraltı suları önemli rol oynamaktadır. Alagöz'de +18°C, Culfa'da +43°C, Iğdır'da +39°C'dir.

Hava ve toprak nem koşulları çok farklıdır. Arazboi'de %10'un altında olup, Kars-Erzurum platosunda bile çok daha düşüktür.

Araz Nehri'nin üst havzası dağ kserofit bitkilerinden oluşmaktadır. Ön Asya Tipi'ne ait olan bu bitkiler 2000m, bazen de 2500m'ye kadar olan bölgelere dağılmıştır.

Araz Nehri üzerinde Bahramtepe, Mil-Mugan, Araz su kavşağı ve Hudafarin gibi hidrolojik tesisler inşa edildi. Kura-Araz ovasını sulamak için Aras nehrinden Baş Muğan, Baş Mil ve Azizbayov gibi kanallar inşa edildi. İran topraklarında aynı miktarda suyu salabilecek hidroteknik tesisler kuruldu.

Transit nehirlere ilişkin uluslararası anlaşmalar uyarınca Araz Nehri üzerinde çok sayıda ortak hidroteknik tesis oluşturulmuştur. Bunlardan "Araz su kavşağı" rezervuarı İran İslam Cumhuriyeti ile birlikte 1971 yılında işletmeye alınmıştır. Araz rezervuarının toplam su kapasitesi 1350 milyon m³, faydalı hacmi ise 1150 milyon m³'tür. Kuzey ve Güney Azerbaycan'ın 400.000 hektar sulanan arazisine su sağlandı. Araz Su Santrali toplam 44 MW kapasiteye sahiptir. İran İslam Cumhuriyeti topraklarında 2, Azerbaycan Cumhuriyeti topraklarında 2 olmak üzere 4 türbin kuruldu. Bu rezervuarın oluşturulmasındaki ana amaçlardan biri Araz nehri rezervuarının alt kısımlarında bulunan nehirdeki suyun düzenlenmesiydi.

2000'li yıllarda yeni İran İslam Cumhuriyeti ile yapılan anlaşma kapsamında Hudafarin köprüsü bölgesinde yeni bir rezervuar devreye alındı. Bu barajın yapılmasındaki asıl amaç Araz Nehri'nin akışını düzenlemek ve her iki vadinin ovalık kısımlarındaki tarım alanlarını genişletmektir. Hudafer rezervuarının faaliyete geçmesinin ardından Araz rezervuarı, aşağı kesimlerdeki nehrin akışını düzenleme görevini üstlenerek yoğun yağışlarda sel sularının toplanmasını mümkün kıldı. Rezervuarın en olumlu özelliklerinden biri de radyoaktif atıkları toplayarak Azerbaycan Cumhuriyeti'nin Arazboyu bölgesini radyoaktif maddelerin etkilerinden korumasıdır [3, 200 s.].

1959 yılında işletmeye açılan Bahramtepe su kavşağının amacı, Mugan-Mil ovasında 157 bin hektar arazinin sulanması için gerekli olan dereden suyun alınmasıdır. Hidrobağlantı 2500 m³/sn sel suyunu serbest bırakacak şekilde tasarlanmıştır. Nehirden su alma yoluyla alınan su Baş-Mugan (65m³/sn), Azizbeyov (63 m³/sn) ve Rasul kemeri (16m³/sn) kanallarına verilmektedir.

Mil-Mugan hidrokavşağının inşa edilme amacı, Aras Nehri'nin düzenlenmiş akışından Azerbaycan ve İran İslam Cumhuriyetleri topraklarında 200.000 hektarlık sulanan araziye su sağlamaktır. Bütün bunlar Araz Nehri'nin bölgenin ekonomik kalkınmasında önemli bir rol oynadığını gösteriyor.

Ayrıca 1977 yılında işletmeye alınan Arpaçay Rezervuarı, Nahçıvan MR topraklarında onun ana sol kollarından biri olan Arpaçay üzerine inşa edilmiş olup, Şerur, Kangarlı ve Sadarak bölgelerinde 20.000 hektardan fazla tarım arazisinin sulanmasında kullanılmaktadır. sağ ve sol sahil kanalları aracılığıyla su dağıtım tesisleri.

2014 yılında Arpaçay'ın hidroelektrik rezervi değerlendirilerek Arpaçay-1 (20,5 MW) ve Arpaçay-2 (1,4 MW) HES-I devreye alındı. 150 milyon metreküp kapasiteli Arpaçay Rezervuarı, özerk cumhuriyetimizin doğasına ve ekolojisine olumlu etki yapmanın yanı sıra, tarımın gelişmesine ve ekonomimizin gelişmesine de katkıda bulunuyor. Ayrıca Araz kolları üzerinde Babek, Şahbuz ve Culfa bölgelerinde onbinlerce hektar tarım arazisinin sulanması ve sulanan alanların su temininin iyileştirilmesi amacıyla ekonomik açıdan önemli birçok rezervuar inşa edilmiş ve kullanıma açılmıştır.

Bütün bunlara rağmen Araz'da ev suyunun düzenlenmesi oldukça karmaşık bir konudur. Öncelikle şunu belirtelim ki, Araz Nehri sınıraşan bir nehir olduğundan, bir takım sorunların çözümü sadece Azerbaycan Cumhuriyeti'nin değil, nehir havzasında yer alan tüm bölge ülkelerinin sorunudur. Bu sorunların uluslararası düzeyde kabul edilen anlaşmalar ve sözleşmeler çerçevesinde çözülmesi gerekmektedir. Örneğin 1981 yılında Ermenistan Cumhuriyeti topraklarında hacim 24 milyonda. m³'lük geçiş rezervuarı devreye alındı. İnşaatıyla eş zamanlı olarak 280 milyon. m³ su (nehirin yıllık akışının %40'ı) göle deşarj edilmektedir. Bunun sonucunda Şarur Ovası sulama sistemlerinin ana su kaynağı olan Arpaçay rezervuarının suyla doldurulması mümkün değildir.

Ayrıca Barghushad (Vorotan) nehri üzerine inşa edilmiş olup 3,4 milyon hacme sahiptir. m³, Goyce'ye Angekhakot rezervuarından aynı tünelden su sağlanmaktadır. Ermenistan uluslararası anlaşmaları ihlal ederek Arpaçay ve Bargushad nehirlerinin büyük bir kısmını Goycha Gölü'ne boşaltıyor. Hedef Razdan kaskadında faaliyet göstererek toplam 550 bin kW kapasiteye sahip olmak. hidroelektrik santrallerine ve 10 bin hektar sulanan araziye su sağlamak.

Şu anda Araz Nehri'nin ekolojik durumu, kirlilik bir takım ciddi ekolojik sonuçlar yaratmaktadır. Araz Nehri, İran ve Türkiye Cumhuriyetleri topraklarında dağlık bir alandan geçmesi nedeniyle fazla kirliliğe maruz kalmamaktadır. Ancak Ermenistan, bölge ülkelerine hem içme suyu hem de sulama kaynağı görevi gören Araz Nehri'ne karşı yıllardır ciddi çevre sorunları yaratıyor. Komşularımızın topraklarından geçen bazı nehirler bizim topraklarımızdan geçerek Hazar Denizi'ne dökülüyor. Ne yazık ki, bu komplikasyonlar cumhuriyetimizin topraklarında daha belirgindir.

Kura ile kıyaslandığında Araz Nehri'ndeki gergin ekolojik durum daha tehlikeli. Araz Nehri, Gümrü'den başlayıp Nahçıvan MR ile sınır bölgesine kadar uzanan güzergahı boyunca Ermenistan'ın 10'dan fazla sanayi şehriden evsel ve endüstriyel kanalizasyon almaktadır. Aynı zamanda Ermenistan topraklarından Araza'ya katılan Gederçay, Vorotan, Akhuryan nehirleri zehirli maddeler açısından son derece zengindir. Sularında neredeyse hiç oksijen yok, asitlik göstergesi pH 2,4'e düşüyor, mikroflora 180-200 kat azalıyor, nehir kıyılarındaki bitki örtüsü de yok oluyor. Endüstriyel kökenli kanalizasyon sularının artırılmadan doğrudan nehre atılması nedeniyle Ermenistan ile Nahçıvan arasında MR (Sadarak ve Sürenavan köyü), fenoller, ağır metal tuzları (bakır, mlibden vb.), nitrojen-fosfor Araz suyunda petrol kökenli tuzlar, klorürler, hidrokarbonlar normalden yüksektir.

Araz Nehri'nin sol kolu Zengi (Razdan), su kirliliği açısından Ermenistan'da ilk sırada yer alıyor. Razdan, Gurensavan, Abovyan, Erivan şehirlerinin sanayi işletmelerinin atık suları ve nehir kıyısındaki diğer yerleşim yerlerinin evsel atıkları bu nehre atılıyor.

1980'li yıllarda Razdan'a deşarj edilen yıllık ortalama kanalizasyon miktarı 210 milyon m³ idi [4, 146 s.]. Yaz aylarında Araz'da su seviyesi düştüğünde Razdan'ın atık su tüketimi azalmıyor. Bunun sonucunda 'Araz su kavşağı' rezervuarında çok tehlikeli bir durum ortaya çıkıyor. Sıcak havalarda suyun antropojenik ötrofikasyonu meydana gelir, bu da suyun bozulmasına neden olur ve canlı dünyasının kitlesel yok olmasına yol açar. Metsamor, nükleer santralden salınan radyoaktif maddelerle doğrudan veya dolaylı olarak kirleniyor. Bu nedenle N.S. Bababeyli yaptığı araştırmada su deposundaki kirlilik derecesine göre beş ekolojik bölgeyi ayırmıştır [5, 246 s.]. Araz Göleti ova bölgesinde yer aldığından filtre görevi görmektedir.



Geçiş dönemi veya nispeten kirli bölge (havadan görüntü)

Bölgeyi en çok kirleten nehirlerden biri Okçuçay'dır. Mehri, Gajaran, Gafan ve Daştekert madenlerinden (metal rafinasyonu) kaynaklanan yüzbinlerce ton katı ekşi su, ağır metal tuzları ve diğer atıklar Okçuçay'ı aşırı derecede kirletmektedir. Farklı zamanlarda sudaki bakır miktarı BHK'den 25-50 kat daha yüksekti ve fenol miktarı düzenli olarak normdan 6-15 kat daha yüksekti. Okçuçay'da sürekli olarak alüminyum, çinko, manganez, titanyum ve bizmut kirletici elementler bulunmaktadır.

Ermenistan nükleer santralının türbinlerinin soğutma sistemi doğrudan Araz Nehri'ne bağlıdır. Araz'a günde 12.000-16.000 m³ atık su deşarj edilmektedir ve bunun Araz ve kolları için gelecekte felakete yol açması kuvvetle muhtemeldir.

SONUÇ

Bölgenin sınır aşan nehri olan Araz Nehri, çevre devletlerin tarım sisteminin oluşumunda önemli rol oynamaktadır. Nehir boyunca hem sağ yakada hem de sol yakada tarımsal altyapının gelişmesinde büyük etkisi vardır. Kıyı kesiminde hem tarımın hem de sanayinin gelişmesi Araz nehri sistemiyle ilişkilidir. Araz Nehri'nin

bir geçiş nehri olduğunu ve bölgesel kullanımının uluslararası anlaşmalar çerçevesinde yapılması gerektiğini dikkate alırsak, hem bölge devletlerinin hem de uluslararası kuruluşların bu nehrin ekolojik durumunu izlemesi gerekmektedir. Periyodik çevre izlemeleri yapılmalı ve kontrol güçlendirilmelidir. Bütün bunlar nehirdeki suyun hacmindeki ve kalitesindeki değişimin kontrol edilmesi gerektiğini gösteriyor. Nehrin temel sorunları, suyunun uluslararası normlara aykırı olarak yasa dışı kullanımınıdır.

Araz Nehri'nin temel çevre sorunları, Medsamor nükleer santralının nehre boşaltılan radyoaktif atıklarının yanı sıra, başta Ermenistan Cumhuriyeti topraklarında olmak üzere bölgedeki 26'ya kadar madencilik endüstrisi ve cevher arıtma tesisinin atıklarıdır. Ayrıca çevrede bulunan yerleşim yerlerinin kanalizasyon suları da arıtma tesislerinde temizlenip nötralize edilmeden nehre deşarj edilmektedir. Nehirde ortaya çıkan çevre sorunları Kura Nehri ve Hazar Denizi'ni doğrudan ve dolaylı olarak etkilemektedir. Dolayısıyla burada ortaya çıkan ekolojik sorunun sadece bölge devletlerinin değil, Hazar'a kıyısı olan devletlerin de sorunu olması gerekir. Bu çevre sorununun bölge devletleri tarafından ortaklaşa çözülmesi ve uluslararası kuruluşların gündemine getirilmesi gerekmektedir.

KAYNAKLAR

1. S. Babayev. Nahçıvan Özerk Cumhuriyeti Coğrafyası. Bakü, Elm-1999, 226 sayfa.
2. N. Bababeyli. Coğrafya bilimleri adayı için sunulan tezin "Araz nehri sisteminin üst kısmının ekolojik koşulları" özeti. Bakü-2004, 30 sayfa.
3. N. Bababeyli, İ. Fateh. Araz nehri sisteminin üst kısmının ekocoğrafik koşulları. Nahçıvan-2009, 212.
4. G. Memmedov, M. Halilov. Ekoloji ve çevre. Bakü-Elm-2004, 503 s.
5. Nahçıvan Özerk Cumhuriyeti'nin fiziki coğrafyası. Cilt I, Nahçıvan-2017, 453 sayfa.

ҚАЗАҚСТАНДА ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР (ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)

Исабаева С.

Докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

<https://orcid.org/0000-0003-3141-4380>

Есназарова Ұ.Ә

п.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

<https://orcid.org/0000-0003-1548-5568>

АНДАТПА

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі таңда өткір тұрған мәселелері қарастырылып, кемшіліктеріне шолу жасалды. Жетісу облысы мысалында мектептерде қызмет ететін география пәні мұғалімдерінің инновациялық педагогикалық қызметін қалыптастырудағы іс-әрекеттері мен мәселелері қаралды. Білім беру мекемелерінің жабдықталу динамикасы зерттеліп, ұлттық жобада қарастырылған алдағы уақытта білім сапасын арттыру жоспарлары қарастырылып, жеке тұжырым жасалды. Сондай-ақ, географияны оқытуда кітаптардың мәселесі қозғалып, география пәнін құнсыздандандыру – білім беру стратегиясының іргетасына соққы болатыны айтылды.

Кілтті сөздер: Инновация, педагогикалық қызмет, білім беру стратегиясы, АКТ құралдары, интернет, кітап мазмұны.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда білім беруді жаңғырту жағдайында мұғалімдердің инновациялық педагогикалық қызметін қалыптастыру сапалы білім беру үрдісінде тікелей тасымалдаушы ретіндегі рөлі артып келеді. Оқыту технологияларының алуан түрлілігі: дидактикалық, компьютерлік, проблемалық оқыту, модульдік және басқа түрлері енгізілген күнде де – оқытудың жетекші функцияларын жүзеге асыру тікелей мұғалімге байланысты болады. Ал, заманауи технологияларды пайдалана отыра білім беру – мұғалімдерден арнайы педагогикалық дайындықты талап етеді, себебі мұғалімнің кәсіби қызметінде тек арнайы немесе пәндік білім ғана емес, сонымен қатар педагогика мен психология, оқыту және тәрбиелеу технологиялары саласындағы заманауи технологияларды қолдана білім беруі де маңызды тұс болып табылып отыр. Педагогикалық инновацияларды қабылдау және іске асыруға дайындық осы негізде қалыптасады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) дамыту және кеңінен қолдану – мемлекеттің бүгінгі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің жүйе құраушы

факторларының маңызды бөлігі болып отыр. Заманауи технология процестерді анықтай отырып, кез-келген мемлекет қызметінің саяси, экономикалық, әлеуметтік аспектілеріне, экономика мен қоғамдық қатынастардың жаһандануына зор ықпалын тигізуде. Әлемдік тәжірибеде білім беруде ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды, оқу бағдарламаларына оң әсерін беретін қолданыстағы бағдарламалар мен жобаларды толыққанды пайдалану – білімді шәкірттердің қалыптасуына тікелей ықпал ететін фактор болып отырғаны қоғамға мәлім.

"Инновация" түсінігі тұңғыш XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеулерінде байқалып, бір мәдениеттің кейбір элементтерін екіншісі мәдениеттің басқа саласына енгізуді білдірді. XX ғасырдың басында білімнің жаңа саласы – инновациялар туралы ғылым қалыптасып, оның аясында материалдық өндіріс саласындағы техникалық инновациялардың заңдылықтары зерттеле бастады. Педагогикадағы инновациялық процестер батыста 50-ші жылдардың аяғынан бастап ғалымдардың арнайы зерттеу бағытына айналды. Сонымен, саралап қарасақ, инновациялық мәселелерді талдау Роджерс Э., Барер М., Браун в., Павитт к., Уокер В. және т. б. сияқты шетелдік авторлардың зерттеулерінде маңызды орын алғанын аңғаруға болады. Келесі елдерде инновациялық процестер XX ғасырдың 60-80 жылдарында кеңінен тарала бастады. Суретшілер мен музыканттар (Б.М. Неменский, д. Б. Кабалевский), философтар (В. С. Библер, г. С. Батищев), әдебиетшілер мен математиктер (Е. Н. Ильин, п. м. Ердниев және т. б.) әзірлеген бағдарламалар жаңа идеялардың ену арнасы болды, мәдениет пен әлеуметтік шындықтың талаптары оқу және тәрбие бағдарламаларының мазмұнын қазіргі заманның ауқымымен салыстыра отырып қайта қарастыруға мәжбүр еткен. Осыған байланысты зерттеулер барысында "инновация", "инноватика", "инновациялық процесс", "Инновациялық қызмет" және т. б. сияқты ұғымдарды түсіну қажеттілігі анықталады.

Инновация – бұл инновацияны апробациялау үрдісі, содан кейін инновацияның өзін де, оны енгізу тәсілдерін де нақтылау. Көптеген мамандар "инновациялық процесс" ұғымын жеке санатқа бөлгеніне қарамастан, оның анықтамаларының көпшілігі "инновациялық қызмет" ұғымының мазмұнына теңестіреді. Атап айтқанда, В.М. Степанов, О. А. Лапина, а. п. Макаровская инновациялық процесс деп инновацияларды құру, игеру, пайдалану және тарату жөніндегі кешенді қызмет деп түсіндіреді. [1].

Біздің еліміздегі мектеп тәжірибесінің қазіргі жағдайы инновациялық технологияларды белсенді енгізумен тікелей байланысты. Бұл қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік салалардағы ілгерілеуін қамтамасыз ете алатын өзгерістерге деген қажеттілігінің артуына байланысты. Мектептегі білім беру процесінің барлық қабаттарына енетін инновациялар өскелең ұрпақтың физикалық, шығармашылық, интеллектуалдық және әлеуметтік мүмкіндіктерін дамудың жоғары деңгейіне көтеруге бағытталған. Білім беруді жаңғырту бағдарламасы заманауи мектептік оқытуды дамытудың магистральдық жолы педагогикалық практикадағы инновациялық өзгерістер жолы болады деп пайымдайды. Оның оқушыларының жетістіктері, мектептегі

жаңалықтардың сәттілігі мұғалімнің жеке және кәсіби дағдыларының деңгейіне байланысты. Тиісінше, жеке және кәсіби тұрғыдан мұғалімнің жұмысына жоғары талаптар қойылады.

Орта білім беру мекемелерінде география мұғалімдерінің инновациялық педагогикалық қызметін қалыптастыру бірнеше себептерге байланысты маңызды. Біріншіден, бұл мұғалімдерге тез өзгеретін әлемге бейімделуге және тиімді білім алуға ықпал ететін жаңа оқыту әдістерін енгізуге көмектеседі. Екіншіден, бұл оқушылардың мотивациясын арттыруға және оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Сонымен, география мұғалімдерінің инновациялық қызметін дамыту жалпы білім беру жүйесінің дамуына және оқушыларды заманауи сын-қатерлер мен мүмкіндіктерге дайындауға ықпал етеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Білім беру сапасын арттырудың қазіргі жағдайындағы педагогикалық қызметтің инновациялық бағытын қалыптастырудың қажеттілігі бірқатар жағдайлармен анықталады: біріншіден, болып жатқан қарқынды құбылмалы өзгерістер білім беру жүйесін, педагогикалық үрдістің әдіснамасы мен технологиясын түбегейлі жаңартуды қажет етті, ал мұғалімдердің инновациялық қызметінің өзі білім беру саясатын жаңарту құралы болып табылды; екіншіден, білім беруді ізгілендіруді күшейту, оқу пәндерінің көлемінің, құрамының үздіксіз өзгеруі, жаңа оқу пәндерін енгізу жаңа ұйымдастырушылық формаларды, оқыту технологияларын үнемі іздеуді талап етеді, ал білім беру ортасындағы педагогика ғылымының рөлі мен беделі едәуір артады; үшіншіден, педагогтардың педагогикалық инновацияларды қолдану фактісіне қатынасы өзгереді; қазір бұл барған сайын селективті зерттеу сипатына ие болуда. Сондықтан білім беру жүйесіндегі маңызды бағыт мұғалімдер енгізген инновацияларды талдау және бағалау, оларды сәтті әзірлеу және қолдану үшін барлық жағдайды мүмкіндігінше ұйымдастыру, және ондағы мәселелерді оңтайлы шешу болып табылады.

Формализмді, авторитарлықты жеңуге тырысу, оқушының жеке басына бет бұру, оның шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай іздеуге тікелей оқытудың инновациялық тәсілі жетелемек. Инновациялық оқыту оқушылардың эмоционалдық саласын жандандыруға негізделген, барлық оқушыларды табыстың әрбір деңгейі үшін ең жоғары деңгейде таным процесіне қосуға және оқу қызметін шығармашылық деңгейге ауыстыруға мүмкіндік береді. Инновациялық оқыту оқушының педагогикалық іс-әрекеті мен танымдық іс-әрекетінің сипатын өзгертеді, өйткені оқу процесінің мақсаттары өзгеріп, білім алушы оқу іс-әрекетінің белсенді субъектісіне айналады. Инновациялық оқыту – бұл барлық жаңа, прогрессивті, білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін құндылықты біріктіретін оқыту. Бұл оқытудың жаңа деңгейі, тұлғаға бағытталған оқытудың өзіндік сатысы, онда жаңа әдістер, әдістер мен технологиялар қолданылатын дәстүрлі емес сабақтар өздерінің ең жақсы көрінісін тауып қана қоймайды. Инновациялық оқыту – бұл оқыту әдістемесін жақсы білетін, оқу процесіне ең жақсысын енгізе алатын, оқу процесіне

шығармашылықпен қарайтын және өзін-өзі белсенді түрде тәрбиелейтін мұғалімнің кәсіби шеберлігінің жаңа деңгейі [2].

Инновациялық оқыту жағдайында мұғалім: жаңа мазмұн, оқытудың жаңа әдістемесін енгізу, әзірленген тұжырымдама негізінде эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу және т.б. жаңашылдықтарды жүзеге асырады, сол себепті де орта білім беру мекемелерінде кабинеттердің материалдық жабдықталуы, компьютерлік класстардың оқушылар санына сәйкес жеткілікті болуы және ғаламтор желісіне қосылу көздері толыққанды қамтасыз етілуі басты талап болып анықталады.

Алайда, ҚР Білім беру саласында бірқатар шешілмеген мәселелер қалып отыр. Ең өткір тұрғаны – оқушы орындарының жетіспеушілігі. Ұлттық Статистика Бюросы, Қазақстан Республикасы Стратегиялық Жоспарлау және Реформалар Агенттігінің статистикасына сәйкес еліміздегі жалпы орта білім беру мекемелерінің саны алдыңғы он жылдыққа қарағанда ауысқанын және білім алушылардың саны жыл өте артып келе жатқанын көр аламыз [3].



Сурет-1 2000-2023 жылдар аралығындағы еліміздегі жалпы орта білім беру мекемелерінің көрсеткіші

Қазір мектептердің басым бөлігі оқушыларды екі ауысымда оқытады, мұндай мектептердің саны жылдан жылға артып келеді. Мәселен, 2021/2022 оқу жылында елде осындай 5,2 мың мектеп, 2020/2021 оқу жылында – 5,1 мың, ал бес жыл бұрын, 2017/2018 оқу жылында – 4,9 мың екі ауысымды мектеп жұмыс істеді. (сурет-1)



Сурет-1 2017-2022 жылдар аралығындағы 2 ауысымды мектептер динамикасы

Ұлттық баяндама жағдайы мен дамуы туралы білім беру жүйелері Қазақстан Республикасының 2019 жылдың қорытындысы бойынша Алматы облысы (Жетісу облысы, Алматы облысы болып бөлінгенге дейінгі*) бойынша мектептерді мектептерді жаңа модификация (химия, биология, физика, лингафон мультимедиялық кабинеттер) қоса алғанда оқу кабинеттерімен қамтамасыз ету динамикасы 2016 жылы – 74,9%, 2017 жылы – 74,3%, 2018 жылы – 74,2%, 2018 жылы 74% көрсеткішін беріп отыр. 2019 жылы сатып алынған компьютерлер саны Алматы облысы бойынша* 4144 (10,8%)-ды құрап отыр [5].

Алайда, Жетісу облысы, Алматы облысы болып бөлінгеннен кейін Жетісу облысының экономикалық жағдайы, соның ішінде онсыз да ақсап тұрған білім саласы абдырап қала бермек.

Жетісуда білім сапасы неге төмен? Деген сұраққа жауап іздеп келе келесідей ақпараттарды анықтадық:

Сала мамандары білікті кадрдың аздығын алға тартса, қарапайым халық ұстаздардың деңгейіне күмәнмен қарап отыр. Жә, жаңа өңір, жұмыс оңалады дейміз-ау, әйткенмен жемқорлықтың ордасына айналған саланың ел ішінде қадірі кетіп бара жатқаны халыққа мәлім. Мәселен, облыстағы мектептердің дені заман талабына сай емес. Тіпті интернетсіз отырған ауылдар да бар.

Сала мамандары «өңірдегі білім беру мекемелерінің 82,9 пайызы ауылда орналасқандықтан білім деңгейі төмен болып отыр» деген уәж айтады. Жалпы, өңірде 339 білім беру мекемесі бар. Оның 281-і елді мекендерде орналасқан, тіпті арасында 150 шағын жинақты мектеп те бар. Облыс бойынша білім сапасы 64,6 пайызды құрайды. Ал қала мектептеріндегі білім көрсеткіші – 65,2, ауылда – 63,7 пайыз, айырмашылық бар болғаны 1,5 пайыз. Оның үстіне қалада бар-жоғы 58 білім шаңырағы бар.

Соның ішінде ауыз-екі сауалнаманы әңгіме форматында жүргізе келе Жетісу облысы өңірінде 70%-ы сәйкесті түрде оқу кабинеттерімен, компьютерлік класстармен және интернет желісіне қолжетімді дәрежемен қамтылмағанын білдік. [6].

Білім беру сапасының көрсеткішінің құрамдас бөлігі географияны оқытудағы білім сапасы құрайтыны түсінікті жәйт. Мектептерде географияны оқытуда өткір тұрған келесі 3 мәселе бар:

1. Мектептердің толыққанды қажетті материалдармен, оқу кабинеттерімен, компьютерлік класстармен, интернетпен жабдықталмауы;

2. Кітаптардың мазмұны, оның ішінде:

- Оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілмей, күрделі тілде жазылуы;
- Ауқымды тақырыпқа 45-90 мин бөлінуі;
- Параграфтардың үлкендігі.

3. Оқушылардың пәнге қызығушылығының төмендігі.

География пәні мұғалімі ретінде айтарым, әкімшілік талапқа сай география пәні мұғалімдерін мерзімді түрде біліктілікті арттыру курстарына жіберіп отырады. Алайда, курста алатын теориялық және курс барысында қолданылатын практикалық тәсілдердің тиімділігі мен тәжірибенің маңыздылығын география пәні мұғалімдері ғана түсініп отыр.

Географияны тиімді оқытуды көздеп сабақ өткізуге келгенде, мұғалімдер ең алдымен АКТ құралдарының тапшылығына тап болады. Кабинеттерде маңызды құрал интербелсенді тақтаның болмауы. Жарайды, интербелсенді тақтасыз да қызықты өткіземіз деп, түрлі-түсті форматта үлестірмелі материалдарды дайындап, тиімді әдістермен сабақ өткізуге кіріскенде кітап мазмұны бойынша құрылған күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес сабақ тақырыптарын түсіндіруде тағы бірқатар мәселелер туындайды: кітап ауыр тілде жазылған – ол бір, екіншіден, ауқымды тақырыпты сыныптағы әртүрлі деңгейдегі қабілеттері бар оқушыларға қамтып бөлінген 1-2 сағат ішінде түсіндіру мүмкін емес. Бұл дегеніміз, кітапты шала оқып, сапасыз білімге алып келмек. Ал, интербелсенді тақталары бар сыныптарда сабақты жүргізу барысында оқушылардың ұялы телефонға, ойындарға тәуелді болып қалғандары өз кезегінде көрінісін береді.

Жетісу облысын былай қойғанда, жалпы елімізде білім мекемелерін (НЗМ есепке алмағанда) оқу кабинеті, компьютерлік класстар, интернетпен сәйкес дәрежеде қамтылмаған өткір тұсына да түсіністікпен қарап сабақты барынша өткізуге келгенде 8-9 сыныптарда географияны оқытудағы Қазақстанның географиясы (физикалық және экономикалық география) курстарын оқыту мәселесі де қисайып былай тұр.

Сол географияны оқытудағы мәселелерді конференцияларда, форумдарда үнемі көтеріп, талқыға салып жүретін еліміздің бірқатар педагог, профессорлары бар. Соның ішінде 30 жылдық тарихы бар мектеп – География Республикалық Атаулы мектебінің жетекшісі Ұ.Ә.Есназарова профессор.

Мәселен, 2020 жылы 5 қараша күні онлайн форматта «Жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқытудағы өзекті мәселелер» тақырыбында өткен республикалық ғылыми-әдістемелік семинарда Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің география, туризм және су ресурстары кафедрасы мен

«Географиядан Ұ.Ә.Есназарованың Республикалық атаулы мектебі» және Қазақстанның ЖОО географ-ғалымдары мен педагогтері бірлесіп бірнеше «Жаңартылған білім бағдарламасы жағдайында «Қазақстан географиясы» пәнін оқыту мәселесі» тақырыбы бойынша республикалық ғылыми-әдістемелік семинар өткізу барысында, «География» пәні өте ертеден дүние жүзінің барлық мемлекеттерінде міндетті түрде оқытылып келе жатқан оқу пәні және ғасырлар бойы географияны оқытудың қалыптасқан жүйесі бар екенін ескеріп, ондағы 6-сыныптағы «Физикалық география» курсына оқушылар адамзат өмір сүріп жатқан Жер ғаламшары және оның географиялық қабықтары (литосфера, атмосфера, гидросфера, биосфера) туралы білім алатынын, 7-сыныпта «Мұхиттар мен материктер географиясы» оқытылып келді. «Материктер мен мұхиттар географиясы» курсынан оқушылар Дүниежүзілік мұхит, оның бөліктері мен жеке материктердің әрқайсысына өзіне тән табиғат ерекшеліктері, халқы мен елдері, оларды зерттеген саяхатшылар мен зерттеушілері туралы толық мәлімет берілетінін, педагогикадағы «жеңілден қиынға» дидактикалық ұстанымына сәйкес, материктерді оқыту Жер ғаламшарының моделі ретінде қарастырылатын Африкадан басталып, одан кейін Аустралия, Антарктида, Оңтүстік Америка, Солтүстік Америка және Еуразия оқытылып келгенін, материктердегі аймақтар мен елдерге қатысты материалдарды оқытып болған соң 8 сыныптарда Қазақстан Республикасының географиясына қатысты сұрақтары қарастырылатынын, оқушылар Жер ғаламшарындағы мұхиттар мен материктер туралы оқып білім алып, картамен ойша шет елдерге саяхат жасап оқытын өте қызық, ғылыми негізде жүйеленген курстар оқытылатынын ескеріп, «Жаңартылған» деген мәртебелі оқыту бағдарламада География ғылымдарында қалыптасқан география пәнін оқытудың ғылыми жүйесі біржола бұзылғанын ашық алаңда талқыға салды. Жаңа мазмұнды бағдарламада жіберілген қателіктер қарастырылмағаны үлкен кемшілік және саяси қателік, «жаңарту» дегенді ұғым бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі білім беру жүйесінің тамырына балта шабу емес, қайта жақсы жағын алып, оны әрі қарай дамыту деп түсіну керек болған екендеріне пікір білдірді.

Шынында, дүние жүзіндегі мемлекеттер өздерінің тәуелсіз екенін көрсету үшін өз мемлекеттерінің географиясын жеке пән ретінде толыққанды оқытады. Бұрынғы КСРО-ның құрамынан бөлініп шығып егемен мемлекет болған республикалардың барлығы (Ресей, Беларусь, Украина, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б.) өз елдерінің географиясын жеке пән ретінде екі оқу жылында оқытып келеді. Қазақстан Республикасының бір ғана әкімшілік ауданының жер аумағындай болатын Израиль мемлекеті өз елінің географиясын екі бөліп, бір жыл бойы «Израильдің физикалық географиясы» (табиғатын), кейін барып келесі жылы «Израильдің экономикалық және әлеуметтік географиясын» оқытатыны туралы да талқы өтті.

Профессор Ұлжалғас Әмзеқызының географияны оқытуда енгізу керек өзгерістерді, географияны оқытудағы принциптерді қайта қарауды өтініп, шырылдап Білім және ғылым министріне де ашық хат жолдаған, ол хатта Жалпы білім беретін оқу орындарында: орта мектеп, гимназия, колледж, жоғары оқу орындарында оқытылатын «География» оқу пәні – жастарға

ұлтжандылық, патриоттық және интернационалдық тәрбие беруді жүзеге асыруда үлкен мүмкіндіктері бар маңызды оқу пәндерінің бірі екенін жазды. [8]

Алдымен, білім мекемелерін білім беру бағдарламасына сәйкес кітаппен жабдықтауда баспаға ұсынылып, шығарылған география кітаптарының мазмұнын қайта қарау маңызды болып отыр, себебі география пәні мектеп оқушыларына идеялық-саяси тәрбие беруде үлкен мүмкіндіктер ашады. [7]

10 сыныпта жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыт деп бөлгенде қоғамдық-гуманитарлық бағытқа 1 сағат, жаратылыстану-математикалық бағытқа керегі шамалы 2 сағатты бөлгенді қозғасақ, мақаламыз кітап болмақ.

Үшінші мәселеге келсек, оқушылардың ойынға және жалпы ұялы телефондарға деген тәуелділігі білім беруде ғана емес, басқа салаларда да жалпыға ортақ мәселе болып отыр. Бұл жағдайды географияны оқытудағы мәселеге байланыстыратын болсақ, онда оқушылардың сабақ кезінде көңілдері әр нәрсеге аууы, оймен басқа жақта болуы, демек осы себепті үй тапсырмасының да жиі орындалмауы төрден орнын алып отыр.

Айтып кететін жайт, оқушымен Сократтың қағидасы, «әңгіме» форматында берілген білім де маңызды деген тұжырым күні бүгінге дейін өзекті, яғни жаймен түсіндіріп сабақ барысында ойын ойнатпай, сабаққа баулуға болады. Демек, үлкен мәселе емес.

Үлкен мәселе емес деп ысыра салуға да болмас, бірақ ата-ана мен ұстаздың коллаборативті қызметінің нәтижесінде шешімін табуға болатын сұрақ бұл.

ҚОРЫТЫНДЫ

География пәні болсын, басқа пән мұғалімі болсын, заман ағынымен үздіксіз біліктілікті арттыру курстарына барып, жаңа технологияларды қолдануды үйреніп, білетіндері білімдерін тереңдетіп, уақытпен қатар аяқ басып, инновациялық педагогикалық қызметін қолдарынан келгенше, өз бетінше де қалыптастыруда. Бірақ, оны жабдықталмаған, компьютерлік класстары тапшы, интернет қолжетімсіз білім беру қабырғасында қалай қолданбақ?! Ал, сіз бен бізге мәлім нәрсе, қолданыста болмаған білім – ұмытылмақ.

Мәжіліс депутаты Наталья Жумадильдаеваның бір сұхбатында айтқанын түртіп өтсек, Қазақстандық мектепке арналған оқулық оқытудың негізгі құралы болған және болып қала береді. "Бірақ жаңартылған мазмұн бойынша оқулық қаншалықты жақсы? Оқулық жанжалды, сенсациялық болмауы керек! Оқулық қателіктер мен қателіктермен бірге болмауы керек, өйткені, біріншіден, әдіснамаға, сараптамаға көп ақша жұмсалады[9]. Демек, кітапты бекіту үшін қомақты қаражат кететінін, оңай іс емес екендігін біле тұра, қазіргі 8-9-10 сыныптарға арналған қолданыстағы география кітаптарын ашып мазмұнын оқығанда бір, тақырыптарды оқыған кезде екі рет самайыңды сипап, «министрлікке мектептерде қолдану үшін осы кітаптарды ұсынарда зерттейтін эксперттік топтың құрамында педагог болмады ма, әлде авторлардың арасында басқа қызығушылықтар орын алды ма...» деген сұрақ туындайды.

Елімізде мектептерді АКТ құрал-жабдықтарымен, компьютерлік класстармен 100 пайыз қамту мүмкіндігі әлі де жоқ екенін білсек те, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары» [10], «Ұлттық жоба аясында 800 мың оқушыға арналған мектептер салу», «цифрландыруды (сандандыру) ды қарқынды дамытуды қолға алу»[11], «2024 жылдан бастап Қазақстанда мектептерді бағалаудың, білім берудің әлсіз объектілерін анықтауға және олардың мәселелерін дәл шешуге мүмкіндік беретін жаңа жүйесін енгізу» мақсаты[11] деген сияқты тағы да басқа жобалары жоспарда бары қуантады.

Мұнда география пәнінің маңыздылығын, оның Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, биология, химия және физика пәндерімен тығыз байланысты екенін, география танымдық пән ғана емес, сондай-ақ баланың ой-өрісін жетілдіретін, сыни тұрғыдан ойлауға бейімдейтін, патриоттық сезімін қалыптастыратын пән болып табылатынын министрлікте түсініп, ескеріп, осы орайда, географияны оқытудың негізгі құралы болып отырған кітаптың мазмұнын қайта қарастыруды жөн санаса екен деген ой түйіндейміз.

Бұл ретте «жаңартылған» білім бағдарламасына дейін (1990-2015ж.ж) қолданыста болған география кітаптарының мазмұнына, принциптеріне сүйене отырып, заман талабына сай АКТ құралдарын қолдана, мысал ретінде айтсақ, google Жер қосымшасы, mapchart.net, елдер мен астаналарын жылдам есте сақтауға бағытталған алуан түрлі ұялы телефон қосымшаларын геймификация түрінде қолдануды қосып, жаңа мазмұнды жаңа кітаптарды тәуелсіз эксперттік педагогтар (*мектеп мұғалімдері құрамда болу міндетті түрде) тобымен талқыланып, қайта қаралса нұр үстіне нұр болар еді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гнездилова О.Н. «Инновационная педагогическая деятельность как фактор предупреждения эмоционального выгорания учителя»,// Диссертационная работа. – Москва 2015, Московский психолого-Социальный институт;
2. Стукаленко Н.М., Устажанова Н.А. О ИННОВАЦИОННОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 2-3. – С. 382-382;
3. <https://stat.gov.kz/ru/search/index.php?q=%D1%88%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D1%8B&s=>
4. https://www.inform.kz/ru/kolichestvo-trehsmennyh-shkol-v-kazahstane-za-god-uvelichilos-na-6_a4015649
5. https://www.gov.kz/uploads/2021/3/11/004d895b28e14465fc4f257dfaa0691d_original.17822697.pdf , 259-260б.
6. <https://egemen.kz/article/351958-zhetisuda-bilim-denhgeyi-nege-tomen>

7. <https://egemen.kz/article/307453-qazaqstan-geografiyasyn-oqytu-alisheshimin-tappady>
8. География пәні қағажу көрмесін десек // <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11734>
9. <https://kz.kursiv.media/2018-02-26/okolo-45-shkol-respubliki-ne-osnascheny-predmetnymi-kabinetami-laboratornym/>
10. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/120909?lang=ru>
11. <https://primeminister.kz/news/kazakstanda-ulttyk-zhoba-ayasynda-800-myn-okushyga-arnalghan-mektepter-salynady-394637>
12. <https://mtrk.kz/ru/2024/01/04/v-sfere-obrazovaniya-rk-v-2024-godu-proizoy/>

ҚҰПИЯСЫ КӨП ҚОҢЫР ӘУЛИЕ ҮҢГІРІ

Масалимова Д.М.

Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ география пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі

Мұхтарова Ш.М.

Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» КММ география пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

АҢДАТПА

Қазіргі уақытта Ұлы бабаларымыздан қалған асыл мұра қасиетті жерлер қатты қызықтырады. Қазақ жерінде құпиясы бар ғажайып қасиетті жерлері өте көп, солардың бірі Абай ауданындағы Қоңыр әулие үңгірі.

Абай ауданы және жалпы Семей өңірі ұзақ жылдар бойы полигонның зардабына тап болғаны барлығына мәлім. Осы ядролық сынақтардың нәтижесінде қаншама адамдар, жануарлар және де жалпы жер беті зардап шеккенін айтатын болсақ оған шек жоқ дер едім. Осыған қарамастан, қасиетті жерлер өз қасиетін жоғалтпаған. Сол жерлердің бірі Қоңыр әулие үңгірі. Қоңыр әулие үңгіріне қаншама адамдар дертімен келеді, адам шын ниетімен сенімімен келген кезде ауруларынан айығатындары дәлелдеп отыр.

Бірақ үңгірге жету жолы оңай емес, жырақта орналасқан, осы себептен үңгірдің пайда болуын, суының емдік қасиетін, ғылыми түрде дәлелдеп зерттеуге мақсат қойылды. Әрине бұл мақсат өте биік, қарап отырған жұмыста тек бастапқы сатыны көре аласыздар, яғни тарихи деректерден, аңыздар мен әңгімелерден құралған зерттеу жұмысы. «Бүгінде ел мен жер тарихына байланысты ертеректе жазылған әдеби-тарихи мұраларымызды өскелең жас ұрпаққа айтып жеткізу – біздің мұратымыз» делінген.

Жұмысты жүргізу барысында мұрағат құжаттарынан және кітапханалардан ақпарат көзін іздедім. Көбінесе аталған жұмыс бойынша ертеректердегі зерттеуші-ғалымдардың жұмыстарынан, сонымен қатар мерзімдік басылымдардан алынды.

Тарихи анықтама түп деректерімен танысу, жинақтау, қорыту, жүйелеу, зерттеу жүргізу және салыстырмалы талдау жасау. Оқып отырған зерттеулік жұмыс бірнеше бөлімнен тұрады.

1. Географиялық орны және тарихи анықтама.

Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай кең көлемді жерді алып жатқан Шыңғыс тауы бар. Жалпы алғанда аласа таулар мен шоқылар кезектесе көлбеу орналасып, кең аңғарлармен бөлінген. Сарыарқаның солтүстік-шығысындағы Шыңғыстау, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай 200 шақырым жерге

созылып, өз маңайындағы жерлерден 500-600 метр биік тұр. Территориясының орографиялық схемасы бойынша орталық бөлігін қаптырлы орқаш таулар алып жатыр.

Шыңғыстау жотасын (1120 метр биіктікте) Сарыарқа төрінде орналасқан Шыңғыс жалғызсырамасын дегендей, табиғат оның солтүстік-батысында Ханшыңғысты (1076 метр-Сарышоқы), ал оңтүстік-шығысында Ақшатауды (1151 метр) әдейілеп апарып орналастырғандай. Үш егіздей болған таулардың жер бедері бір-біріне қатты ұқсайды. Жота құрылыстары негізінен ассиметриялы болып келеді. Солтүстік-шығысы тік және өте қатты тілімделген, ал оңтүстік-батыс бөлігі жатық ыңғайлы, сатылы болады. Ханшыңғыс пен Шыңғыстаудың арасында ұзындығы 130-150 шақырым ені 30-50 шақырым жерді алған Шыңғыс даласы жатыр. [1]

Оңтүстік-батысына қарай жатаған таулар кездеседі. Бұл жатаған таулардың аралығындағы аңғарлар ежелден елге қоныс, малға өріс болған жерлер. Жазықтық ландшафты жер бедері өзінің әдемілігімен көз тартады. Сыртқы және ішік күштердің әсерінен таңқаларлық үлгідегі жартастар, жақпарлы тауларда табиғат құпиясын жасырға «Қоңыр әулие» тәрізді үңгірлер пайда болған.

Физикалық картада Шыңғыстау таулары аса көрінбейді, бірақ өте қасиетті жерлерімен тарихта аса үлкен орын алады. Қазақ елінің ұлы ғұламалары Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов сияқты Ұлы тұлғалардың туған жері. Осы жерге келген әр адам Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын қайта оқып қарап отырғандай әсер алады. Шыңғысқа қарай бет алғанда бір белестен екінші белеске иек артып, көгілдір сағымға оранып, қасқайып жатқан қара жол үнемі биікке сүйрейтін тәрізді. Абай ауданының орталығы Қарауыл мекеніне жеткенде Семейден бір шақырым биіктікке тұрғанын әркім байқай бермейді. Міне, соның алғашқы белесі – Күшікбай асуы. Аңыз бен жырға толы Абай елінің тарихы осы жерден басталады. Семей қаласынан кетіп бара жатқан жолда шетсіз де, шексіз дала кішігірім тымаққа ұқсас таушықтар кездеседі. Көкеннің жалғыз шыңы, қызыл тастар арасынан ағып жатқан көздер, Күшікбай қорғаны – өз жерін өз елін ақырғы деміне дейін қорғаған қазақ батырының мекендеген орнын көре аласыз. [2]

Кеңінен жайылған жерлер, таулар мен кең даламен шектесіп жатқан бұл жазықты Ералы атымен атаған. Ары қарай Кіші және Үлкен Орданы көресіздер. Кіші ордада Үңгіртас үңгірін көрерсіздер, тарихқа көз жүгіртетін болсақ қиын қыстау кезеңдерінде бұл жерде Еңлік пен Кебек мекендеген екен.

Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы Шыңғыстау тауларының етегінде Семей қаласынан оңтүстік-батысына қарай орналасқан. Осы Абай ауданында тарихи орындар көптеп кездеседі.

Қазақ елінің мәдениет Меккесінің орталығына көз тігіп көрелік. Қоңыр әулие аталуы Нұх пайғамдар заманынан бері сақталған, Нұх пайғамбар әлемнің, құстардың және аңдардың құтқарушысы. Аңыз бойынша дүниежүзілік топан су уақытында үш әулие Нұх пайғамбардың кемесіне кешігіп келіпті, ал кемеді сол уақытта орын қалмаған екен, осы уақытта әулиелер үш ағашты бір-біріне

қосып Нұх пайғамбардың кемесіне байлап жүзіп кеткен екен. Дүниежүзілік ағыспен солтүстіктен оңтүстікке қарай келе жатады екен. Бірінші болып үлкен әулие Құланның отырған ағашы тасқа соғылып бөлініп кетеді, ол жерді қазіргі уақытта Әулие тау деп атайды. Екінші болып тасқа ортаншы әулие Қыранның ағашы соғылып бөлініп кетеді, ол мекен қазіргі уақытта биік шың Ақбет деп аталады. Топан су төмендеп таулар мен қыраттар көріне бастағанда үшінші Әулие Қоңырдың ағашы үңгірдің жанына келіп тоқтайды, осы үңгірді әулие мекендеген екен. Осы себептен үңгір қасиетті жерге жатады екен. [3]

Үңгірдің «Қоңыр әулие» аталуының екінші нұсқасы «Монур» - «Могур» сөздері кейінгі транскрипциядағы «Қоңыр» сөзіне ұласып «Әулие» - қасиетін рухтық ұстаным ретінде сақтап қалған. Екінші деңгейдегі «Шаңырақ» «Қыз» үңгірлері өзінің табиғи бітімі бойынша атау беріліп «Әулие» ұғымының қатарлас қолданылуы, манихейлік «Шаған», яғни «Ақ» мейрамы, (Қазіргі наурыз мейрамын тойлау) алдындағы түнді үңгірде қарсы алуға негізделе келіп, асылы табиғат құпиясын, Адам-Ата негізінен пана болған табиғатқа рахым ету рәсіміне байланысты түйсікте сақталған ертедегі байланыс - Ұлы уақыт сабақтастығын паш етеді. [4]

Кең байтақ қазақ жері көненің көзіндей болған табиғи-тарихи әрі мәдени мұраға бай екені ежелден мәлім. Зерттеушілердің есебіне көз салсақ олардың саны Қазақстанда 26-ға жетеді делінген. Егемендіктің арқасында қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы бұл мәліметті неше еселегені сөзсіз.

2. Спелеология – үңгірдің шығу тарихы туралы ғылым.

«Атың барда жер таны, желіп жүріп» деп, атамыз қазақ айтпақшы, мүмкіндік болса, жұмыр жердің әр тұсында, әр заманда қабырғасы қаланған, тарихы тереңнен сыр шертетін көне жәдігер ғимарат-нысандарды, тарихи мәні үлкен аймақтарды аралап көргенге не жетсін! Бүгінде өркениетті елдер жер бетіндегі тарихи орындармен қатар, жер астындағы үңгірлерін де қорғауға алып, көненің көзі ретінде жұртқа көрсетіп, осыдан пайда тауып отырғаны анық.

Үңгір дегеніміз – жердің үстінгі бетіне бір немесе бірнеше саңылаулармен (жарық, тесік) ұштасатын жер қыртысының жоғары қат-қабатындағы қуыс. Үңгір еріген тау жыныстарының (этас, доломит, гипс, тас тұзы) суымен сілтіленуі және шайылуы арқылы, сондай-ақ суффозия, сазды краст, абразия және т.б. процестер нәтижесінде пайда болады. Неғұрлым ірі карстық үңгірлердің ұзындығы ондаған шақырым болады. Көптеген үңгірлер туристік объект болып табылады. Бірқатар елдерде үңгірлерді емдік мақсатта пайдаланады. Үңгірді зерттейтін ғылым спелеология деп аталады.

Қазақ даласында талай қызықты, шым-шытырық әңгімеге арқау болған үңгірлер жеткілікті. Мәселен, соның бір-екеуін ғана атай кетейік. Қаратаудағы «Қатынқамал», Шығыс Қазақстандағы «Ақ бауыр», Шыңғыстаудағы «Қоңыр әулие» (Қоңыр әулие атты үңгір Баянауыл аймағында да бар), «Бектауата» және т.б. Бұлардың қай-қайсысы да өткеннен сыр шертері анық. Мәселен, Қаратаудағы «Қатынқамал» үңгірі жайлы түрлі аңыз көп. Соның бірі Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі бір оқиғаны былайша әңгімелейді. «Жоңғар шапқыншылығында Ақүйік өзені бойындағы Қаратаудың ұшар басында осы үңгірге қырық

қыз-келіншек паналаған. Үңгірді паналаған қырық қыз-келіншек жоңғар шапқыншылығы аяқталғанша, сонда өмір сүрген. Азық-түлігін оқта-текте түнделетіп ер-азаматтар жасырын жол арқылы тасыған. Бұл үңгір төменгі өзен бойынан, еңістен қарағанда көзге шалына бермейді. Өйткені маңайындағы қалың бұта мен қоқыс тастар үңгірдің аузын көрсетпей жауып тастаған. Оған таудың етегінен өрмелеп шығып, одан қия-қия соқпақтар арқылы төмен түсетін болған. Жол жобасын білетін ауыл адамдары болмаса, сырттан келген адамдар үңгірге жете алмаған. Міне, осы үңгірді паналаған қырық қыз-келіншек жоңғардың ажалына ілінбей қалған, кейін еліне қосылған. [5]

Өткеннің тірі куәсі деуге болатын жер. Ал Шыңғыстаудағы «Қоңыр әулие» үңгірі жөнінде де қызықты әңгімелер-аңыздар көп. Соның бірі жоғарыда айтып өткендей жарты әлемді басып алып ұлы империя құрған, шығыстан шыққан Ұлы қаған Шыңғыс ханның мүрдесінің осы жерде жатуы жайында. Аңыз солай дейді. Үңгірдің түбінде тұнып жатқан шағын көлдің тұңғиығында үлкен қара сандық бар, оның ішінде Шыңғыс ханның жауһар тастары мен алтындары, яғни қазынасы осында сақтаулы. Ал қара сандықты ешкім ашып, ішіндегі қазынаны алмау үшін, сандыққа ешуақытта өлмейтін өте улы қара қоңыздар салынған дейді аңыз. Қалай айтсақ та, аңыздың өзегінде қаншалықты шындық барын кім білсін, әйтеуір, «Қоңыр әулие» үңгірінің құпиясы әлі ашыла қойған жоқ. Әрине, қазақ даласында жүздеген үңгір бар. Сол үңгірлерге байланысты жергілікті мекендерде көптеген аңыз-әңгімелер жеткілікті.

Жұмыр жердің бетінде жұртты таңғалдырған үңгірлер өте көп. Соның бірі және бірегейі - АҚШ-тың Кентуки штатындағы Флинт-Мамонт үңгірі. Оның ұзындығы - 288 шақырым (кей деректер 500 шақырым дегенді келтіреді). Оның бір шетінен кіріп, екінші шетіне шығу үшін туристерге қанша уақыт кететінін есептей беріңіз... Ұзындығы жағынан екінші орында - тек гипстен тұратын Украинадағы «Оптимис» деп аталатын үңгір. Оның ұзындығы - 144 шақырым. Бұлардан кейін Швейцариядағы «Хеллох» және Украинадағы «Озерная» деп аталатын үңгірлер. Олардың ұзындығы 130 шақырымнан. Ал ең терең үңгір ол - Испания мен Францияны бөліп жатқан Пиреней тауындағы «Пьер-Сен-Мартен». Оның тереңдігі 1332 метр. Енді түсіп көр оған! Қап тауындағы «Қарлы» деп аталатын үңгір одан 1320 метрге «таяз». Одан кейінгі орында - Альпі тауындағы «Берже» және «Жан-Бернар» үңгірлері. Тереңдіктері 1298 және 1141 метр. Ал мұз құрсанып жатқан үңгірдің бірі - Гренландияда. Тереңдігі 60 метр. Әлемде су астында жатқан ең үлкен үңгір Мексиканың Юкатан жарты аралындағы «Үлкен» үңгір. Оған 13 су асты үңгірі мен дәліздер кіреді. Бір қызығы, ол кейінен су басып кеткен баяғы үндістердің өркениетке қол жеткізген мая тайпасының бір қаласының орны екен. Ал ең ұзын жерасты жолы Одесса қаласында. Оның ұзындығы - 2500 шақырым. Туннель көптеген залдардан тұрады. Кейбірі кейіннен жасалып, табиғи үңгірмен жалғастырылған. Бұл жер асты жолдары Ұлы Отан соғысы жылдары жауып тұрған оқтан қорғану үшін кеңес және неміс солдаттарына да көп қызмет атқарғаны тарихтан белгілі. Акустикасы ең жоғары үңгірге Сицилиядағы Сиракузы қаласының маңындағы «Дионис құлағы» деп аталатын үңгір жатады. Мұнда жай сыбырлап сөйлескеннің өзі әр бұрышқа жаңғырып естіліп жатады. Ал айқай салсан дауысын зеңбіректің атқанындай дауыс шығарады екен.

Сондай-ақ дауысты ұлғайтып шығаратын үңгірлер әлемде жеткілікті көрінеді. Ал ең кең үңгірге АҚШ-тың Нью-Мексика штатындағы «Карлсбадск» үңгірі жатады. Оның ұзындығы - 1300 метр, ені - 200, биіктігі - 100 метр. Ең түбінде кеңдігі 400 метр болатын алаңы бар. [6]

Жұрт қызыға көруге ұмтылатын ондай мекендері көп мемлекеттер өз пайдасына асырып отыр. Мұны заманауи тілмен айтсақ - «туризм» дейді. Ал осы туризмнің бір бөлігі, яғни бір саласы болатын спелеотуризм.

Спелеология - (грекше: spelaion - үңгір және logos - ілім) үңгірлердің шығу төркінін зерттейтін ғылым. Онда үңгірлердің пайда болуы, морфологиясы, микроклиматы, суы, өсімдігі, ежелгі қолданысы мен бүгінгі жағдайы қамтылады. Спелеология ХІХ ғасырдың екінші жартысында француз ғалымы Э.Мартельдің ұйытқы болуымен қалыптасты. Спелеология ТМД-да тек Кавказда ғана қолға алынған. Ал қазақ даласында да қилы тарихтан сыр суыртпақтайтын, ертегі-аңыздарға арқау болған қаншама үңгірлер бар. Бірақ бізде осы үңгірлерді зерттейтін спелеология ілімі жоқ. Егерде кенже қалған осы саланы қолға алатын ілім дамитын болса, үңгірдің қыр-сырына қызығатын талай жұрт біздің елге қарай ағылар еді. Бұл - алдымен, елімізді өзге әлемге паш етіп, танытатын болар еді. [5]

Осындай үңгірлердің бірі Шыңғыстаудың сырт жағындағы Шаған өзенінің бойындағы Ақтас тауындағы «Қоңыр әулие» үңгірі - ерекше тылсым ордасы. Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында, Тоқтамыс ауылынан 18 шақырымдай жерде орналасқан «Қоңыр әулие» үңгірі. [7]

Қалалық мұрағаттағы құжат «Императорлық орыс географиялық бірлестіктің Семипалаттық бөлімшесінің жазбалары» 1912 жылмен рәсімделген. «Жазбада» шенеунік В.Брюхановтың статьясы бар, ол жазуда өзен мен үңгірді сипаттап жазған: «Шыңғыс тауларының артында Ақтас тауының солтүстік-батыс етегінде Шаған өзенінің жанында Қоңыр әулие үңгіріне жолды көруге болады. Ақтас тауы әк тастан құралған, атауы өзінің құрамына сай келеді: алыстан жасыл табиғаттың арасында ақ тау бірден көрінеді. Үңгірдің жанында обалар бар, осы обалар археологтардың қызығушылықтарын талай тудырған.

Үңгірдің кіре берісі соншалықты жіңішке және тар адамдар тек қана қырымен ғана өте алады. Кіре берістің биіктігі 2 метрден сәл ғана жоғары. Кіргеннен кейін екі метр қашықтықтан кейін кең алаңға кезігесіз, осы алаң келушілерді қарсы алып тұрғандай, аяқ асты таза құм. Маңайда құмды жер жоқ болған бұл құмның алыстан әкелінгенін мәліметтеп тұр. Ары қарай үңгірдің жері ірі тастармен салынған. Кіре берістен 10 метр қашықтықта тастан жасалған мүсін бар, тұрғындар ол мүсінді «Қалмақ» деп атайды. Ары арай жылжи беретін болсақ үңгірдің екінші бұрылысын көре аламыз, сол бұрылыстың соңында кішігірім жер асты өзені бар. Ол өзен үлкен жер асты суының бастамасы. Кіре берістің оң жағында басты үңгір орналасқан. Оның ені 115-120 метр шамасына созылады, көлденен ішінде 10-нан 40 метрге дейін. Үңгірдің ең түпкі жерінде құпия өзен орналасқан. Жуық мөлшермен алғанда оның өлшемі 17-18 ден 12-15 метр. Өзен өте терең және оның суы тазалығымен ерекшеленеді. Суда әктің

дәмі бар. Үңгірден жырақтау жерде ертедегі обалар бар, ол обалар тас дәуірінен қалған естелік"... [11]

Семей орыс географиялық қоғамының «Записки...» мерзімдік басылымында 1912 жылы жарық көрген Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың «Список обам на реке Слеты в Коржункульской волости Акмолинского уезда» және Семейлік ғалым Виктор Антонович Брюхановтың «Конурь-Аулие» атты еңбектері, археология, тарих, өлкетану ғылымдары тұрғысынан алып қарағанда, әлі күнге маңызын жоғалтқан емес. Абай атындағы әмбебап ғылыми зертханасының сирек қолжазбалар бөлімінде (Семейде) сақталған аталмыш «Запискидің» 1905 жылдың санында Семей орыс географиялық қоғамы мәжілісінің хаттамалары беріліпті.

Міне, осы орыс географиялық қоғамы басқару комитетінің 1905 жылдың 27-тамызында мәжілісте Б.Герасимов, Н. Лукьянович, Н. Коншиндердің қатысуымен екі мәселені қарапты. Бірінші мәселе бойынша географиялық қоғамның «Записки...» мерзімділік басылымының кезекті екінші санын басып шығару жайы айтылды. Ал, келесі мәселеде «Запискидің» осы санына жіберген Әлихан Бөкейхановтың Абай Құнанбаевқа арнаған қазынамасы және Слетіндегі тас обалар туралы мақаласы талқыланды. Басқару комитетінің мүшелері аталған мақаламен таныса келіп, Әлихан Бөкейхановқа үлкен алғыс білдірген және одан бұл мақалаларды «Запискидің» кезекті үшінші шығармасында басуға рұқсат сұраған шешім қабылдапты. Алайда, белгісіз себептермен бұл мақалалар әжептәуір кешігіп шыққаны белгілі. [12]

Семей орыс географиялық қоғамы «Запискидің» 1927 жылғы он алтыншы шығарылымында басылған «Очерк деятельности Семипалатинского отдела Государственного Русского Географического Общества за 25-лет его существования» атты еңбекте Әлихан Бөкейхановтың слетіндегі тас обалар туралы мақаласы жоғары бағаланып, атап өтіліпті. Онда «Археологические изыскания» были начаты в Семипалатинском крае секретарьями Статистического комитета Е.П.Михаэлисом и В.П.Никитиным. Последний производил на средства археологического общества раскопки в разных местах губернии. Ценные археологические изыскания в окрестностях Семипалатинска производил член отдела Ф.Н. Педашенко, статья которого об этих изысканиях и многочисленных находках, пожертвованных им музею отдела, напечатана в приложении к отчету за 1903 год. Из статей археологического характера можно еще упомянуть о статье Н.Я.Коншина – «О памятниках старины Семипалатинской области», А.Н.Букейханова – «Список обам на река Слеты» и Б.Г.Герасимова «Старинные церкви Семипалатинской области» - деп жазылған. Алаш арысы Әлихан Бөкейханов есімінің, сол бір жылдары қызыл империяның саяси қуғын-сүргініне ұшырап жүрсе де белгілі орыс ғалымдары Е.П.Михаэлис, В.П.Никитин, Ф.Н.Педашенко, Н.Я.Коншин, Б.Г.Герасимовпен бірдей қатар аталуы айтулы тұлғаға көрсетілген үлкен құрмет деп білеміз.

Виктор Антонович Брюханов Семей орыс географиялық қоғамының 1911 жылдың 26-тамызындағы мәжілісінде оның ақтас тауындағы Қоңыр әулие атты таңғажайып үңгір (Семей қаласының Бұғылы болысынан 200 шақырым қашықтықтағы) туралы мәлімет жібергені хабарланыпты. Осы жылдың 28-

қыркүйегінде өткен мәжілісте «Запискидің» кезекті алтыншы шығармасында басылатын Священник Борис Герасимовтың «Ф.М. Достоевскийдің Семейдегі жылдары», саяхатшы ғалым Гензердің «Ертіс бойы саяхат күнделігі» атты, т.б. мақалаларымен бірге В.А.Брюхановтың «Қоңыр әулие» мақаласы да талқыланып бекітілді. [13]

«Қоңыр әулие» атты еңбегінде В.А.Брюханов қасиетті үңгірдің географиялық орналасу жайына, геологиялық құрылымына, археологиялық құндылығына, сонымен бірге оған қатысты ел арасындағы аңыз-әңгімелер мен наным-сенімдерге тағы басқа жағдайларға тоқталды. Мысалы, ол осы еңбегінде «Вход в пещеру расположен с южной стороны актаса, немного повыше того места, где Чаганка ударяет в подножье гор. Вблизи входа находится большое старинное калмыцкое кладбище с обычными каменными бабами и другими надгробными памятниками той эпохи, - в виде выложенных плитняков могил и прочих, несомненно очень интересных для археолога» - дейді.

Бүгінде ел мен жер тарихына байланысты ертеректе жазылған әдеби-тарихи мұраларымызды өскелен жас ұрпаққа айтып жеткізу біздің мұратымыз. Бұл арада Әлихан Бөкейхановтың «Список обам на реке Слеты в Коргулжунской волости Акмолинского уезда» және Виктор Брюхановтың «Конурь-Аулие» атты ғылыми құнды еңбектері талай адамдардың қызығушылығын туғызатыны сөзсіз.

3. Үңгір құпиялары мен қасиеті.

Шыңғыстаудың батысында Шаған өзенінің жағалауындағы Қоңыр Әулие үңгірі – қазақ даласында сирек кездесетін табиғат ескерткіші. «Қоңыр әулие» үңгірі бүкіл Орта Азия мен тұтас Қазақстанға мәлім ғажайып үңгір.

Шаған өзеннің маңайында әр түрлі аңыздар айтылады, кейбіруі шындық болар ал кейбіреуі әдемі аңыз, бұны мүмкін болашақта анықтап та жатар. Бір айтулар бойынша өзенде нақты көрінбейтін ағын бар, ол ағын Меккемен байланыстыратын жасырын жолмен байланысты деседі. Көптеген аңыздардың ішінде өзеннің иесі бар деп те айтады. Ертедегі бабаларымыздың иесі. Кейбіреулер тіптен түсірген фотосуреттерін де көрсетеді, қараңғыдан көрініп тұрған ақсақал. Бұл болған оқиға. Жағдай ядролық полигон сынақтары жүргізіліп жатқан Совет Одағының уақытында болған. Полигонда кезекті сынақ жарылысы болған кезде туристер тобы үңгірге түскен. Жарылыстан сыңған тас жолды бекітіп тастайды. Адамдар үңгір ішінен шыға алмай тас қараңғылықта аштық пен суықтан азапты өлімге душар болуға шақ қалады. Бірақ оларды қайдан келгені түсініксіз пайда болған үкі құтқарады, қасиетті құс дауыстап отырып туристерді соңынан ертіп үңгірден шығатын жол көрсетеді. Шынымен де жоғарыдағы кішігірім жолға әкелген екен. Ал кейінен барғандардың көзіне үңгірдің алдында немесе ішінде жарты құлаш сұр жылан кездескен. Ешкімге тиіспей, айбар да шекпей, жартастың қуысына кіріп кетеді. Бұл осы үңгірді торуылдап жүретін ешкімге зияны жоқ иесі болуы мүмкін. Ол тек адал, ақ ниетті адамдарға көрінеді екен. Үңгірге жыл сайын баратындар ішіндегі тастардың өзгергендігінде айтады.

«Қоңыр әулиенің» алдында бөлек-бөлек тас бейіттер өте көп. Олардың бастарына қойылған тастарда алуан түрлі белгілер бар (№1-2 суреттер). Талай қырғын куәсі болған өңір екенін бірден тануға болады. «Қоңыр әулие» үңгірінің ішінде Абай атамыздың есімі жазылған тас бар. Ұлы ақынға қатысты кейбір деректерде Абай атамыз бұл үңгірге жиі соғып тұрғандығы айтылады. «Абай жолының» үшінші томындағы екінші бөлімінде осы Қоңыр әулие туралы жазылып, оның тарихына да қатысты біраз деректер айтылған. «Қоңыр әулиенің» ішінен де төңірегіндегі ақ тасты таулардан да алуан түрлі жазулар тауып оқуға болады. Ғасырлар тарихын сақтаған жазулардың көбі ерте уақытты мензейді де, қашап салынған таңбалар көне тарих сырын шертеді. Кейіннен үңгірдің ішіндегі және сыртындағы бұл тастар жоғалып кетті. Себебі, үңгірдің ішіндегі тастардың біразы құлаған, мүмкін орындары ауысқандықтан болар. Ал сыртындағы тастарға келіп-кетушілер өз есімдерін жазып тарихи маңызы бар құндылықтың қадірін кетіріпті.

Үңгір жалпы өте көне заманнан адамдарға белгілі болған. Матриархат иә болмаса манихейлік сипаттағы Ұмай ана мүсіндері соны куәлейді. Ал сыртқы тау бөктерінде орналасқан жерлеулердегі құлпытас таңбалары Орта жүз рулары: Арғын, Найман және Керей тайпаларының таңбалары. Ауыл тұрғыны куәләғандай Қоңыр Әулие сыртында төсек үстінде малдас құрған әдемі тас мүсіні қолды болған. Ол түгіл «үңгір ішіндегі алып портал бүйіріндегі таста шалқалай, басымен бері қарай жатқан әйел адам мүсіні бертінде ғайып болғанына өзіміз куәсіміз», - дейді ауыл адамдары.

Қалай да болсын тарихи айғақты жоймақ болған қара ниеттілік, ғылыми тұжырымды жоя алмасы анық. Сол себепті осы өңірдің барлық қалған тарихи объектілерін зерттеу арқылы, олардың Қоңыр әулие үңгірі құпиясымен ұштастыру барысында үңгірдің көне түркі тайпалық одағы Кимактар ғибадатханасы болғанына күмән келтірмес дәлелді айғақтар табылды. Осы уақытқа дейін ұласып келген, қасиетті Ана рухын дәріптеу. Ұмай ана, Шашты Азиз атаулы ұғымдар тегіс осы үңгірде тұр.

4. Үңгір суының қасиеті.

Қазіргі уақытта табиғи карст (неміс Karst – табиғи сулармен еритін тау жыныстарында пайда болатын құбылыстар мен процестер) үңгірі кейінде бұқараға мәлім бола бастап, көптеген туристердің келетін мекені болды. Үңгірдің жанынан керемет далаға, тамаша табиғатқа көрініс ашылады. Үңгірдің сырты тасты, жоталанып біткен.

«Қоңыр әулие» үңгіріне көтерілу үшін 110 метр ұзындығымен саты ағаш жасалған, әр 10-15 метр көтерілгеннен кейін дем алуға арналған алаң жасалған. Үңгірдің ауызы тар, кіре берісте бетін мүк басқан қалың тас қорым жатыр, жалғыз ғана адам сиятын тар қуыстан өткеннен кейін ішінің биіктігі 20-25 метрдей, ені 80-100 метрдей қараңғы үңгірге кездесесін (№3-сурет). Үңгірдің аузынан көлге дейін 110 метрге дейін төмен қарай жүреді. Үңгірге кіргеннен кейін 60 метр жүргеннен кейін сол жағында қуыс бар, сол жерде тас үстінде әдемі қыздың мүсіні болған деседі. Кейінен тасын қашап, сол мүсіннің қолды болғанын ауыл адамдары айтады. Сол жерге бала көтере алмаған әйел

адамдарды мүсіннің қасында қондырған екен. Үңгірдің іші өте қараңғы. Одан ары үлкен қалтарысты айналып өтіп түбі мөлдір суға тірелеміз. Көлдің суының мөлдірлігі соншалық төмен түсіп келе жатқан адам оны жатқан тас екен деп қалады. Көл әрірекке барып тұмсық айналып келеді. Жергілікті қариялар судан су жалғаса беретінін аңыз етеді. Керемет көл өз бойында көп ғажайыптар мен шешілмеген құпияны жасырады. Мұздай судың астында не бар екенін ешкім білмейді.

Көлдің суы қасиетті, шипалы болып саналады. Көлдің суының дәмі әкке ұқсайды. Су температурасы 7-8 градус суықтықты көрсетеді. Дәмін татып көрсеңіз кәдімгі әкке ұқсайды. Кейбіреулер автокөліктегі аккумулятордың суы ретінде де пайдаланған. Көлдің суы не азаймайды не көбеймейді. Көл түнгі 3-те гүрілдеп, суы ауысады екен. Ол жердің суы соншалықты суық, адамның қол-аяғы суықтан бірден тартылып қалуы мүмкін. Жылыға үйренген адам бұндай суыққа шыдамай шыққысы келері анық, бірақ ол суға тек аяғынмен ғана емес ол суға 3-7 ретке дейін басынмен шомылуын қажет. Судан шыққан адамның үстінен бу шығып, мүлдеп тоңбайды және тез құрғап қалады. Киіміңізді суға бір-екі рет малып алсаңыз онда жағылып қалған күйе, басқа дақтар да бірден кетіп, далаға шыққанша киімдеріңіз құрғап қалады. Суға түскен адамның тыныс мүшелері ауырып, дем алуы қиын болады. Ал, көлден кейін тыныс алу мүшелері кеңейеді. Денесінде жарақат болса жазыла бастайды.

Көл суының құрамына арнайы зертханада зерттеу жүргіздік. Онда көптеген минералды элементтер, кальций карбонаты (Ca CO_3), магний карбонаты (Mg CO_3), натрий гидрокарбонаты (NaH CO_3) және көп мөлшерде натрий, азот қышқылының тұздары кездесті.

Осы судың қасиеті соншалықты адамдарды әр түрлі аурулардан айықтырады, тіпті бедеуліктен де емдеген кездері болған. Көп уақыт бойы осы қасиетті жерге әсіресе зарығып бала көтере алмай жүрген әйел адамдар да келеді, қасиетті жердің қасиетіне шын ниетімен сенген әйелдер шынымен де ауруынан айығып дүниеге бала әкелген. Айтулар бойынша бір жылда бала көтере алмай қасиетті жерге бар жүрегімен сеніп келген 19 әйел аналық бақытқа кенелген екен. Көлдің ғажайып керемет әсерін өз көздерімен көрген адамдар растай алады. Есірткіге, ішімдікке, шылымға құмар адамдар өздерінің құмарлықтарынан айрылады. [15]

«Қоңыр әулие» үңгіріне көптеген туристер қызыға келеді. Әсіресе, Қазақстанның оңтүстік бөлігінен және көршілес Ресей елінен де адамдар көптеп келуде.

Үңгір қазіргі уақытта дертке шалынған адамдардың барар жеріне айналған. Ақсақалдардың айтуынша бұл жерде қазақтар мен жоңғарлардың әскерлері соғыстар арасындағы үзілісте осы жерде жараларын жазған деседі. Қасиетті жерлерде соғыс басталмайтын болған.

Қасиетті жерлерге баратын қазақтың бақсылары, бұл адамдардан табиғаттан берілген экстросенсорлы қасиеттері бар. Осы адамдар үңгірде өзін қалай ұстау керектігін үйретеді. Үңгірге адам тек таза ойларымен келуі керек, шылым

шегуге, жаман сөздер айтуға болмайды. Әйел адам үңгірге ұзын көйлекпен, басына орамал тағып кіруі қажет.

Дәрігер-ғалымдардың айтулары бойынша бұл жердегі емдеушілік қасиеттің ерекшелігі әлі толығымен зерттелмеген, судың қасиетін ғылыми түрде ешкім түсінік бермеген. Мүмкін әлемдегі керемет бар дегенге сенім болар.

Біздің заманымызда медицина дамуын жоғары деп атауға болады. Медициналық препараттар көбінесе химиялық қоспа арқылы алынады. Көптеген дертті жеңіп жатыр. Ал қасиетті жерлер еш химиялық препараттарсыз емдеуі мүмкін.

Осы жерге келген адамдар ұмытылмас әсерде қайтады. Үңгірге келген адамның алдында әлде қандай қиындықтар туындайды. Үңгірге бармас алдында қазақтың кең даласының ұлы адамдарының мазарларына баруы керек: Абай, Шәкәрім, Еңлік-Кебек мазары, Құнанбаевтар отбасының, Мамай батыр және басқалардың, олардың мазарлары осы ауданда орналасқан. Осы себептен келген адамдар 200 шақырым емес 1000 шақырымға дейін жер жүрулеріне тура келеді.

Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамытудың 2009-2011 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы қабылданды. Осы өңірдегі тарихи-мәдени жерлерді, қасиетті елді мекендерді қамтиды. Қатон-Қарағай, Марқакөл, Ұлан, Күршім аудандарындағы ерекше жерлермен қоса Абайдағы Құнанбай әулетінің қорымы, Мұхтар Әуезов үйі, Еңлік-Кебек мавзолейі бар жоспарда «Қоңыр әулиеге» қатысты бағыт бар болғанымен, ол бұл жердің қасиеті мен тарихи сипатын ашып бере алмайды. Аңызға айналған үңгірді көзімен көріп, оның ішіндегі емдік қасиеті бар көл суына түсіп, ауруына ем іздейтін халық артып келеді. Сондықтан облыстық деңгейде Абай ауданында туристік кластерді дамытудың жоспары жасалса. Соның бір нүктесі «Қоңыр әулие» үңгірі болса ол ел игілігіне айналар еді. [16]

5. Үңгірде жүргізілген зерттеу жұмыстары.

Нақты зерттеу нәтижесіне тоқталсақ. Ақтас тауы геосинклинальді известняк шөгіндісі Шыңғыс сыртынан Қалба тауына дейін қырлы белдеу ретінде қылаң беріп отырады. Осы метаморфтық шөгінді құрамында бопырлау келетін охра аралас бітіміне байланысты, жел эрозиясы, шайылу, опырылу барысында карстік үңгірлер пайда болады, сол себепті Ақтас бойында Қырық екі үңгір, Шанырақ Әулие, Қыз Әулие және де ішіндегі ең әйгілісі Қоңыр Әулие үңгірлері пайда болған.

Нақтылы өлшемдеріне тоқталмаған болсақ жіңішке дәліз бойынша кіргенде кеңейіп сала беретін үңгір бітісі сан алуан пішін ала отырып төменге беттей береді. Осы желі бойы бірде аспандап біткен шанырақты зал бойында екінші қабатты деңгейдегі қуысты альпинистік тәсілмен зерттеген азаматтар ол дәліздің өзі кісі тұрып, еңкейе жүретін ұзындығы 15 метр екеніне көз жеткізді. 100 метр төмен негізгі дәлізбен жүргенде жер асты көліне келіп тірелеміз. Су астының үңгірі жеке алып бөлме іспеттеліп келе 10x10 метр диаметріндегі қара түнек қақпасына тіреледі. Сол қақпа арқылы 36 метрге жуық сұңғу барысында 40 метрге дейін еркін жарық беретін фонарь ештеңені іле алмады, яғни жер

асты теңіздің ішіне анда санда істік-істік тастар алып айдаһар аузындай акваланг киімін жыртып кету қаупін төндіреді.

Бұл негізгі дәлізбен түсетін көлдің құпиясы үңгірдің бірінші бөлігіндегі бұл көлдің ұзындығы 25 метр де, ені 10 метр болады. Ал, екінші көл әзірге бұқараға беймәлім дәліз бойында орналасқан. Оған апаратын дәліз көпке белгісіз болу салдарынан аса таза және көлге тікелеу орналасқан. Ол көлдің суы да мөлдір ені 5 метр ұзындығы 35 метр.

2004 жылы Сергей Кистанов бастаған Қарағанды облысының «Қазақстанның үңгірлері» атты саяхатшылар клубының экспедициясы осы жерде екі жыл жұмыс жүргізді (№4 сурет). Экспедиция мүшелерінің жүргізген жұмыстарының нәтижесінде бергі көлден әрі өтіп екінші көлге қайықпен барған. Сапар шегу барысында көлден әрі жер асты көлі, содан теңіз басталатынын, үңгір камера болып жалғаса беретінін анықтады (№5 сурет). Үңгірдің үш камерасына дейін барып қайтқан, әрі қарай ауаның жоқ болуына байланысты зерттеуге мүмкіндік болмаған. Ешкім әлі көрмеген фототүсірілімдерінен жоғары қабаттағы үңгір сталактиттерін (грек «тамшылау» деген мағынаны білдіреді) көре аласыздар. Сталактит дегеніміз – су мен әктас тамшыларының бірігуінен пайда болған үңгір төбесіндегі құрылым. (№6-9 суреттер)

Өлкетанушыларының бастамасымен жүргізіле бастаған зерттеулер, республика көлеміне танылып Семей, Алматы, Қарағанды және Астана ғалымдарын қызықтырды. Қоңыр әулие үңгіріне жылдар бойы талай адамдар барса да, зерттелу деңгейін жоғары деп атауға келмейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл өңірдегі тасқа қашалған ескерткіштер де ғасырлар сырын шертеді. Шаған өзеніне жалғаса жатқан ақ таулардың біріндегі «Қоңыр әулие» үңгірі бүкіл Қазақстанға мәлім ғажайып үңгір. Шыңғыстаудың батысында Шаған өзенінің жағалауындағы Қоңыр Әулие үңгірі – қазақ даласында сирек кездесетін табиғат ескерткіші.

Абай облысында туризмнің барлық түрлерін дамытуға толық мүмкіндік бар. Туристер демалуына тамаша жерлер көп. Абай облысының сарқылмас табиғи емдік байлығы, химиялық құрамы әр алуан минералды бұлақ көздері, әр түрлі климаты мен әсерлі көрікті жерлері – жергілікті курорт, шипажай жүйесін дамытуға өте қолайлы. Қасиетті жерлерімен археологтарды да қызықтыратын жерлер де аз емес. Солардың бірі табиғат ескерткіші «Қоңыр Әулие» үңгірінің алар орны ерекше.

Жұмыстың ғылымилығы үңгір туралы тарихи анықтамаларды, аңыз-әңгімелерді саралай отырып спелеология ғылымы және туризм тұрғысынан алғаш рет кіріктіре отырып қарастырдық. Мұны ары қарай мемлекет тарапынан қолдаулар болып, осындай қазақтың қасиетті-киелі орындарын барша жұртқа мәлім ету.

Зерттеудің практикалық мәнділігі жалпы орта білім беретін мектептерде «өлкетану» атты таңдау курстарына жергілікті жердегі тау, қасиетті жерлер

туралы жүйелі теориялық материал ұсынылды. Үңгірдің пайда болуымен қатар, көл суының құрамын анықтадық.


Қазақ даласында жүздеген үңгір бар. Сол үңгірлерге байланысты жергілікті мекендерде көптеген аңыз-әңгімелер жеткілікті. Бірақ оны ешкім зерттеп жатқан жоқ. Осы орайда айтарымыз, елімізде спелеология ілімін дамытатын кез жетті. Енді ғана аты шыға бастаған «Қоңыр әулие» үңгірі қасиеттілігі, ішіндегі көл суының дертке шипа екені анық. Сондықтан бұл жерде сауықтыру кешенін салып, дертіне ем іздеп, тәу ететіндерге сапалы қызметті ұйымдастырса, туризмді дамытса жақсы болар еді. Егерде бұл сала жолға қойылса, спелеотуризм өз-өзінен өркендер еді.

Туризмнің бір бағыты «Қоңыр әулие» үңгірі болса...

Үңгірге барар жол



Тоқтамыс ауылы



Шаған өзені

«Қазақанның үңгірлері» Қарағанды облысының саяхатшылар клубының экспедициясы



С.Кистанов бастаған экспедиция



Көлге сапар шегу барысы


Көлдің арғы жағындағы үңгір көріністері.



Жоғарғы қабаттағы үңгір 15 метр.
үңгірдің сталактиттер

Көлдің арғы жағындағы

Үңгірдің ішке кірер аузы.



(Ешкім көрген жоқ алғашқы снимок)
теңіз басталады

Осыдан әрі жер асты көлі, содан

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Үйсiмбаев Б., Күмiсбекова Т. Шығыс Қазақстан облысының географиясы – Семей, 2000, 79-80 б.
2. Бейсенова А.А. Қазақстан табиғатының зерттелуі – Алматы: Қазақстан, 1978, 98-102 б.
3. Муртазин Ж.В. Шыңғыстағы жер су асты ресурстары – Алматы: Наука, 1978, 46-52 б.
4. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі / ред. Қойшыбаев Е. Алматы: Мектеп, 1985, 112 б.
5. Спелеология-үңгіртану. Астана айнасы. www.info_tses.kz.
6. Темірлан Баязит. Әлемдегі таңғажайып үңгірлер. www.aikyn.kz.
7. Ердаулетов С.Р. Туристік Қазақстан – Алматы: Қайнар, 1986, 26-30 б.

12. Қайыржан Төрежан. Шыңғыс ханның зираты – Шыңғыстауда. www.be1.kz.
13. Әли Секел. Шыңғысхан Қоңыр әулие көлінде ме? www.masa.kz.
14. Омаров А. Шыңғысхан Шыңғыстауда қыстаған ба?... //Абай этнографиялық
15. әдеби-көркем журналы, 2002, №1, 21-40 б.
16. Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер – Алматы:, 1981, 210-218 б.
17. Бөкейханов Ә. Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского
18. отдела Императорского русского географического Общества. Өлке тарихынан
19. анықтамалық құжаттар, 1907.
20. ҚР. ШҚО. Семей қаласының мемлекеттік тарихи мұрағаты. 2206-қор, 1-тізбе,
21. 116-іс, 19 б.
22. Оразалин К. Шежірелі Шыңғыстау // Абай этнографиялық әдеби-көркем
23. журналы, 1995, №3, 93-94 б.
24. Кемербаев Р. Құпиясы көп Қоңырәулие үңгірі // Семей таңы, 2011, №24. 3 б.
25. Қаймулдина К.Д. Шығыс Қазақстан облысының рекреациялық ресурстары
26. және оларды пайдалану // Таптым, Таптым! – Эврика, 2008, №6. 17 б.
27. Құнанбаев А. Шығ. толық жинағы – Алматы, 1961, 492 б.
28. Сейсенұлы Д. Шежірелі Шыңғыстау – Семей, СМПИ, 2004, 36-38 б, 61-62 б.

ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕРДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Мылқайдаров А.Т., Серік Н.Н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

АНДАТПА

Қазіргі географиялық білім жаһандық білім берудің бір бөлігі ретінде бүгінгі таңда география ғылымының басты назарында болып отырған және жаһандық әлемнің маңызды белгілері болып табылатын климаттың өзгеруі мен биоәртүрлілік, саяси, мәдени, әлеуметтік және діни қайшылықтар, экологиялық және демографиялық дағдарыстар сияқты мәселелерді қарастырады. Сондай-ақ, географиялық білім берудің міндеті - жер кеңістігін ұйымдастыру заңдылықтары туралы білімді ғана емес, сонымен қатар жергілікті және ғаламдық кеңістіктік өзара әрекеттесуді сыни тұрғыдан бағалауды үйрену болып табылатындықтан, Түркі елдерінің әрекеттесуінде бұл үлкен рөлді атқарады. Түркі елдерінің географиялық білім беру жүйесіндегі ерекшеліктері қандай және оларды дамыту үшін қандай әдістер қолданылуда? Осы сияқты бірқатар мәселелерді мақалада қарастыратын боламыз.

Кілт сөздер: География, түркі елдері, ынтымақтастық, инновациялық технологиялар, физикалық география, экономикалық география.

АННОТАЦИЯ

Современное географическое образование как часть глобального образования рассматривает такие вопросы, как изменение климата и биоразнообразие, политические, культурные, социальные и религиозные конфликты, экологические и демографические кризисы, которые сегодня находятся в центре внимания географии и являются важными особенностями глобального мира. Также, поскольку задача географического образования состоит не только в том, чтобы узнать о законах организации сухопутного пространства, но и научиться критически оценивать локальное и глобальное пространственное взаимодействие, оно играет большую роль во взаимодействии тюркских стран. Каковы особенности системы географического образования тюркских стран и какие методы используются для ее развития? Ряд таких вопросов мы рассмотрим в статье.

Ключевые слова: География, тюркские страны, сотрудничество, инновационные технологии, физическая география, экономическая география.

ABSTRACT

Modern geography education, as part of global education, addresses issues such as climate change and biodiversity, political, cultural, social and religious conflicts, environmental and demographic crises, which are the focus of geography today and are important features of the global world. Also, since the task of geographical education is not only to learn about the laws of organization of land space, but also to learn to critically evaluate local and global spatial interaction, it plays a big role in the interaction of Turkic countries. What are the features of

the geographical education system of the Turkic countries and what methods are used for its development? We will consider a number of such questions in the article.

Keywords: Geography, Turkic countries, cooperation, innovative technologies, physical geography, economic geography.

Географиялық білім – тұлғаны қалыптастырудың маңызды шарты. География іргелі ғылымдардың бірі ретінде орасан зор әлеуетке ие және әлемнің барлық алуан түрлілігіне қатысты мәселелердің кең ауқымын зерттеу мүмкіндігін ашады. Географиялық білім беру әрқашан, әрбір елде өте өзекті болған, болып келеді де. Соның ішінде біздің мемлекетіміз де халқының сауаттылығына аса мән береді. Кеңестік құрылым ыдырап, еліміз тәуелсіздік алған күннен бері білім беру саласына жіті көңіл бөлініп келе жатыр. Мақаламызда түбі бір түркі мемлекеттерінің тәуелсіздігін алғалы бері географиялық білім берудегі өзгерістері мен даму перспективасына тоқталатын боламыз.

Жалпы Түркі мемлекеттері деп біз Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғыз, Түрікменстан, Өзбекстан және Түркия елдерін қарастырамыз. Тәуелсіздік алған 33 жылдың ішінде бұл мемлекеттер ынтымақтастығын сақтап, ғылыми, саяси, экономикалық сияқты барлық салаларда серіктесіп келе жатыр [1].

Кеңес одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан мектеп географиясы бірқатар өзгерістерге ұшырады. Елдердің тәуелсіздік алуымен барлық ғылымдармен қатар географияны оқыту әдістемесін дамытып, жанартуға зор мүмкіндіктер ашылды. Мемлекеттердің Білім министрлігі, Ұлттық білім беру институты мамандарының, ғылыми қызметкерлердің, жоғары оқу орындарының ғалымдарының, сондай-ақ орта мектептердің тәжірибелі мұғалімдерінің қатысуымен жана мазмұн анықталып, мектеп географиясы курсының бағдарламалары әзірленді, солардың негізінде оқулықтар дайындалып шығарылды. Жалпы, атап өткен елдердегі географиялық білім беру үрдістері бірдей десек те болады. Орта мектеп бағдарламасындағы қарастырылатын мәселелер төркіні де ұқсас.

Барлық түркі елдерінде география курсы екі үлкен бөлімге бөлінген: «Физикалық география» және «Экономикалық география». Бұл бөлімдер өз кезегінде жеке бөлімшелерден тұрады.

Географиялық білім берудің мақсаты – қоғам дамуы мен қоршаған ортаға кері әсер ету тұрғысынан сыни тұрғыдан ойлауға, жағдайды бағалауға және өз қызметінің салдарын болжауға қабілетті, белсенді азаматтық ұстанымы бар сауатты жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы орайда Түркі елдеріндегі географиялық білім беру құрылымының мысалына тоқталайық.

Кесте 1. Қырғыз мемлекетіндегі 6-11 сыныптар арасында географиялық білім беру құрылымы [2].

6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып
Физикалық географияның бастапқы курсы	Материктер мен мұхиттардың географиясы	Қырғыз елінің физикалық географиясы	Қырғыз Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы	Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы. 1-бөлім.	Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы. 2-бөлім.

Сондай-ақ, Түрікменстанда географияны оқыту бастауыш мектептің 4-сыныбында «Жаратылыстану» курсынан басталады. Одан кейін 5-9 сыныптар аралығында тікелей география ретінде жалғасады. Мемлекеттік бағдарламада географиялық номенклатураның (географиялық атаулар мен терминдер) саны белгілі бір дәрежеде қысқартылып, оқушылардың ойлау, танымдық қабілеттерін дамытуға көңіл бөлінді. География курстарының оқу жоспары аясында Түрікменстанның физикалық және экономикалық географиясын оқыту бойынша оқу сағаттары ұлғайтылды. Ол 7-8 сынып аралығында жеке пән ретінде оқытылады. Сонымен қатар, 5,6,9 - сыныптарда Түрікменстанның табиғатын, экономикасының салаларын және олардың өзара байланысын зерттеу бойынша жекелеген тақырыптар берілген.

Түрікменстан мұғалімдері қолданатын географияны оқудың тиімді әдісі студенттерге нақты жағдайды (табиғи немесе жасанды күй) көрсету болып табылады. Осы мақсатта әртүрлі оқу құралдары мен оқу-әдістемелік кешен қолданылады (дұрысы фильмдер немесе телешоулар). Мүмкіндігінше географиялық нысандарды, оқиғаларды және басқа жағдайларды кеңірек және тереңірек түсіну үшін оқу турлары (экскурсиялар) ұйымдастырылады. Экскурсия кезінде оқушылар географиялық нысанның, оқиғаның немесе құбылыстың шынайы әлемін өз көздерімен көреді. Бұл іс-шаралардың барлығы мұғалімнің басшылығымен және оның қосымша түсіндірмелері негізінде ұйымдастырылса, тиімдірек және нәтижелі болады.

Ал Әзірбайжанда тәуелсіз даму кезеңінде әлеуметтік-мәдени салаға көп көңіл бөлінуде. Республика әлемде өз орнын іздеп, халықаралық қоғамдастықта оның тартымдылығын арттыру мәселесіне үлкен көңіл бөлуде. Осыған байланысты бірі географиялық пән болып табылатын интегралды мамандықтарды бітірушілерді кеңінен пайдаланудың маңызы зор. Географияның бірегейлігі - оның жаратылыстану және қоғамдық ғылымдарды біріктіруінде.

Айта кету керек, Әзірбайжанда географтарды дайындау ежелден келе жатқан дәстүрге ие, олардың алғашқы бітірулері (14 адамнан тұрады) 1923–1924 оқу жылында Әзірбайжан мемлекеттік педагогикалық институтының жаратылыстану-географиялық факультетінде өтті. 1934 жылы жаратылыстану-география факультеті география факультеті болып өзгертілді. Қазіргі уақытта Әзірбайжан педагогикалық университетінде (Педагогикалық институт базасында құрылған) екі географиялық кафедра – жалпы география және географияны оқыту әдістемесі жұмыс істейді.

Әзірбайжандағы география ғылымының негізгі орталығы - кең ауқымды профильді географтарды дайындайтын Баку мемлекеттік университеті. Алғашқы студенттерді қабылдау 1944 жылы болды. Қазіргі таңда университеттің география факультетінде 6

мамандандырылған кафедра жұмыс істейді және 5 мамандық бойынша мамандар даярланады. Оқыту әзірбайжан және орыс тілдерінде жүргізіледі [3].

Осы сияқты Түркі елдеріндегі географиялық білім беру жылдан-жылға тек жақсы жолда дамып келе жатқанын көре аламыз. Сонымен қатар, Түркі елдері өздерінің ынтымақтастықтарын дамытып, географиялық білім беруді оңтайландыру мақсатында Ташкентте географиялық кеңес құрған болатын. Оған қатысушылар климаттың өзгеруінің аймақтағы табиғи және әлеуметтік ортаға әсерін зерттеуді, геодезия және картография саласындағы зерттеулерді үйлестіруді, материалдық және материалдық емес мұра нысандарын зерттеуді, сондай-ақ географиядан халықаралық байқаулар өткізуді жоспарлап отыр.

Өзбекстан географиялық қоғамының басшысы Ойбек Норинбаев үш жыл мерзімге штаб-пәтері Ташкентте орналасқан бірлестіктің бас хатшысы болып сайланды.

Сондай-ақ, 2021 жылы Стамбұлда өткен Ғылыми кеңестің 4-ші отырысында Түркияның бастамасымен оқулық мәтіндерін бекіту бойынша сарапшылар жиналысы өтті, оның барысында сарапшылар «Жалпы түркі тарихы», «Түркі әдебиеті» және «Түркі әлемінің географиясы» оқулықтарының мәтіндерін мақұлдады. «Түркі әлемінің географиясы» оқулығының мазмұны жалпы түркі әлемінің географиялық бейнесін қалыптастыруға, түркілердің географиялық түсініктері мен идеяларын зерделеуге, сонымен қатар тәуелсіз түркі елдерінің географиясын зерттеуге бағытталған.

Жаңа бірлестіктің мақсаты – түркітілдес ғылыми-зерттеу институттары мен қоғамдық бірлестіктердің ынтымақтастығын тереңдету, өңірдің тарихи-мәдени мұрасын, сондай-ақ экологиялық күн тәртібі мен қоғамдық дипломатияны бірлесіп зерттеу. Географиялық кеңесті құрудың бастамашысы QazaqGeography Қазақстан республикалық қоғамдық бірлестігі болды. Бұл бауырлас елдердің білім саласындағы ынтымақтастығы басқа да салаларға өзінің жақсы ықпалын тигізеді деп ойлаймын [4].

Барлық Түркі елдеріндегі географиялық білім беруді дамыту үшін инновациялық, мультимедиялық технологияларды пайдалану қажет. Заманауи дәуірде заманауи технологияларды, яғни, әр сабақтарда компьютер, теледидар арқылы электронды оқулықтар мен презентацияларды пайдалану арқылы білім алушылардың ойда қалу дәрежесі 20 пайызға артады. Мәселен, біздің елімізде түрлі мультимедиялық технологиялар қолданылуда. Олардың артықшылықтарының бірі – географиялық мәліметтерді визуализациялау. Интерактивті карталар, 3D модельдер және анимациялар студенттерге күрделі географиялық түсініктерді жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, географиялық ақпараттық жүйелерді (ГАЗ) пайдалану кеңістіктік деректерді талдауға және визуализациялауға мүмкіндік береді, бұл сабақтарды тартымды және қолжетімді етеді.

Мультимедиялық ресурстар да оқытуды әртараптандыруға көмектеседі. Аудио және бейне материалдар, интерактивті әрекеттер және онлайн ресурстар студенттердің әртүрлі оқу мәнерлерін ескере отырып, әртүрлі оқыту әдістерін ұсынады. Бұл ақпаратты тереңірек меңгеруге ықпал етеді және студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандырады.

Сыныптың шекарасын кеңейту де маңызды аспект болып табылады. Виртуалды экскурсиялар, сарапшылармен вебинарлар және географтармен бейне сұхбат студенттерге өздері зерттейтін тақырыптарға және географиялық білімдерді нақты өмірде қолдануға кеңірек көзқарас алуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес «География» пәні «Жаратылыстану» білім беру саласына енгізілген негізгі орта және жалпы орта

мектептің білім деңгейінде міндетті оқу пәні болып табылатындықтан, оны дамыту, жаңа технологиялармен жетілдіре отырып үйрету - біздің міндетіміз екені анық.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Kerski, J.J. Geo-awareness, Geo-enablement, Geotechnologies, Citizen Science, and Storytelling: Geography on the World Stage // *Geography Compass*, . 2015. №9(1). P. 14-26. <https://doi.org/10.1111/gec3.12193>
2. Karolčík, Š., Čipková, E., Mázorová, H. Application of digital technologies in the geography teaching process from the teachers' perspective // *International Research in Geographical and Environmental Education*, 2016. №25(4). P.328-343. <https://doi.org/10.1080/10382046.2016.1207992>
3. Metoyer, S., Bednarz, R. Spatial Thinking Assists Geographic Thinking: Evidence from a Study Exploring the Effects of Geospatial Technology // *Journal of Geography*. 2017. №116(1). P. 20-33. <https://doi.org/10.1080/00221341.2016.1175495>
4. Масловская С. В. Современные технологии обучения: общая характеристика, особенности реализации – 2011г. [Электрондық ресурс]. URL http://www.orenipk.ru/kp/distant/ped/ped/tech.htm#_top

КАЗАХСТАН И РЕСТОРАНЫ НОВОГО ФОРМАТА НА ВЕЛИКОМ ШЕЛКОВОМ ПУТИ

Божымбаева М.С.

Жамбыл облысы, Тараз қаласы, № 46 орта мектебі директорының ғылыми-әдістемелік, ісі жөніндегі орынбасары, педагог-шебер, педагогика және психология магистрі

АННОТАЦИЯ

Казахстан стоит на Великом шелковом пути, по маршруту которого построена автомобильная трасса Западная Европа – Западный Китай. По этой автотрассе из года в год увеличивается пассажирской поток. Востребованным является обеспечение питанием на протяжении всей трассы.

Авторами предлагается проект ресторана с применением инновационных, зеленых технологий: использование солнечной энергии, безотходной технологии приготовления еды, самообеспечение чистой водой. В таком ресторане могут быть созданы уникальные условия для отдыха и единения с природой.

Климат Казахстана - резко континентальный, поэтому возможно использование инфракрасного излучения солнечных батарей. Панорама вокруг ресторана должна быть представлена уникальными природными ландшафтами. Внутреннее оформление ресторана должно отражать традиции и быт казахского народа, которые всегда бережно относились к природе. В зависимости от сезона интерьер ресторана будет меняться. Должны быть использованы экологически чистые продукты питания. Также предполагается организация экотуристических маршрутов в ближайшие горы. Все это позволит гостям получить полное представление о Казахстане, как стране с сохранившейся биосферой в Центральной Азии.

ABSTRACT

Kazakhstan stands on the Great Silk Road, on the route of which the highway Western Europe-China is built. From year to year, the passenger flow is increasing along this highway. The provision is required of food throughout the entire route. The authors propose a restaurant project using innovative green technologies: the use of solar energy, non-waste technology of cooking food, self-supply of clean water. In this restaurant, unique conditions for recreation and unity with nature can be created. The climate of Kazakhstan is sharply continental; therefore it is possible to use infrared radiation from solar batteries. The panorama around the restaurant should be represented by unique natural landscapes. The interior decoration of the restaurant should reflect the traditions and way of life of the Kazakh people, who always took care of nature. Depending on the season, the interior of the restaurant will change. Eco-friendly food should be used. It is also planned to organize

ecotourism routes to the nearest mountains. All this will allow guests to get a full picture of Kazakhstan as a country with a preserved biosphere in Central Asia.

Keywords: restaurant, green technologies, traditions, unique natural landscape, Great Silk Way, unique natural landscapes

1. ВВЕДЕНИЕ

В наше время Шелковый путь начинает свое возрождение на 25-м пленарном заседании совета иностранных инвесторов, было сказано следующее: «Казakhstan должен возродить свою историческую роль и стать крупнейшим деловым транзитным хабом Центрально-Азиатского региона, своеобразным мостом между Европой и Азией». По решению ЮНЕСКО о реализации международной программы «Великий Шелковый путь – путь диалога, взаимопонимания и сближения культур». Эта программа привлекает внимание мировой общественности и любителей путешествий к исторической роли и к самой магистрали Шелкового пути, давая толчок развитию туризма по местам древних караванных путей.

12 апреля 2017 года была опубликована статья Главы Государства Казахстана, направленная на модернизацию общественного сознания. Сохранить и приумножить духовные и культурные ценности – вот основная цель работы по программной статье президента «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Курс в будущее: духовное обновление»). На пути модернизации нам стоит вспомнить навыки предков. Прагматизм означает точное знание своих национальных и личных ресурсов, их экономное расходование, умение планировать свое будущее.

Основываясь на опубликованную статью быстрым темпом, развивается экологический туризм Казахстана. Так в Таразе 11 ноября в рамках программы «Рухани қазына» впервые стартовал четырехдневный международный форум «Ancient Taraz-2017», целью которого является развитие потенциала туристической отрасли Жамбылской области. Организатором грандиозного мероприятия является управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития акимата Жамбылской области. В первые два дня в рамках форума для приглашенных китайских и казахстанских туроператоров, которые в дальнейшем смогут привлечь в нашу область туристов, были организованы информационные туры с целью ознакомления с уникальными местами нашей области и городом Таразом. Им показаны значимые достопримечательности нашей области: природные заповедники, археологические раскопки, исторические музеи, предложена национальная кухня. 12 ноября в рамках туристического форума прошла выставка ручной работы жамбылских, узбекских и кыргызских ремесленников. К организации форума привлечена Казахстанская туристическая ассоциация с многолетним стажем работы в туристической сфере. По словам менеджера Казахстанской туристической ассоциации Шакиры Адильбековой, в Казахстане туристический форум еще никогда не проводился, его первым организатором стал именно Тараз. (СМИ Жамбыл-Тараз № 46 (1386) 15 ноября 2017 года).

2. ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ

2.1 Экологический туризм в Казахстане

Экологический туризм в настоящее время является приоритетной отраслью и способствует устойчивому развитию экономики. Анализ туристского рынка Казахстана, проведенный Казахстанской Туристской Ассоциацией (КТА) и экспертами компании IPK показал, что Казахстан обладает огромным потенциалом нетронутой природы с большим количеством национальных парков и заповедников, а также выдающимся культурным наследием. Исследования, проведенные в европейских странах (Германии, Великобритании, Франции, Южной Кореи и Японии) показали, что среди иностранцев присутствует высокая заинтересованность в экологических турах в Казахстан.

Казахстан можно сравнить с туристским бриллиантом, имеющим великолепные туристские возможности и ждущим с нетерпением дальнейших изменений для создания мировой конкурентоспособности. Сегодня Казахстан предлагает специализированные, экстремальные туры, а также туры по Шелковому Пути в комбинации с другими странами. Но существующие турпродукты не пользуются высоким спросом и не являются перспективными. Перспективный турпродукт должен быть сконцентрирован на качественном предоставлении услуг внутри страны.

Казахстан имеет два турпродукта, которые обладают потенциалом для будущего развития: это «бизнес туризм» и «экологический туризм».

Как свидетельствует статистика и реальное положение дел, большинство иностранцев сегодня посещают нашу страну с деловой целью.

Основным турпродуктом Казахстана является экологический туризм. Он занимает самую лучшую позицию на мировом рынке туризма и должен являться одним из ключевых для развития в Казахстане. Для этого мы предлагаем наши природные ресурсы, удивительные по своей красоте нетронутые ландшафты. Однако, экотуризм пока не является приоритетом для государственной туристской политики. Этот вид туризма, который несет ярко выраженный социальный аспект, не выделен ни в одном стратегическом государственном документе. КТА, представляя интересы туристского рынка, однозначно понимает, что экотуризм может приносить доходы как в бюджет страны, так и туристскому рынку. КТА провела предварительный анализ по оценке потенциала для развития экотуризма в Казахстане. По результатам проделанной работы стало ясно, что экотуризм нуждается в развитии и пристальном внимании. Причем, каждый регион республики обладает уникальными природными ресурсами для развития экотуризма (таблица 1).

Таблица 1: Виды туризма по регионам Казахстана

Виды туризма по регионам	Южный Казахстан	Северный Казахстан	Центральный Казахстан	Восточный Казахстан	Западный Казахстан
Виды туризма					
Экологический	+	+	+	+	+
Экскурсионный	+	+	+	+	+
Горный	+			+	
Лыжный		+			
Пеший	+	+			+
Водный			+		+
Познавательный				+	
Исторический	+		+		+
Паломнический	+				+
Велосипедный	+				
Спелеологический			+		

Мы стараемся удовлетворять спрос на растущий сегмент туристского рынка - экотуризм. Чтобы соответствовать требованиям рынка, разработаны такие формы проживания, где туристы могут познакомиться с местными традициями и культурой, насладиться пребыванием вблизи природоохранных зон. Туристам, посещающим регионы, предоставляются традиционные блюда, которые отвечают минимальным стандартам качества, безопасности, гигиены, комфорта и являются экологически чистыми. Туристы имеют доступ к уникальной, дикой природе и биоразнообразию национальных парков и заповедников и могут почувствовать национальный колорит Казахстана. (Современное состояние экологического туризма в Казахстане. <http://www.almaty-info.net/762>)

Ключом к успеху является гибкость экотуристского пакета. Пакет путешествий формируется по запросам клиента с поездкой в различные регионы с культурой. Чтобы они не выбирали: конные прогулки по горам, отдых на пляже или рафтинг, всегда есть варианты туров различной длительности.

Достижение цели стать узнаваемыми и востребованными по экотурпродукту в Казахстане возможно через:

- отбор, определение и создание лучшего экотурпродукта;
- помощь в разработке качественного продукта путем четко продуманных тренингов и обмена опытом;
- эффективное обеспечение достоверной информацией через процесс, нацеленный на клиентов;
- эффективное развитие туризма в гармонии с природой;
- системную работу со всеми партнерами;
- собственное развитие, результатом которого будут лучшие тренеры, партнеры, профессионалы.

В настоящее время известно 35 задокументированных турецких языков. Общее число говорящих на тюркских языках составляет около 180 миллионов человек, а с учетом всех тех, для кого тюркские языки являются вторыми языками, научно подтверждено, что в общей сложности они говорят на двухстах миллионах языков. В современных турецких языках используются разные алфавиты: арабский алфавит, кириллица и латинский алфавит. Статистика свидетельствует о том, что тюркоязычные народы расселились по всей Земле. В связи с усилением миграции тюркоязычные народы также увеличились в Америке, хотя основным распространением тюркских языков считается евразийский континент. Все тюркские языки имеют общие черты, это гармония гласных, сингармонизм. Все эти языки агглютинативны, что означает, что у них есть морфемы, которые последовательно присоединяются друг к другу, обычно в постпозиции (после корня). [2, 95].

Универсальным для всех тюркских языков является прямой порядок слов: подлежащее, объект, глагол ("я читаю книгу"). Все языки характеризуются отсутствием грамматической категории рода, а также наличием нулевого подлежащего, что означает, что в предложении можно опустить подлежащее; поскольку в сказуемом есть маркеры, грамматическое значение легко распознать; кроме того, нет артиклей и классов существительных. В целом турецкие языки очень похожи. По сравнению с индоевропейскими языками они в некоторой степени очень консервативны, а это означает, что если вы посмотрите на тексты старых кыпчакских надписей или орхоно - енисейских надписей, произношение сильно изменится, в отличие от староанглийского, где многое узнаваемо. Например, в английском языке был большой сдвиг гласных, а в турецком ничего подобного не было.

Что касается **истории тюркских языков**, считается, что прототюркский язык возник 2500 лет назад на территории Западного Китая и современной Монголии. Вот откуда этот язык распространился. У нас нет ранних письменных источников, но если мы посмотрим на когнаты и сравним языки, можно предположить, что тюркский и протомонгольский языки долгое время находились в очень тесном языковом контакте. Из истории мы знаем, что прото-тюрки и прото-монголы жили на одной территории, существовали какие-то общие племенные союзы. Эти племенные объединения объединялись, разделялись, сближались и разделялись в течение длительного времени. [1,78]. Поскольку обе культуры были кочевниками, было много общих культурных моментов, особенно тунгусов. Свидетельство этой взаимосвязи – языковой связи между древнетюркскими и древними монголами-мы видим в количестве заимствованных слов в тюркских и монгольских языках. Таких заимствований очень много но в этом языковом Союзе, турецкий язык считается доминирующим, потому что, например, вы можете найти тюркские слова в Тунгусском языке, но эти тюркские слова пришли через монгольский язык. Другими словами, в тунгусских языках нет общих слов из тюркских языков. Таким образом определяется доминирование языков. В монгольском языке очень много тюркских слов, таких как "Алтын" – золото, "темир" – железо, "Арстан" – лев и т. д.

Позже, когда мы с вами поговорим о классификации языков, эта концепция языковой коммуникации будет иметь решающее значение, поскольку трудно определить, являются ли языки родственными или языки похожи – результат языковой коммуникации. Например, вы можете найти много особенностей тюркских языков в финно-угорских языках, таких как венгерский. Всегда возникает вопрос: "все ли эти языки связаны друг с другом или они являются элементами языковой коммуникации?" Споры все еще ведутся, и спор еще не разрешен, а это означает, что у нас еще нет объяснения. [6,205].

Тюркские языки возникли 2500 лет назад в Центральной Азии, на территории современной Монголии и Западного Китая. Как бы мы это ни называли, оттуда они распространились на восток-холм. Произошло расширение тюркских языков и увеличение числа тюркоязычных или турецких миграций. Тюркские племена имели сильную конницу, сильную кочевую цивилизацию. Они колонизировали Центральную Азию, Восточную Европу и Средний Восток. Центральная Азия была тюркоязычной, отсюда несколько позже сельджукская династия достигла Анатолии-на территории современной Турции возникли турецкие поселения. Опять же, были разные военные союзы, племена объединялись и разделялись, но в конечном итоге объединились на территории Центральной Азии, чтобы сформировать государства и национальные языки, которыми они являются сегодня. Это кыргызский, узбекский, казахский и другие языки. Для тюркских языков, особенно центральноазиатских, характерен очень высокий уровень взаимопонимания. [3,84].

Многие лингвисты говорят о диалектном континууме, когда говорят о тюркском языке, языке центральноазиатского региона. Здесь возникает вопрос, Является ли каждый из этих языков отдельным языком или диалектом? Очень спорный вопрос, так как полное языковое взаимопонимание между кыргызами и казахами в приграничной зоне сохраняется на принципах взаимопонимания между узбеками и кыргызами. Конечно, вы можете спросить: "это отдельные языки или диалекты?" Лингвистически можно сказать, что они диалекты. "Что такое язык и что такое диалекты?- лингвистические особенности не являются наиболее важными для того, чтобы язык можно было рассматривать как отдельный язык. Часто для самоопределения языка служат различные политические причины, в том числе политические границы, и наши среднеазиатские языки являются прекрасным примером языкового разделения. Что касается письменности, долгое время считалось, что в тюркских языках нет особой письменности, но мы находим все больше и больше свидетельств того, что нет, письменность была очень древней.

Орхоноесейская письменность сохранилась, по-видимому, существуют различные источники, доказывающие, что орхоно-енисейская письменность была литературным языком Тюркского каганата с 552 по 603 год. Руническое письмо-это письмо алфавитного типа, в котором было 38 букв и словесных символов, что делало его очень читабельным. Говорят, что это на востоке. До этого существовала стандартизированная система образно-стилистических средств, и этот письменный язык носил какой-то супрадиалектный характер.

Можно с уверенностью сказать, что он почти полностью полагался на турецкий словарный запас. Тюркские племена находились в тесном языковом контакте друг с другом. [5,85].

Однако по лексическому составу было меньше заимствований из других языков. Скажем наоборот, с английского. Как сформировался английский язык под влиянием разных языков? Это связано с кельтским влиянием и латинским влиянием, французским и скандинавским влиянием и т. д. Есть так много письменных памятных вещей, и один из самых интересных сувениров-это надпись на серебряной пластине. Его нашли в Казахстане, на Иссык-Куле, рядом с золотым человеком. На обломках керамики также есть отдельные знаки горячего письма. Мы знаем, что это письмо состоит из 26 символов. Очень напоминает орхоно-уулсейские надписи. Это может быть алфавитная запись количества символов. Но пока эти надписи не удалось расшифровать, помимо рунических надписей, на которые ученые часто ссылаются при анализе древнетюркских языков, есть два очень интересных письменных источника. Один из них-знаменитый словарь турецкого языка, написанный Махмудом Кашгари в IX веке, а другой-кодекс куманика, написанный в V веке нашей эры, и справочник для миссионеров, посещавших эту область, и торговцев, которые здесь торговали. Они также пытались принести католицизм. В кодексе Куманик тексты можно найти на кыпчакском и латинском языках. С исторической точки зрения они имеют большое значение, текст узнаваем, если сравнивать некоторые тексты на кыпчакском языке с современным кыргызским языком, то отмечать несомненные сходства, т.как язык не сильно изменился. Что-то в фонетической системе, в фонологической системе нашего языка, позволяет ему не сильно меняться, он не так близок к языковым изменениям. [2,90].

Еще одна письменность, известная как чагатайский язык, может быть произнесена. Это средневековый среднеазиатский тюркский письменный литературный язык. Он достиг своей идентичности, был стандартом. Классический язык сформировался уже во второй половине жизни поэта-писателя. Произведения на чагатайском языке широко читались тюркоязычными народами от Босфора до Алтая и Индии. Люди могли читать эти тексты из-за высокой степени взаимопонимания между тюркскими языками. Чагатайский язык впитал в себя различные формы различных диалектов. Необходимо сказать, что он был в некоторой степени супрадиалектом. Чагатайский язык использовался в качестве литературного языка до перевода на узбекский в советское время. До этого времени многие люди писали на чагатайском языке. [4,54].

Как характерно формирование тюркских языков: это произошло под влиянием миграции людей и очень высокого уровня языковых контактов; из-за этого языки очень похожи, сходство между ними является генеалогическим сходством, поскольку они происходят из одного источника, а также сходство является результатом наиболее тесных языковых контактов. Существует множество классификаций тюркских языков. Одним из самых известных и старейших, безусловно, является классификация Махмуда Кашгари, о которой мы упоминали ранее,- "словарь турецких наречий". В ней он приводит первую

классификацию и выделяет тюркский, туркменский, Огузский, чигильский, Осинский, казахский языки. Это одна из старейших классификаций. Что касается современной классификации, существуют разные варианты, основанные на разных классификационных базах.

Существуют классификации, которые классифицируют турецкие языки в зависимости от их фонетических особенностей, например, наличие или отсутствие звука "й", одной из характерных черт которого является. [7,80]. Существует также классификация, основанная на лексических и грамматических характеристиках. Основная классификация, которая существует сегодня, основана на **географических особенностях** (ареале распространения) тюркских языков. Существует также классификация, основанная на **исторических особенностях**, и она носит хронологический характер, то есть тюркские языки делятся на группы в зависимости от периода их происхождения. Что касается общей классификации тюркских языков, то обычно выделяют языки рунических надписей, Горно-Алтайские языки, которые иногда также называют Центрально-восточными языками, выделяют также языки Юго-Восточной или карлукской группы. Это включает карлукско-уйгурский и карлукско-Хорезмийский языки. Северо-западной особенностью являются кыпчакские языки, являющиеся казахским языком. Отличается от юго-западные языки, также известные как огузские.

Есть также северо-восточные языки. Тем не менее, нет однозначного ответа на вопрос, все ли эти языки принадлежат к одной группе. Например, Саянский, табасаранский, Хакасский и якутский языки. Они члены одной группы? Или это отдельные языки отдельной ветви? [5,79]. Тюркским языкам сегодня, как мы их знаем, тридцать пять. Большинство из них являются национальными языками независимых государств. Многие из этих языков полностью сформировались и приобрели статус постсоветских языков; когда в начале 1920-х годов была проведена политика коренизации, многие из этих языков приобрели письменность, литературные формы языков и т. д. возникновение. Многие языки являются письменными, и носители этих языков обладают высокой грамотностью. [2,65].

Тюркские языки и проблема компаративистики в других странах, таких как Иран, Афганистан и Китай. Поскольку языковая политика изменилась в современном Китае, уйгурский и казахский языки меняются языками. Особенно большая часть казахской диаспоры. Потому что он может изменить свой язык, что его меньше по сравнению с уйгурским. Мы наблюдаем активные процессы, поскольку молодые люди больше не изучают казахский язык, и многие из них не говорят и не говорят на повседневном казахском языке, в то время как доказательства на земле подтверждают, что их основным языком является китайский. [1,105].

Семья тюркских языков-родственные языки. Считается, что они принадлежат к Алтайской макросемье. Эти языки также распространены в Азии и Восточной Европе. В одном месте 35 языков, и многие языки имеют письменную традицию. С другой стороны, в связи с высоким уровнем миграции и стабильными языковыми контактами вопрос классификации тюркских языков

стоит очень остро. Мы не знаем, куда мы возьмем некоторые тюркские языки, является ли сходство языков результатом их родства, общего происхождения или результатом языкового контакта. К сожалению, сегодня многие тюркские языки находятся на грани исчезновения. [4,55].

Тюркские языки относятся к семейству языков, распространенных в Азии и Восточной Европе. Ареал распространения тюркских языков простирается от бассейна реки Колымы на северо-востоке до восточного побережья Средиземного моря на юго-западе. Общее количество говорящих - более 195 миллионов человек. Классификация тюркских языков-известная проблема компаративистики, заключающаяся в возможности детального членства в тюркской языковой семье. Существует множество вариантов классификации, основанных на различных соотношениях классификационных признаков, таких как фонетические, грамматические и лексические особенности, географические и исторические критерии.

Дыбо А.В. исследование двух наборов из ста словарей и установление относительной хронологии генеалогических знамен тюркских языков на основе лексико-статистических данных показали, что начало распада пратюркского языка связано с отделением чувашского языка от других языков и определяется как отделение болгарской группы [2]. В обоих генеалогических древах соответствующий первый узел датируется 301 годом до нашей эры. Дыбо связывает эту дату с переселением в 56 г. до н. э. из Западной Монголии на запад, через Северный Сынцзыан в Южный Казахстан, в Сырдарью. [8,65].

Итальянский историк и филолог Игорь де рахевильц отмечает очень сильное отличие чувашского языка (и в меньшей степени халаджского) от других тюркских языков. Фактически, турецкий, если возможно, можно выделить все известные в настоящее время идиомы:

- * языки рунических надписей;
- * Горно-Алтайские (Центрально-восточные) языки;
- * Карлукские языки-Карлукско-Уйгурский и Карлукско-Хорезмийский языки;
- * кыпчакские языки;
- * Огузские языки;
- * Саянские (тобасские) языки;
- * хакасские (кыргызские) языки;
- * якутские языки.
- * болгарские языки

Центрально-восточные языки имеют существенное сходство с кыпчакским и хакасским языками одновременно, что не позволяет однозначно отнести их к первой или второй группе соответственно, хакасские языки также очень похожи на кыпчакские; законность объединения карлукско-Уйгурского и карлукско-хорезмийского языков (Баскская терминология) не признана. Неизвестный арабский писатель века Ат-Тухфа аз-Закия собрал 3000 словарей с

грамматическим очерком фи-ль-лугат ат-Турки. Материалы книги содержат сведения о кыпчакских языках, а также о туркменском, татарском и карлукском языках.

Сторонники гипотез дальнего родства считают, что тюркские языки являются частью алтайской семьи. Включение в алтайскую семью не признается большинством специалистов и является предметом научных споров. [8,99]. А в письменной форме современные турецкие языки в основном используют латинский, кириллицу и арабский алфавит. Письменность на основе латинского алфавита используется в Турции на турецком языке, в Азербайджане на азербайджанском языке, в Узбекистане на узбекском языке, в Туркменистане на туркменском языке, в Каракалпакстане на Каракалпакском языке, в Гагаузии на гагаузском языке. Также планируется использование кыргызского языка в Кыргызстане. Письменность на основе кириллицы используется в Кыргызстане на кыргызском языке и тюркских языках народов России. Известно, что арабская графика используется в уйгурском языке и других тюркских языках китайцев, проживающих в основном в Синьцзян-Уйгурском автономном районе, а также у тюрков, проживающих в мусульманских странах Ирана, Ирака и Сирии. [1,208].

ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА

1. Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков / Н. А. Баскаков. — Изд. 2-е. — М.: Высшая школа, 1969. — 384 с. (1-е изд., 1962)
2. Баскаков Н. А. Алтайская семья языков и её изучение / Н. А. М.: Академия, 2014. — С. 766.
3. Дыбо А. В. Хронология тюркских языков и лингвистические контакты ранних тюрков. — М.: Академия, 2014. — С. 766.
5. Тенишев Э. Р. «Материалы по татарской диалектологии»: Вопросы диалектологии тюркских языков: Баку, 1966. ч.4, стр.217
6. Гаджиева Н. З. Тюркские языки // Лингвистический энциклопедический словарь. — М.: Советская Энциклопедия, 1990. — С. 527—529. — 685 с. — ISBN 5-85270-031-2.
7. Мусаев К. М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении: / Институт языкознания АН СССР. — М.: Наука, 1975. — 360 с. — 1500 экз.
8. Мусаев К. М. Лексикология тюркских языков. М., 1994.

МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП БЕЙНЕСАБАҚТАР МЕН ОНЛАЙН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ДАЙЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оналбаева Ш.Б.

Түркістан облысы Ордабасы аудандық білім бөлімінің әдіскері

АНДАТПА

Бұл мақалада білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында мектеп географиясын қашықтықтан оқыту жағдайында сандық технологияларды пайдаланып, бейне сабақтар мен онлайн тест тапсырмаларын дайындау жолдары қарастырылған. 2021-2023 жылдар аралығында жүргізілген зерттеудер барысында жинақталған мәліметтерге жасалған талдаулар жеке кабинет форматында дайындалған электронды білім беру ресурсының білім алушылардың өз бетімен білім алуын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін қалыптастыруы және жиынтық бағалауда маңызы зор екенін көрсетті. Бірінші кезеңде білім алушылардың көзбен көріп шолу, есту арқылы өз беттерімен білім алуларын қамтамасыз ету үшін Bandicam, oCam бағдарламалармен бейне сабақтар дайындап YouTube арнасына енгізілді.

Екінші кезеңінде білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін қалыптастырушы, бөлімді және тоқсандық жиынтық бағалауды қамтамасыз ету үшін Google формы, Online Test Pad бағдарламаларымен әр тақырыптың мазмұнын ашатын бір, көп және сәйкестендіру тестері дайындалып талданды.

Кілт сөздер: Бейне сабақ, оқыту құралы, Google форм, Online Test Pad, Bandicam, oCam, бағдарлама.

Ақпараттық қоғамның, Цифрлы Қазақстан мемлекеттік бағдарламасының, мемлекеттік жалпы міндетті білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес білім алушылардың өз бетімен білім алуын, оқу жетістіктерінің нәтижелерін қалыптастырушы және жиынтық бағалауда мәтін, бейне дәріс, сарамандық жұмыстары және бағалау құралдары бар электронды білім беру құралының маңызы зор [1, 55 б.].

2021-2023 жылдар аралығында жүргізілген зерттеудер барысында жинақталған мәліметтерге жасалған талдаулар жеке кабинет форматында дайындалған электронды білім беру ресурсының білім алушылардың өз бетімен білім алуын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін қалыптастыруы және жиынтық бағалауда маңызы зор екенін көрсетті.

Сондықтан біз білім алушыларды қашықтықтан оқытудың талаптарына сәйкес 11 сыныпта оқытылатын білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясынан тақырыптың мәтіні бейнесабақтар, сарамандық жұмыстар және білім алушылардың

оқу жетістіктерінің нәтижелерін жиынтық бағалау құралдары бар электронды білім беру ресурстарын дайындадық.

Бірінші кезеңде білім алушылардың көзбен көріп шолу, есту арқылы өз беттерімен білім алуларын қамтамасыз ету үшін Bandicam, oCam бағдарламалармен бейне сабақтар дайындап YouTube арнасына енгізілді.

Екінші кезеңінде білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін қалыптастырушы, бөлімді және тоқсандық жиынтық бағалауды қамтамасыз ету үшін Google формы, Online Test Pad бағдарламаларымен әр тақырыптың мазмұнын ашатын бір, көп және сәйкестендіру тестері дайындалды [2, 145 б.]

11 сыныпта оқытылатын білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясының негізгі бөлімдерін жеке тақырыптарынына дайындалатын бейнесабақтардың мазмұнын ашу үшін интербелсенді электронды білім беру ресурстарын қолдану қажет. Білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып өз беттерімен білім алуын ұйымдастыру үшін өзекті деңгейлік және шығармашылық тапсырмалар дайындауға баса назар аудару керек.

2021-2023 жылдар аралығында 11 сыныпта оқытылатын мектеп географиясын қашықтықтан оқыту талаптарына сәйкес электронды білім беру ресурстарын құру барысында жинақталған мәліметтерге жасалған талдаулар бейне сабақтар дайындау бейне сабақтарды дайындау бірінен бірі туындайтын бір-бірімен өзара байланысқа бірнеше кезеңдерден тұратынын көрсетті.

Дайындық кезеңінде әр бөлімнің жеке тақырыптарының оқу мақсаттарына сәйкес негізгі түсініктерді, тақырыптың мазмұнын ашатын интербелсенді оқыту құралдары, мұғалімнің аудиожазбасы мен тақырыптың мәтін дайындалады.

Екінші кезеңде тақырыптың мазмұнын ашу үшін 10-11 сынып білім алушыларының жас ерекшеліктері мен қабылдау және есте сақтау қабілеттерін ескеріп, бейне сабақ дайындалады. Бұл кезеңде мұғалім білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыратын төмендегі оқы- танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыруға баса назар аудару керек:

Біріншіден, тақырыптың мазмұнын толық ашу үшін мұғалім сабақты жеке тақырыпшаларға бөлініп, деңгейлік сұрақтар мен тапсырмалар дайындап оқу материалын құрылымық бөліктерге бөлуі тиіс;

Екіншішіден, білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыруға мүмкіндік беретін оқыту құралдарын, өзекті және шығармашылық тапсырмаларды немесе тақырыптың мазмұнын ашатын электронды білім беру ресурстарын көрсететін орындарды айқындайды.


- бейнесабақта тақырыпты оқу мақсаттарына сәйкес түсіндіру үшін мәтін толық немесе сөйлеу жоспарының қысқа нұсқасын жасайды.

Үшінші кезеңде бейне сабақты дайындау барысында білім алушылардың көзбен көріп шолу дағдыларын қалыптастыру үшін тақырыптың мазмұнын ашатын негізгі ақпараттарды іріктеп жүйелейді. Дайындалған электронды оқыту құралдары мен қысқартылған мәтін күрделі картографиялық, геоэкологиялық, геоэкономикалық, саяси географиялық түсіндірді білім алу- шылардың жетік

меңгеруге және танымдық қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік беруі тиіс. Төртінші кезеңде танымдық маңызы зор «әлеуметтік-экономикалық және үрдістер процестер мен құбылыстардың қалыптасу заңдылықтарын ашуға арналған интербелсенді электронды білім беру ресурстар. Оларды дыбыстау үшін заманауи сапалы hure SM7B және

Neumann TLM 103 тұрпатты микрофондарды пайдалану қажет [3, 125 б.].

Бесінші кезеңде Bandicam, оCam бағдарламаларымен білім алушылардың қызығушылығын арттыратын 10-15 минуттан аспайтын, интербелсенді электронды білім беру ресурстарын пайдаланып, компьютер экранын толық немесе жартылай қамтитын бейнесабақ жазылады (1-сурет).



Сурет 1. Компьютер экранын толық қамтитын Bandicam, оCam бағдарламасын пайдаланып бейнесабақ жазу әдістері

Қолдануы жеңіл, дыбысы сапалы компьютер экранын толық немесе жартылай қамтып, өз бейнеңді қоса алатын бағдарламалардың бірі Bandicam. Оны компьютерге жеңіл жүктеп оқу үрдісінде тиімді пайдалануға болады.

Білім мазмұны жаңартылған 10-11 сынып географиясын оқыту барысында әр тақырып- тың оқу мақсаттарына сәйкес бейнесабақтарды көрсету барысында білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыратын өзекті сұрақтар мен шығармашылық тапсырмалар ұсынудың маңызы зор. Атап айтсақ, «Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімінің «Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерінің мониторингі» тақырыбын өту барысында үлгілік оқу бағдарламасының 11.3.2.2 оқу мақсатына сәйкес қоршаған орта сапасының негізгі көрсеткіш- терін, табиғи ортаның атмосфера ауасының, топырақтың судың және тағамның сапасының нор- маларын анықтап оларды жіктеуге мүмкіндік беретін нақты мәліметтер ұсыну қажет [4, 178 б.].

Білім алушылардың көзбен көріп шолу дағдыларын қалыптастырышкері байланыс орнату үшін тақырыптың мазмұныын ашып төмеде көрсетілген сызба- нұсқаны ұсынуға болады (2-сурет).

Табиғи ортаның сапа нормалары			
Шаруашылық- өндірістік	Санитарлық- гигиеналық	Уақытша	Экологиялық
Рекреациялық	Гигиеналық	Уақытша- технологиялық	Экологиялық- қорғаныштық
Қала құрылысы	Санитарлық- қорғау	Гигиеналыққа жақын	Экологиялық- гигиеналық
Технологиялық	Экологиялық салмақтың жоғарғы шегі		

Сурет 2. Табиғи орта сапасының нормативтерінің негізгі түрлері

Білім алушылардың талдау жинақтау, бағалау дағдыларын қалыптастыру үшін 2- суретте көрсетілген табиғи орта сапасының нормаларын өз беттерімен анықтауды көздейтін төмендегі өзекті сұрақтар мен шығармашылық тапсырмаларды берген тиімді.

Тапсырма. 2-суретті, тақырыптың мәтінін, қосымша білім көздерін талдау табиғи орта нормаларының негізгі түрлерін, олардың табиғи ортаның тепе-теңдігін сақтаудың маңызын сипаттаңдар.

Тапсырма. 3-суретті, қосымша білім көздерін талдау негізінде атмосфералық ауаның, судың, топырақтың және тағамның сапа нормаларын анықтап оларды сақтаудың маңызын анықта (3-сурет).

Бейнесабқты тыңдау барысында берілген тапсырмаларды орындауды білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттырумен қатар, өз бетімен білім алуын, қажетті ақпараттарды іздеу, оларды талдап, жинақтап өз ой қорытындыларын шығару дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Сапа нормативтері	Ауа атмосферасы	Жұмыс аймағындағы зиянды заттардың ауадағы мөлшері
	Су	Шаруашылық, ащы су және тұрмыстық пайдалануға берілетін судағы ШРК (Балық шаруашылығы дамыған су айдындарымен)
	Топырақ	Топырақтың жырту қабатындағы зиянды заттардың ШРК (нормаға сәйкес келетін)
	Тамақ өнімдері	Тамақ өнімдеріндегі ШРК (нормаға сәйкес келетін)

Сурет 3. Атмосфералық ауаның, судың, топырақтың және тағамның сапа нормалары

Жоғарыда аталған тапсырмаларды орындағаннан кейін білім алушыларға шекті рұқсат етілген концентрация түсініктерінің мәнін ашып оның негізгі түрлерін, шектен аспауын қадағалаудың табиғи ортаның тепе-теңдігі мен адамның денсаулығын сақтаудағы маңызын ашу қажет [5, 135 б.].

Жұмыс аймағындағы шекті рұқсат етілген концентрация (ШРК жо), жұмыс аймағындағы ауадағы зиянды заттардың орташа тәуліктік күнделікті шекті рұқсат етілетін концентрация (ШРК от), судағы зиянды заттардың максималды концентрациясы (ШРК с), судағы балыққа әсер ететін зиянды заттардың шекті концентрациясы (ШРК сб), адамның денсаулығына, топырақтың құнарлылығына, оның өзін-өзі тазалау қабілетіне дақылдарда зиянды заттар жиналуына кері ісер


етпейтін топырақ қабатындағы зиянды заттардың шоғырлануы (ШРК т), азық-түліктегі зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШРК ат) түсініктерінің мәнін, ШРК сақтаудың маңызын ашып, білім алушыларға экологиялық тәрбие беруге баса назар аудару қажет. Кері байланыс орнатып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін төмендегі тапсырманы берген тиімді [6; 7, 118, 127 б.б.] (1-кесте).

Кесте 1. Ауадағы зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы

Ластайтын зиянды заттар	Формуласы	Шекті рұқсат етілген концентрация, мг/м ³		Қауіптілік сыныбы
		Максималды бір реттік	Орташа тәуліктік	
Көмір қышқыл газы	CO ₂	3	1	4
Азоттың қос тотығы	NO ₂	0.085	0.085	2
Улы емес шаң	-	0.5	0.15	3
Күкіртті газ	SO ₂	0.5	0.05	3
Күкірт сутек	H ₂ S	0,008	0,008	2
Күйе	C	0,15	0,05	3
Қорғасынды қосылыстар	Pb		0.0007	1
Хлор	Cl ₂	0,1	0,3	2

Тапсырма. 1-кестедегі мәліметтерді талдау негізінде 1м³ ауадағы азоттың қос тотығының, күкірт сутектің, күкіртті газдың, хлордың, көмір қышқыл газы максималды бір реттік және орташа тәуліктік концентрациясын анықтап, сол шектен асқан жағдайдағы қоршаған ортаға, адам денсаулығына тигізетін кері әсерін дәлелде.

Бейне сабақты жазу барысында Қазақстан Республикасының ұлттық гидрометеорология қызметінің kazhydromet.kz/ru/interactive_cards сайтындағы ауа сапасының интербелсенді картасын пайдаланып еліміздің әр түрлі аумақтарындағы өнеркәсіпті қалаларындағы 1м³ ауа құрамындағы зиянды қосылыстардың мг/м³ есебімен алынған мөлшерін анықтайтын мәліметтеді ұсынуға болады (3 сурет).



Сурет 3. kazhydromet.kz/ru/interactive_cards сайтындағы ауа сапасының интербелсенді картасындағы Талдықорған қаласындағы 1м³ ауадағы мг/м³ есебімен алынған зиянды қосылыстардың көрсеткіштері.

Ескерту: NA- 1м³ ауадағы зиянды қосылыстардың үлесі қалыпты

Бейнедәріс барысында білім алушылардың ақпараттық құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін төменде көрсетілген тапсымаларды оқушыларға боларды.

Тапсырма. А) kazhydromet.kz/ru/interactive_cards сайтындағы ауа сапасының интербелсенді картасын пайдаланып 2-кестедегі қалалардағы 1м³ ауадағы мг/м³ есебімен алынған зиянды қосылыстардың мөлдерін анықта.

Кесте 2. Білім алушылардың kazhydromet.kz/ru/interactive_cards сайтында пайдаланып ауа сапасын анықтауға арналған тапсырма

Елді мекендер	1м ³ ауадағы мг/м ³ есебімен алынған зиянды қосылыстар			
	CO ₂	NO ₂	SO	H ₂ S
Талдықорған				
Теміртау				
Атырау				

Ә) Сандық интернет картадағы ауа сапасының индексі пайдаланып, Талдықорған, Атырау, Теміртау қалаларының ластану деңгейін бағала.

Б) Талдықорған қаласымен салыстырғанда Атырау, Теміртау қалаларының күкіртті және азотты қосылыстармен ластану деңгейі жоғары болуының себебін түсіндіріп, ауа сапасын жақсартуды көздейтін өз жобанды ұсын.

Бейнедәрісте оқу барысында білім алушылардың берілген тапсырмаларды орындауы сандық метеорологиялық интернет карталармен жұмыс істеу нәтижесінде білім мазмұны жаңартылған 11 сынып географиясының оқу мақсатының талаптарына сәйкес өз беттерімен білім алу, сандық мәліметтерді талдау, жинақтау және бағалау дағдылары қалыптасады.

Bandicam немесе oCam бағдарламасымен бейнесабақ жазу толық аяқталған соң *Алтыншы кезеңде* бейне сабақты түсіруді аяқтағаннан кейін Camtasia Studio т.б.

қолжетімді бейнетүсірілімдерді өңдеу бағдарламаарын пайдаланып саралап, сөйлеу мақамының, ұсынылатын көрсетілімдердің сапасының білім алушылардың қабылдауына қойылатын талаптарға, көрсетілімдегі жазулардың сапасының дұрыстығын мұқият тексеру қажет [8; 9, 89, 95 б.б.].

Жетінші кезеңдетолық сараланған бейнедәріс YouTube арнасына жүктеліп, сілтемесі электронды білім беру ресурсына енгізіледі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 205 қосымша. Орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған
2. «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
3. Чалиев А.А. Видеоурок как перспективная информационная технология обучения в вузах // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 5. С.87-94.
4. Бережная Г.С. Использование видеоуроков в школе // Цифровое общество в контексте развития личности: сборник статей Международной научно-практической конференции (Екатеринбург, 15 октября 2018 г.). – Уфа: Аэтерна, 2018. – С. 5–7.
5. Типовая учебная программа по учебному предмету «География» для 10-11-классов естественно-математического направления уровня общего среднего образования по обновленному содержанию. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32232072#pos=6;-106.
6. Алексеенко В.А., Алексеенко А.В. Химические элементы в геохимических системах. Кларки почв селитебных ландшафтов. – Ростовн/Д.: Изд-во Южного Федерального университета, 2013. – 388с.
7. https://www.kazhydromet.kz/ru/interactive_cards.
8. Гатовская Д.А. Видеоурок – новый метод обучения [Текст] // Педагогика: традиции и инновации: материалы VI Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, февраль 2015 г.). – Челябинск: Два комсомольца, 2015. – С. 126–127.
9. Ryapolov, A.N., & Ryapolov, A.V. Primenenie video urokovv distantsionn omobrazovanii. Information Technologies in Education «ИТО-Saratov 2013». Retrieved from <http://saratov.ito.edu.ru/2013/section/210/92806/index.html>.
10. Тюрина В.А., Грушина Т.П. Использование электронных образовательных ресурсов на уроках географии // Бюллетень института естествознания и спортивных технологий: сб. науч. ст. Вып. I. М.: МГПУ, ИЕСТ, 2020. С. 90–98.

ТҮРКІ ЕЛДЕРІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Шыганбаева Г.Б.

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Төретам кенті Темірбек Жүргенов атындағы
№80 мектеп-гимназиясының география пәні мұғалімі

АНДАТПА

Түркі тілдес елдердің ынтымақтастығын дамытып, нығайту, болашақта жоғары дәрежеге жеткізу - барлық түркі елдері үшін ортақ мақсат болу қажеттілігін сайтып өту. Түркі дүниесіндегі өзара татулық пен достық қатынастардың жоғары деңгейде дамуы әлемдік өркениеттің жан-жақты дамуына, жер бетінде бейбітшіліктің баянды болуына, жахандық қауіпсіздіктің қамтамасыз етуге үлкен үлес қосатыны.

Кілт сөз: Түркіелдері, ТүркПА, достастық, бауырласелдер

Халықаралық аренада түбі бір, тілі, діні бір түркі тілдес елдердің өзара ынтымақтастығының дамып келе жатқандығына отыз жылдай уақыт болып қалды. Осы мерзім ішінде түркі тілдес елдер ынтымақтастығы қандай жетістікке жетті, нәтижесі қандай болды және қандай да бір қауіп төндіретіндей бірлестікке айнала ма деген сұрақтардың туындауы орынды. Бәрімізге белгілі біздің еліміз Қазақстан түркі елдері ықпалдастығын дамытудың басында жүрген, бірқатар бастамаларымен түркі елдері арасындағы ынтымақтастықты табанды түрде дамытып келе жатқан мемлекеттердің алдыңғысы десек артық емес.

Негізінен түркі тілдес елдердің ықпалдаса дамуына Түркия, Қазақстан және Әзербайжанның үлесі мол десек болады. Отыз жылдай уақыт ішінде түркі елдерінің ынтымақтасу үдерісі біртіндеп қалыптасып, кезең-кезеңмен дами отырып, өзара ықпалдастықты дамытуға қажетті мекемелердің құрылып, тұрақты түрде жұмыс жасау деңгейіне жетті. Осы бағыттағы алғашқы қадам 1993 жылы қызметі түркі елдерінің мәдени ынтымақтастығындамытуға негізделген ТҮРКСОЙ ұйымының құрылуынан басталғаны белгілі, осы кезеңге дейін бұл Ұйым түркі елдерінің мәдени мұрасын жаңғырта дамытып, әлем жұртшылығына түркі мәдениетінің тамаша туындыларын танытуға бағытталған қызметін үзбей жалғастырып келеді. Осыдан соң Түркі Парламент Ассамблеясы (ТүркПА), Түркі ынтымақтастық Кеңесі (ТК), Түркі Ақсақалдар Кеңесі, Халықаралық Түркі Академиясы, Түркі мәдениеті және мұрасы Қоры, түркі елдерінің сауда-өндірістік Палатасы сияқты түркі елдерінің ынтымақтастығын үйлестіре дамытуға бағытталған мемлекетаралық құрылымдардың қалыптасып одан әрі тұрақты жұмыс жасауы түркі елдерінің өзара ықпалдасу үдерісінің уақытша емес, тұрақты түре дамуға негізделген ынтымақтастық екенін көрсетіп берді. Бұл құрылымдардың аясында мемлекет

басшыларының, қажетті мемлекеттік органдардың мәжілістері өткізіліп, экономика, мәдениет, көліккоммуникация мәселелері бойынша тиісті келісімдерге қол қойылып, көптеген ішаралар жүзеге асырылуда. Осының бәрі түркі елдерінің өзара ықпалдасу үдерісі үлкен болашағы бар, бейбіт түрде қалыптасып дамып келе жатқан құрылым екендігінің айғағы. Сондықтан бүгінгі күні түбі бір, ортақ тарихы бар, тілі мен діні бір түркі елдерінің осы бір ынтымақтастығының даму жағдайына нақты деректер бойынша зер салып қарап, тиісті деңгейде баға беріп, бұл құрылымның әлем қауымдастығында алатын өзіндік орны бар екендігін ғылыми жағынан негіздеу қажеттігіне уақыт жеткен сияқты. Былай алып қарасақ, түбі бір түркі елдерінің өзара ықпалдасу үдерісін дамытуы өмір қажеттілігі, барлық мемлекеттер жүгініп отырған халықаралық аренада қалыптасқан жалпы заңдылық десе болады.

Түркі елдерінің ынтымақтастығы, оның болашағы мәселесі кейінгі саясаттану және халықаралық қатынастар ғылымында жанжақты зерттелуде, әр түрлі зерттеушілер өздерінің пікірлерін, ұсыныстарын білдіруде. Дегенмен, бұл қатынастар туралы көлемді, іргелі ғылыми еңбектер жоқ десе де болады, көбіне мақала деңгейіндегі жекелеген еңбектер жеткілікті. Ресей зерттеушілерінің көпшілігі түркі елдерінің ынтымақтастығы Түркия тарапынан ғасырлар бойы қалыптасқан «пантюркизм» идеясының бас көтеруі, жаңғырта дамытылуы деген ойға келеді. Олардың бірқатары Түркия түркі тілдес елдерде өзінің ықпалын күшейте отырып, «Ұлы Тұран» мемлекетін құрғысы келеді дегенді дәлелдеуге тырысады. Сондай-ақ Түркия бұл аймақта Ресейдің, Батыс елдерінің ықпалын шектеуге ұмтылуда деген пікірде. Ендігі кезекте түркі тілдес елдердің отыз жылға жуық уақыт аралығындағы ынтымақтастығының жетістіктері мен нәтижесі қандай, күрделі мәселелер орын алды ма, әлемдік саясатқа қандай да бір қауіп болды ма деген мәселе төңірегінде талдау жасасақ. Өткен 2021 жыл түркі ықпалдасуының даму жолындағы ерекше жыл екендігі анық. Өйткені осы жылы Түркі Кеңесінің екі рет бас қосуы өткізіліп, белді державаларды елең еткізген маңызды шешімдер қабылданып, түркі елдерінің өзара ықпалдасуын жаңа бір кезеңге көтеріп тастады десек болады. Оның негізгі мәні- 2009 жылдан жұмыс жасап келе жатқан Түркі Кеңесінің «Түркі мемлекеттерінің Ұйымы» мәртебесін иеленуі болды. Мұның өзі түркі елдерінің ынтымақтастығының нәтижелі деңгейде өсіп-өркендеп келе жатқандығының айғағы екендігін көрсетеді. Сол 2021 жылдың басында, дәлірек айтқанда наурыз айында Түркі Кеңесінің бейресми саммиті «Түркістан-Түркі әлемінің рухани астанасы» деген тақырыпта өтті және осы басқосудың барысында түркі елдері өзара ынтымақтастықтың маңызды мәселерін қарастырды. Саммиттің соңында «Түркістан Декларациясы» қабылданды, құжаттың бұлай аталу себебі, негізінен осы жоғары деңгейдегі бас қосу Қазақстанның Түркістан қаласында өткізу жоспарланғандығына байланысты болды. Кеңеске Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан және Түркия мемлекет басшылары, Венгрияның премьер-министрі мен Түркі Кеңесінің Бас хатшысы қатысты. Қабылданған Декларацияда Түркістан қаласы түркі халықтарының рухани астанасы деп жарияланды, Түркі әлемінде туризм ісін дамыту, Түркі елдерінің ынтымақтастығын экономикалық жағынан жоғары даму деңгейге жеткізу үшін стратегиялық даму құжаттарын жасау белгіленді, Әзербайжанның өз

территориялық тұтастығын қалпына келтірудегі жеңістерін атап өте отырып, Әзербайжан мен Армения арасындағы қатынастарды қалпына келтіруге көмек көрсетілетіні айтылды, сонымен бірге түркі әлемінің ғұламалары, көрнекті қайраткерлері Ә.Науаи, Ж.Баласағұн, Н.Гианджеуи, Ю. Емре, Ж.Жабаев, Ә.Бөкейхан, Х.Карасаевтардың мерейтойларын атап өту мәселесі белгіленді. Осы кездесу барысында Түркістан қаласының түркі жұртының рухани орталығы болып жариялануының өзі түркі елдері арасындағы ынтымақтастықты одан әрі бекітіп, өзара байланысты әр түрлі қырынан, жан-жақты дамыту қажеттігін көрсетеді. Әсіресе, Түркия қазақ хандарының ордасы, ұлыларының мәңгі мекені болған тарихи Түркістан жеріне үнемі маңыз береді және осы Түркістан қаласында қазақ-түрік университетінің ашылуы тегін емес. Мәжіліс барысында тек қана Түркістанды ғана емес, осындай тарихи маңызы бар түркі дүниесінің орталықтарын белгілеудің ережесін жасау тапсырылды. Саммиттің барысы мен қабылданған қорытынды құжаттың мазмұнының өзі түркі елдерінің өз арасындағы ықпалдасу үдерісін одан әрі дамытуға мүдделі екендіктерін көрсетеді. Келесі маңызды оқиға осы 2021 жылдың қараша айында Түркі Кеңесінің кезекті YIII саммитінің Стамбұл қаласында «Цифрлық дәуірдегі жасыл технологиялар мен ақылды қалалар» тақырыбында өтуі болды. Ондағы ең маңызды, әрі әлем жұртшылығының назарын аударған шешім Түркі Кеңесінің «Түркі мемлекеттерінің Ұйымы» мәртебесін алуы болды. Осыны саммитке қатысқан Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркия, Өзбекстан, Түркменстан, Венгрия мемлекеттері бұл тарихи шешімді толықтай мақұлдады. Бұл әрине үлкен маңызы бар тарихи шешім. Сонымен бірге осы саммитте Түркменстанның бақылаушы мәртебесіне ие болуы және «Түркі әлемнің келешегі2040» тұжырымдамасының қабылдануы бұл ұйымның кеңінен қанат жайып дамуға деген ұмтылысын, болашақта түркі өркениетінің әлемдік өркениеттің бір бөлшегі ретінде халықтардың жан-жақты дамуына үлес қоса алатындығының бір көрінісі екендігін тағы бір байқатты. Дәл осы түркі тілдес елдердің жоғары бас қосуында түркі ықпалдасуын одан әрі тереңірек дамуына ықпал жасаған жоғарыда атап өткендерден басқа тағы да бірнеше маңызды шешімдер қабылданды, атап айтқанда: Стамбул Декларациясы, Түркменстанға ұйымға бақылаушы мәртебесін беру, «Түркі әлемінің бірлігіне қосқан үлесі үшін Әлішер Науои атындағы халықаралық сыйлығын» белгілеу, Түркі мемлекеттері Ұйымы жанындағы серіктес мәртебесін беру туралы, Түркі мемлекеттері Ұйымының құрметті төрағасының құқықтары туралы Ереже, Түркі мемлекеттері Ұйымының Бас хатшысының мерзімін ұзарту және оған орынбасарлар тағайындау, Түркі инвестициялық Қорын құруды аяқтау туралы, Түркі мемлекеттері Ұйымы жанындағы Байқаушы мәртебесін беру туралы ереже және Әзербайжан Республикасының Президенті И.Әлиевті Түркі әлемінің Жоғарғы орденімен марапаттау туралы шешімдер [8]. Қарап отырсақ, осындай іргелі шешімдері арқылы түркі елдері өзара ынтымақтастықты одан әрі жоғары деңгейде дамытуға мүдделі екендігін тағы бір дәлелдеді. Кейінгі кезде Түркі Кеңесіне 2019 жылы Өзбекстанның мүше болуы, 2018 жылы Венгрияның бақылаушы мәртебесін иеленуі бұл ықпалдасу үдерісінің қажетті бірігу екендігінің дәлелі. Түркия мемлекет басшысы Тұрғыт Өзал «ортақ түркі базарын» құрайық деген ұсыныс жасаған болатын. Бұл туралы сол кездегі елдің

Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде: «шыққан түбіміз бір болса да өздерінің бұл ұсынысқа қосыла алмайтынын, енді ғана қол жеткен тәуелсіздігімізді баянды ете отырып, арамыздағы үзіліп қалған байланыстарды қайтадан жалғастыруға қарсы емес екенімізді, саяси, экономикалық және мәдени салалардағы байланыстарды дамытуға дайын екенімізді білдірдім»- дейді. Осылай басталған диалогты түркі тілдес елдер Түркияның өздеріне деген ерекше ықыласын, көмегін қабылдап, өзара ынтымақтастық қатынастарды тұрақты негізде дамытып, бүгінгі күні ортақ Ұйым деңгейіне көтеріп, одан әрі достық қатынастарды стратегиялық негізде дамытуды көздеп отыр. Түркиямен өзара ынтымақтастықты жалғастыру жөнінде қазіргі Президентіміз Қ-Ж. Тоқаев өзінің «Қазақстан республикасының дипломатиясы» деген еңбегінде былай деп атап өткен болатын: «Қазақстан-Түрік қатынастарын одан әрі ықпалдастыру, оларды жаңа мазмұнмен молықтыру біздің еліміздің ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделеріне сай келеді». Осы уақыт аралығында түркі тілдес елдер арасындағы қатынастарды жоғарғы деңгейде дамытып, өзара байланыстарды үйлестіріп, мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды тұрақты деңгейде дамытуға барлық түркі тілдес мемлекеттер мүдделілігін білдірді және олардың бұл бағыттағы барлық әрекеттерінің нәтижесін осы уақытқа дейін біртіндеп қалыптасқан мемлекетаралық органдардың жұмысынан көруге болады. Осы кезеңге дейін 1993 жылы ТҮРКСОЙ, 2008 жылы Түркі Парламент Ассамблеясы (ТүркПА), 2009 жылы Түркі ынтымақтастық Кеңесі (ТК), Түркі Ақсақалдар Кеңесі, 2010 жылы Халықаралық Түркі Академиясы, 2012 жылы Түркі мәдениеті және мұрасы Қоры сияқты өзара ықпалдастықты дамытуға қажетті тетіктер жүйесі орнады. Өз тарапынан Түркия Орталық Азия елдерінің халықаралық аренадағы барлық бастамаларына үнемі қолдау көрсетуде. Сонымен қатар, сауда- экономикалық қатынастардың ауқымы да күн сайын кеңейуде. ТҮРКСОЙ ұйымы аясында түркі тілдес елдердің мәдениетінің озық үлгілері бүкіл әлемге танылуда. Білім беру, өнер салаларындағы ынтымақтастық өзінің жоғары деңгейіне жетті десе болады. Қазақстан жағы да түркі тілдес елдердің ықпалдасу үдерісін үнемі қолдап келеді және үнемі тың, жаңа ұсыныстармен ықпалдасуды одан әрі тереңдете дамытуға үлес қосып отырғандығы белгілі. Осы уақытқа дейін түркі тілдес елдердің мемлекет басшыларының 11 рет жоғары дәрежелі кездесуі және 2009 жылы құрылған Түркі Кеңесі аясында 8 рет саммиті өткізілді. Осы бас қосулардың бәрінде түркі ынтымақтастығын кеңейту, одан әрі дамытудың барлық іс-шаралары келісіліп, қажетті құжаттар қабылданды. Осы ретте түркі ынтымақтастығын дамытудың барысын үш үлкен кезеңге бөліп қарастыруымызға болады. Бірінші кезең 1992-2006 жылдарға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңде Түркияның Орталық Азиядағы түркі тілдес мемлекеттердің тәуелсіздігін мойындап, оларға экономикалық жағынан көмек көрсеткен, өзара байланыстарды дамытудың ірге тасы қаланған және біртіндеп дамыған кезең болды. Осы кезеңде жыл сайын түркі тілдес елдердің басшыларының саммиттері өткізіліп, сауда-тауар қатынастарына байланысты, көлік-коммуникация, білім беру ісі, мәдени байланыстар т.б. салалар бойынша бірқатар келісім шарттарға қол қойылып, нақты шаралар белгіленіп жүзеге асырылды. Оны жыл сайынғы өткізілген түркі

тілдес елдердің маңызды мәселелерін қарастыратын мемлекет басшыларының жоғарғы дәрежелі кездесулері-саммиттерден байқауға болады. Атап айтқанда, 1992 жылы Анкара, 1994 жылы Стамбул, 1995 жылы Бішкек, 1996 жылы Ташкент, 1998 жылы Астана, 2000 жылы Баку, 2001 жылы Стамбул. Осы саммиттердің барысында қабылданған маңызды құжаттар түркі елдерінің саудаэкономикалық, көлік-коммуникациялық, мәдени-гуманитарлық салаларын қамтып, бүгінгі күнге дейін осы елдердің арасындағы қатынастардың құқықтық базасын құрап, көпжақты қатынастардың негізі болып отыр. Сонымен қатар ортақ түркі мәдениетін дамыту үшін 1993 жылы түркі мәдениеті мен өнерін дамытудың халықаралық ұйымы -ТҮРКСОЙ ұйымының құрылуының өзі түркі тілдес мемлекеттердің мәдени құндылықтарын сақтап, дәріштеп, одан әрі біріге отырып дамытуды көздеген маңызды қадамы болды. Өйткені ТҮРКСОЙ ұйымының мақсаты түркі халықтарының мәдениетінің үлгілерін сақтау, зерттеу және әлем жұртшылығына таныту болып табылады. Сонымен бірге осы кезеңде білім беру саласында түркі елдері арасындағы өзара қатынас күшейді. Орталық Азия елдерінің бәрінде дерлік білім беретін түрік лицейлері, университеттер көптеп ашылып, түрік тілін үйрету орталықтары жұмыс жасады.Еліміздің Президенті Қ-Ж.Тоқаев атап көрсеткендей біздің мақсатымыз – түркі әлемін ХХІ ғасырдағы маңызды экономикалық, мәдени-гуманитарлық кеңістіктердің біріне айналдыру деген пайымдауынан, түркі елдерінің ынтымақтастығына мемлекеттердің маңыз беретіні және болашағы зор екендігін байқауға болады . 2020 жылыдың өзінде түркі тілдес елдер арасындағы сауда айналымы 7 млрд. доллар құрады. Қ-Ж.Тоқаевтың айтуынша бұл көрсеткіш оның алдындағы жылдармен салыстырғанда 11,2 пайыз төмен болып отыр, оған себеп пандемия кезіндегі тоқырау болып отыр. Сондықтан Түркі мемлекеттерінің ұйымын құра отырып түркі елдері өздерінің арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі жоғары деңгейге жеткізуді көздеп отырғаны анық .

Қортындылай келе, түркі елдерінің ықпалдасу үдерісін дамыту барлық елдер үшін тиімді болары сөзсіз екендігін ескере отырып, бірқатар пайымдаулар білдіргіміз келеді: Біріншіден, түркі елдерінің арасындағы қалыптасқан тиімді ынтымақтастық халықаралық қатынастардың бейбіт, тұрақты түрде дамуына қосылатын қомақты үлес екендігі. Екіншіден түркі елдері арасындағы экономикалық ынтымақтастық әлемдікшаруашылықтың, әлемдік рыноктың нығаюына, елдердің экономикалық жағынан жоғары дәрежеде дамуына, мұның өзі сол елдердің халықтарының әлеуметтік жағдайының дамуына қосылар үлкен жетістік болмақ. Үшіншіден түркі мәдениетінің дамуы әлемдік мәдениетке қосылар қомақты сый, әрі әлемдік өркениеттің дамуына игі әсер екендігі. Төртіншіден түркі елдері арасындағы ынтымақтастық жахандық қауіп- қатерлерге қарсы мықты тосқауыл екендігі. Бесіншіден, түркі елдерінің берік ынтымақтастығы аймақтық және әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз ету кепілі екендігінде. Сондықтан түркі елдері арасындағы ынтымақтастыққа қырын қарамай, оны да әлемдік ықпалдасу үдерісінің бір көрінісі екендігін мойындайтын кез жетті. Осы ретте түркі тілдес елдердің ынтымақтастығын дамытып, нығайту, болашақта жоғары дәрежеге жеткізу - барлық түркі елдері үшін ортақ мақсат болу қажеттігінде екендігін басып көрсеткіміз келеді. Түркі

дүниесіндегі өзара татулық пен достық қатынастардың жоғары деңгейде дамуы әлемдік өркениеттің жан-жақты дамуына, жер бетінде бейбітшіліктің баянды болуына, жахандық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне қосылатын үлкен үлес екендігі сөзсіз

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Mikirtcyan Sarkis. Pantürkizm, geçmişi, bugünü, geleceği. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: [https:// akunq.net/tr/?p=21570](https://akunq.net/tr/?p=21570) (дата обращения 16.06.2022).
2. Кобринский А.Л. Пантюркизм как неосманский проект.23.05.2021. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://www.ng.ru/courier/2021-05-23/11_8154_asia.html (дата обращения: 08.06.2022).
3. Худайбердиева Х. Распространение идеологии тюркского единства. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/252944/8/103-118.pdf> (дата обращения: 18.06.2022)).
4. Еженова К. Организация Тюркских государств: Турция не станет новым старшим братом. 24. 11.2021. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.exclusive.kz/expertiza/politika/26488/>(дата обращения: 28.03.2022)).
5. Жумалы Р. Организация тюркских государств: аплодисменты, скепсис, враждебность. 15.11.2021. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.exclusive.kz/expertiza/politika/126341/> (дата обращения: 28.03.2022).
6. Түркі кеңесінің бейресми саммиті өтті. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.trt.net.tr/kazakh/bag-darlamalar/2021/04/10/turik-kieniesinin-bieiriesmi-sammiti-otti-1618356> (дата обращения: 25.09.2022).
7. Ғаббасов Р.Түркі Кеңесі «Түркі мемлекеттері ұйымы» болып құрылды. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://www.inform.kz/kz/turki-kenesiturki-memleketteri-uuyumu-bolyp-kuryldy_a3861884(дата обращения: 25.09.2022).
8. Түркі Кеңесінің VIII саммиті өтті. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://twesco.org/post/803> (дата обращения: 25.09.2022).
9. Надеин-Раевский В. «Тюркское НАТО» станет проблемой для России и Китая. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.rosbalt.ru/world/2021/11/23/1932327.html> (дата обращения: 21.11.2022).
10. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 2012. – 256 б.
11. Тоқаев Қ. Қазақстан республикасының дипломатиясы. – Алматы: ҒӨ Пбк «GAUHAR», 2002. – 568 б.
12. Түркі тілдес мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесін құру туралы Нахчыван Келісімі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000341_(дата обращения: 14.12.2022).
13. Кузекбай А. Специальную экономическую зону тюркских стран предложил создать Касым-Жомарт Токаев. [Электрон.ресурс]. – 2022. –

URL: https://www.inform.kz/ru/special-nuyu-ekonomicheskuyuzonu-tyurkskih-stran-predlozhil-sozdat-kasym-zhomart-tokaev_a3770579 (дата обращения: 12.04.2022)

GEOGRAPHY OF TURKIC-SPEAKING COUNTRIES

Abdrakhimova A.O.

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

On the mainland of Eurasia, the Turks have a very long history, which lasted 3000-4000 years before our time. We should consider this in the context of space and time.

Қорытындылай келе, географиялық білім түркітілдес елдерде жұмыс күшін дамытуда және тұрақты шешім қабылдауда маңызды рөл атқарады. Бұл білім беру бағытын дамыту табиғи ресурстарды сақтауға және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ете отырып, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Топанов Е.А., Мазбаев О.Б., Увалиев Т.О. Географияны оыту әдістемесі. Жоары оу орындарыны студенттеріне арналан оулы. «Эверо» баспасы. Алматы. 2016. - 412 б
2. Баранов С.В., Самарина В.П., Шаталова Т.А. Территориальная политика Российской Федерации и неравномерность пространственного развития // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 2–1; URL: <https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=20408>.
3. Гуриева Л.К., Созиева З.И. Туристский кластер региона: проблемы и перспективы создания // Региональная экономика: теория и практика. – 2009. – № 22. – С. 72–74.
4. Костюкова О.Н., Карпова Е.Г. Методы идентификации туристических кластеров в системе регионального туризма / О.Н. Костюкова, Е.Г. Карпова // Проблемы современной экономики. – 2011. – № 4 (40). – С. 374–378.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ПРОБЛЕМАСЫ

Адилова М.Б.

№52 негізгі мектептің география пәнінің мұғалімі, Ақтөбе, Қазақстан

ORCID ID: 0009-0007-2735-2902

АҢДАТПА

Мақалада Орталық Азиядағы су ресурстарын пайдалану мәселелері қарастырылып, оларды шешудің кейбір жолдары ұсынылған. Су – ең алдымен сарқылмайтын ресурс, бірақ әлемдегі су ресурстарының біркелкі бөлінбеуіне және халықтың демографиялық өсуіне байланысты су тапшылығы әлемде байқалады. Тұщы су тапшылығы – ХХІ ғасырда оң шешімін таба алмай отырған басты мәселелердің бірі. Бүгінгі күнде 1 млрд адам сапалы суға зәру. Оның ішінде Орталық Азия елдерінде де тұщы су тапшылығы айқын байқалады.

Орталық Азия су ресурстарының мәселесі өзара байланысты саяси, экономикалық және экологиялық мәселелер кешенін құрайды. Су ресурстарының мардымсыз және тиімді емес менеджменті су ресурстарын пайдалануда және оларды ластанудан қорғауда артқа тартарлық механизм рөлін атқарып отыр. Су ресурстары жағдайының нашарлануы Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі келтіретіні анық. Су ресурстары мәселелері негізінде пайда болған мемлекетаралық және ішкі жанжалдар трансшегаралық елдерде негативті көзқарастарды қалыптастырып отыр.

Судың жетіспеуі, соңғы кезде тек су ресурстарын интенсивті түрде тұтынуда ғана емес, сонымен қатар климаттың өзгеруі кезінде орын алып отыруымен байланысты. Бұған жаһандық жылыну әсерінен мұздықтардың тез еруі мен судың булануының жоғарылауы да әсерін тигізуде.

Су ресурстарының ластануы негізінен өзен-көлдерге жақын орналасқан өнеркәсіп орындары, кеніштер және мұнай өндіру мен өңдеу зауыттары себебінен туындайды. Бұл мәселе өз кезегінде жаһандық деңгейде экология мәселелеріне әкеліп соғады. Ақиқатын айтқанда, еліміздегі жер үсті су нысандарының басым көпшілігінің сапасы халықаралық стандартқа сәйкес келмейді деуге болады. Ертіс, Іле, Сырдария, Әмудария, Жайық сияқты негізгі трансшегаралық өзендер өте ластанған. Олардың ластануы өзендерге түрлі өндіріс орындарында пайдаланылған әрі тазаланбаған судың ағызылуына тікелей байланысты. Біздің еліміздің аумағына осындай өзендер суы негізінен Қытайдан, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан ағып келеді. Егер су проблемаларының себеп-салдары жойылмаса, 2025 жылдарға қарай экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуде аса күрделі жағдай қалыптасатындығы туралы айтылады.

Кілт сөздер: Су ресурстары, су ресурстарын басқару, Орталық Азия елдері, трансшекаралық өзендер, су ресурстарын қорғау.

Су – Жер шарындағы ең ерекше және кең таралған минерал. Елдің егемендігі мен тәуелсіз экономикалық дамуына қажетті негіз су болып табылады, оның тапшылығы мемлекеттің дамуына қауіп-қатер төндіреді. Халық санының өсуі су тұтынуының артуына әкеледі, өйткені ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, коммуналдық қызметтерде және т.б жағдайларда су қолданылады. Елдің тұрмыс-тіршілігі мен экономикасы су ресурстарына толық тәуелді аймақтарға Орталық Азия елдерін де жатқыздыруға болады. Орталық Азия – бұл Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Өзбекстан үшін ортақ атау [1].

Жоғарыда аталған елдерде жылдан жылға шешілмейтін басты мәселе трансшекаралық өзендердің суағарларының гидроэнергетикалық және ирригациялық режимдерінің сәйкес келмеуі болып қала береді. Бұл ретте барлық елдер суды пайдалануда өзара мүдделерді ескере отырып, ортақ келісімге келу қажеттілігі туындайды.

Орталық Азияның көп бөлігі құрғақ және жартылай құрғақ климатпен, жыл бойына аздаған жауын-шашын түсімімен және соған байланысты су тапшылығымен сипатталады.

Орталық Азияда 4000-нан астам су қоймасы – көлдер мен өзендер бар. Олардың ішіндегі ең ірілері: суы тартылған көл – Арал теңізі, әлемнің терең көлдерінің бірі – Есік көлі, батыс және тұзды шығыс бөліктері тұщы болатын – Балқаш көлі. Сонымен қатар, 3000-нан астам өте таяз таудың мұзды көлдері, ондаған маусымдық реттелетін су қоймалары, онкүндікте және күнделікті реттелетін тоғандар мен мыңдаған су бассейндері бар.

17 950 км² аумақты алып жатқан Орталық Азия мұздықтары жылы мезгілде өзендер ағынының маңызды көзі болып табылады. Аймақ елдерінің аумақтарында олар біркелкі бөлінбейді. Қырғызстанда ел аумағының 4,2% алып жатқан 8200 мұздық бар. Қырғызстан мұздықтарының су қоры 650 км³ деп бағаланады. Тәжікстандағы мұздықтардың саны 8492 құрайды, олар республика аумағының шамамен 6% алып жатыр. Мұздықтардың қалған бөлігі 1400 км² Қазақстанда шоғырланған. Мұздықтар Орталық Азиядағы су ресурстарының теңгерімін қамтамасыз етуде және сақтауда басты рөл атқарады [2].

Азияның мұздықтары 1960 жылдардан бері тұрақты жылдамдықпен еруде. Жауын-шашынның көбеюіне байланысты жеке мұздықтардың қалыңдығы артып келеді. Мұздықтардың еру нәтижесінде мұздық ағыны және сел тасқындары мен қар көшкіндерін тудыратын мұздық көлдердің жарылу негізінде кемерінен шығып, су шығынының жиілігі артады. Кіші Нарын, Талас және Аса өзендерінің алаптарында, Күнгей Алатаудың оңтүстік беткейінде мұздану процесінің тереңдеуі байқалады, мұнда мұздық коэффициенттері 0,45 құрайды.

Гидрометеорологиялық бақылаулар Тянь-Шань таулы аймағындағы атмосфералық жауын-шашын мен ауа температурасының асинхрондылығы мұздықтардың тепе-теңдігіне теріс әсер ететінін және су алаптарының айтарлықтай мұздануымен өзендердің жалпы сулылығына әсер ететінін көрсетті.

Тәжікстанның су ресурстарының өткен және болашақ өзгерістері климаттың өзгеруімен, жауын-шашынның азаюымен және ауа температурасының өсуімен байланысты. Қазіргі уақытта ең қарапайым есептеулер бойынша Тәжікстан мұздықтары тек XX ғасырда ғана 20 км³-нан астам мұз жоғалтты. Ауданы 1 км²-ден аз шағын мұздықтар қарқынды түрде жойылуға ұшырайды, бұл барлық мұздықтардың 80% құрайды.

Соңғы 30 жылда Тәжікстан Республикасы өзендерінің орташа жылдық ағыны жыл сайын 110 млн.м³-қа азайды. Тәжік мамандары мен ғалымдарының болжамдарына сәйкес 2050 жылға дейін Тәжікстанда мыңдаған ұсақ мұздықтар жойылатынын көрсетеді, сондықтан оның мұздану аумағы 20% - ға, мұз көлемі 25% - ға азаяды. Бұл өз кезегінде өзендердің мұздық қоректенуінің 20-40%-ға қысқаруына әкеледі.

Қазақстанның тау жүйелерінде мұздықтардың саны мен мөлшерінің азаюы байқалады. Алдағы онжылдықтар ішінде климаттың жаһандық жылынуы салдарынан Қазақстанның негізгі өзендерінің су ресурстары 20-40%-ға қысқаруы мүмкін деген болжам бар.

Сонымен қатар зерттеулер Сырдария мен Әмудария ағындарының қалыптасу аймағында мұздықтардың қарқынды еруі жалғасып жатқанын көрсетеді. 50 жыл ішінде мұздықтардың көлемі әртүрлі деректер бойынша 20-дан 40% - ға дейін төмендеді, ал соңғы жылдары төмендеу қарқыны жылына шамамен 1% құрайды [2].

Бұл өзендердің сумен қамтамасыз етілуінің даму болжамдары бойынша мұздықтар еріген сайын алдымен су деңгейінің айтарлықтай жоғарылауы орын алады, содан кейін су тапшылығымен ауыстырылады деп болжанады. Орталық Азияда Әмудария мен Сырдария өзендерін қоректендіретін мұздық су көлемінің қысқаруы оның Өзбекстанның, Қазақстанның және Түрікменстанның ирригациялық жүйелеріне түсуін күрт шектеуі, сондай-ақ Қырғызстандағы гидроэнергетиканы дамыту жоспарларына нұқсан келтіруі мүмкін.

Еліміздегі жер үсті су қорының 58%-ы республика аймағында жинақталса, ал қалған су қоры көршілес мемлекеттердің аумағында. Нақтылап айтсақ, Ресейден, Қытайдан, сондай-ақ Қырғызстан мен Өзбекстаннан бастау алатын трансшегаралық өзендердің суымен толығады. Орталық Азия елдерінің су ресурстары трансшегаралық өзендердің ағынынан қалыптасады. Аймақтағы әр елдің суды пайдалану бір-біріне тәуелді. Сондықтан өзара ынтымақтастықтың арқасында Арал теңізі алабына жататын Сырдария және Әмудария өзендерінің, Балқаш көліне құятын Іле өзенінің, Каспий теңізіне құятын Жайық өзені мен Қытайдан бастау алатын Ертіс өзенінің бірыңғай су жүйесін пайдаланып, халықтар мен елдер арасындағы дипломатиялық, экономикалық және тату

көршілік қатынастарға негізделген. Мемлекетаралық суды тұтыну мәселесі елдер арасындағы оңтайлы шешімдердің негізінде келісімдерге қол жеткізу [1].

Орталық Азиядағы су ресурстарының саны мен режимінің өзгеруі климаттың жаһандық жылынуымен де, аймақ өзендерінің алаптарында ауыл шаруашылығының суармалы егістерінің қарқынды дамуымен де байланысты.

Соңғы жылдары бұл факторлар ағынсыз су қоймалары – Арал теңізі, Ыстықкөл және Балқаш көлдерінің деңгейінде айқын көрінетін бірқатар проблемалардың пайда болуына себеп болды.

Суармалы егістіктер, шабындықтар және жайылымдар адамдарды тамақпен, мал азығымен, шикізат өнімдерімен қамтамасыз етеді. Сондықтан ауа температурасы және аумақтың жылу және су балансына әсер ететін жауын-шашын мөлшері сияқты негізгі климаттық сипаттамалардың өзгеруі, сайып келгенде, аймақ тұрғындарының өмір сүру жағдайларына әсер етеді.

Климаттық факторлардың ішінде булану Орталық Азияның су проблемаларын қалыптастыруда жетекші орын алады. Бұл табиғи және жасанды су қоймаларының, суармалы жерлердің беттерінен судың үлкен мөлшерін тұтынуға ықпал етеді. Қазіргі уақытта аймақтағы суармалы жерлердің ауданы 8-9 млн.га.-ға жетті. Суармалы алқаптарда Орталық Азияның негізгі суару аймағындағы булану мөлшері жылына 1500-2000 мм-ге жетеді.

Азияның көптеген бөліктерінде құрғақшылықтың жиілігі мен қарқындылығының артуы негізінен жазғы, әсіресе құрғақ айларда температураның жоғарылауымен байланысты. Осыған байланысты күріш, жүгері, бидай мен мақта өсіру Азияның көптеген бөліктерінде температураның жоғарылауы мен жаңбырлы күндердің азаюынан туындайтын су жетіспеушілігінің әсерінен төмендеді.

Осылайша, қазіргі уақытта Орталық Азия аумағындағы барлық су ресурстары шаруашылық айналымға толығымен тартылған. Суды одан әрі тұтынудың болжамдары болашақта аймақтағы суды тұтыну қазіргі деңгейде қалатынын көрсетеді. Алайда, тәуелсіз ұйымдардың болжамдарына сәйкес бір-бірінен айтарлықтай айырмашылыққа қарамастан, су тұтыну басымдылығының артатынын, демек, аймақтың су тапшылығының өсуін болжайды [3].

Су алаптарының аумағында қалыптасқан күрделі жағдайға байланысты Орталық Азия елдерінде келесідей өткір проблемалар туындады:

- су тапшылығының артуы;
- жер үсті және жер асты суларының ластануы;
- судың артық шығыны;
- халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;
- мемлекетаралық су бөлінісі;
- халық санының өсуі және экономиканың дамуы салдарынан су ресурстарының сарқылу қаупі.

Аталған мәселелердің негізгі себептеріне мыналар жатады:

- елдердің су секторын әкімшілік басқарудағы кемшіліктер, ол бытыраңқылықпен сипатталады;

- су көздерін сақтау, су ресурстарын ұтымды пайдалану және молайту мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін қызметтердің әлсіреуі мен сектораралық байланыстардың азаюы [5].

Аталған мәселелерді шешуде суды ұтымды пайдаланудың заманауи әдістерін қолдану қажет.

Бірыңғай ұтымды басқарудың болуы ғана су ресурстарын тиімсіз пайдалану мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта трансшекаралық сулардың су ресурстарына квота бөлуге және олардың орындалуын бақылауға өкілеттігі бар ұйымдар құру қажет болады.

Орталық Азия елдерінің үкіметтері су ресурстарын пайдалануды реттеу процестерін қарқындатуы қажет. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, екіжақты және көпжақты келісімдер жасасу мемлекеттер арасындағы су тапшылығына қатысты жанжалдарды төмендетудің маңызды құралы болып табылады. Сондықтан Орталық Азия елдері халықаралық нормалар мен актілерге негізделген құқықтық құжаттарды дайындау жұмыстарын жандандыруы қажет. Бұл құжаттар трансшекаралық суларды бөлу принциптерін анықтап, екіжақты немесе қажет болған жағдайда көпжақты келісімдерге қол қоюға негіз болуы тиіс.

Су ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудің пәрменді тетігі экономикалық шаралар, атап айтқанда баға саясаты болып табылады және бағаны тұрақтандыру үшін мемлекеттік субсидия берілуі керек [4].

Орталық Азия елдерінің трансшекаралық өзендер бассейндеріндегі суды үнемді тұтынуға мүдделілігі үшін су жинағын құруға болады. Келісімдерге сәйкес әрбір елде су ресурстарының жалпы көлемінің белгілі бір үлесі болады. Су үнемделген жағдайда бұл жинақ су келісімінің басқа қатысушыларына белгіленген тариф бойынша пайдаланылмаған су үлесінің көлемін сатуға ықпал ететін болады.

Сондықтан су ресурстарын басқару және оларды үнемдеу саласындағы өңірлік ынтымақтастық шеңберінде тиімді және ұтымды тәсіл, жауапты көзқарас және бірлескен іс-қимыл қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Экономика и экономические науки» Донбаева.Г.Ч.[Электрон. ресурс]. – URL:
2. <https://cyberleninka.ru/article/n/problemu-vodnyh-resursov-tsentralnoy-azii> [Қаралған күні: 11.03.2024].
3. Су ресурстарын ұтымды және тиімді пайдаланудың аймақтық стратегиясын дайындауға арналған диагностикалық есеп. Энергетикалық және су ресурстары жөніндегі жобалық жұмыс тобы, БҰҰ, ЕЭК, ақпан 2002. - 83 б.

4. Climate Action. Available at: http://ec.europa.eu/environment/climat/climate_action.htm. Электронды ресурс - [Қаралған күні: 10. 03.2024].
5. IPCC, 2007: Climate Change 2007. The Fourth Assessment Report of the Intergovernmental Panel on Climate Change. Summary for Poicymakers. V. 1. The Physical Science Basis. - p. 18. Vol. 2. Impacts, Adaptation and Vulnerability. - 24 p. Mitigation. - 26 p. www.ipcc.ch.

ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕР ГЕОГРАФИЯСЫ КУРСЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАУЫРМАШЫЛДЫҚ-ДОСТЫҚ СЕЗІМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Аманқұлов Б.М.

Мамандандырылған «Дарын» мектеп интернаты, Қазығұрт ауданы, Түркістан облысы,
Қазақстан

Каликов А.Т.

Аманкелді жалпы білім беретін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Сауран ауданы, Қазақстан

АНДАТПА

Бүгінде біз түркі мемлекеттерінің барлық негізгі бағыттар бойынша өзара ынтымақтастықты жандандыруға ұмтылысының куәсі болып отырмыз. Оларды біріктіруші негізгі факторлар – түркілердің ортақ тарихи мұрасы, тілдік ұқсастығы, ортақ конфессиялық және мәдени ерекшеліктері. Бұл элементтер түркі ынтымақтастығына аймақтық және халықаралық ауқымда тұрақты сипат береді. Жан-жақты диалогты нығайтуда мәдени-білім саласындағы ынтымақтастық арқылы жастарды бауырмашылдық-достық сезімге тәрбиелеу әрқашан маңызды рөл атқарады.

АННОТАЦИЯ

Сегодня мы наблюдаем стремление турецких государств активизировать взаимное сотрудничество по всем основным направлениям. Основными факторами, объединяющими их, являются общее историческое наследие турков, языковое сходство, их общие профессиональные и культурные особенности. Эти элементы придают турецкому сотрудничеству постоянный характер в региональном и международном масштабе. Воспитание у молодежи чувства братства и дружбы посредством сотрудничества в области культуры и образования всегда играет важную роль в укреплении всестороннего диалога.

Даму мен қалыптасудың ұзақ кезеңінен өткен түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы Қазақстанның сыртқы саясатында әрқашан маңызды орын алады. Еліміз бауырлас халықтардың арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту жолында көптеген бастамалар мен іс-шараларды қолға алуға әрқашан дайын.

Түркі әлемі 11 миллион шаршы шақырым аумақты алып жатыр. Яғни, бұл – үш Еуропаға тең аумақта түркі тілінде сөйлейтін, өздерінің түрік екенін, өз аңыз-әңгімелері, батырлары, тілі мен тарихы бар халықтар екенін жариялаған адамдардың әлемі құрайды деген сөз. Ал Түркі кеңесіне мүше елдердің халқы жалпы алғанда қазіргі таңда 200 миллионға жуық адамды құрайды

Түркі тілдес елдер арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі ресми ұйымы «Түркі кеңесі» болып табылады. Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі – халықаралық үкіметаралық ұйым, оның негізі түркі тілдес елдер арасындағы достық пен тату көршілікті нығайту, аймақта және әлемде бейбітшілікті, қауіпсіздікті және өзара сенімді сақтау болып табылады. Ұйым Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2009 жылы 3 қазанда Әзірбайжанның Нахичеван қаласында түркі тілдес мемлекеттер басшыларының саммитінде «Түркі кеңесі» атауымен құрылған [2]. 2021 жылдың 12 қарашасында Стамбулда өткен Түркі тілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің саммитінде Түркі кеңесінің атауы «Түркі мемлекеттерінің ұйымы» болып өзгертілді.

Ұйымға Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркия кіреді. Түрікменстан мен Мажарстан – ұйымның құрамындағы Бақылаушы мемлекеттер.

Ұйымның құрылуындағы алға қойған мақсаттары мен міндеттеріне келетін болсақ, Нахчыван келісімінің преамбуласы мүше мемлекеттердің Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында бекітілген мақсаттар мен қағидаттарды ұстануға деген ерік-жігерін растайды және Түркі кеңесінің негізгі мақсатын жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету ретінде анықтайды. Сондай-ақ, түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аймақта және бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бірлескен үлес қосу жолындағы ұйымдастық. Мүше мемлекеттер демократиялық құндылықтарға, адам құқықтарына, заң үстемдігіне және тиімді басқару қағидаттарына адалдықтарын растайды.

Нахчыван келісімі ұйымның негізгі мақсаттары мен міндеттерін келесідей анықтайды:

- Қатысушылар арасындағы өзара сенім мен достықты нығайту;
- Сыртқы саясат мәселелері бойынша ортақ ұстанымдарды әзірлеу;
- Халықаралық терроризмге, экстремизмге, сепаратизмге және трансұлттық қылмыстарға қарсы іс-қимылды үйлестіру;
- Ортақ мүдделі барлық салаларда тиімді аймақтық және екіжақты ынтымақтастыққа жәрдемдесу;
- Өзара сауда мен инвестиция үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жан-жақты және теңгерімді экономикалық өсуге, әлеуметтік және мәдени дамуға ұмтылу;
- Ғылым, техника, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және туризм салаларындағы өзара іс-қимылды арттыру;
- БАҚ пен басқа коммуникация құралдарының өзара әрекеттесуін ынталандыру;
- Тиісті құқықтық ақпарат алмасуға жәрдемдесу және құқықтық ынтымақтастықты нығайту.

Осы салалардағы ынтымақтастық жолында атқарылған іс-шаралардың қатарына, үстіміздегі жылдың маусым айында Халықаралық Түркі академиясының барлық қатысушы елдерге ортақ оқулықтарды бекіту жайлы шешімін жүзеге асырғандығы жайлы хабарлағандығын айта кетуімізге болады. Астанада өткен Халықаралық Түркі академиясы Ғылыми кеңесінің кезекті V отырысында түркі әлемінің жалпы оқулықтары: «Жалпы түркі тарихы», «Жалпы түркі әдебиеті» және «Түркі әлемінің географиясы» туралы қорытынды шешім қабылданды [3].

Бауырлас елдердің білім саласындағы ынтымақтастығын арттыруға бағытталған оқулықтар түркі мемлекеттері басшыларының саммитінде берілген тапсырмаларға сәйкес дайындалды. Бұл, өз кезегінде, түркі тілдес елдер географиясы, тарихы және әдебиетін оқыту арқылы жастарды бауырмашылдық және өзара достық сезімге тәрбиелеу жолында жасалынып жатқан үлкен игі іс деп білеміз.

2021 жылы Стамбұлда өткен Ғылыми кеңестің 4-ші отырысында Түркияның бастамасымен оқулықтар мәтіндерін бекіту бойынша сарапшылар кеңесі өтіп, оның барысында «Жалпы түркі тарихы», «Жалпы түркі Әдебиет» және «Түркі әлемінің географиясы» оқулықтары мамандардың мақұлдауынан өткен болатын.

Түркі халықтарының XV ғасырға дейінгі тарихын қамтитын «Жалпы түркі тарихы» оқулығы 7 бөлімнен тұрады. Онда түркі халықтарының тарихы жан-жақты қамтылған.

Бұған дейін «Жалпы түркі тарихы» пәні 8-сынып оқушыларына таңдау бойынша бағдарлама ретінде Әзірбайжан, Қазақстан және Түркия мемлекетінде ғана оқытылатын еді.

«Жалпы түркі әдебиеті» оқулығы студенттерге ерте дәуірден бастап ұлттық әдебиет тарихына негізделген жалпы түркі әдебиеті мен ортақ мәдени құндылықтар туралы түсінік беруге арналған.

«Түркі әлемінің географиясы» оқулығының мазмұны білім алушыларға жалпы түркі әлемінің географиялық бейнесін қалыптастыруға, түркілердің географиялық түсініктері мен идеяларын зерделеуге, сонымен қатар тәуелсіз түркі елдерінің қазіргі таңдағы географиясын зерттеуге бағытталған. Онымен қоса, оқулықта әр кезеңдегі түркі тілдес халықтардың жер-шарындағы шоғырлануы жайлы ақпараттар да бар [4]. Бұл оқулық оқушыларда Өтүкеннен бастап Балқанға дейінгі ұлан-ғайыр географиялық аумаққа, ондағы киелі жерлерге деген көзқарастың қалыптасуына оң ықпал етеді. Бұл әрқайсымыз үшін үлкен жетістік пен зор игілік, түркі әлемінің географиясы жайлы мол білім қайнары деп білеміз.

Бұл пән Түркі кеңесіне мүше елдердің мектептерінде факультативтік түрде оқытылатын болады. Алдағы уақытта түркі мемлекеттеріндегі географияны пән ретінде оқытудың ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінеді деген сенімдемін.

Биылғы жылы Астанадағы Ғылыми кеңесте қабылданған қорытынды хаттамаға сәйкес, тараптар ортақ оқулықтардың бағдарламалары мен мәтіндерін бекітіп, олардың өз елдерінің орта білім беру ұйымдарында оқытылуын қамтамасыз ету және «Жалпы түркі тарихы», «Жалпы түркі әдебиеті» және «Түркі әлемінің географиясы» пәндерін студенттер арасында кеңінен насихаттау мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырады.

Осындай мәдениет пен білім саласындағы маңызды тарихи шараға Түркі ұйымының Бас хатшысы Бағдат Әміреев, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Әзірбайжанның білім министрі Эмин Амруллаев, Қазақстанның білім министрі Асхат Аймағамбетов, ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек және де т.б. көптеген министрлер қатысқан болатын. Онымен қоса, Қырғызстанның білім және ғылым министрі Алмазбек Бейшеналиев, түркі мемлекеттері ақсақалдар ұйымдары кеңесінің мүшесі Икрам Адырбеков, сондай-ақ Әзірбайжан, Қырғызстан, Венгрия және Өзбекстанның Қазақстандағы елшілері, Түркия елшілігінің өкілдері де оқулықтың бекітілу шарасына қатысқан еді. Осыдан-ақ, бұл атқарылып жатқан жұмыстардың еліміздің, бүкіл әлемнің дамуы мен болашағына өте зор ықпалы бар екендігін байқауымызға болады. Жастар – кез-келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші екендігін білетін әр адам, мұндай шаралардан шетте қалуы мүмкін емес.

Жан-жақты диалогты нығайтуда мәдени-білім саласындағы ынтымақтастық әрқашан маңызды рөл атқарады. Сарапшылардың пікірінше, түркі интеграциясындағы бұл бағыт болашақ серіктестіктің табысты болуы тәуелді сала болып қала береді. Мәдени дипломатия факторы мен білім беру бастамаларының синергиясы болашақ ынтымақтастыққа тұтастық беруге мүмкіндік береді [5].

Жалпы алғанда, келешекте оң динамика сақталса, түркі интеграциясы өзінің экономикалық, мәдени-гуманитарлық әлеуетін нығайтып, әртараптандыруға ғана емес, сонымен қатар аймақтық және халықаралық күн тәртібінде әр-түрлі мәселелерге ықпал ету мүмкіндігімен халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды орын алуға толық мүмкіндігі бар.

Коронавирустық пандемия, түрлі сын-қатерлер мен қауіпсіздік қатерлері тудырған халықаралық ахуалдың жаңа жағдайында түркі мемлекеттері түркі ынтымақтастығының бар әлеуетін ашу бойынша мақсатты жұмысты жалғастырып қана қоймай, одан әрі тереңдетіп, жаңа ортақ жобаларды ұйымдастырулары керек. Шынында да, қазіргі әлемдік тәртіп құрылымында болып жатқан терең өзгерістер жағдайында саяси және экономикалық өзара іс-қимылдың жаңа кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндіктер ашылуда. Ортақ мәдени мұра және бірегейлік мәселелері бүгінде өте көрнекті және басым орын алады. Ал мектеп оқулықтары – қазіргі әлемдік тәртіпті қайта құру жолындағы шағын, бірақ елеулі белестер; алыс көкжиектер көрінетін жақын шекаралар тәрізді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Крек Н. Тюркская история и геополитические амбиции Анкары – что между ними общего? URL: <https://www.ritmearasia.org/news--2022-08-12--tjurkskaja-istorija-i-geopoliticheskie-ambicii-ankary-что-mezhdu-nimi-obschego-61414> (дата обращения: 15.09.2022).

О ратификации Нахичеванского соглашения о создании Совета сотрудничества тюркоязычных государств. Закон Республики Казахстан от 27 сентября 2010 года № 341-IV. "Казахстанская правда" от 02.10.2010 г., № 260-261 (26321-26322).

Учебник «Общетюркская история» начали использовать в школах Азербайджана, Казахстана и Турции // Сетевое издание «egemen.kz». URL: <https://www.egemen.kz/article/221923-uchebnik-obschetyurkskaya-istoriya-nachali-ispolzovat-v-shkolakh-azerbayddgana-k> (дата обращения 15.09.2022).

Тюркский мир в школьном учебнике: ближние рубежи, дальние горизонты // Семененко И.С., 23.08.2022. ИМЭМО РАН. URL: <https://www.imemo.ru/publications/relevant-comments/text/the-turkic-world-in-a-school-textbook-near-frontiers-distant-horizons> (дата обращения 15.09.2022).

Кудряшова И.В. Политическая панидентичность // Идентичность: Личность, общество, политика / Отв. ред. И.С. Семененко. М.: Изд. «Весь Мир», 2017. С. 362–365.

**ТҮРКІ ЕЛДЕРІ ЖОО-НЫҢ «ГЕОГРАФИЯ» БАҒЫТЫНДАҒЫ БББ-ДА
КЕҢІСТІКТІК ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
(ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ МЫСАЛЫНДА)**

Асен Н.Қ.

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің оқытушысы, докторант

Қазақстан, Алматы қ.

<https://orcid.org/0009-0002-4034-4249>

АНДАТПА

Мақалада Қазақстан мен Түркия елдеріндегі ЖОО-да географияны оқыту бағдарламалары мен географияның кеңістіктік перспективасының ерекшеліктері талданып, адам мен табиғи құбылыстардың физикалық орналасумен байланысының зерттелуі қарастырылды. Географтар кеңістіктік перспективаны, соның ішінде компастарды, глобустарды, карталарды және спутниктік кескіндерді пайдалану кезінде әртүрлі құралдар мен әдістерді пайдаланатыны бізге белгілі, ал, қазіргі заманның барлық өзекті мәселелері географиялық құрамдас бөлікке ие. Біздің күнделікті өмірімізге климаттың өзгеруі, жаһандану, урбанизация, логистикалық мәселелер, саяси тұрақсыздық және табиғи апаттар әсер етеді. Жаһандық мәселелерді шешу кеңістіктік ойлаудың дамыған дағдыларын қажет етеді және әртүрлі масштабтағы әртүрлі заңдылықтардың қалай байланысты екенін түсіну қабілетін дамытуға көмектеседі. Кеңістіктік ойлау көбінесе кеңістіктік аспектідегі «неге» және «қалай» деген сұрақтардан басталады. «География» білім беру бағдарламасында кеңістіктік ойлау дағдыларын дамыту теориялық оқытуды ғана емес, сонымен қатар білімді практикалық қолдануды және заманауи әдістер мен технологияларды қолдануды қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді.

Қазақстан мен Түркия жоғары оқу орындарының мысалында, «География» білім беру бағдарламасында кеңістіктік ойлау дағдыларын дамыту мәселелері мынадай аспектілерді қамтуы мүмкін: Геоақпараттық технологияларды жеткіліксіз пайдалану: кейбір білім беру бағдарламаларында кеңістіктік ойлауды дамытудың маңызды құралы болып табылатын заманауи геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) белсенді қолданылмауы мүмкін. Практикалық сабақтар мен жобалық жұмыстың болмауы: карталармен жұмыс жасауды, кеңістіктік деректерді талдауды және географиялық есептерді шешуді қамтитын практикалық сабақтардың жеткіліксіз саны студенттердің кеңістіктік ойлау қабілетін төмендетуі мүмкін. Теориялық білімге оларды практикалық қолданбай бағдарлау: кейбір жағдайларда білім беру бағдарламалары географияның теориялық аспектілеріне тым көп көңіл бөлуі мүмкін, бұл студенттерге географиялық мәліметтер мен құралдармен жеткілікті практикалық жұмыс жасамай. Оқытушылардың жеткіліксіз дайындығы: кейбір оқытушылар студенттердің кеңістіктік ойлауын дамыту үшін қажетті заманауи оқыту әдістері мен технологияларын пайдалануда қиындықтарға тап болуы

мүмкін. Оқыту әдістерінің әртүрлілігіне жеткіліксіз назар аудару: кеңістіктік ойлауды дамытуға ықпал ететін интерактивті және белсенді оқыту әдістерін қолданбай, білім беру процесін дәстүрлі оқыту әдістерімен (дәрістер, семинарлар) шектеу. Мәдени және контекстік аспектілерге жеткіліксіз назар аудару: оқыту бағдарламалары аймақтық ерекшеліктер мен мәдени контексттердің ерекшеліктеріне бейімделмеуі мүмкін, бұл географиялық процестерді түсінуді және кеңістіктік ойлауды дамытуды қиындатуы мүмкін. Пәнаралық тәсілге жеткіліксіз назар аудару: экология, геология, геоинформатика және басқаларды қоса алғанда, білімнің әртүрлі салаларындағы кеңістіктік ойлаудың маңыздылығы жеткілікті түрде хабардар болмауы және оқу бағдарламаларына біріктірілуі мүмкін. Бұл мәселелерді шешу білімді практикалық қолдануға, оқытудың заманауи технологиялары мен әдістерін қолдануға, сондай-ақ білікті оқытушыларды даярлауға және бағдарламаларды студенттердің жергілікті ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне бейімдеуге баса назар аударатырып, заманауи білім беру бағдарламаларын әзірлеуді талап етеді.

Осы кеңістіктік ойлауды дамыту мәселелерінен көргендей, ары қарай, оның дамуы мен дамыту бағыттарына көз жүгіртуге болады. «География» білім беру бағдарламасында кеңістіктік ойлау дағдыларын дамыту студенттердің құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі аспектісі болып табылады. Бұған ықпал ететін бірнеше әдістер мен тәсілдерге тоқталсам:

Қазақстан мен Түркияның жоғары оқу орындарындағы география бойынша білім беру бағдарламаларында географиялық ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Мұнда әдетте оқу бағдарламалары мен оқыту әдістемелерінде қолдау көрсетілетін бірнеше негізгі аспектілер берілген:

№	Негізгі аспектілер	Атқаратын функциялары
1	Карталармен және геоақпараттық жүйелермен (ГАЗ) жұмыс:	Студенттер географиялық деректерді талдау, кеңістіктік қатынастарды визуализациялау және географиялық есептерді шешу үшін карталар мен ГАЗ қолдануды үйренеді.
2	Экскурсиялар және далалық зерттеулер:	далалық сапарлар мен далалық зерттеулерді ұйымдастыру студенттерге географиялық нысандар мен процестерді нақты масштабта бақылауға, деректерді жинау және талдау дағдыларын дамытуға және практикалық географиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.
3	Жобалау қызметі:	студенттер географиялық ақпаратты талдауға, географиялық процестерді модельдеуге, географиялық карталарды әзірлеуге және басқа да міндеттерге байланысты жобаларға қатысады, бұл сыни ойлауды дамытуға және білімді практикада қолдануға ықпал етеді.

№	Негізгі аспектілер	Атқаратын функциялары
4	Жергілікті және аймақтық ерекшеліктерді зерттеу:	Түркиядағы географиялық жағдайлардың әртүрлілігін ескере отырып, студенттер географиялық кеңістіктің жергілікті және аймақтық ерекшеліктерін терең зерттейді, бұл нақты географиялық ойлаудың дамуына ықпал етеді.
5	Пәнаралық тәсіл:	географиялық білім беру бағдарламалары көбінесе экология, геология, экономика және т.б. сияқты басқа білім салаларымен біріктіріледі, бұл студенттерге әртүрлі пәндер арасындағы байланыстарды көруге және кеңістіктік қатынастарды терең түсінуге көмектеседі.
6	Заманауи технологияларды қолдану:	студенттер геоақпараттық жүйелер, қашықтықтан зондтау, компьютерлік модельдеу және басқаларын қоса алғанда, географиялық зерттеулерде заманауи әдістер мен технологиялармен танысады, бұл оларға кеңістіктік деректерді талдаудың заманауи құралдары мен әдістерімен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.
7	Оқыту және бағалау әдістерінің әртүрлілігі:	дәрістер, семинарлар, зертханалық жұмыстар, жобалар мен пікірталастар сияқты әртүрлі оқыту әдістерін пайдалану және бағалау әдістерінің әртүрлілігі әртүрлі оқу стильдерін қарастыруға мүмкіндік береді және студенттердің кеңістіктік ойлауының толық дамуына ықпал етеді.

Осы әдістер мен тәсілдердің жиынтығы Қазақстанның жоғары оқу орындарында география студенттерінің кеңістіктік ойлауын дамытуға ықпал ететін тиімді білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Түркия жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында географиялық ойлау дағдыларын дамыту географиялық деректерді тиімді талдауға және түсіндіруге, сондай-ақ негізделген географиялық шешімдер қабылдауға қабілетті география саласындағы білікті мамандарды даярлауға ықпал етеді. Түркия мемлекетінің университеттері, тек географияны ғылыми бағытта ғана оқытып қана қоймай, сонымен қатар педагогикалық салаға бейімділігі бар география бағдарламаларын ұсынады. Төмендегі сызбада олардың кейбіреулері келтірілген.



Бұл Түркиядағы педагогикалық салаға бағытталған география бағдарламаларын ұсынатын университеттердің тізімі.

Келесі, Қазақстандық «География» БББ-да кеңістіктік ойлауды дамыту бойынша пәндерді оқытатын жоғары оқу орындарының тізімінде көрсетілгендей,

география бойынша ғылыми және педагогикалық бағытта оқыту бүкіл елдегі басқада аймақтық университеттер мен институттарда да қол жетімді.



Бұл ғылыми және педагогикалық салаға бағытталған география бойынша бағдарламалар ұсынылатын Қазақстандағы университеттердің тізімі.

География бойынша білім беру бағдарламасында кеңістіктік ойлауды қорытындылау студенттерге айналасындағы әлемді жақсы түсінуге көмектеседі,

сонымен қатар оларды география және онымен байланысты салалардағы кәсіби қызметке дайындайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, география білім беру бағдарламасындағы кеңістіктік ойлау студенттер үшін өте маңызды, өйткені ол географиялық зерттеулердің негізгі аспектісі болып табылатын кеңістіктік қатынастарды талдау және түсіну дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Географияны оқыту барысында студенттер кеңістіктік деректерді талдаудың әртүрлі әдістерін, соның ішінде карталармен жұмыс істеуді, геоақпараттық жүйелерді (ГАЗ) пайдалануды, кеңістіктік заңдылықтар мен қатынастарды талдауды меңгереді. Кеңістіктік ойлау студенттерге зерттеу жұмыстарын жүргізуде және жаңалықтар мен зерттеу нәтижесін алуда зор үлесін тигізеді, мысалы: кеңістікте шарлау, яғни, картадағы объектілер мен құбылыстардың географиялық таралуын түсіну студенттерге кеңістікті шарлауға және әртүрлі аймақтар мен аумақтардың географиялық орналасуын түсінуге көмектеседі. Географиялық процестерді талдау, бұл кезеңде студенттер географиялық процестердің себептері мен салдарын түсіну үшін климаттық жағдайлар, геологиялық формациялар, топырақ, өсімдіктердің таралуы және басқалары сияқты кеңістіктік деректерді талдауға және түсіндіруге үйретіледі. Географиялық шешімдер қабылдау, зерттеудегі негізгі қадамдардың бірі десек те болады, яғни, кеңістіктік ойлауды дамыту студенттерге кеңістіктік деректерді талдау және ықтимал нәтижелерді болжау негізінде негізделген географиялық шешімдер қабылдауға көмектеседі және студенттердің геоақпараттық технологиялармен жұмыс жасауы процесі, ГАЗ білімі мен дағдылары студенттерге кеңістіктік деректерді талдау және визуализациялау үшін заманауи технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Түркия елдерінің білім беру саласында, яғни ЖОО-дағы «география» білім беру бағдарламасын оқытуда кеңістіктік ойлауды дамыту кешенді тәсілді және жалпы шараларды қабылдауды талап ететін маңызды міндет болып табылады. Төменде екі елдің географиялық оқу бағдарламаларында кеңістіктік ойлауды дамыту үшін қолдануға болатын бірнеше жалпы шаралар келтірілген:

Заманауи технологияларды интеграциялау, яғни оқу процесіне заманауи геоақпараттық жүйелерді (ГАЗ), интерактивті карталарды және виртуалды Білім беру ресурстарын енгізу студенттердің белсенді қатысуына және олардың кеңістіктік ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Оқытудың белсенді әдістерін қолдану: Жобалық іс-шаралар, пікірталастар, топтық жұмыстар және рөлдік ойындар сияқты оқыту әдістерін қолдану студенттердің белсенді қатысуын ынталандырады және олардың кеңістіктік талдау және проблемаларды шешу қабілетін дамытады.

Карталармен және кеңістіктік деректермен жұмыс істеуге үйрету: студенттердің әртүрлі карта түрлерімен жұмыс істеу, географиялық деректерді талдау және

кеңістіктік құралдарды пайдалану дағдыларын игеруі олардың кеңістіктік ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Ғылыми жобаларды қолдау: географиялық деректерді талдауға және нақты географиялық мәселелерді шешуге байланысты студенттердің ғылыми жобаларын қолдау олардың аналитикалық және кеңістіктік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бұл шараларды қабылдау студенттердің кеңістіктік ойлауын дамытып қана қоймай, оларды екі елдегі география және онымен байланысты салалардағы кәсіби қызметке дайындауға көмектеседі.

ГЕОГРАФИЯНЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН ОҚЫТУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ: КЕЛЕШЕГІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Асылғазы Ж.С., Есназарова Ұ.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

АНДАТПА

Бұл мақалада студенттерді тұрақты дамуға дайындау үшін географияны оқытудың инновациялық әдістерін қолданудың келешегі мен қиындықтары қарастырылған. Географиялық ақпараттық жүйелерді, виртуалды саяхаттар мен ойын технологияларын пайдалану сияқты оқытудың заманауи тәсілдерін және олардың студенттердің белсенділігін арттыруға және географиялық ұғымдарды терең түсінуге мүмкіндік беретін мүмкіншіліктерін зерттейді. Қорытындылай келе экологиялық сауаттылықты тиімді қалыптастыру және қоғамның тұрақты дамуы үшін осы қиындықтарды еңсеруге және инновацияларды енгізуге кешенді көзқарас қажет екендігі көрсетілді.

Кілт сөздер: инновациялық әдістер, Тұрақты даму, географиялық ақпараттық жүйелер, экологиялық сауаттылық, виртуалды экскурсиялар, технологиялар.

География - бізді қоршаған әлемді және оның өзгерістерін түсінуге көмектесетін ең маңызды пәндердің бірі. География пәні мұғалімдерінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушыларды пәнге қызықтыру. География контекстінде тұрақты дамуды оқыту студенттерді әлем алдында тұрған күрделі экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді түсінуге және шешуге дайындау үшін өте маңызды. Географиялық білімге орнықты даму қағидаттарын енгізу адам мен табиғи жүйелердің өзара байланысын тереңірек түсінуді ғана емес, сонымен қатар тұрақты болашақты құруға деген жауапкершілік сезімін де дамытады.

Климаттың өзгеруі, урбанизация, қоршаған ортаның деградациясы сияқты жаһандық сын-қатерлер өзекті болып отырған қазіргі әлемде қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін географияны оқытудың инновациялық әдістерін дамытудың маңызы зор. Бұл әдістер студенттерге күрделі географиялық құбылыстар мен процестерді түсінуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар оларды тұрақты болашақты құруға белсенді қатысуға дайындайды. Ескі әдістер мен оқу материалдары қазіргі студенттер үшін қызықсыз және маңызды емес болуы мүмкін. Сондықтан география сабағын қызықты әрі интерактивті ететін оқытудың инновациялық әдістерін қолдану маңызды.

Инновациялық әдістердің бірнешеуін қарастырайық:

Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ).

Географиялық ақпараттық жүйелердің (ГАЗ) тұрақтылығын оқыту маңызды, себебі бұл технология ғалымдар мен зерттеушілерге әртүрлі факторлардың

экожүйеге қалай әсер ететінін және қоршаған ортадағы өзгерістер тірі ағзалардың өміріне қалай әсер ететінін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. ГАЖ деректерді тиімді талдап, өңдей және визуализациялай алады, бұл ғалымдарға климаттың өзгеруі, адам әрекеті және басқа факторлар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға көмектеседі.

ГАЖ оқыту сонымен қатар студенттерге географиялық деректерді экологиялық тұрақтылық пен тұрақты дамуға қатысты шешімдер қабылдау үшін қалай пайдалануға болатынын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мұхиттағы өзгерістерді бақылауды, атмосфералық айналымды және олардың өзгеру тәуекелдерін зерттеуді, маңызды өндірістік процестер мен бизнес жобалардың қоршаған ортаға әсерін бағалауды қамтуы мүмкін.

Коллективті оқыту.

Ынтымақтастықта оқыту тұрақтылықты оқытудың тиімді әдісі болып табылады, себебі ол студенттерге ынтымақтастық, сыни ойлау және саналы шешім қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

1 кесте. Тұрақты даму контекстінде коллективті оқытуды қолданудың кейбір жолдары берілген:

1. Топтық жобалар	Студенттерді шағын топтарға бөліп, әр топқа тұрақтылыққа байланысты тапсырма немесе жоба беріледі. Топтар ортақ шешімге келу үшін ынтымақтаса отырып, зерттеу жүргізіп, нәтижелерін талқылай алады.	Мысалы, студенттер өз мектебінің энергия тұтынуын азайту үшін әрекет жоспарын әзірлеуі немесе қоғамдастықта қалдықтарды басқаруды жақсарту жолдарын зерттеуі мүмкін.
2. Талқылаулар мен пікірталастар:	Тұрақты дамуға қатысты мәселелер бойынша топтық талқылаулар мен пікірталастарды ұйымдастыру. Сыни тұрғыдан ойлауға ықпал ететін және әртүрлі көзқарастарды тудыратын тақырыптарды таңдаңыз	Мысалы, студенттер климаттың өзгеруінің жергілікті экожүйеге әсері туралы сұрақтарды талқылауы немесе біздің экологиялық ізімізді азайту шаралары туралы дау айтуы мүмкін.
3. Виртуалды ынтымақтастық	Әртүрлі жерлерден немесе тіпті әртүрлі елдерден келген студенттерге тұрақтылық мәселелері бойынша идеялар мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беру үшін онлайн форумдар немесе бейнеконференциялар сияқты байланыс және ынтымақтастық құралдарын пайдаланыңыз. Олар жобалар бойынша бірлесіп жұмыс істей алады, өз нәтижелері мен ұсыныстарын талқылап, бөлісе алады.	Мысалы, топтар тұрақты дамудың әртүрлі аспектілерін зерттейді және онлайн форумдар мен бейнеконференциялар арқылы идеялармен алмасады. Мысалы, олар өз елдеріндегі қалдықтарды басқару тәжірибесін зерттеп, тәжірибелерімен бөлісе алады.

Заманауи технологияны пайдалану: интерактивті карталар, географиялық ақпараттық жүйелер және қашықтықтан зондтау сияқты заманауи технологиялар студенттерге географиялық ақпаратты жақсырақ визуализациялауға және талдауға көмектеседі. Бұл оларға географияның әртүрлі аспектілері мен тұрақты даму арасындағы байланыстарды жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Оқытуда технологияны пайдалану тұрақты дамуға қол жеткізуде өте тиімді болуы мүмкін. Міне, кейбір мысалдар:

1.Онлайн курстар мен платформалар: Тұрақтылық бойынша оқытуды ұсынатын әртүрлі онлайн курстар мен платформалар бар. Бұл курстар барлығына қолжетімді және сізге қолайлы уақытта және қарқынмен аяқталуы мүмкін. Сондай-ақ тұрақты дамудың нақты аспектілері бойынша білім мен дағдыларды алуға болатын арнайы платформалар бар, мысалы, энергетика, экология және т.б.

2.Виртуалды зертханалар және симуляциялар: Виртуалды шындық (VR) және толықтырылған шындық (AR) технологияларын студенттерге тұрақты даму саласында практикалық тәжірибе мен білім алуға мүмкіндік беретін виртуалды зертханалар мен модельдеулерді құру үшін пайдалануға болады. Олар, мысалы, энергетикалық жүйелерді, экожүйелерді зерттей алады немесе қоршаған ортаға әсерді азайту үшін әртүрлі стратегияларды қолдана алады.

3. Ақпарат пен ресурстарға қол жеткізу: Технологияларды пайдалану тұрақты дамуға қатысты ақпарат пен ресурстарға оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл ағымдағы зерттеулерге, статистикаға, жаңалықтарға және т.б. Осы қолжетімділіктің арқасында студенттер тұрақты даму саласындағы соңғы жетістіктер мен әзірлемелерден хабардар бола алады.

4. Оқытуды басқару жүйелері: Оқытуды басқарудың заманауи жүйелері студенттер мен мұғалімдерге тиімді өзара әрекеттесуге және материалдар мен тапсырмаларды бөлісуге мүмкіндік береді. Олар сондай-ақ ынтымақтастық пен нақты уақыттағы байланыс мүмкіндігін қамтамасыз ете алады. Бұл әсіресе тұрақты даму бойынша бірлескен оқу жобаларында пайдалы, мұнда әртүрлі елдердің студенттері ортақ тапсырмаларды орындай алады.

Оқытуда технологияны пайдалану оқу үдерісін интерактивті, қолжетімді және қызықты етуге көмектеседі, бұл тұрақтылық тұжырымдамаларын жақсырақ түсінуге және қолдануға ықпал етеді. Бұл сонымен қатар бізге көбірек студенттерді қамтуға және тұрақты даму туралы білімдерді жаһандық деңгейде таратуға мүмкіндік береді.

Студенттерді тұрақты даму мәселелерін түсінуге және шешуге дайындауда географияны оқытудың инновациялық әдістері маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу және енгізу кезінде ескеру қажет белгілі бір проблемалар мен қиындықтар туындайды.

2 кесте. Географияны оқытудың инновациялық әдістерінің болашағы:

Технологиялық инновация	Виртуалды шындықты, толықтырылған шындықты және бұлтты есептеулерді қоса алғанда, технологияның жетістіктерімен географияны оқытудың болашағы интерактивті және тартымды оқу орталарын жасау үшін осы құралдарды пайдалануды қамтиды.
Пәнаралық көзқарас	География мен экология, экономика және әлеуметтану сияқты басқа ғылымдар арасындағы байланыстарды білу пәнаралық бағдарламалар мен оқыту әдістерін дамытуға ықпал етеді.
Ғаламдық қоңырауларды есепке алу	Инновациялық әдістер студенттерді осы мәселелерді түсінуге және шешуге дайындау үшін климаттың өзгеруі, табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану және урбанизация сияқты жаһандық мәселелерді ескеруі керек.

Географияны оқытудың инновациялық әдістері, әсіресе тұрақты даму жағдайында бірқатар қиындықтарға тап болуы мүмкін. Төменде негізгі проблемалардың кейбірі берілген:

1. Ресурстар мен жабдықтардың жетіспеушілігі

Заманауи технологиялар мен құрал-жабдықтардың болмауы оқытудың инновациялық әдістерін енгізуді қиындатады.

2. Білікті мұғалімдердің жетіспеушілігі

Оқытудың инновациялық әдістері бойынша білімі мен тәжірибесі бар мұғалімдердің жетіспеушілігі оларды тиімді жүзеге асыруға кедергі болуы мүмкін.

3. Оқу жоспарларын стандарттау

Қолданыстағы стандарттар мен оқу бағдарламалары географияны оқытуда инновацияларды енгізу мүмкіндігін шектеуі мүмкін.

4. Оқушылардың ынтасының болмауы

Кейбір студенттер инновациялық оқыту әдістерінің құндылығын көрмеуі мүмкін, бұл олардың қабылдауы мен қатысуын қиындатады.

5. Бағалау және бағалау критерийлері

Оқытудың инновациялық әдістеріне сәйкес бағалау критерийлері мен бағалау әдістерін бейімдеу қажеттілігі қиын болуы мүмкін.

6. Оқу орындары мен білім беру жүйесінің қарсылығы

Кейбір мектептер мен білім беру жүйелері қалыптасқан тәжірибелер мен белгісізден қорқу салдарынан өзгерістер мен инновацияларға төзімді болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, географияда тұрақты дамуды оқыту тұрақты даму мәселелерін шешуге жабдықталған, қоршаған ортаға саналы және жаһандық

деңгейде белсенді азаматтарды тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Негізгі тұжырымдамаларды, тәсілдерді біріктіру және географиялық білім берудегі тұрақты дамудың маңыздылығын атап көрсету арқылы педагогтар студенттерді оң өзгерістердің жақтаушысы болуға және тұрақты және әділетті әлемге үлес қосуға шабыттандырады.

Бұл тәсіл студенттерді жергілікті және жаһандық қауымдастықтардағы тұрақты дамуды түсінуге, араласуға және оған үлес қосуға дайындаудағы географиялық білім берудің жалпы мақсатын қолдайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шатных А. В. Проекты уроков географии с использованием интерактивного оборудования и интернет ресурсов. – Курган, 2013.
2. И. В. Душина, Г.А. Понурова // Методика преподавания географии// Москва, 1996
3. И.В. Душина, Е.А. Таможняя, В.Б. Пятунин // Методика и технологии обучения географии в школе// АСТ, Астрель, М., 2002
4. В.П. Максаковский // Преподавание географии в зарубежной школе// ВЛАДОС, М., 2001
5. Смирнова О.В., Федосеенко Т.В. Научно-географические основы становления понятия «природное и культурное наследие» в географическом образовании // Современные проблемы науки и образования. 2015. № 4. С. 28.
6. Мухина С.А., Соловьёва А.А. Современные инновационные технологии обучения. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2008

АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ТҰРАҚТЫ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ

Бакирбаева П.А., Біләлов Б.М., Қапезова А.Ғ.

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы,
докторант, Алматы, Қазақстан

АНДАТПА

Мақалада ауылдық аумақтарды тұрақты дамытудың теориялық мәні және талдау негізінде ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту ұғымы нақтыланды, олардың тұрақтылығын, қоғамдық-экономикалық дамуын, аграрлық өнеркәсіп өндірісінің өсуі мен көлемін арттыруды, сондай-ақ ауыл тұрғындарының толық жұмыспен қамтылуына қол жеткізуді және соның салдарынан оның өмір сүру деңгейінің өсуін түсіндірді. Сонымен қатар, елде жүргізіліп жатқан реформалардың жалпы мазмұнымен сондай-ақ, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық ахуалмен, аумақтық құрылымдардың демографиялық ерекшелігімен байланысты екенін көрсетті. Автор ауылдық аумақтардың тиімділігін арттыру тетігі ретінде Еңбек ресурстарын, олардың халыққа негізделген жұмыспен қамтылуын қарастыруды ұсынады. Автор ауылды дамыту мәселелерін шешу агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекет саясатының тиімділігіне тікелей байланысты екенін атап өтті. Сондықтан бүгінде Үкіметтің назары ауылдың болашағын дамыту, әлеуметтік саясат стратегиясы мен даму мәселелеріне аударылады.

Тірек сөздер: ауыл, ауылдық аумақтар, ауылдық аудандар, тұрақты дамыту, аграрлық экономика, аграрлық өндіріс.

Ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы олардың тұрақтылығы, қоғамдық-экономикалық дамуы, аграрлық өнеркәсіп өндірісінің өсуі мен ұлғаюы, сондай-ақ ауыл тұрғындарының толық жұмыспен қамтылуына қол жеткізу және соның салдарынан халықтың өмір сүру деңгейінің өсуі болып табылады.

Қазақстанда экономиканың тұрақты даму және халықтың әл-ауқатын арттыру проблемаларын шешу көбінесе ауылдық аумақтардың (ауылдық жерлердің) дамуымен айқындалады. Соңғы 10 жылда ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі саясат даму әлеуеті бар ауылдық елді мекендерді басым қолдау есебінен ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды. Осы кезеңде Өңірлерді дамыту мемлекеттік бағдарламасының бірнеше кезеңдері, сондай -ақ басқа да салалық бағдарламалық құжаттар іске асырылды. [1]

Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауылдық аумақтарды дамыту, ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын жақсарту және жайлы өмір сүру ортасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты - ауылдық аумақтардың географиялық

ерекшеліктері мен артықшылықтарын ескере отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті және аулдық елді мекендердегі әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту Оны іске асыру нәтижесінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз ауыл халқының үлесі 5,8%-ға дейін, ал ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейі 4,2%-ға дейін төмендейді деп күтілуде. Сонымен қатар ауылдық елді мекендер сумен 100%, интернетпен 97% қамтылады, сондай-ақ нормативтік жағдайы жақсы жергілікті жолдардың үлесі 95%-ға жеткізілмек. Ауылдық жерлерде 655 денсаулық сақтау нысаны, 183 мектеп және 100 спорт ғимараты пайдалануға беріліп, 650 мәдениет нысаны салынып, жөндеуден өткізіледі деп жоспарлап отыр [2].

Ауылдық елді мекендерді дамытудың негізгі нүктесі көлік, энергетика, байланыс, білім беру және медициналық қызмет көрсету салаларын дамытуды қамтитын инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту. Бұл саладағы маңызды зерттеу бағыты инфрақұрылымға инвестицияларды қызықтырып, оны тартып және ауылдық аумақтарды дамыту үшін қолайлы орта қалыптастырудағы орталық және жергілікті атқарушы орган рөлін зерттеу болып табылады. Ауылдық аумақтарды дамытудың әлеуметтік-экономикалық жағы да көші-қон және демография мәселелерімен тығыз байланысты. Ауыл тұрғындарының көші-қон үрдістеріне әсер ететін факторларды зерттеу және ауылдық жерлерде жастар мен мамандарды ұстап қалу, жұмыспен қамтуды ынталандыру және әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша стратегиялар мен шараларды қалыптастыру зерттеудің маңызды пәні болып табылады. Осы тұрғыда ауылдық туризмді, шағын және орта бизнесті дамыту, ауылды аймақтық экономикалық үрдістерге интеграциялау сияқты ауыл тұрғындарын қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың әсерін зерттеуге бағытталған зерттеулер өзекті болып табылады. [2]

Ауылдық аумақтардың дамуына қатысты мәселелерді зерттеумен Д.А. Баландин, В.М. Баутин, В.В. Козлов, В.В. Леонтьева, С.О. Сиптица, М.Б. Кенжегузин, Ф. Мантино, А.В. Петрикова, В.В. Кузнецов және тағы басқа ғалымдар айналысты. Аумақтың дамуы еліміздің өңірлерінің дамуымен байланысты көрсеткіштердің көмегімен бағаланады.


ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

2024 жылдың басындағы жағдай бойынша республикада 6 295 ауылдық елді мекен (бұдан әрі – АЕМ) бар, онда ел халқының 37,8% - ы немесе 7,5 млн адам тұрады 2011 жылдан бастап ауыл халқының саны айтарлықтай аса өзгерген жоқ. Ауыл халқы санының ұлғаюын қамтамасыз ететін туу деңгейінің жоғары болуына қарамастан, ауылдық аумақтардан көші-қон ағынының өсу үрдісі сақталуда. Мәселен, 2022 жылғы 12 айының қорытындысы бойынша көші-қонның теріс сальдосы 67 мың адамды құрады (2020 жылы – 81,3 мың адам, 2021 жылы – 77,3 мың адам). Ауыл халқының ең көп кетуі Абай, Жетісу, Түркістан, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады.[3]

Соңғы 3 жылда АЕМ санының тұрақты төмендеуі байқалады. Осы кезеңде АЕМ саны 21 бірлікке қысқарды. Таратылған ауылдардың ең көп саны Батыс Қазақстан (10), Түркістан (8), Қостанай (3) облыстарына тиіесілі. 6,3 мың АЕМ-нің жартысынан көбінде (3,3 мың) халық саны 500 адамнан аспайды, бұл ел халқының 8%-ын ғана құрайды. Тұрғындарының саны 5 мыңнан астам АЕМ-дер небәрі 4,6% құрайды, бірақ онда ауыл тұрғындарының 40%-дан астамы тұрады. [3]

Ауылдық елді мекендер санының мұндай төмендеуі оларды одан әрі біріктірудің және 10 мыңнан астам халқы бар кенттер мәртебесін берудің алғышарты болды. Ауылдардың бұл бірлестігі дамыған әлеуметтік-өндірістік инфрақұрылымы бар даму әлеуеті жоғары және орташа ауылдардың өсуіне әкелді.

Әлеуметтік-экономикалық даму критерийіне сәйкес, бүгінде Қазақстанда 1410 ауылдық елді мекен жоғары даму әлеуетіне жатады, 4565 ауылдық елді мекен орташа даму әлеуетіне жатады, қалған 320 ауылдық елді мекен төмен даму әлеуетіне жатады (сурет. 1).



Сурет. 1. АЕМ-ді әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша бөлу [3]

Айта кетейік, қаралып отырған кезеңде Қазақстанда әлеуеті жоғары ауылдық елді мекендердің даму серпіні 14% - дан 20% - ға дейін, даму әлеуеті орташа ауылдық елді мекендердің 74% - дан 73% - ға дейін және даму әлеуеті төмен ауылдық елді мекендердің 12% - дан 7% - ға дейін төмендеуі байқалады.

Тұрғын үй, газ, электр, сумен жабдықтау. 2020 жылдан бастап 2022 жылды қоса алғанда ауылдық тұрғын үй қоры 5,0%-ға өсіп, 141,2 млн шаршы метрді (елдің тұрғын үй қорының 34,8%-ы) құрады. Осы кезеңде 1 тұрғынға есептегенде тұрғын үймен қамтамасыз етілу 19,3-дан 19,8 шаршы метрге дейін өсті, бұл қалаларға (25,8 шаршы метр) қарағанда төмен.[4]

Жалпы, ауылдық тұрғын үй қорын абаттандыру жақсарып келеді, бірақ әлі де қалалық тұрғын үй қорынан артта қалып отыр. Ауылдық аумақтарды газдандыру жалғасуда.

Ауылдық елді мекендерді газдандыру деңгейі 2020-2022 жылдары 12,1%-ға өсіп, 27,1%-ды (1,7 мың АЕМ) құрады. 2022 жылы барлық ауылдық елді мекендер бойынша электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету деңгейі 99,1%-ды құрады. 4 облыста 33 АЕМ электрмен жабдықталмаған (Абай облысында – 3 АЕМ, Атырау облысында – 4, Қызылорда облысында – 8, Түркістан облысында – 18).

Ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жағдайы әлі де өткір болып отыр, ауылдық жерлерде сумен жабдықтаудың көрсетілген қызметтеріне қол жеткізген барлық ауыл саны - 4 900. Қалған 1 395 ауылдың 432-інде орталықтандырылған сумен жабдықтау құрылысын жүргізу қажет. Бұл ретте бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында 963 АЕМ-ге жергілікті бюджет есебінен суды тазартудың кешенді блок-модульдерін және су тарату пункттерін орнату талап етіледі. [4]

Білім. Еліміздің мектептерінде барлығы 3,7 млн бала, оның ішінде ауылдық жерлерде – 1,5 млн оқушы оқиды. Бүгінгі таңда ауылдық жерлерде барлығы 5 157, оның ішінде шағын жинақты 2 753 (орта 1 449, негізгі 793 және бастауыш шағын жинақталған мектептер) мектеп жұмыс істейді. Көріп отырғанымыздай, ауылдық жерлердегі мектептер саны көп (5,1 мың бірлік) болғанымен, оларда оқитын оқушылар саны қалалық мектептерге қарағанда әлдеқайда аз (ауылдарда 1,5 млн бала, қалалардағы 2,2 млн бала). Ауылдық мектептер бойынша білім алушылар контингентінің төмендеуі Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалады. Ауылдық жерлерде барлығы 26 авариялық мектеп бар, олар негізінен Ақтөбе, Қызылорда, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарында.[2]

Денсаулық сақтау. Ауылдық жерлерде денсаулық сақтау ұйымдарының саны азайып келеді. 2022 жылдың басында ауылдық жерлердегі алғашқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі - АМСК) нысандарының саны 5 195 бірлікті құрады. Бұл ретте 2 731 ауылда медициналық объектілер бейімделген үй-жайларда орналасқан, 2 293 ауылда медициналық объектілердің салынғанына 40 жылдан асқан.

"Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы аясында 655 медициналық нысан, оның ішінде 253 медициналық пункт, 160 дәрігерлік амбулатория және 242 фелдшерлік-акушерлік пункт салу жоспарлануда. Медициналық қызметтердің сапасына кадрлармен қамтамасыз ету әсер етеді. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдарда 33 мыңға жуық дәрігер және 75 мың орта медицина жұмыскері, олардың жартысына жуығы ауылдық жерлерде жұмыс істейді. [5]

Мәдениет және спорт. 2020-2022 жылдар кезеңінде мәдени-демалыс ұйымдарының саны 4 бірлікке төмендеп, 2 815 бірлікті құрады. Бірқатар мәдени-демалыс ұйымдарының жылытылмайтын үй-жайларда, авариялық жағдайдағы

немесе күрделі жөндеуді қажет ететін ғимараттарда орналасуы үлкен проблема болып табылады.

2023 жылдың 1 қаңтарындағы деректер бойынша республикада ауылдық жерлерде 759 спорт құрылыс жайы бар. Мәдениет және спорт объектілерінің жетіспеушілігі, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған ұйымдар ғимараттарының физикалық жағдайы негізгі проблемалық мәселелер болып табылады.

Интернетке қол жетімділік. COVID-19 пандемиясынан туындаған бұрын-соңды болмаған дағдарыс цифрлық технологиялардың рөлі маңызды екенін көрсетті. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдағы проблема ауылдық елді мекендердің ұялы байланыспен және интернетпен толық қамтылмауы болып табылады, бұл цифрлық теңсіздіктің сақталуына алып келеді.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мәліметтері бойынша 2023 жылдың басында 4 858 АЕМ (77%) интернет желісіне мобильді кеңжамақты қолжетімділікпен, оның ішінде 4G технологиясы бойынша – 2 045 АЕМ (32%), 3G – 2 813 АЕМ (45%) қамтамасыз етілді.

Жол инфрақұрылымы. Бүгінгі күні жергілікті жолдар сапасының төмен болуы ауылдық аумақтар байланысының әлсіз болуына алып келуде және олардың экономикалық дамуына кедергі келтіруде. Бұл ретте, жергілікті маңызы бар жолдардың 10%-ы (немесе 6 986 км) орташа және күрделі жөндеуді қажет етеді. Мұндай жолдардың үлесі әсіресе мынадай облыстарда жоғары: БҚО – 2,6 мың км, Ақтөбе – 1,2 мың км, Атырау – 0,53 мың км және СҚО – 1,5 мың км. [2]

Экология. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның есептемелеріне сәйкес, Қазақстан аумағындағы климаттың өзгеру процесі алдағы 20 жылда артатын болады.

Мәселен, климаттық апаттар (құрғақшылық, орман өрттері және өзендердің таяздануы) Қазақстан аумағында үйреншікті жағдайға айналады. Жалпы, Қазақстанның климаты жаһандық климатқа қарағанда 2 есе жылдам жылынуда. Тиісінше, климаттың өзгеруі жағдайында егіншілікті қайта қарау қажет екені айқын болып отыр. Қазақстанда жердің тозуына, шөлейттенуге ықпал етіп, бүкіл ел бойынша шаңды дауылдардың пайда болуына алып келетін қатты құрғақшылық жиі орын алатын болады деп күтілуде. Қазірдің өзінде Қазақстан жерінің үштен екісі құрғақшылық қаупіне ұшырауда, 2-3 жыл кезеңділігімен елде құрғақшылық пен егіннің шықпауынан туындайтын елеулі проблемалар орын алуда, ел халқының 23,5%-ы тозған жерлерде тұрады. [2]

Кадрлық қамтамасыз ету. 2022 жылдың төртінші тоқсанында Қазақстанда ауылдық жерлерде барлығы 3 488 мың адам жұмыспен қамтылды. Сонғы 3 жылда бұл көрсеткіш 0,8%-ға төмендеді немесе 28 мың адамға. Ауылда өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында жастар 22,1%-ды, ал зейнеткерлік жастағы адамдар 4,8%-ды құрайды.


2022 жылдың басында ауылдық елді мекендерде 54,4 мың дәрігер мен орта медицина қызметкері (кадрлардың қосымша қажеттілігі 3,9 мың бірлікті құрайды) жұмыс істейді. 2020-2022 жылдары дәрігерлер саны 12,7 мыңнан 13,4

мыңға дейін (5,1%), орта медицина қызметкерлер саны 51,2 мыңнан 54,3 мыңға дейін (5,9%) өсті.

Ауылдық жерлерде барлығы 209,6 мың педагогикалық қызметкер жұмыс істейді (кадрлардың қосымша қажеттілігі 2 240 бірлікті құрайды). 2020-2022 жылдары педагогикалық қызметкер саны 195,3 мыңнан 209,6 мың бірлікке дейін өсті.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің технологтары, агрономдар, инженерлер, зоотехниктер, механиктер, инженерлер, ветеринарлық қызмет мамандары сияқты ауылшаруашылық мамандықтары өзектілігін жоғалтты. Ауылда жұмыс істеу үшін орта буын техникалық мамандықтары бойынша студенттерді қабылдау және даярлау іс жүзінде жүргізілмейді. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес ауылды осындай мамандармен және кәсіби қызметкерлермен қамтамасыз ету өңірлер бөлінісінде 50% - дан 70% - ға дейін жетеді.

Осылайша, механиктің жетіспеушілігі 33,3%, аграрлық сектордың жұмысшылары – 10,7%, ветеринарлық қызметінің мамандары – 24,5%, ауылға жұмыс істеуге тартылған жұмысшылар 23,5% - дан астамын құрайды



Сурет 2. Ауыл шаруашылығындағы мамандардың бос жұмыс орындарын бөлу [2]

Ауылдағы еңбек нарығын оңтайландырудың негізгі бағыттары мынадай іс шараларды іске асыру болып табылады:

- ауыл шаруашылығы өндірісінің бағыттарын дамыту;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, тасымалдау, сақтау және өткізу жүйесін, ауыл шаруашылығы құрылымдарына қызмет көрсету салаларын қарқындату;
- ауылдық жерлерде шаруа (фермер) қожалықтарын және шағын кәсіпкерліктің басқа да нысандарын мемлекеттік қолдау.

ауылдық аумақтарды дамытудағы ең перспективалы бағыттар инфрақұрылымды және халықты әлеуметтік қамтамасыз етуді жетілдіру болып табылады, Ол мыналардан тұрады:

- ауыл шаруашылығы салаларының барлық қызметкерлерінің бір сағаттық еңбекақы төлеуге көшуі нәтижесінде ауыл халқының жан басына шаққандағы жиынтық табысының өсуін қамтамасыз ету;
- ақшалай қаражатты капиталдандыруды төмендету үшін жұмыскерлердің жалақысынан ұсталатын ауыл шаруашылығы қайта өңдеу кәсіпорындарының кәсіпорындарының зейнетақы және әлеуметтік аударымдарды аударуының толықтығы мен дұрыстығына бақылауды жүзеге асыру;
- ауыл шаруашылығы салалары қызметкерлерінің ауылдық төлемдер мөлшерін индекстеу есебінен барабар зейнетақы табысының болуы.

Халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыру бойынша әзірленген ұсыныстарды іске асыру:

- халықтың орташа жылдық табиғи өсуі және көші-қон сальдосы және сол арқылы ауылдық аумақтардағы халық санының өсуіне ықпал ететін болады;
- ауыл тұрғындарының аграрлық саладағы жұмыспен қамту деңгейі 79% - ға дейін, ал жұмыссыздық деңгейі 6,0% - дан 4,3% - ға дейін төмендеді %;
- ауыл тұрғындарын әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерінің қызметтерімен қамтамасыз ету деңгейі, бұл ұлттық әлеуметтік стандарттар деңгейіне жақындатуға мүмкіндік береді

SWOT – талдау.

Кесте 1. АЕМ дамуы бойынша SWOT – талдау.



Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Бірқатар өңірлерде ауыл халқының табиғи өсімінің жоғары көрсеткіштерінің сақталуы</p> <p>Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі өндірісі көлемінің орнықты түрде өсуі</p> <p>Ауылдық аумақтарды дамыту бойынша арнайы бағытталған бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы ("Ауыл – Ел бесігі", "Дипломмен ауылға" және т. б.)</p> <p>Жергілікті атқарушы органдар дербестігінің артуы</p>	<p>Қалаларға ауыл халқының көші-қоны ағынының тұрақты тренді</p> <p>Ауылдық жерлерде "өзін-өзі жұмыспен нәтижесіз қамтыған адамдар" үлесінің жоғары ("жасырын жұмыссыздық") болуы. Ауыл халқы кіріс мөлшерінің қала деңгейінен айтарлықтай артта қалуы. Ауылдағы кедейлік деңгейі қалалық көрсеткіштерден едәуір артық</p> <p>Ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмен болуы</p> <p>Қалалық және ауылдық білім алушылар арасында алынатын білім сапасы бойынша алшақтық</p> <p>Жер ресурстарына қол жеткізу мәселесінің шешілмеуі, жалпы ауыл халқы үшін даму ресурстарының (материалдық, қаржылық, ақпараттық және т. б.) қолжетімсіздігі</p> <p>Медициналық қызметтерге қолжетімділіктің жеткіліксіздігі</p> <p>Сумен жабдықтау қызметтерімен толық қамтылмауы</p>

	Тұрғын үй қорын абаттандырудың төмен деңгейі АЕМ-нің аудан орталықтарымен және қалалармен көлік байланысының жеткіліксіздігі Ауылдық жерлерде интернет желісін қамту мен сапасының төмен деңгейі
Мүмкіндіктер	Қауіптер
АЕМ-ді өңірлік стандарттар жүйесінің талаптарына сәйкес келтіру арқылы инфрақұрылымға қол жеткізудегі теңгерімсіздіктерді қысқарту есебінен ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыру Табысты кейстерді ауқымдау арқылы халық кірісін өсіру (Жамбыл облысы, СҚО, ШҚО тәжірибесі) Ауылдық аумақтарды дамытуда көлік дәліздерінің әлеуетін іске асыру Отандық ауыл шаруашылығы өнімдері үшін неғұрлым сыйымды өткізу нарықтарын қалыптастыра отырып, елімізде де, көршілес мемлекеттерде де урбандалуды өсіру.	Қала халқымен салыстырғанда ауыл халқының кірісі мен өмір сүруі сапасындағы алшақтықтың ұлғаюы Климаттық тәуекелдердің күшеюі мен су дағдарысының ауыл шаруашылығы қызметінің барлық түрлерімен айналысу мүмкіндігін айтарлықтай төмендетуі Жер ресурстарына қол жеткізу мәселесінің шешілмеуі, жалпы ауыл халқы үшін Даму ресурстарының (материалдық, қаржылық, ақпараттық және т. б.) қолжетімсіздігі Шекара маңы аумақтарындағы (елдің солтүстігі мен шығысы) АЕМ санының қысқаруы, бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесі болып табылады Табиғи апаттар мен техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жиілігінің артуы

Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту ауылдық экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етуге, жұмыспен қамтуды, өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ ауыл халқының көші-қон қарқынын төмендетуге, қоршаған ортаны сақтауға мүмкіндік береді. Осы мақсатпен ауылдық аумақтарды тұрақты дамытудың тұжырымдамалық моделі әзірленді, ол аумақтардың тұрақтылығына әсер ететін мақсаттар, міндеттер, факторлар, тұтастай алғанда, сондай-ақ оның әрбір құраушысы бойынша тұрақтылықты қамтамасыз ететін механизмдер мен құралдарды қамтитын өзара байланысты жүйені білдіреді (2-кесте).

Кесте 2 – Ауылдық аумақтарды тұрақты дамытудың тұжырымдамалық моделі [6]

АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ТҰРАҚТЫ ДАМЫТУ			
МАҚСАТЫ			
Халықтың жоғарғы әл-ауқатына қол жеткізу үшін жағдай жасау; аумақтың өзін-өзі дамытатын және өзіндік әлеуметтік - экологиялық - экономикалық аумақтық жүйені қалыптастыру; ауыл шаруашылығының тиімділігі, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету			
↓			
ӘЛЕУМЕТТІК	ЭКОНОМИКАЛЫҚ	ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ	ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
		Қ	

Ауыл халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру, ауылдың мәдениетін сақтау және әлеуметтік көбейту	Ауыл экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру	Тиімді басқаруды және дамыған инфрақұрылымды қамтамасыз ету	Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету және табиғи ортаны сақтау
МІНДЕТІ			
Жеткілікті деңгейде әлеуметтік және табиғи әлеуетті қолдау үшін ауылды дамытудың экономикалық базасын қамтамасыз ету			
			
ӘЛЕУМЕТТІК	ЭКОНОМИКАЛЫҚ	ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ	ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
1	2	3	4
Халықтың жұмыспен қамтылуын және табысын арттыру, демографиялық өсуді ынталандыру, әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті кеңейту, халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту	Ауыл өндірісінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау, ауыл халқының табысын қалыптастыру көздерін кеңейту	Нарықтық инфрақұрылымды дамыту, ауылдық дамудың құқықтық базасын нығайту, қаржы-несие ресурстарына, нарықтық ақпаратқа қол жеткіз	Экожүйелердің табиғи дамуын қамтамасыз ету, аумақтық проблемаларды шешу кезінде бірегей табиғи кешендерді сақтау және қалпына келтіру
ФАКТОРЛАР			
Инновациялық және инвестициялық белсенділік, бәсекеге қабілеттілік, қаржылық қамтамасыз ету			
			
ӘЛЕУМЕТТІК	ЭКОНОМИКАЛЫҚ	ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ	ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
Әлеуметтік инфрақұрылым, еңбек ресурстары, демографиялық жағдай	Бәсекелестік, қызмет нысандары мен түрлерінің алуан түрлілігі, инженерлік және көліктік инфрақұрылым	Аумақтың институционалдық даму құрылымы	Экологиялық жағдай, экологиялық қауіпсіз технологиялардың болуы
МЕХАНИЗМДЕР			
Ауылдық аумақтардың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық құрамдастарының өзара іс-қимылына бағытталған тәсілдер, әдістер мен формалар			

Ауылдық аумақтарды тұрақты дамытудың өзара байланысты төрт құрамдас бөлігін атап өтуге болады: экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және

институционалдық. Экономикалық тұрақтылық деңгейіне ауыл экономикасын әртараптандыру, ауыл халқының табысын қалыптастыру көздерін кеңейту, олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және басқа да әлеуметтік тұрақтылық ауыл халқының тұрғын үй жағдайларын жақсартуды, әлеуметтік инфрақұрылымды қалпына келтіру мен дамытуды және т.б. көрсетеді. Институционалдық құрамдас бөлік ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына ықпал ететін құқықтық, қаржылық, ұйымдастырушылық және өзге де институттарды дамытуды көздейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміздің мемлекеттік аграрлық саясаты әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты кезеңінде ауылдық елді мекендердің тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, отандық ауылшаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға, сонымен қатар ауылшаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын жер және басқа да табиғи ресурстарды сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған. Осылайша, жоғарыда аталған тетіктерді іске асыру ауылдық аумақтарды дамыту процесінде оң әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсер етеді. Дегенмен, мұндай жұмыстарды жүргізу күрделі, көп уақытты қажет етіп, үлкен соманы талап қылатын үдеріс болып келеді, өйткені қазіргі кезеңде еліміздегі көптеген ауылдарда әлі күнге дейін инженерлік инфрақұрылымы жүргізілмей, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы мен қажетті төлемдері қарастырылмаған. Жұмыссыздық мәселесі жоғары болып, өзін өзі жұмыспен қамтығандардың саны жылдан жылға артуда. Осы орайда ауылдық елді мекендердің даму мониторингі елді мекеннің дамуын бағалап, оны дамудың жаңа деңгейіне шығара алатын қандай да бір ауылдық аумақ үшін дамудың дұрыс бағыттарын таңдауға көмектеседі деп санаймын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысындағы «ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл» жоспарының 23 тармағын «Кооперативтерге берілетін несие алу жолдарын жеңілдету тетіктерін қарастыру. Ол үшін несие серіктестерінің қатысуынсыз, тікелей екінші деңгейлі банктер арқылы жүргізу және кепілге алынатын жылжымалы, жылжымайтын мүліктермен қатар, алынатын заттай мүліктерді (мал, ғимарат, құрылғы тағы басқалары) кепілге қою жолдарын реттеу керек. Нәтижесінде несие алу жолдары жеңілдетіліп, кооператив ашу мүмкіндіктері жоғарлайды. Мемлекеттік және жергілікті билік органдары, жеке сектор үшін маңызды міндет болып қала беретінін атап өтуге болады. Барлық мүдделі тараптардың өзара іс-қимылы ауылдық аумақтардың проблемаларын шешуге кешенді көзқарасты жүзеге асыруға және ұзақ мерзімді перспективада олардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мерзлов А.В. и др. Введение в устойчивое развитие сельских территорий: Важнейшие понятия и теоретические основы: серия учебных пособий «RUDECO Переподготовка кадров в области устойчивого развития сельских территорий и экологии». – М., 2012. – 57 с.
2. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023- 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270>.
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – ҰСБ) деректеріне сәйкес).
4. Меренкова И.Н. Устойчивое развитие сельских территорий: теория, методология, практика – Воронеж: ГНУ НИИЭОАПК ЦЧР России, Россельхозакадемии, 2011. – 264 с.
5. Лаптев, В.В. Устойчивое развитие сельских территорий: теоретические и практические аспекты. Вестник Российского экономического университета имени Г.В. Плеханова, 2017. - № 4(16) – С.74.
6. Зубарева, О.Н., & Карпова, М.С. Комплексный подход к развитию сельских территорий: теория и практика. Региональная экономика: теория и практика, 2019. № 6 – 1123с.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ ҚОРЫҚТАР МЕН РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ АЙМАҚТАР ЖӘНЕ ТУРИЗІМДІК НЫСАНДАРЫ

Болатқызы Б.

“Сәдуақас Темірбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі” КММ-і

География пәнінің мұғалімі, Педагог-сарапшы Төлеби ауданы,

Түркістан облысы

АҢДАТПА

Білім беру саласында жаңаша ойлайтын ақпараттық технологияларды меңгерген, инновациялық үдерістерге ілесетін, заманауи шешім қабылдау. Мемлекеттік табиғи қорық қоры - қоршаған ортаның табиғи эталондар, реликтілері, ғылыми зерттеулерге, туризмге және рекреацияға арналған нысандары ретінде экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған аумақтарының жиынтығы. Қорықтардың басты мақсаты - табиғи ландшафтылар эталонын мұндағы тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен қоса сақтау, табиғат кешендерінің табиғи даму заңдылықтарын анықтау. Соңғысы адамның шаруашылық әрекетінен табиғатта болатын өзгерістерді болжау үшін аса қажет. Қазақстан қорықтар саны жөнінен ТМД-ға кіретін республикалар арасында 16-шы орын алады.

Кілт сөздер: география, Түркі тілдес, туризм, инновациялық оқыту

Қазақстан Республикасы — тиімді географиялық және геосаяси жағдайға, табиғи рекреациялық ресурстарға, әлемдік мәдени және тарихи мұра объектілеріне, жаңа туристік өнімдерді дамыту әлеуетіне және әлемнің туризм картасында ойып тұрып орын алатындай алғышарттарға ие мемлекет. Ұлттық экономиканы әртараптандыру үшін туризмді дамытудың маңыздылығын түсіне отырып, соңғы 10 жылда Қазақстанда туризм саласына үлкен көңіл бөлінді.

Мемлекеттік табиғи қорық қоршаған ортаның табиғи эталондар, ғылыми зерттеулерге, білім беру ісіне, туризмге, ғылыми және мәдени және мәдени жағынан ерекше құнды мемлекеттік қорғауға алынған аумақтарының жиынтығы.

Қорық-бүкіл табиғат кешені, табиғи күйінде сақталатын аумақтар.

Ақсу-Жабағылы қорығы - Қазақстандағы алғашқы қорық. Батыс Тянь-Шань табиғи кешенінде 1926 жылы құрылған. Қорық Жамбыл және Түркістан облыстарының Талас Алатауы мен Өгем тауларының солтүстік-батыс сілемдерінде орналасқан және теңіз деңгейінен 1300 м-ден 4200 дейінгі биіктіктегі таулы жерлерді қамтиды.

Қорықта өсетін 30-ға тарта өсімдік Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген: Шолпаншаш сүмбіл, зеравшан аршасы, сары лапыз, піскем жуасы, Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы және басқалар.

Қаратау қорығы - Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы Қаратау жотасының орталық бөлігінде, Кентау қаласынан 17 км жерде орналасқан мемлекеттік қорық. Онда өсетін сирек кездесетін және эндемик түрлерінің саны жағынан Қазақстанда бірінші орында. Қаратау қорығы 2004 жылы құрылған, аумағы 34,3 мың га.

Географиялық орны мен геологиясы

Қорық жері айналасында орналасқан Мойынқұм шөлдерімен және Бетпақдала өңірімен шектеседі. Қорықтың солтүстік-шығысында

Қасқасу - Оңтүстік жерұйығы

Оңтүстік өңірі табиғаты шын мәнінде ерекше қайталанбас дүние. Таудан аққан бұлақ сыңғыры, жемісін көтере алмай тербеліп тұрған алма ағаштары, жайқалған хош иісті гүлдер қаладан мезі болған қауымға таптырмас демалыс орны.

Қасқасу алмасы бүкіл аймаққа танымал. Мұнда алманың 20-дан аса түрі өседі. Өте дәмді, әрі жұмсақ. Көктемге дейін сақталу сапасымен ерекшеленді, бұл алмалардан құрт табу мүмкін емес

Түркістан облысының рекреациялық аймақтары

Төлеби ауданының демалыс орындары болашақта өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартады деп күтілуде.

Мемлекет басшысы жүктеген тағы бір тапсырма – ауданымызды туристік орталыққа айналдыру міндеті тұр.

Түркістан облысының рекреациялық аймақтары

Елімізде туризмді дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін ескерсек, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, туризм секторын жан-жақты, жоғары деңгейде дамыту үстінде

«Тау самалы» деп аталатын шаңғы базасы, төрт емдік-сауықтыру орны және 73 демалыс аймағы, 64 саяжай халыққа қызмет көрсетуде. Бұлардың арасында, әсіресе, «Біркөлік» сауықтыру кешені бар. Аудан көлемінде тау бөктерінде орналасқан «Тау самалы», «Эдельвейс», «Бәйшешек» лагерьлері балалардың көз қауанышы.

«Тау самалы» шаңғы базасы» Шымкент қаласынан бар – жоғы 45 шақырым қашықта, теңіз деңгейінен 1300 метр биікте орналасқан. Бұл жерде туристер мен қала қонақтарына барлық жағдай жасалған. Тау шаңғысынан бөлек, жазғы демалыс аймақтары, киелі орындары молынан саналатын ауданда туризмді қалай дамытса да жарасады.

Ғайып Ерен Қырық Шілтен

«Ғайып Ерен Қырық Шілтен» деген төрт сөзден құралған атаудың көне түрікше аудармасы «Ғайып болған қырық ер» деген мағынаны береді екен.

Қазыналы оңтүстік» жинағына енген аңыздардың бірінде: «Ел арасындағы аңыз-әпсаналарға қарағанда, бағзы заманда бір сахабаның баласы жанына серіктерін ертіп, барлығы қырық кісі болып, қасиетті жерлерді аралап, түнеп,

зиярат етіп кете беріпті. Ол кісілер Қазығұрт тауы баурайына барып, қазіргі Әңгірата ауылына жақын тұста орналасқан тасқа түнеп, соны мекенжай етіпті» деген дерек кездеседі .

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі

Тылсым тұнған мекенде туристер ең көп келетін орындардың көшін – Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бастайды. XIV ғасырда сәулет өнерінің теңдессіз туындысы – осы өлкенің бас мұраларының бірі саналады. Облыстық туризм басқармасының мәліметінше, ортағасырлық ескерткішті тамашалауға былтыр 731 мыңнан астам турист келген. Тылсым тұнған мекенде туристер ең көп келетін орындардың көшін – Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бастайды. XIV ғасырда сәулет өнерінің теңдессіз туындысы – осы өлкенің бас мұраларының бірі саналады. Облыстық туризм басқармасының мәліметінше, ортағасырлық ескерткішті тамашалауға былтыр 731 мыңнан астам турист келген.

Арыстан Баб кесенесі

Қасиетті өңірге баратын зиярат етушілер мен сахатшылар жиі бас сұғатын тағы бір нысан – Арыстан баб кесенесі. Түркістан қаласынан 60 шақырымда бой көтерген тарихы тереңде жатқан орынға былтыр 165 721 адам келген екен. Арыстан баб кесенесі XII-XIV ғасырлардағы сәулет ескерткіші Түркістан облысының ежелгі Отырар қаласының қираған үйінділерінің жанында орналасқан. Кесене XII ғасырда өмір сүрген белгілі діни мистик Арыстан баб мазарының үстіне тұрғызылған. Баб сөзі ерекше мәртебеге ие адамдардың аттарына қосылған. Арыстан баб Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы болған.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Есназарова Ұ.Ә., Темірбеков А.Т. ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕР ГЕОГРАФИЯСЫ қолданбалы курсының бағдарламасы.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Дабылова Б.Е.

Ауыл шаруашылығы магистры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының 8D07306-Кадастр мамандығының 1 курс докторанты. Қазақстан республикасы, 050040, Алматы, Қазақстан

ORCID ID: 0009-0002-5970-9957

Бектурганова А.Е.

Экономика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға оқытушысы. Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы, Қазақстан

ORCID ID: 0000-0001-8555-7139

Алимсеитова Ж.К.

Техникалық ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға оқытушысы. Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы, Қазақстан

ORCID ID: 0009-0000-4487-1383

АНДАТПА

Мақалада жер мониторингінің қазіргі жағдайына қысқаша сипаттама берілген. Жер мониторингінің жүргізу тәртібі, ауылшаруашылық жерлеріне мониторинг жүргізу жұмыстары барысы келтіріледі. Республика бойынша жер мониторингінің жүргізілу жағдайы қарастырылады. Жетісу облысы Кербұлақ ауданындағы № 12 ЖСЭА бойынша жердің жай-күйі анықталып, зерттеу жұмыстары бойынша, топырақтағы гумус мөлшері мен топырақ қасиеттерінің өзгеруіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Жер мониторингі саласындағы зерттеулер жүргізілуінің нәтижесінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жағдайын бақылау, өзгерістерді анықтай отырып, ауыспалы егіс жүйелерін дұрыс қолдану, жердің құнарлылығын көтеру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру ұсынылады. Теріс процестердің даму себептері мен болжамы және топырақтың деградациясы және оларды болдырмау және жою бойынша ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: жер мониторингі, тәлімі егістік, тыңайтқыш, ауыспалы егістік

АННОТАЦИЯ

В статье дается краткое описание текущего состояния мониторинга земель. Приводится порядок проведения мониторинга земель, ход работ по мониторингу сельскохозяйственных земель. Предусматривается состояние

проведения мониторинга земель по Республике. По СЭЗ № 12 Кербулакского района Жетысуской области установлено состояние земель, проведены исследования, наблюдения за изменением содержания гумуса в почве и свойств почвы. В результате проведения исследований в области мониторинга земель рекомендуется осуществлять мероприятия по контролю за состоянием земель сельскохозяйственного назначения, правильному применению систем севооборота с выявлением изменений, повышению плодородия земель. Даются причины и прогноз развития негативных процессов и рекомендации по деградации почв и их предотвращению и устранению.

Ключевое слово: мониторинг земель, выращивание сельскохозяйственных культур, удобрения, севооборот

ABSTRACT

The article provides a brief description of the current state of land monitoring. The procedure for monitoring land, the progress of work on monitoring agricultural land is given. The state of land monitoring in the Republic is envisaged. According to FEZ No. 12 of the Kerbulak district of the Zhetysu region, the condition of the lands has been established, studies have been carried out, observations of changes in the humus content in the soil and soil properties have been carried out. As a result of research in the field of land monitoring, it is recommended to carry out measures to monitor the condition of agricultural lands, the correct application of crop rotation systems with the identification of changes, and increase land fertility. The causes and prognosis of the development of negative processes and recommendations for soil degradation and their prevention and elimination are given.

Keywords: land monitoring, crop cultivation, fertilizers, crop rotation

КІРІСПЕ

Жер ресурстарын тиімді пайдалануға жер қорының сапалық және сандық жай-күйін және оның пайдаланылуын бақылау мен қадағалаудың тұрақты жұмыс істейтін жүйесі жер мониторингі болып саналады.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 159-бабы 1-тармағында жер мониторингі жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау, болып жатқан өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау, одан әрі дамуын болжау және теріс процестер салдарларының алдын алу және жою жөнінде ұсынымдар тұжырымдау мақсатында жер қорының сапалық және сандық жай-күйіне базалық (бастапқы), жедел, кезеңдік байқаулар, оның ішінде Жерді қашықтан зондтау деректерін пайдалана отырып жүргізілетін байқаулар жүйесін білдіреді- деп келтірілген.

Республиканың барлық жер қоры жерге меншік нысанына, нысаналы мақсатына, құқықтық режиміне, сипаты мен пайдалану мерзіміне қарамастан жер мониторингінің объектісі болып табылады. Жер мониторингінің құрылымы нысаналы мақсатымен және аумақтық қамтылуымен айқындалады.

Жер мониторингі міндеттерінің тізбесіне: жердің жай-күйінің өзгерістерін уақтылы анықтау, оларды бағалау, болжам жасау және кері әсері бар процестерді болдырмау мен зардаптарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу; мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді, жерге орналастыруды, жерді пайдалану мен қорғауды бақылауды және жер ресурстарын мемлекеттік басқарудың өзге де функцияларын ақпараттық қамтамасыз ету; сондай ақ, пайдаланылмайтын жер учаскелерін және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау кіреді.

Жер мониторингі топырақ құнарлылығының өзгеруіне (шөлейттену, су және жел эрозиясының дамуы, топырақтың қарашіріксізденуі, қоректендіру элементтерінің төмендеуі, тұздану, батпақтану, артық ылғалдану және су басу) және табиғи жемшөп алқаптарының өсімдік қабаты жай-күйінің өзгеруіне байланысты процестер байқалған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде басым тәртіпшен жүзеге асырылады.

Жер мониторингін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы Қазақстан Республикасының барлық аумағында бірыңғай жүйе бойынша жүргізеді. Аумақтық қамтуға байланысты республикада жердің республикалық, өңірлік және жергілікті мониторингі жүзеге асырылады. Мемлекеттік тапсырысқа сәйкес 2022 жылы егістік және басқа да ауылшаруашылық жерлеріне мониторинг жүргізу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері

Мониторингтің аумақтық-аймақтық желісі жердің жай-күйін бақылаудың стационарлық және жартылай стационарлық пункттерін қамтиды.

Стационарлық бақылау пункттері берілген толықтық пен дәлдік арқылы жердің жай-күйі туралы ақпаратты-жүйелі алып тұру үшін құрылады. Стационарлық алаңдар, түйінді учаскелер және полигондар осындай пункттерге жатады.

Жартылай стационарлық бақылау пункттері (жартылай стационарлық алаң, бейін) жұмыстың нақты шарттары мен мақсаттарына қарай ұйымдастырылады. Оларды бақылау жүйелі түрде 3, 5, 10 және одан көп жыл аралықпен жүргізіледі.

Әр алаңға паспорт, параметрлерді өзгерту кестесі, жерді пайдалану бойынша нақты ұсыныстары бар түсіндірме жазба жасалады.

2022 жылы жер мониторингі бойынша жұмыстар 259 "Жер ресурстары туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру" бағдарламасының 100 "мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін қалыптастыру" республикалық кіші бағдарламасына сәйкес орындалды. Мемлекеттік тапсырысқа сәйкес мониторинг ауыл шаруашылығы мақсатындағы 10,0 млн. га алқапта жүргізілді. Барлық облыстардың аумағында (Маңғыстаудан басқа) жердің жай-күйіне көпжылдық бақылау жүргізуге арналған стационарлық экологиялық алаңдар (СЭА) және жартылай стационарлық экологиялық алаңдар (ЖСЭА) салынған.

Қазіргі уақытта республика аумағында барлығы 1185 бақылау пункттері салынды, оның ішінде 639 СЭА, 546 ЖСЭА. Олардың облыстар бойынша таралуы 1-кестеде келтірілген.

Стационарлық бақылаулар топырақтағы жағымсыз процестердің даму бағыты мен қарқындылығын, топырақтың антропогендік әсерге төзімділігін, қолданылатын егіншілік жүйесінің және табиғатты қорғау шараларының тиімділігін көрсетеді, егжей-тегжейлі топырақ зерттеулерінің қажеттілігі мен басымдылығын негіздейді.

2021 жылдан бастап ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі барлық мониторингтік бақылаулар диаграмма түрінде бақылау жылдары бойынша барлық химиялық деректермен бірге мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорына енгізіледі.

Алматы облысының Кербұлақ ауданындағы жер мониторингі негізгі учаскелерде (СЭА) және жартылай стационарлық экологиялық алаңдарда (ЖСЭА) егістік жерлерді топырақты зерттеуді қамтиды. Далалық жұмыстар 003 "Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін қалыптастыру" бағдарламасы бойынша шарт негізінде, камералдық жұмыстар-019" мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін қалыптастыру" бағдарламасы бойынша шарт негізінде орындалды.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының топырақ мониторингі топырақ көрсеткіштері кешеніне жүйелі бақылауларды орындау, жердің жай-күйіне талдау және бағалау жүргізу, жердің құнарлылығына антропогендік әсерлерді реттеу бойынша ұсынымдар әзірлеу, белгілі бір уақыт кезеңіне жердің сапалық жай-күйін болжау, жер туралы деректер банкін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды қамтиды.

Кесте 1. Республика бойынша 2022 жылғы жер мониторингінің жүргізілуі жағдайы

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың атауы	01.01.2022 ж. қолданыстағы		Есепті жылы жаңалары қаланды		Бұл жылдың аяғында болды		Қайталама бақылаулар жүргізілді 2022 жылы	
	СЭА	ЖСЭА	СЭА	ЖСЭА	СЭА	ЖСЭА	СЭА	ЖСЭА
Абай	6	28	-	-	6	28	2	3
Ақмола	39	122	-	-	39	122	8	12
Ақтөбе	40	23	-	-	40	23	8	-
Алматы	-	22	-	-	-	22	-	2
Атырау	1	22	-	-	1	22	-	-
Ш-Казахстан	3	18	-	-	3	18	1	2
Жетысу		49	-	-		49	-	2

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың атауы	01.01.2022 ж. қолданыстағы		Есепті жылы жаңалары қаланды		Бұл жылдың аяғында болды		2022 Қайталама бақылаулар жүргізілді 2022 жылы	
	СЭА	ЖСЭА	СЭА	ЖСЭА	СЭА	ЖСЭА	СЭА	ЖСЭА
Жамбыл	14	23	-	-	14	23	2	6
Б-Казахстан	4	19	-	-	4	19	2	5
Қарағанды	6	51	-	-	6	51	2	6
Қызылорда	38	-	-	-	38	-	8	-
Қостанай	59	73	1	-	60	73	8	1
Маңғыстау	-	-	-	-	-	-	-	-
Павлодар	7	37	-	-	7	37	-	8
С-Казахстан	14	55	-	-	14	55	-	8
Ұлытау	1	4	-	-	1	4	-	-
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	200	-	-	-	200	-	-	-
Астана қ.	120	-	-	-	120	-	-	-
Барлығы	638	546	1	-	639	546	49	55

Жүргізілген бақылауларды талдаудан басқа, жердің жай-күйін бағалау өзгерістердің бағыты мен қарқындылығын зерттеуді, сондай-ақ алынған көрсеткіштерді нормативтермен салыстыруды қамтиды.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының топырақтарын мониторингтеудің мақсаты-жердің өндірістік әлеуетін сақтау және арттыру, оларды ұтымды пайдалану және қорғау, жағымсыз құбылыстардың даму салдарын болдырмау және жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.

Жұмыстың құрамы мен көлемі келетін болсақ, Алматы облысының Кербұлақ ауданында жер мониторингінің бірінші кезеңі 2009 жылы өткізілді. Әр түрлі табиғи-климаттық аймақтарда тәлмі (богарный) және бұрынғы суармалы егістіктерде негізгі учаскелер (КУ) және топырақ зерттеуі жүргізілген жартылай стационарлық экологиялық алаңдар (ЖСЭА) салынды. Барлығы 4 КУ салынды, олардың әрқайсысында – 3 ЖСЭА (№ 7-18).

№ 3 негізгі учаске (КУ) Қоғалы а/о (бұрынғы Шевченко атындағы КП жерінде) Қоғалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 2 км жерде орналасқан. КУ-3-ке 7, 8, 9 ЖСЭА салынған. №3 негізгі учаске – 174,2 га.

№ 4 негізгі учаске (КУ) және онда орналасқан 10, 11, 12 ЖСЭА Алтынемел а/о (бұрынғы УСҚ жерлерінде) орналасқан. оларға. Киров (Алтынемел КТ)) Тастыбастау кентінен оңтүстік-батысқа қарай 1,5 км жерде. №4 негізгі учаске – 132,82 га,

№ 5 негізгі учаске (КУ) және онда орналасқан 13, 14, 15 ЖСЭА Каспан а/о (бұрынғы УСҚ жерлерінде) орналасқан. оларға. Ленин) Панфилов-Сарыөзек автожолынан оңтүстікке қарай Каспан ауылынан оңтүстікке қарай 9,5 км жерде. №5 негізгі учаске – 130,97 га

№ 6 негізгі учаскесі және онда орналасқан 16, 17, 18 ЖСЭА Жоламан а/о (бұрынғы Жоламан ӨК земдияларында) Самен кентінен оңтүстік - батысқа қарай 2-7,5 км жерде орналасқан. №6 түйінді учаске – 101,00 га. ЖСЭА алаңы - әрқайсысы 1 га, іздестіру ауқымы - 1:2000 құрады.


Жүргізілген зерттеулер мен зерттеулердің нәтижелері бойынша жер жамылғысының фондық жағдайына баға берілді. Алынған деректер әрі қарай мониторинг жүргізу үшін бастапқы (базалық) ақпарат болып табылады.

Ғылыми мақалада №4 негізгі учаскенің 12 ЖСЭА бойынша ауыл шаруашылығы жерлерінде жер мониторингін жүргізілуін қарастырамыз.

Экологиялық жағдайы. № 12 ЖСЭА 2019 жылы Тастыбастау кентінің оңтүстік-батысында 750 м және Матай жотасының тау бөктеріндегі жазықта Жаркент-Сарыөзек автожолынан оңтүстік - батысқа қарай 650 м богарлық егістікте салынды. Теңіз деңгейінен биіктігі 1340 м. алаң солтүстікке қарай тегістелген, сәл көлбеу жерде орналасқан. Климаттық жағдайлар орташа ыстық. Аумақ жеткілікті жылу алады, бірақ жазда ылғалдың жетіспеушілігі сезілуі мүмкін. Жер асты сулары 6 м-ден тереңірек болғандықтан, топырақ түзілуіне қатыспайды. Топырақ түзуші және астыңғы жыныстар-таяз тереңдікте тығыз жыныстардың қиыршық тастарымен қапталған делювиалды-пролювиалды сазды шөгінділер. Топырақ жамылғысы дамымаған аналогтары (30-50%) бар жетекші компонентпен бөлінген қара каштан, дамымаған орташа сазды, орташа қиыршық тасты топырақтармен ұсынылған. 2019 және 2022 жылдары жерлер егістік ретінде пайдаланылды. Бақылаудың бірінші және екінші кезеңдерінің басталуына қарай егіс жыртылды. Егістікті жырту қабатының тереңдігі - 20 см.

Бақыланатын көрсеткіштер және олардың өзгеру динамикасы. № 12 ЖСЭА-қа салынған топырақ кесінділерінен зертханалық талдауларға топырақтың аралас сынамалары генетикалық горизонттар бойынша іріктелді. Гумустың мөлшері құнарлылықтың жетекші көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Қарастырылып отырған топырақта ол төмен. 2019 жылы "АВп" көкжиегінде ол 2,15%, "В" көкжиегінде - 1,80% құрайды. 2022 жылы гумустың "АВп" көкжиегінде 2,90%, "В" көкжиегінде - 2,28%. 0-30 см есептік қабатта қарашірік мөлшері 2019 және 2022 жылдары сәйкесінше 2,03% және 2,74% құрайды. 2022 жылы жоғарғы

горизонттарда "АВп", "В" және 0-30 см қарашірік қабаты 23-35% - ға артық. Гумустың динамикасы диаграммада көрсетілген (сурет 1).



Сурет 1. Зерттеу жылдары бойынша №12 ЖСЭА қара каштан толық дамымаған орташа сазды орташа қиыршық тасты топырақтардағы қарашірік құрамының динамикасы

Топырақ мониторингінің нәтижелері. Зерттеудің 2019 және 2022 жылдардағы зертханалық талдауларын салыстыру нәтижелері бойынша, 2022 жылы "АВп", "В" жоғарғы горизонттарында және 0-30 см қарашірік қабатында 23-35% - ға артық. 2022 жылы "АВп" көкжиегінде және 0-30 см қабатында жалпы азот мөлшері 20-34% - ға артық. 2022 жылы 0-30 см егістік, егістік және қабаттағы жалпы фосфор 33-38% - ға артық. 2022 жылы 2019 жылмен салыстырғанда егістік горизонттағы және 0-30 см қабаттағы фосфордың жылжымалы түрлерінің саны көп, жылжымалы калий өзгерген жоқ. 2022 жылы көмірқышқыл газы барлық көкжиектерде 2,5-4 есе аз. Профиль бойынша топырақ ортасының реакциясы сәл сілтілі рН мәндері 2022 жылы біршама өсті – 2019 жылы 7,4-7,7-ден 7,9-8,1-ге дейін. Уытты концентрациядағы тез еритін тұздар бақылаудың екі кезеңінде де жоқ. Сіңіру қабілеті өзгерген жоқ, мәндер айырмашылығы тәжірибе қателігінен аспайды. 2022 жылы механикалық құрам 2019 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. Әрі қарай мониторинг жүргізу табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен болатын топырақ қасиеттерінің өзгеруін бақылау үшін қажет.

Табиғи-ауыл шаруашылығы аймақтарының құрамы. Топырақ аймағы (кіші аймақ) – Орта Азия таулы облысы (Г-IX), Жоңғар округі (Г-IX-3), тау етегі-дала аймағы, қара-каштан топырақтарының кіші аймағы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жерді ауылшаруашылық пайдалану. ЖСЭА 12 (ТУ – 4) жаз мезгілінде қалыпты климатпен және ылғалмен жеткіліксіз қамтамасыз етілуімен сипатталатын тау бөктеріндегі-дала аймағында орналасқан. Табиғи жағдайларға сәйкес жерлері бай тәлмі (богара) аймағына жатады. Жылу мен жауын-шашын мөлшері дәнді дақылдарды өсіруге қолайлы, бірақ жаздың екінші жартысында топырақтың

құрғақшылығы болуы мүмкін. Негізгі ауылшаруашылық дақылдары - Дәнді дақылдар (арпа, бидай). Тұрақты өнім алу үшін топырақта қолайлы су және тамақ режимін құруға бағытталған аймақтық агротехникалық шараларды қатаң сақтау қажет. Бұл топырақты өңдеу мерзімдері мен әдістерін сақтау, ауыспалы егістерді енгізу, тыңайтқыштарды ұтымды қолдану, жел эрозиясының алдын алу және басқа да іс-шаралар, соның ішінде дақылдарды өсіру технологиясын сақтау.

Ауыспалы егістің мәні. Тәлімі жердегі ауыспалы егістер мен топырақты өңдеу-дақылдарды дұрыс орналастыруды, оларды кезектестіруді және өнімділікті үздіксіз арттыра отырып, тиімді топырақ құнарлылығын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін жетекші буындардың бірі. Дұрыс ауыспалы егіспен сіз органикалық заттардың жиналуын реттей аласыз, топырақтың қажетті құрылымын және қолайлы су мен тамақтану режимін жасай аласыз. Ауыспалы егістерді сақтау арамшөптермен, ауылшаруашылық зиянкестерімен және мәдени өсімдік ауруларымен күресуді қамтамасыз етеді. Агротехникалық ескірген ауыспалы егісті дамыту кезінде туындайтын негізгі міндеттердің бірі-оның құрамында жоспарланған дақылдардың ауыспалы тәртібін құру, бұл топырақтың өндірістік күштерін барынша толық пайдалануға мүмкіндік береді және арамшөптермен, зиянкестермен және мәдени өсімдіктердің ауруларымен күресте барынша табысқа жетуді қамтамасыз етеді. Жаңбырлы жерлерде дәнді дақылдардың жоғары тұрақты өнімін алу топырақта негізгі дақылдар – күздік және жаздық бидай үшін қолайлы су және тамақтану режимін құруды қамтамасыз ететін іс-шараларға, сондай-ақ арамшөптермен сәтті күресуге байланысты.

Тәлімі егістікте күздік бидайдың өнімділігі тұрақсыз және жаздық бидайдан төмен. Сондықтан, осы аудандардың ауыспалы егістерінде жаздық бидай жетекші дәнді дақыл бола алады. Оның жақсы ізашары - жақсы өнім беретін біржылдық бұршақ дақылдары. Тәлімі жердегі топырақтың құнарлылығын арттыруда парлар, қатардағы дақылдар және көпжылдық шөптер қызмет етеді. Қатарлы дақылдар топырақты органикалық заттармен тыңайтылады, сонымен қатар арамшөптермен сәтті күресуге мүмкіндік береді. Оларды жинағаннан кейін көпжылдық шөптер мен дәнді дақылдарға қарағанда айтарлықтай көп ылғал қалады. Тыңайтылған тәлімі жердің ауыспалы егісіндегі парлар дәнді дақылдарының жоғары өнімін беріп қана қоймайды, сонымен қатар жерді пайдалану тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан дәнді дақылдарының тұқымдарын бұршақ дақылдары мен қатарлы дақылдардан кейін орналастырған жөн. Көпжылдық шөптердің ішінде жоңышқа, эспарцет, құрама, биік қара шөп ең тиімді болып табылады. Көпжылдық шөптерді пішенге шабылған біржылдық шөптердің (могар, суданка) астына себуге болады. Көпжылдық шөптердің астында егістік алқаптың кем дегенде 20-30% - ы болуы керек. Мысал ретінде дәнді дақылдардың үлес салмағын 70-80%-ға дейін қамтамасыз ететін 4-5 танапты астық-пар ауыспалы егістерін алуға болады.

Бес танапты ауыспалы егіс

1. Ұзаққа созылған пар (дәнді-бұршақты, қатарлы) - егіс алқаптарының 20%
2. Күздік бидай
3. Күздік бидай
4. Қатарлы – 20%
5. Күздік бидай-тек 60%.

Бес танапты ауыспалы егіс

1. Бос пар (дәнді-бұршақты, қатарлы) – егіс алқаптарының 20%
2. Күздік бидай
3. Күздік бидай-40%
4. Арпа-20%
5. Көпжылдық шөптердің сына-20%

Төрт танапты ауыспалы егіс

1. Бос пар (дәнді-бұршақты, қатарлы -25%),
2. Күздік бидай
3. Күздік бидай-50%
4. Дәнді дақылдар-барлығы 75%.

Алты танапты ауыспалы егіс

1. Бос пар – 16,6%
2. Күздік бидай
3. Күздік бидай
4. Қатарлы-16,6%
5. Күздік бидай-49,8%
6. Астық -16,6%

Топырақты өңдеу жүйесі. Жоғары өнім алуға бағытталған агротехникалық шаралар жүйесінде топырақты дұрыс өңдеу жүйесі маңызды буын болып табылады. Топырақты өңдеу әдістері ауыспалы егістерге және олардағы дақылдардың кезектесуіне байланысты жасалады. Дәнді дақылдардың ауыспалы егістерінде пар танабындағы топырақты өңдеуге көп көңіл бөлу керек. Парды дайындау кезінде негізгі өңдеудің әдістері мен уақыты өте маңызды. Ең қолайлы су және тамақ режимі бір парға терең жырту кезінде (28-30 см) қосылады. Күздік дақылдарды терең жырту екі жыл ішінде егінге оң әсер етеді. Қатарлы дақылдар үшін терең жер жырту осы дақылдың өнімін қамтамасыз етеді және қатардан кейінгі алғашқы дақыл болып табылатын дәнді дақылдар үшін ұсақ өңдеуге мүмкіндік береді (14-16 см). Сондықтан терең және таяз өңдеулерді ауыстыру тиімді.

Дәнді дақыл - пар - егістік ауыспалы егісте ұсынылатын топырақты өңдеу жүйесі (пар - 2 астық алқабы – қатарлы және I-астық) екі терең: пар және

қатарлы дақылдар үшін және екі ұсақ-пардан кейінгі екінші дақыл үшін және қатарлы дақылдардан кейінгі бірінші дақыл үшін. Қамтамасыз етілген богара аймағындағы бос парлардың түрлері мен өңдеу тереңдігі егістің ылғалдылығы мен ластануына байланысты анықталады. Олар қысқы күзге арналған топырақты кесудің жоғары сапасын қамтамасыз етуі керек. Бос парларда дақылдарды жинағаннан кейін беткі қабатын сыдыра тазалау жасалады, ал арамшөптер өнгеннен кейін – тырмалау және кейіннен домалату арқылы агрегатта 20-22 см тереңдікке дейін жырту жүргізіледі. Эрозияға ұшыраған топырақтың биологиялық құндылығын жақсарту мен қалпына келтірудің тиімді агротехникалық әдісі дақылдардың өнімділігін едәуір арттыратын органикалық және минералды тыңайтқыштарды қолдану болып табылады.

Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарына тыңайтқыштарды қолдану. Тыңайтқыш - дақылдардың өнімділігін арттырудың ең күшті құралы. Сонымен қатар, тыңайтқыштарды қолдану топырақтан өнімнің шығарылуын өтеуге мүмкіндік береді.

Минералды және органикалық тыңайтқыштардың тиімділігі егіншіліктің жалпы мәдениетімен тығыз байланысты: өсімдіктердің ылғалмен қамтамасыз етілуі, егістіктерді ауылшаруашылық дақылдарының арамшөптері мен зиянкестерінен тазарту, ауыспалы егістердегі дақылдардың ауысу сипаты, өсірілген дақылдардың сорттық ерекшеліктері және басқа факторлар. Сонымен қатар, тыңайтқыштарды қолданудың дозалары, мерзімдері, комбинациясы мен әдістері, сондай-ақ өсімдіктердің қол жетімді формаларында топырақтың түрі мен механикалық құрамымен және оның өңделу дәрежесімен анықталатын қоректік заттармен қамтамасыз етілуі маңызды рөл атқарады.

Агротехникалық зерттеу нәтижелері топырақтың құрамында гумустың аз мөлшері бар екенін көрсетті. Гумустың жалпы азот пен фосформен қамтамасыз етілуі орташа.

0-30 см қабаттағы жылжымалы фосформен қамтамасыз ету дәнді дақылдар үшін жоғары және орташа, қатардағы жануарлар үшін орташа және төмен, көкөніс дақылдары үшін төмен және өте төмен.

0-30 см қабаттағы жылжымалы калиймен қамтамасыз ету дәнді дақылдар үшін орташа және жоғары, қатардағы дақылдар үшін төмен және орташа, көкөніс дақылдары үшін төмен және өте төмен.

Бұл учаскедегі тыңайтқыштар топырақтың сарқылуын болдырмау үшін қолданылуы керек. Негізгі рөлді фосфор тыңайтқыштары атқарады.

Богара жағдайында күздік бидайды өсіру кезінде 1,5-2,5 ц/га қосымша астық өнімін алуды қамтамасыз ететін 10-15 кг/га P_2O_5 дозасында түйіршікті суперфосфатты қатарлы енгізу жоғары тиімді әдіс болып табылады. Парға 60 кг/га P_2O_5 терең енгізу өте тиімді, бұл бірінші жылы астық өнімінің 2,5-тен 4,0 ц/га-ға дейін және екінші және үшінші жылы шамамен 2 ц/га өсуін қамтамасыз етеді.

Жауын-шашынмен қамтамасыз етілген бұл топырақтарда азотты ерте көктемгі азықтандыру тиімді (әрқайсысы 45-60 кг/га).

Жаздық арпаны жем-шөпке және жаздық бидайға өсіру кезінде арпа гектарына 45-60 кг фосфор, 25-40 кг калий, 20-30 кг/га азот мөлшерінде толық минералды тыңайтқыш қолданған кезде ең көп өнім береді.

Бұл учаскенің топырағы агрофизикалық және химиялық қасиеттері бойынша егіншілікте пайдалану үшін өте жақсы, жер жырту кезінде техникадан қатты зақымданған учаскелерден басқа. Жаздың екінші жартысынан басқа, топырақ құрғаған кезде жылу мен ылғалмен қамтамасыз ету жеткілікті. Учаскенің жерлері дәнді дақылдарды өсіру үшін кеңінен қолданылады.

Теріс процестердің даму себептері мен болжамы және топырақтың деградациясы және оларды болдырмау және жою бойынша ұсыныстар. Теріс процестердің дамуы климаттық жағдайларға, бетінің сипатына, адамның экономикалық қызметіне, топырақтың қасиеттеріне байланысты.

Климаттық жағдайлар егіншілікке қолайлы. Жылу мен ылғалдың арақатынасы табиғи күйдегі құнарлылықтың жоғары көрсеткіштерімен сипатталатын қара каштан топырақтарының пайда болуына ықпал етеді. Бірақ жазда топырақта ылғал жетіспейді және кеуіп кетуі мүмкін. Топырақтың орташа сазды механикалық құрамы егіншілікке қолайлы.

Топырақтың жағымсыз қасиеттерінің қатарына қиыршық тастың жақын орналасуы және нашар дамыған қатты қиыршық тасты топырақтың таралуы жатады, бұл техниканың тозуына әкеледі, сонымен қатар жер бетінен карбонаттардың болуы, бұл топырақ агрегаттарының бөлшектерінің әлсіз жабысуына әкеледі. Топырақ шоғыры ауа-райы мен өңдеуден оңай бұзылады. Топырақ құрғаған кезде олар бөлек микроқұрылымдық күйге ауыса алады және дефляцияға ұшырауы мүмкін.

Зерттеу жылдары бойынша қоректену элементтерінің құрамындағы айырмашылықтар қазіргі уақытта атап өтілмеген, бұл жерді ұтымды пайдалануды көрсетеді, алайда сарқылу және эрозия қаупі сақталады. Теріс процестердің дамуын болдырмау үшін топырақты өңдеу жүйесін, ауыспалы егістерді, ылғал жинау, қар ұстау, орман белдеулерін күтіп ұстау шараларын қамтитын топырақтағы ылғалды арттыру шаралары қажет, бұл топырақ эрозиясының алдын алуға мүмкіндік береді. Жоғары агротехника аясында тыңайтқыштарды ұтымды қолдану дақылдардың өнімділігін арттыруға ықпал етеді.

Тұрақты нәтиже алу үшін топырақ өңдеу жүйелерінен басқа ауыспалы егістерді енгізу, тұқым себу мерзімі мен тереңдігін сақтау, жоғары агротехнология жағдайында тыңайтқыштарды қолдану қажет.

Топырақ жамылғысының өзгеруін бақылау, оларды жою және болдырмау мақсатында теріс өзгерістердің себептерін нақтылау үшін топырақтың одан әрі мониторингі ұсынылады.

Топырақ жамылғысының өзгеруін бақылау, оларды жою және алдын алу мақсатында теріс өзгерістердің себептерін нақтылау үшін топыраққа одан әрі мониторинг жүргізу ұсынылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі.
2. Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 159 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 қаңтарда № 10148 тіркелді.
3. Варламов, А. А. Мониторинг земель: учебное пособие / А.А. Варламов, С.Н. Захарова. - Москва, 2000. - 156 с.
4. ОТЧЕТ по ведению мониторинга земель ключевых участков № 3, 4, 5, 6 и ПСЭП 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, расположенных на богарных пашнях в Кербулакском районе Алматинской области. Республиканское государственное предприятие «Научно-производственный центр земельного кадастра». Комплексный изыскательский филиал. КИФ РГП «НПЦзем», - Алматы, 2013
5. Агроклиматические ресурсы Алма-Атинской области Казахской ССР. Алма-Ата, Гидрометеоиздат, 1978.
6. Научно-методические указания по мониторингу земель Республики Казахстан, Алматы, 1993
7. Отчет по ведению мониторинга почв ключевых участков № 4,5,6, расположенных на богарных пашнях Кербулакского района Алматинской области. Алматы, 2010
8. Почвенная карта совхоза «Жоламанский» Кербулакского района Талды-Курганской области Казахской ССР, масштаб 1:25 000, 1990.
9. Рельеф Казахстана (пояснительная записка к геоморфологической карте Казахской ССР масштаба 1: 1500000), Алма-Ата, «Галым», 1991.
10. “Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 159 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 қаңтарда № 10148 тіркелді.

ТҮРКІ ТІЛДЕС ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР МЕН ТЕРМИНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Атейбекова Х.Т.

Тельман Жанұзақов атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік мекемесі география пәні мұғалімі, педагог - зерттеуші, Алматы, Қазақстан

Ешанова Т.Ж.

А. Мәлкеев атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған Есік Білім – Инновация лицей интернаты, география пәні мұғалімі, педагог - шебер, Алматы, Қазақстан

Ғаламдану қарқынды дамып келе жатқан әлемде географиялық білімді кешенді түрде, маңызды ақпарат, мағлұматтар алуға мүмкіндік берілген. Мұндай білімге ие бола отырып, ұдайы өзгеріп, жаңарып отыратын ақпарат тасқынына сын көзбен қарауға, бұл ақпарат легінде бағдар алуға, өздеріне қажетті білім көздерін таңдауға, талдауға, өздігінен оқуға, іс – әрекет траекторияларын анықтауға оқушылар қабілетті. Сондай ақ, түркі тілдерінен енген термин сөздерді білу маңызды.

Түркі тілдес халықтар туралы мағлұматтарды 7 – сынып оқулығынан бастаймыз. Алтай тіл семьясына жататын Түркі тілдес елдер тобына: түріктер, татарлар, чуваштар, башқұрттар, өзбектер, қылғыздар, қазақтар, түрікмендер, қарақалпақтар, ұйғырлар, әзербайжандар, хакастар, тувалықтар, якуттар, және басқалар жатады.

Түркі тілдері – Шығыс Еуропадан, Сібір мен Батыс Қытайға дейінгі кең аумақта тұратын 180 млн. адамның ана тілі, 210 млн. адамның екінші тілі боп табылатын, көбі бір біріне өте жақын болған 40 тілден тұратын тілдер тобы. Түркі тілдер жанұясы Алтай тілдері әулетіне жатады. Қазақ тілі соның бірі боп табылады. Түркияда әдетте түркі тілдерінің орнына түрік диалектілерінің термині қабылданады.

Көрнекті түркітанушы Н.А. Баскаков Түркі тілдерінің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерінде сөйлейтін халықтардың даму тарихын, географиялық орналасуын түрлі жағдайлармен ұштастыра отырып, бұл тілдердің тарихын төмендегідей кезеңдерге топтады:

1. алтай дәуірі;
2. ғұн дәуірі;
3. көне түркі дәуірі (5 – 6 ғ-лар);
4. орта түркі дәуірі немесе негізгі түркі тайпаларының қалыптасу кезеңі;
5. жаңа түркі дәуірі немесе түркі халықтарының қалыптасуы мен даму дәуірі (16 – 19 ғ-лар);

6. ең жаңа дәуір (20 ғ.) немесе түркі тілдерінің Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі даму дәуірі.

Алайда оның екі дәуірі болғанын түспалдап айтуға болады:

1. Орал-Алтай тілдерінің ортақ дәуірі, бұл – көптеген ру мен тайпа тілдерінің бөлінбеген кезеңі;
2. Орал және алтай тілдерінің бір-бірінен бөліну кезеңі, бұдан соң түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей-жапон тілдерінің тармақтарға бөліну дәуірі.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі буын үндестігіне негізделеді, яғни қазақтың төл сөздері не бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке болып келеді. Сөзге жұрнақ пен жалғаулар бірінің артынан бірі қосылу арқылы сөз формасы өзгертіледі. Сөйлем бастауыш-толықтауыш-баяндауыш ретінде құрылады.

Жүз жылдар бойы түркі халықтары көшпелі өмір салтын өткізгендіктерінен, өзара және де басқа тілдес халықтармен араласып, өз тілдеріне және көршілес халықтардың тілдеріне зор әсер еткен. Әсіресе моңғол, славян және парсы тілдерімен ықпалдасу өте терең болған.

Бұл ықпалдасу әр бір тіл тобы мен топ ішіндегі тілдердің тарихи дамуын біраз өзгерткен салдарынан, түркі тілдерінің классификациясының бірнеше жүйесі бар. Бүгінгі күндері ең кең қабылданған классификация жүйесі А.Н. Самойловичтің классификациясы боп танылғанмен кейбір жағдайлар әлі де пікірталас тудыруда.

Түркі тілдерінің дүниедегі басқа тіл топтарының арасындағы орналасуы.

Барлығы 40-тан аса тілден тұратын, 180 млн. адамның ана тілі боп табылатын түркі тілдері Алтай тілдері әулетіндегі ең үлкен тіл тобы болып табылады.

Түркі тілдерінің көбінің фонологиясы, морфологиясы және синтаксисі бірдей. Тек чуваш, саха, Солтүстік Сібір тілдері бұл жағынан өзгеше сипатқа ие. Түркі тілдері 6 топқа бөліне отырып, әр топқа кірген тілдер сол тілді білетін адамдар бір-бірін түсіне алатындай жақын болады. Бұған қоса көршілес өлкелердің шекараларында өте тығыз қатынас салдарынан туынған түркі диалектілері табылады.

Мемлекеттік түркі тілдер

Қазақ, әзірбайжан, қырғыз, өзбек, түрік және түрікмен тілдері — мемлекеттік тіл дәрежесіне ие.

Бұған қоса келесі тілдер жергілікті ресми тіл ретінде қолданылады: Чуваш, құмық, қарашай-балқар, татар, башқұрт, якут, хақас, тыва, алтай және Қытайда ұйғыр тілі.

Қолданылатын өлкелері бойынша:

Түркі тілдері Еуропа мен Азияның отызға жуық өлкелерінде қолданылады. Кесте алты топқа бөлінген және сандар тек ана тілі ретіндегі қолданушылар үшін көрсетіледі.

Топ және тілдері	Қолданушылар саны	Қолданатын өлкелер
Оғыр тобы		
Чуваш тілі	1,8 млн.	Ресей (Чувашия) 1,8 млн., Қазақстан 22.000
Қыпшақ тобы		
Қарайым тілі	жоғалуға жақын †	Литва 20, Украина <10, Польша <10
Құмық тілі	280.000	Ресей (Дагестан)
Қарашай-балқар тілі	250.000	Ресей (Қарашай-Черкес, Кабардино-Балқария)
Қырымтатар тілі	500.000	Украина 200.000, Өзбекстан 190.000, Қырғызстан 40.000
Татар тілі	6,5 млн.	Ресей 5.500.000 Өзбекстан 470.000, Қазақстан 330.000, Қырғызстан 70.000, Тәжікстан 80.000, Түрікменстан 50.000, Украина 90.000, Әзірбайжан 30.000 этникалық татарлар: 6,6 млн.
Башқұрт тілі	2,2 млн.	Ресей 2,0 млн., Өзбекстан 35.000, Қазақстан 20.000
Ноғай тілі	70.000	Ресей (Солт. Кавказ)
Қарақалпақ тілі	400.000	Өзбекстан
Қазақ тілі	12 млн.	Қазақстан 10 млн., Қытай 1 млн., Өзбекстан 800.000, Ресей 650.000, Моңғолия 100.000
Қырғыз тілі	4,5 млн.	Қырғызстан 3,7 млн., Өзбекстан 200.000, Қытай 200.000
Оғыз тобы		
Түрік тілі	80 млн.	Түркия 75 млн., Балқан 2,5 млн., Кипр 180.000, Ресей 300.000, Германия 2,5 млн., батыс және орта Еуропа 700.000
Ғағауыз тілі	330.000	Молдова 170.000, Балқан 130.000, Украина 20.000, Болгария 10.000

Әзірбайжан тілі	30 млн.	Иран 20 млн., Әзірбайжан 8 млн., Түркия 500.000, Ирак 500.000, Ресей 350.000, Грузия 300.000, Армения 200.000
Түрікмен тілі	6,8 млн.	Түрікменстан 3,8 млн., Иран 2 млн., Ауғанстан 500.000, Ирак 250.000, Өзбекстан 250.000
Хорасан тілі	400.000	Иран (Хорасан астаны)
Қашқай тілі	1,5 млн.	Иран (Парс, Кузистан астандары)
Ауналлу	7.000	Иран (Орталық, Ардебил және Занжан астандары)
Афшар тілі	300.000	Ауғанстан (Кабул, Херат), Солт.-Шығыс Иран
Салар тілі	55.000	Қытай (Чіңхей және Гәнсу аумақтары)
Қарлұқ тобы		
Өзбек тілі	28 млн.	Өзбекстан 24 млн., Ауғанстан 1,5 млн., Тәжікстан 1 млн., Қырғызстан 750.000, Қазақстан 400.000, Түрікменстан 300.000
Ұйғыр тілі	9 млн.	Қытай (Шыңжән немесе Шығыс Түркістан) 8,2 млн., Қырғызстан 500.000, Қазақстан 300.000
Жұғыр тілі	5.000	Қытай (Қансу өлкесі)
Айну (түркі тілі) ^[3]	7.000	Қытай (Синьцзян)
Сібір тобы		
Саха тілі	363.000	Ресей (Саха-Якутия)
Долған тілі	5.000	Ресей (Таймыр)
Тыва тілі	200.000	Ресей (Тыва) 170.000, Моңғолия 30.000
Тофа тілі	жоғалуға жақын †	Ресей (Тыва)
Хақас тілі	65.000	Ресей (Хакасия)
Алтай тілі	75.000	Ресей, Алтай)

Шор тілі	10.000	Ресей, Алтай
Шұлым тілі	2.500	Ресей, Солт. Алтай өлкесі)
Арғы тобы		
Халадж тілі	42.000	Иран (Орталық остан, Ком және Арак арасында)

Түркі тілі

- **Оғырша (немесе Бұлғарша)**
 - Бұлғарша (жоғалған), Чуваш тілі (2,2 млн.)
- **Қыпшақ тобы (Солт.-Батыс тобы)**
 - **Батыс:** Қырымлы тілі (500.000), Құмық тілі (280.000), Қарашай-балқар тілі (250.000), Қарайым тілі (жоғалуға жақын)
 - **Солт.:** Татар тілі (8,0 млн.), Башқұрт тілі (2,2 млн.), Құман тілі (жоғалған)
 - **Оңт.:** Қазақ тілі (12 млн.), Қырғыз тілі (4,5 млн.), Қарақалпақ тілі (400.000), Ноғай тілі (70.000)
- **Оғыз тобы (Оңт.-Батыс тобы)**
 - **Батыс:** Түрік тілі (70 млн., екінші тіл ретінде 80 млн.), Әзірбайжан тілі (30 млн., екінші тіл ретінде 35 млн.), Гагауыз тілі (330.000)
 - **Шығыс:** Түрікмен тілі (6,8 млн.), Хорасан тілі (400.000 ?)
 - **Оңт.:** Қашқай тілі (1,5 млн.), Афшар тілі (300.000), Айналды тілі (7.000), Соңғор тілі (?)
 - **Салар:** Салар тілі (60.000)
- **Ұйғыр тобы (Оңт.-Шығыс тобы)**
 - **Шағатай** Шағатай тілі (жоғалған)
 - **Батыс:** Өзбек тілі (24 млн.)
 - **Шығыс:**
 - Көне түркі тілі (Орхон-Көк, Енисей-Көк, Көне Ұйғырша, Қарахан тілі) (жоғалған)
 - Ұйғыр тілі (9 млн.)
 - Жұғыр тілі (Батыс-Жұғыр) (5.000)
 - Айну тілі (Айну) (7.000)
 - Іле түркі диалекті (100)
- **Сібір тобы (Солт.-Шығыс тобы)**
 - **Солт.:**
 - Саха тілі (363.000), Долған тілі (5000)
 - **Оңт.:**
 - **Енисей** Хақас тілі (65.000), Шор тілі (10.000)
 - **Саян** Тува тілі (200.000), Тофа тілі (Қарағас тілі) (жоғалған)

- Алтай Алтай тілі (75.000) (диалекттері: Ойрот тілі; Тыва тілі, Құманда тілі, Қу тілі; Телеуіт тілі, Төлеңгіт тілі)
- Шұлым Шұлым тілі (500)
- Арғы
 - Халадж тілі (42.000)

Тілдері	Аудармалары
Түрікше	Çocuklar okulda dilimizi latin alfabesi ile yazıyor.
Ғағаузша	Uşaklar şkolada / okulda dilimizi latin alfavitindä yazêr.
Әзірбайжанша	Uşaqlar məktəbdə dilimizi latin əlifbası ilə yazır.
Түрікменше	Çagalar mekdepde dilimizi latyn elipbiýi bile(n) ýazýar.
Өзбекше	Bolalar maktabda tilimizni latin alifbosi bilan / ila yozadi.
Ұйғырша	Balilar mektepte tilimizni latin elipbesi bilen yazidu.
Қазақша	Balalar mektepte tilimizdi latin älippesimen jazadı.
Ноғайша	Ballar mektepte tılımızdı latin alfabemen yazadılar.
Қырғызша	Baldar mektepte tilibizdi latin alfaviti menen jazat.
Татарша	Balalar mäktäpdä telebezne latin älifbası bilän / ilä yaza.

Тілдері	Аудармалары
Түрікше	Yeni Yılınız Kutlu Olsun.
Ғағаузша	Yeni yılınızı kutlerim.
Karaimce	Sizni yanlı yıl bila kutleymin.
Әзірбайжанша (Әзірбайжан)	Yeni iliniz mübarek olsun.
Әзірбайжанша (Иран)	Teze iliniz mübarek.
Ирак Түрікшесі (Ирак)	Y'engi iliwiz mübarak olsun.
Түрікменше	Taze ýylynyz gutly bolsun.
Өзбекше	Yangi yilingiz kutli bo'lsin.
Ұйғырша	Yengi yilingizğa mübarek bolsun.

Қазақша	Jaña jılıñız quttı bolsın.
Қарашайша	Cangngı cılığızñı alğışlayma.
Балқарша	Cangngı cılığızñı alğışlayma.
Ноғайша	Yana yılınız men.
Қарақалпақша	Canga cilingız kuttı bolsın.
Қырғызша	Cangı cilingız kuttu bolsun.
Татарша	Sezne yanga yıl belen tebrık item.
Қырым Татаршасы	Yanı ılınız kairlı (mubarek) olsun.
Молдовия-Румыния Татаршасы	Ceni cılınız kutlu bolsun.
Башқұртша	Hezze yangı yıl menen kotlayım.
Құмықша	Yangı yılığız kutlu bolsun.
Хақасша	Naa cılñang alğıstaпçam (-alkış) şirerni.
Тываша	Caa cıl-bile bayır çedirip or men.
Алтайша	Slerdi cangı cılla utkup turum.
Шорша	Naa cıl çakşı polzun.
Сахаша	Ehigini şanga cılñan eğerdeliibin.
Чувашша	Sene sul yaçepe salamlatap.

Географиялық ұғымдар мен термин сөздерге тоқталсақ:

1. **Тіл** – адамдардың қарым-қатынасының, мәлімет сақтау және берудің маңызды құралы.
2. **Этнос (халық)** – белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан тілі мен мәдениетті ортақ, өз бірлігі мен басқа этностардан айыпмашылығын түсінетін тұрақты адамдар жиынтығы.
3. **Құйрықты жұлдыздар**- күнді өте сопақ орбитаның бойымен айналады. Тозаңнан, қатты кесектерден, қатып қалған газдардың қоспасынан тұрады.

4. **Біліктілік айналу**-Жердің өз білігінен айналуы.Біліктілік айналу 24 сағатқа тең.Жердің өз білігінен айналуы 4 түрлі минимумдық өзгеріс береді:
 - 1.Жер пішіні,
 - 2.күн мен түннің ауысуы,
 - 3.Кориолис күшінің пайда болуы,
 - 4.судың қайтуы мен толысуы.
5. **Кориолис күші**- Жердің айналуы қозғалған денелердің алғашқы бағытынан ауытқуы.
6. **Тропиктер**- бұлар ерекше параллельдер,яғни жылына бір рет Күн көзі зенитте тұрады.
7. **Бағдарлау көкжиек** тұстарын бақылаушының өзінің тұрған орнын және жүрген бағытын анықтау.
8. **Жер бетінің жалпы ауданы**- 510,2 млн км².
9. **Құрлық (материктер мен аралдар) үлесіне**- 149,1 млн км².
 - a. **Еуразия**-53,3 млн км²; Еуропа 7%; Азия 29,5%
 - b. **Африка** -30,3 млн км²20,3%
 - c. **Солтүстік Америка**-24,2 млн км²;28,3%
 - d. **Оңтүстік Америка**-18,3 млн км²;
 - e. **Антрактида**-14 млн км² ;8,9%
 - f. **Аустралия және мұхит аралдары**-9,0 млн км²-ге жуық; 6%.
10. **Мұхит**-361,1 млн км²
 - 3.1 **Тынық мұхиты**-49,8%
 - 3.2 **Атлант мұхиты**-25,8%
 - 3.3 **Солтүстік мұзды мұхит**-3,6%
 - 3.4 **Үнді мұхиты**-20,8%

Еуразия

- 11.**Халқының саны**- 4 млрд-тан астам.
- 12.**Ауданы**- 53,3млн км², құрлықтың 3/4 бөлігін алып жатыр.
13. **Табиғат ерекшеліктері:**
 - 13.1 **Дүние жүзіндегі ең биік тау шыңы**-Гималай тауындағы Джомолунгма шыңы, оның биіктігі 8848м;
 - 13.2 **Дүние жүзіндегі ең терең орналасқан жері**- Арабия түбегінің солтүстік батысындағы Өлі теңіз. Оның деңгейі-403м;
 - 13.3 **Жер шарының ең үлкен түбек**-Арабия, оның ауданы 3млн км² артық;
 - 13.4 **Солтүстік жарты шардағы суықтық полюсі**-Солтүстік Сібірдегі -71⁰С температура тіркелген Оймякон елді мекені;

13.5 **Ыстық әрі алқапты** Үндістандағы Тар шөлі +53⁰С температура байқалған.

13.6 **Жер шарындағы ең көп жауын-шашын** түсетін ауданы- Гималайдың оңтүстік шығыс беткейіндегі Черпунджи елді мекені;мұнда жылына 12 000 мм-ден артық жауын-шашын түседі.

13.7 **Аса құрғақ аптапты** Арабия түбегінің оңтүстігінде жылдық жауын-шашын 15мм-дан да аз;

13.8 **Жер шарындағы ең үлкен көл**-Каспий теңізі Еуропа мен Азия аралығында орналасқан, оның ауданы 390 км²;

13.9 **Жер шарындағы ең терең көл**-Байкал көлі Азиялық бөлігінде орналасқан,оның тереңдігі 1620м;

1. **Географиялық зерттеулер әдісі** – географиялық ақпарат алудың тәсілін айтады.

2. **Географиялық зерттеулердің негізгі әдістері:**

- **Далалық зерттеулері мен бақылаулар әдісі**- өз көзіңмен көру, баға жетпес географиялық мәлімет. Географиялық нысандарды сипаттау, үлгілерді жинау, құбылыстарды бақылау .
- **Сипаттау әдісі** – географияның ең ежелгі әдісі.
- **Салыстырмалы – географиялық әдісі** – нәрселерді артық немесе кем, тиімді немесе тиімсіз, жылдам немесе баяу деген сияқты жүйемен үнемі салыстыру.
- **Географиялық модельдеу әдісі** – географиялық модель құрастыру.
- **Қашықтықтан бақылау әдісі** – қазіргі заманғы аэро және ғарыштық түсіру – географияны зерттеу, географиялық карталар құру, шаруашылықты дамыту және табиғатты қорғау, адамзаттың сан алуан проблемасын шешудегі таптырмайтын көмекшілер.
- **Картографиялық әдіс** – нысандардың өзара орналасуынан, олардың өлшемінен, қандай да бір құбылыстың таралу шегі және басқа да көптеген мәліметтер беретін әдіс түрі.
- **Тарихи әдіс** – қазіргі заманғы географиясын тану үшін Жердің даму тарихын, адамзат тарихын білдіретін әдіс.
- **Статистикалық әдіс** – аумақтың алаңы, биіктігі немесе тереңдігі қандай, табиғи ресурстар қоры, халқының саны, демографиялық көрсеткіштері, өндірістің абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштері және т.б. статистикалық мәліметтер.
- **Экономикалық – математикалық әдіс** – сандар бар жерде есептеуді пайдаланатын әдістер.
- **Географиялық аудандастыру әдісі** – экономикалық – географиялық және физикалық – географиялық аудандарға жіктеу арқылы сипаттау әдісі.

- **Географиялық болжау әдісі** – адамзаттың даму барысында олардың ықпалынан туындайтын өзгерістерді алдын ала болжау әдісі.
- **Географиялық зерттеудің заманауи әдісі ГАЗ** – геоақпараттық жүйе болып табылады.
- **Графикалық әдіс** – сызықтар, штрихтар, бояу түстер қолдану арқылы жүзеге асатын әдіс түрі.

3. Географиялық ақпарат көздері:

- Карталар, атластар, топографиялық жоспарлар;
- Әртүрлі аумақтардың географиялық сипаттамалары;
- Энциклопедия, анықтамалық, статистикалық материалдар;
- Ғарыштық және аэрофотосуреттер;
- Географиялық ақпараттық жүйелер.

4. **Географиялық нысан** – жердің беткі қабатының белгілі бір қалыптағы айтарлықтай тұрақты тұтас элементі.

5. **Қасиеттері** – бұл географиялық нысанның өзіне тән белгілері.

6. Географиялық нысанның қасиеттері:

- **Тұтастық**– нысан элементтерінің ішкі бірлігі , яғни нысан белгілі бір тәртіппен орналасқан өзара байланысты және өзара тәуелді элементтерден тұрады.
- **Тұрақтылық** – сыртқы жағдайдың әсеріне қарамастан географиялық нысанның ағымдағы жағдайын сақтап қалу қабілеті.
- **Географиялық орналасу** – Жер бетіндегі нысанға, осы нысанға тікелей немесе қосалқы ықпал етуші кез келген нысандарға қатысты географиялық координаттар жүйесінде өз орнының болуы.
- **Шығу тегі** – табиғатта немесе адам қызметі саласында туындау.

7. **Әрбір нысанның ортақ және айырым қасиеттері** болады.

8. **Географиялық нысанның әрбір қасиетін сапалық әрі сандық тұрғыдан бөлуге** болады.

9. **Физикалық шама** – географиялық нысандардың және олардың зерттейтін үдерістердің өлшенген қасиеттері.

10. **Өлшенетін шамалар** – бұл өлшеу әдістері құрылып қойған физикалық шамалар.

11. **Өлшенбейтін немесе бағаланатын шамалар** – бұл нысандардың өлшеу әдістері әлі құрылмаған қасиеттері.

12. **Бағалау** – бұл осы шамаға өлшеу бірлігі үшін қабылданған белгілі санды жазу.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Gordon, Raymond G., Jr. (ed.)* Ethnologue: Languages of the World, Fifteenth edition. Language Family Trees - Altaic (HTML) (2005). Тексерілді, 18 наурыз 2007.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, IX том
3. Жапон Айну халқымен қатынасы жоқ
4. Түркі тілдерінің порталы
5. Turkic Languages Verb Comparison
6. Түрік бітік. Қазақ тілінің тарихи-мәдени қоры.
7. Дала мен Қала апталығынан "Алтайлар" мақаласы Мұрағатталған 27 қыркүйектің 2007 жылы.
8. Ең соңғы деректерге сай (B. Johanson-Csató, The Turkic Languages 1998), Түрік тілдерінің топталуы келесі түрде жасалынады (қолданушылар саны 2006 ж. бойынша берілген):
9. 7-8 – сыныптарға арналған география оқулықтары.

АРАЛ ӨЛКЕСІНІҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ

Жумашова Ж.

Қызылорда облысы, Арал ауданы, №57 Е.Көшербаев атындағы орта мектебінің
география пәні мұғалімі

АҢДАТПА

Елімізде киелі жерлер көп болғанымен, оның не үшін қасиетті маңызы бар екенін өсіп келе жатқан өзіміз сияқты жастар түсіне бермейді. Сондықтан, киелі жерлерді жүйелеп, зерттеп, жаңғыртып, халық назарына ұсынудың маңызы зор. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы қолға алынғалы бері сараптамалық кеңестің шешімімен 100-ден астам нысан жалпыұлттық деңгейде қасиетті орындар санатына кірсе, 500-ден астам нысан жергілікті маңызы бар киелі нысандар қатарына кірген.

Осы тұрғыда мақсатым - «Қазақстанның киелі жерлері» жобасына енбей қалған менің туған жерімдегі Арал ауданындағы киелі орындар, танылмай қалған тұлға «Бекмырза хан», Ақиректегі «Арыстан баб» бейіті жайында зерттеу жүргізіп, болашақта *киелі жерлер географиясына* енгізілуіне өз үлесімді қосу.

ÖZET

Ülkemizde pek çok kutsal yerler olmasına rağmen bunların neden kutsal bir öneme sahip olduğunu kendimiz gibi büyüyen nesil tam olarak anlamıyorlar. Bu nedenle kutsal yerlerin belirlenmesi, incelenmesi, modernleştirilmesi ve halka sunulması önemlidir. "Kazakistan'ın Kutsal Yerleri Coğrafyası" projesi başlatıldığından bu yana uzman konseyinin kararıyla Ulusal Düzeyde Kutsal Yerler kategorisine 100'den fazla nesne dahil edilirken, Yerel Öneme Sahip Kutsal Yerler kategorisine ise 500'den fazla nesne dahil edildi.

Bu bağlamda "Kazakistan'ın Kutsal Yerleri" projesinde yer almayan memleketim Aral bölgesindeki kutsal yerler, tanıtılmayan kişilik "Bekmyrza Han" ve Akirek'teki "Arystan Bab" türbesi hakkında araştırma yaparak gelecekte kutsal yerler coğrafyasına dahil olmalarına katkıda bulunmayı amaçlıyorum.

АННОТАЦИЯ

Несмотря на то, что в нашей стране много святых мест, молодое подрастающее поколение вроде нас, не понимают, почему они имеют сакральное значение. Поэтому важно систематизировать, изучать, модернизировать и представлять святые места общественности. С момента запуска проекта «Сакральная география Казахстана» решением экспертного совета более 100 объектов включены в категорию святых республиканского уровня, а более 500 объектов включены в категорию священные предметы местного значения.

В связи с этим поставлена цель исследовать священные места моего родного Аральского района, неузнанную личность «Бекмырза-хан», могилы «Арыстан баб» в поселке Акирек Аральского района, которая не вошла в проект «Сакральные места», и буду способствовать ее *включению в географию святых* в будущем.

ABSTRACT

Although there are many holy places in our country, young people like us who are growing up do not understand why they have sacred significance. Therefore, it is important to systematize, study, modernize and present the holy places to the public. Since the project "Geography of the Holy Places of Kazakhstan" was launched, more than 100 objects were included in the category of holy places at the national level by the decision of the expert council, and more than 500 objects were included in the category of sacred objects of local significance.

For this purpose, I will conduct research on the unrecognized person "Bekmyrza Khan", the graves of "Arystan Bab" in Akirek, Aral district, which was not included in the "Holy Lands of Kazakhstan" project, and contribute to its inclusion in *the geography of holy places in the future*.

I. КІРІСПЕ

Ұлан-ғайыр жерге ғана емес, тарихи рухани мол мұраға да ие екенімізді танытуымыз керек. Жалпы барлық елдерде мұндай қасиетті, киелі жерлер баршылық. Ол жерлердің мемлекет тарапынан қорғап, даңқын асырып, дәріптеліп отырғандықтан, өз елдері түгілі әлем елдерінен туристер ағылып іздеп барады. Мәселен, ағылшындар Кентерберий ғибадатханасын мақтан етсе, немістер Кельндегі Рим-католик готикалық соборын ұлықтайды. Сол секілді қазақ елінде де халықтың қызығушылығын тудыратын қасиетті жерлер жетеді. Тек оларды дәріптеп, халқымызға кеңінен таныстырып, өзге елдердің де қызығушылығын тудыра білуіміз керек. 2017 жылы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жасалып, тарихи және мәдени ескерткіштер туралы ақпарат жиналды және облыстар бойынша сакральды нысандардың тізімін құрастырды.

Маңызы бойынша сакральды орындар жалпыұлттық маңызы бар **макросакральды** және **микросакральды** (мысалы, сол жердегі ауыл тұрғындары үшін маңызы бар, және солар ғана баратын киелі орындар) болып бөлінеді. Өз үлгісі бойынша қасиетті орындар 4 топқа бөлінеді: 1) табиғи ландшафтық нысандар; 2) археологиялық және сәулет өнерінің ескерткіштері; 3) Қасиетті діни ғибадат орындары; 4) тарихи тұлғалар және саяси оқиғаларға байланысты жерлер.

1. **Бегім-Ана мұнарасы** (енгізілген, Археологиялық және архитектуралық ескерткіштер)
2. **Арал асар қалашығы және Кердері кесенесі** (енгізілген, Археологиялық және архитектуралық ескерткіштер)

3. **Арыстанбаб бейіті** (Діни және ғибадат орындары)
4. **Қазанғап әулие** (киелі орын)
5. **Қарамолда әулие** (Діни және ғибадат орындары)
6. **Бекмырза хан белгісі** (тарихи тұлға)

II. Негізгі бөлім

Арал ауданы да еліміз бойынша жер көлемі үлкен аудандардың бірі. Өлкемізде ежелгі сақ дәуіренен бастап, кешегі кеңестер тұсында да халық киелі санаған орындар баршылық. Олар:

1. БЕГІМ АНА МҰНАРАСЫ – шамамен X-XII ғасырлардан бері сақталған сәулет өнері ескерткіші. Арал ауданы Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 35 км жерде орналасқан. Бегім ана мұнарасы сол кезеңге тән сәулет өнерінің үздік туындысы. Мұнара аңыз бойынша атақты Қарабура әулиенің қызы, кіршіксіз махабат пен әділдіктің үлгісі саналған, жазықсыз жаланың құрбаны болған Бегім анаға арнап тұрғызылған. Халық зиярат жасайтын және перзент тілегендердің тілектері қабыл болатын қасиетті орын ретінде ерекшеленеді. Бір қызығы, бұл жерге ер адамдар баруға болмайды екен.

2. АРАЛ АСАР ҚАЛАШЫҒЫ мен КЕРДЕРІ КЕСЕНЕСІ (XIII-XIV ғ.ғ) – Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қаратерең ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 65 шақырымда орналасқан. Археологиялық зерттеулер теңіз табанында ортағасырлық мәдениет пен өркениеттің ошағы болғанын дәлелдеді. Оған теңіз табанынан 2001-2004 жылдары табылған кесене мен қала орнының анықталуы себеп болды. Арал табанында керуен жолдарының да іздері қалған. Кейіннен теңіз суының қайта толуына байланысты жойылып кеткен. Арал асар қалашығы мен Кердері кесенелері шамамен XIII-XIV ғасырлардың ескерткіштері. Табылған заттай деректер бұл қалашықта егін, мал шаруашылығымен айналысқандығын көрсетеді. Үлкен-үлкен тас диірмендер, тұрмыстық шырағандар, мал сүйектері мен қыш қаландыларының шашылған бөліктері және мыс теңгелердің табылуы соны көрсетеді. Сонымен қатар, теңіз табанынан кесененің табылуы да осы аймақтағы жерлеу құрылысының ерекшеліктерін көрсетті. Ескерткіштерден табылған керамикалық бұйымдар оларды Алтын Орда дәуірімен мерзімдеуге мүмкіндік берді. Кесене (мавзолей) бірнеше ғасыр Арал теңізі су астында қалғандықтан, біраз жерлері бүлінген. Деректерге сүйенсек, ғимарат XIV ғасырда салынған және бұл өңір елді мекен болған дегенге саяды. Табылған ғимараттың биіктігі - 1,5 метр, аумағы 50 метрді алып жатқан төбешік. Ұзындығы - 23,5, ені - 9,5 метр. Құрылыста 19x5x19см, 10x5x10 см, бұдан кіші көлемдегі қыштар кездеседі. Сонымен бірге, керамикалық заттар, қыштар мен адам мүрделері табылды

3. ҚАЗАНҒАП ӘУЛИЕ

Қамбаш көліне тақау тұста ҚАЗАНҒАП ӘУЛИЕ белгісі бар. Қара жол үстіндегі белгіден көлге қарай 1-2 шақырым жүрсеңіз көне қорымға кезігесіз. Сол қорымда тылсыммен тілдескен әулие, алдағыны болжаған көріпкел Қазанғап Байтөреұлының зираты жатыр. Күнсүгір ахунның алдын көрген Қазанғап әулие елге шарапатын тигізіп, халқына қызмет еткен тұлға болған. Баласы Қонақ Қазанғапұлы : «Әкем көбіне бес бөлек майға дем салып ем жасаған. Келген

адамдарға зікір салып ем жасаған.зікір салып, әбден күйіне келгенде құс болып ұшып жүретін, Аурудың барлық түрін емдейтін» деген.

Жалпы 1868 жылы туып, өткен ғасырдың қырқыншы жылдар аяғында дүние салған Қазанғап Байтөреұлы туралы түбегейлі зерттеу жүргізгендер жоқтың қасы. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін ұрпақтары осыдан оншақты жыл бұрын ел аузындағы әңгімелер мен әулиенің кереметін көргендердің естелігін жинақтап, кітап етіп шығарды.

Қазанғап атамыз Осы өңірде аудан әкімінің орынбасары, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметтерін атқарған Тәңірберген Дәрменов Қазанғап әулие жайлы мынадай бір қызық әңгіме айтты.

– Қанша асығыс болса да баба белгісі орналасқан тұстан көліктер асықпай өтіп, әр адам білген дұғасын бағыштап жатады, – дейді Тәкең. – Осы үрдісті бұзғандардың опық жегенін талай мәрте көргенбіз.

Әулие жайлы әңгіменің бір парасы мына бір оқиғаны баян етеді. Бірде Қазанғап жылым тартып жатқан жігіттердің үстінен түсіпті. “Балақ түрілмей, балық тұтылмас” деген бар ғой. Осыншалық талап қылып отырғанда олжасыз қалмайтынына сенген балықшының бірі Қазанғапты келеке етіп “Осы сені жұрт әулие дейді. Су астындағыны көретін кереметің бар болса айтшы, мына жылымда қанша балық бар?” деген сауал қойыпты. Жылым тартып отырғандардың жүзіне барлай қараған көріпкел “Мынауыңнан шолақ жайыннан басқа ештеңе көріп тұрған жоқпын. Олжаң сол-ақ болар” деп жөней беріпті. Жылымшылар сол күні Қазанғап айтқан шолақ жайынды місе тұтыпты.

Сөз басында әулие ұрпақтары ел аузындағы естеліктерді топтастырып, кітап шығарғанын айттық қой. Сол кітапта есімі елге белгілі Тілектес Сейітов, Бақыт Сапар сынды азаматтар әулие қорымының маңында болған тылсым оқиғалар туралы тарата айтады. Бірінде сол тұста көлік дөңгелегіне кәдімгі тістеуік кіріп кетсе, екінші оқиғада зырлап келе жатқан машина моторы өшіп қалған. Әруақты баба осылайша ұрпақтарын бәле-жаладан сақтандырып, өмірден өтіп кеткен жандар рухы үшін дұға оқуды ескертіп тұрады деседі.

4. ҚАРАМОЛДА ӘУЛИЕ

Қарақұмда емшілігімен талай жанға шапағаты тиген Қарамолда әулие өмір сүрген. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін дүниеден озған абыз ақсақалдың қасиетіне алыстағы болгарлық сәуегей Ванга да бас иген.

Қарамолда атамыздың алдына ұлтты да, елі де басқа жандар келіп, ем алатын болған. Қарамолда атаның жасы 76-ға келген ұлы Жақсылықтың айтуынша, әкесіне емделуге жер-жерден – Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Ресейден, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан адамдар жиі келетін. Қарамолда Қазалы уезінде төңкерістен кейінгі Ленин колхозында (қазіргі Ғ.Мұратбаев ауылы) 1892-1992 жылдары өмір сүрген. 1910-1918жылдар аралығында Бұқарадағы әйгілі Көкілташ медресесін жеті жылдай оқып бітірген. Елге келгесін 1925 жылға дейін жасырын бала оқытқан екен. Кейін кеңес қаһарынан қорқып, 1925-1936 жылдары Арал ауданында балық тресінде балықшы, жұмысшы болады. 1937-1957 жылға дейін жылқы бағып Қарақұмда тұрды. 1958 жылы Қазалы ауданына қарасты

Қарақұмдағы Жетімшағыл деген жерден жер бастырма қазып қоныстанады. Осы арада өмірінің соңына дейін өмір сүреді. Атаның 34 жыл қыстаған мекені сол күйінде сақталған. Қарамолда әулиенің ұлы Жақсылық Байжанұлының айтқаны: «1959 жылы жаздыгүні 9-сыныпты бітіріп демалыста жүрген кезім. Әкем жылқы бағатын, бірақ сол кезде ол да демалыс алған еді. Қасымызда тағы бір қойшы бар, үшеуіміз құдықтың жанында отырғанда үш адам келді, екеуі орысқа ұқсайды, бірі қазақ. Қазақ тілмаш болса керек. Әкеммен тілдескенде ол айтқан сөздерін аударып беріп отырды. Сөйтсе, олар Украинадан екен. Мұнда болгариялық Ванга деген әйел жөн сілтеген. «Бізге Қарамолда атаның емшілік қасиетін Ванга айтты. «Қазақстанда, құмның арасында бір қария кісі тұрады. Сендердің науқастарыңның емі сол кісіден» деген соң алыс та болса дертімізге дауа іздеп келдік» деді салардың бірі. Қандай аурумен ауырып келгенін білмеймін, ол кезде бала едік қой. Бірақ дертінен айығып, жақсы болып қайтты. Ванга жіберді деп келген сол адамдар екі қап консерві әкелгені есімде. Мұсылмандар үйінен тамақ бермейді деп есітіпті. Әкем мал сойдырып күтіп алды. Кетерінде әкелген консервілерін бізге тастап кетті. Ол кезде консерві дегенді көрмегенбіз, таңсық қой, соны жеп мәз болғанымыз есімде», – деп еске алды Жақсылық.

Қазалы өңіріндегі Қарақұмда Тапа деген елді мекенде тұратын Аманжол Жұмабеков қария да Қарамолда әулиенің қасиетін көзбен көрген.

«Менің әкем Жұмабек Қарамолдамен бірге жылқы бақты. Сол кезде ол кісінің кереметі мен емшілік қасиетін адамдар айтып жүретін. Біздің Қазалы өңірінде ол кісіге емделмеген адам кемде-кем шығар. «Менің қолымнан не келеді? Бәрі Алла Тағаланың қолында, Алладан жәрдем сұраңдар» дейтін емделуге келгендерге. Емдегені үшін ешкімнен ақы сұраған емес. Менің әкем ол кісіден біраз жас кіші болса да, арақ ішпейтін адам болған соң ба біздің үйге жиі келетін. Өзі өте аз сөйлейтін, сабырлы болатын. Абайдың өлеңдерін жатқа білетін, Лев Толстойдың жазғандарын оқитын. Қарамолда балаларды пышақсыз сүндетке отырғызатын. Мені де пышақсыз сүндеттеген сол кісі. Қазір 70-темін. Замандастарымның көбі сол кісінің алдынан өткен», – деді Аманжол аға.

Қарамолда әулиенің шын есімі – Әлмұхаммед Қалдыбайұлы. 100 жасаған әулие. Бұқарадағы атақты «Көкілташ» медресесінде тәжіктің атақты ғұламасы Садриддин Айни, белгілі шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуұлымен қатар оқиды. Сонда жеті жыл дәріс алып келгесін елге қызмет қылады. Аты аңызға айналған Қарамолда атаға мұндай қасиет 17-18 ғасырда өмір сүрген Қуандық бабасынан дарыған көрінеді. Әулиенің кітап ашып, ішірткі, дұға, бойтұмарға дем салу негізгі емі болған. Тек атаның қасиетті кітабы сақталмапты, өйткені әлдебіреулер ұрлап кетіпті. Осылайша, емдегені үшін ешкімнен ақы сұрамаған, дүниеге қызықпаған емші 1992 жылы өмірден озған. Ал қайтыс боларында басына күмбез орнатпау жөнінде өсиет айтып кетіпті. Әулиенің қорымы қарапайым тастармен ғана қоршалған.

5. АРЫСТАНБАБ

Қызылорда облысы, Арал ауданы аумағында орын тепкен Ақирек тауының маңында Арыстанбаб қорымы аталған орын бар. Жалпы, бұл өңір таулы жер емес. Дегенмен, негізінде таулы аймақтарда кездесетін қыраттар осы аймақта да

байқалады. Ақирек биік жерде қоныс тепкен. Қасиетті қоныс қазіргі Арал және Қазалы аудандарының қақ ортасында орналасқан. Аңыздарда Арыстанбабтың мәңгілік мекені деп саналатын жеті жер бар делінеді. Бұл жер де сондай орынның қатарында саналады. Бұл қастерлі мекенді білетін жұрт қадір тұтады. Әдетте, зиярат етуге ниет еткен азаматтар рухани астанамыз - Түркістанға жақын орналасқан Отырар төріндегі Арыстанбаб кесенесіне арнайы ат басын тіреуге тырысады. Осы топырақтағы ислам дініне мойын бұрған жамағаттың рухани ұстазы атанған әулие жайлы талай аңыздар да бар.

Сопылық ілімнің аса көрнекті өкілдерінің бірі Сүлеймен Бақырғани өз еңбектерінің бірінде «Бабтардың бабы - Қорасанда, сансыз бабтар - Үндістанда, Бабтар басы - Арыстанбаб» деп жазған екен. Ертеде қазақ бақсылары да «Түркістанда түмен баб, Сіздерден медет тілеймін, Сайрамдағы сансыз баб, Отырардағы отыз баб, Ең үлкені - Арыстанбаб, Сіздерден медет тілеймін» дейтін. Жалпы, қашанда иісі мұсылман баласына әзиз бабамыз - Арыстанбабтың жоғары тұрады. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырының бір нұсқасында Баба түкті Шашты Әзіздің батырдың әкесі - Байбөріге перзентті болатынын жеткізіп, «Әулиелер жиналды, бастығы болып Арыстанбаб» деген сөзі бар. Ескі әңгімелерде Арыстанбаб бабамыз осы аймақта өмірден өтіп, мәңгілік мекенін тапқаны айтылады. Дінмұхамед Қонаев «Арыстанбаб - Қорқыттың да, Фарабидің де, Йасауидің де ұстазы болған жан» деп 1969 жылы Отырар ауданына барғанда айтқан екен. Десе де, байтақ даламыздың қай жерінен де бабамыздың атымен аталған мекендерді кездестіруге болады. Соның бірі Ақиректегі Арыстанбаб...

«Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сөз де Арыстан баб тұлғасының халық арасында үлкен орын алғандығын көрсетеді. Арыстан бабтың Қожа Ахметтің ұстазы, пірі болғандығы жөнінде аңыз-әңгімелер де бар.

Арыстан баб Қожа Ахметтің ұстазы, пірі ғана емес, Мұхаммед (с.ғ.с)-ның аманатын орындап, Ислам дінінің өркендеп, дамуына зор үлес қосқан байланыстырушы да екен.

Арыстанбаб турасында ел арасында тараған әпсанаға сүйенсек, оның жеті жайы жайлы айтылатын әңгіме бар.

Арыстан баб өмірден өткенде оның мәйітін жер-жерден жиналғандар өз еліне алып кетпекке талас жүреді. Ақыры бір мәміле болмаған сыңайлы. Сол уақытта Құдайдың құдіретімен мәйіт жеті бірдей мүрдеге айналыпты. Олар түр-түсі бір-бірінен аумайтын түйелерге артылыпты.

Түйелер Арабия, Иран, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан аймақтарын басып өтеді. Оның әрқайсысында бір-бір түйеден шөгіпті. Мүрделерді түйелер шөккен жерге арулап көміпті. Соңғы екеуі қазақ даласына дейін жеткен көрінеді. Бірі Отырар алқабындағы қазіргі Арыстанбаб кесенесі орын тепкен жерге шөксе, соңғысы Арал топырағындағы Ақирек жеріне дейін келген.

«Осы екі түйенің бірінде бабамыздың сүйегі болған» дейді көнекөздер. Әрине, оның қайсысы шындыққа жанасады? Бұл жайында нақты жауап жоқ. Дегенмен Ақирек етегіндегі киелі мекен неге Арыстанбабқа қатысты айтылады? Оның да

жауабын әлі күнге дейін таба алмай келеміз. Бабамыз кезінде кең-байтақ даламызды аралап жүрген болуы да әбден мүмкін ғой.

Осы кесене жайындағы алғашқы деректерді Қазалы жерінде қызмет істеген ғалым Игорь Аничков еңбектерінен де табуға болады. Көнекөз қариялар бұрынғы кезеңдерде осы аймақтың жасыл желекті жер болғанын айтады. Қамыстыбас, Райым көлдерінің ортасында арал болған. Кесене маңында суы шипалы бұлақ бар екен.

Атап айтар болсақ, Арыстан баб кесенесінің бірі – Түркістан облысындағы Отырар ауданында, атақты композитор Шәмші туған Шәуілдірге жақын орналасқан. Екіншісі – Ақиректе. Яғни, Қазалы мен Арал ауданы шекарасындағы жатаған тауда. Ұлы жолдың бойында. Келесісі – Қырғызстанның Жалалабад қаласында. Иранда екі жайы бар. Мекке-Мәдинада бір мазары болса, Израильдің Тель-Авив қаласынан елу шақырым жерде қасиетті орны бар.

Бұрын Аралдағы бейіті жайында білмегендер олардың санын 6-ға жеткізген. Көршілес Түркістан облысы аумағындағы Арыстанбаб кесенесі жайлы әркім-ақ біледі. Ал Аралдағы мына бейіт көп уақытқа дейін беймәлім болып келген. Ақиректегі Арыстанбаб қорымының сол жағында 14 ғасырда қазылған құдық бар. Тереңдігі – 14 метр. Суы өте ащы. Жолаушылап келгендерге көп ішуге болмайды. Дәмін көру үшін ішкендерге дұға жасап жұтқаны жөн.

Ескі қорым басында оның мемлекеттік қорғауға алынғанын білдіретін тақтайша орнатылған. Мұндағы бұлақ та есте жоқ ескі заманнан бері ағып жатыр. Тау басынан етекке жылғаланып түскен суы кей жылдары әжептәуір көлге айналады. Әулие басындағы тасқа түскен сәбидің ізі, тарақ таңбасы көзге тайға таңба басқандай анық көрініп тұр. Осы өңірде Бала әулие, Қыз әулиеге қатысты айтылатын аңыз бен қойылған белгі тау төбесінде талай тарихи қазына көміліп жатқанын айғақтайды. Осының өзі осы өңірдегі қариялар батасында айтылатын «Ақиректе Арыстанбаб...» сөзінің тектен-тек шықпағанын дәлелдеп тұрғандай.

Арыстанбаб бабаның бейітінің басында осындай «Тасты баба» бабаның белгісі тұр, үлкен тастармен қоршалған, Бұл да зерттеуді қажет ететін белгі.

Арыстанбаб бабаның бейіті

Ол кезде баба бейіті осы таудың ақ тасымен тізеден ғана келетіндей қоршалып, үсті сексеуілмен жабылыпты. 1976 жылы Ақтөбенің Темір ауданынан бір молда келіп, бейіт басын көтерген екен.

Арыстанбаб бабаның басына бабадан медет сұрап ем іздеп келіп жатқан халықта есеп жоқ. Соның бірі Кәмпит апа мен баласы, осыдан бір жыл бұрын өте ауыр халде келген екен. Бүгінде аяғына тұрып балдағын тастап, жағдайы жақсы күйде отыр екен. Бабаның басында жер астынан шығып жатқан бұлақ бар, содан дәм таттық.

Арыстан баб кесенесін Түркістан облысындағы көне

Отырар, Шәуілдір жеріндегі Арыстан баб кесенесі, Маңғыстау өңіріндегі Бекет атаның Оқшы тауындағы мешіті, Тараз өңіріндегі Айша бибі кесенесі сияқты үлкен сәулет өнерінің ғимаратын жасалса, сонымен қатар, діни зиярат етуші

адамдарға қолайлы инфрақұрылымын жасап діни туризмнің дамуына жағдай жасау маңызды. Ол үшін архитектуралық кесененің жобасын жасап, инфрақұрылымын жасауды қолға алынса өсіп келе жатқан жас өрендерге, Арал ауданының туризмінің өрісі кеңейер еді.

6. БЕКМЫРЗА ХАН

Арал мен Қазалының ортасында Арыстанбаб белгісіне жетер-жетпес биік төбенің басында ақ түсті белгі мен мұндалап алыстан көрінеді. Ақиректе Арыстанбаб бейіті жанында жерленген Бекмырза хан туралы XIX ғасырдың орта кезіндегі Арал өңірі қазақтарының Хиуа мен Қоқан хандығы тұсындағы Ресей сыртқы істер коллегиясының жазбаларында қазақ даласына тыңшылық мақсатта келген зерттеушілер, аудармашылар мен тілмаштар И.В. Аничков, Я. Осмоловский, Л. Мейер, П.И Рычков, А. И Макшеев, Е.Батыршин т.б. орын алған фактілері, тарихи очерктері, елшілік қызметтерді тіркеу сияқты қызметке тән жазбаларда кездеседі.

Осыған ұқсас фактілерді басқа да ел аузындағы құйма құлақ ақсақалдар мен жыршылар жазып алған жырлар мен аңыз әңгімелерді жиі кездестіруімізге болады. Сол кездегі орыс деректерінде Сыр мен Арал теңізі жағалауындағы Жанқожа бастаған Хиуа, Қоқан басқыншылары мен орыс отаршыларына қарсы күрестегі өмір жолын бейнелейтін фольклорлық шығармалар-тарихи аңыздар мен жырлар, мадақ өлеңдер мен толғаулар мол сақталған.

Сыр бойындағы Кіші жүздің Әлім аталығының Арал өлкесінде хан болған Бекмырза хан кім еді ? Оның хандық дәрежесіне дейін көтерілуіне қандай факторлар әсер етті?

Сыр бойындағы Кіші жүз қазақтарының бір жағынан Хиуа, Қоқан, екінші жағынан Ресей отаршылдарының саясатына қарсы елді «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын кез» келгенін ойлап, қазақ хандығынан дәрмен болмағандықтан Сыр бойындағы Кіші жүзде хандық құру арқылы жерін қорғауды ойлады. Әрі бұл кезеңдегі саяси жағдайларды сараптағанда елге дипломатиялық істерге ерекше мән беретін, лауазымды тұлғалармен, ортаазиялық хандықтармен белсенді жұмыс жасайтын адам керек болды.

Бекмырза - хан, би, батыр туралы жазылған алғашқы жазбаша деректердің Қазалы уезіне келген орыс ғалымы И.В. Аничковтың «Песня о киргизском батыре Джанходжа Нурмухамедове» атты Петербургтен басылып шыққан кітабында кездеседі. Мұнда орыстардың Райым бекінісіне келген кездегі бекініс жұмыстарын салуға қазақтарды жұмылдырғанын атап өтеді. Бұл деректер Бекмырза ханның XIX ғасырдың 30-40 жылдар аралығындағы Жанқожа батыр басқарған Сыр бойы қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісінің, яғни 1830-1847 жылдар аралығындағы хиуалықтар мен қоқандықтарға қарсы күресі мен 1847-1856 жылдар аралығындағы Ресей империясына қарсы күресін қамтиды. Жалпы, зерттеушілердің пікірінше Бекмырза би, батыр, ханның өмір жолы мен ерліктерін айғақтайтын архивтік деректер Омбы, Мәскеу, Хиуа қалаларындағы архивтерде сақталуы мүмкін, Мәскеу, Ташкент, Омбы архивтерінен іздеу, ол алдағы күндердің еншісінде.

Орынбор мемлекеттік архивіндегі сақталған құжаттарда 1856 жылғы Бекмырза ханның патша әкімшілігіне есеп беруінде (рапорт) түтін салығын жинау кезінде қазақтардың мүмкіндігінің жоқ екендігін, қыстың қаттылығына байланысты, малдардың көтерем, биылғы салық жиналмай отырғандығы туралы жазса, екінші құжатта бекетке қажетті сексеуіл жиналғаны туралы хабар беріп мөрін басқан.

Сыр сүлейлерінің бірі Нұртуған Кенжеғұлұлы "Ақтабан шұбырынды" атты дастанында былайша жырлаған:

Сол өңірде қазақтан,
 Әлдиұлы Бекмырза,
 Отыздан асқан шамада.
 Қатынас қағаз жүргізді,
 Орыспенен арада.
 Көксандық атқа ер салып,
 Барып еді сол кезде,
 Орынбор деген қалаға.
 Жеті күннің ішінде,
 Сырға хандық құрмаққа.
 Алып келді қағазын,
 Осындай бір жобада.
 Бай менен хандар үлгіріп,
 Құл-құтан жүрді тобада.
 Хан болғанның біреуі,
 -Байұлы да Сырымбай,
 Бекмырзадан бұрында.
 Ырза болмай көпшілік,
 Жүрген халық қыранда.
 Патшадан болып ықылас,
 Хиуаға хан болды,
 Екі жылдай Әзберген...
 « Дін бұзылып барады» деп,
 Айтыла берді сөз деген.
 Жегіліп соған Бекмырза ,
 Жау болмаққа патшамен,

Жасауды айла көздеген.
 Қашанда сөздің күші зор,
 Бұл өсектің сол кезде,
 Болмады жері кезбеген.
 Елдің батыр жанабын,
 Жинап алып Бекмырза,
 Уәдесін жөндеген.
 Сол кезде елдің ішінде ,
 Бір шоғал адам, арамза,
 Бекмырзаны күндеген.
 Сол шағымгер бір күні,
 Патшаға арызысырды.
 Енді орыстар қанығып,
 Бұған әбден түсінді.
 Аңдыған патша қойсын ба,
 Бекмырза ханды ұзамай,
 Тұзағына түсірді.
 Губернатор бір күні ,
 Шақырды оны қонаққа.
 Көрсеткен болып құрметін,
 Тойғызды әбден тамаққа.
 Тамақтан ішкен тоғызы,
 Тұншығып уға төкті тер.
 Мақсатына жете алмай,
 Қолдан кетті қайран ер", -деп
 өкінішпен жырға қосады. Дастанда
 айтылғандай, Бекмырза би орыс

шенеуніктерінің қолынан у ішіп қаза болған.[79]


Хан кесенесі Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақбай ауылына 2 шақырым жерде орналасқан. Кесене жол бойындағы төбеге орнатылған. Биіктігі: 11 метр. Қабырғалары: 7 метр, 80 сантиметр. Блок кірпіштен қаланып, тұрғызылған. Сыртқы көрінісі ақ бояумен сырланған, үш қырлы болып келеді. Кесененің оңтүстік және солтүстік тұстары мен алдыңғы жағынан үш есігі бар. Оң жақ және сол жақ қабырғаларындағы есік маңдайшаларында жазулар бар. Оң жақ есік маңдайшасындағы жазу Арал ауданында 2006 жыл Бекмырза хан жылы етіп жарияланғанынан хабар берсе, сол жақ қабырғасының есік маңдайшасында Бекмырза хан туралы өлең жолдарынан үзінді берілген. Алдыңғы есік маңдайшасында: Қарадан шыққан хан Бекмырза Әлдиұлы (1816 -1863 жж) Әлім – Шөмен аймағында хандық құрды, деп жазылған. Кесененің жоғарғы жақ бөлігі төрт қырлы, төбесіндегі қыран бейнесі ерекше көзге түседі. Дәуірхан Айдаров өзінің «Жанқожа мен Бекмырза» (2006), және «Сыр елінің соңғы ханы» (2007) еңбектерінде де көрініс тапқан. Осы атамыз тарихи тұлға ретінде танылуын және ұлы жолдың бойына қойылған белгісін кейінгі ұрпақтарға, туристерге танытуды қолға алса нұр үстіне нұр болар еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлттық бірлікті қалыптастыру үшін ұлттың рухани қасиетті орындар халықтың сыйынатын және құрметтейтін сакральді нысандары үлкен маңызға ие.

Арал өңірі осындай киелі де қасиетті жерлерімен Түркі дүниесінде, Еуразия материгінде өз орнымен әйгіленсе деген оймен жазылды. Батыс Қытай-Батыс Европа автожолының Арал ауданы арқылы 230 шақырымдай бөлігі өтіп жатыр. Жол бойында орналасқан осынау киелі мекендерімізге, Ақбай елді мекенінен небәрі 9 шақырым жердегі тау төбесіне заманауи кесене тұрғызып, жол тарту, су жеткізіп, жарық жүргізу баба рухына көрсетілген үлкен құрмет қана емес, туризмді дамытудың бастауы болар еді. Бұл көне заман күмбіріндей болған аңыздың кейінгіге арқауы үзілмей жетуі үшін де керек.

Арал өлкесіндегі қазіргі күнге дейін сақталған көне қорымдар мен халық кие тұтатын микросакральды орындарды сақтау, күтім жасау, инфрақұрылымдар жүргізу арқылы туризмді дамыту Түркі елінің географиясының құлашын кеңге жаюға септігін тигізер еді. Арыстанбаб қорымын «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы тізіміне енгізілуін қалаймын.



ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Ақсауытты Айдарбек батыр» (мақалалар, зерттеулер) құрастырған Т.Абылаев 2015ж Алматы, «Мерей» баспасы

2. «Қуандық баба, Қарамолда әулие» Г Хусайнқызы ББК63.3 Х94 2007ж Қызылорда қаласы, «Қызылорда-қанағаты» ЖШС
3. Арал аудандық Толқын газеті, 22 қыркүйек, 2023 ж
4. [.https://e-history.kz/kz/news/show/32824](https://e-history.kz/kz/news/show/32824)
5. [.https://halyqline.kz/qogam/ruhaniat/aqirek-qasietti-zher/](https://halyqline.kz/qogam/ruhaniat/aqirek-qasietti-zher/)
6. HALYQLINE.KZ«Ақирек қасиетті жер» 7.12.2020 жыл
7. Нұрбай ЖҮСІП, Арал ауданы, Қамыстыбас ауылы
8. https://www.inform.kz/kz/akirektegi-arystanbab-kesenesi-me_a3319853
9. <https://syрboyi.kz/zarnama/arystan-bab-otyrar-men-airekt-арасы-30692/> Арыстан баб. Отырар мен Ақиректің арасы...
10. авторы: Ержан ҚОЖАС,Қызылорда-Түркістан-Отырар-Арал-Қызылорда.Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ
11. <https://assembly.kz/analitika/aza-stanny-kieli-zherlerin-t-geldeu-turizmdidamytady/>
12. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%80%D1%8B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD-%D0%91%D0%B0%D0%B1>
13. Бабтардың бабы Арыстанбаб <https://anatili.kazgazeta.kz/news/21217>
14. Бақтыбай Айнабеков
15. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
16. Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы
17. Қазақстанның киелі жерлерін түгелдеу – туризмді дамытады/
18. Қазақстанның киелі 100 нысаны жарияланды
19. Арыстан-Баб // Қазақстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – Т. I. – ISBN 9965-9389-9-7. (CC BY-SA 3.0)
20. *Бородовская Л. З.* Исследование традиции суфийского тариката Ясавия в аспекте его влияния на татарскую исламскую культуру // Исламоведение : журнал. – Махачкала: Дагестанский государственный университет, 2016. – Т. 7, № 4. – С. 105–106. – ISSN 2411-0302.
studying climatic conditions and establishing cartographic changes. The history of the origin and geographical structure of the glacial systems of the Zhetysu Alatau, which have always been of scientific interest, consist of complex elements that are still worth studying.

The interrelation of nature, including physical and geographical changes, climatic conditions, orographic features of the Zhetysu Alatau is analyzed, the methodological foundations of the presentation of information in the school curriculum are considered.

Keywords: climate change, glacial systems, geographical patterns, geographical envelope, methodology.

Біздің планетамыздағы тіршіліктің негізі – су үш агрегаттық күйде болуы мүмкін: сұйық түрінде – мұхиттарда, теңіздер мен өзендерде, бу түрінде – атмосферада, мұз түрінде – полюстер мен таулардың шыңдарында. Мұздықтың пайда болуы үшін жауын-шашынның көп мөлшері мен тұрақты төмен ауа температурасының сәйкес үйлесімі қажет. Полюстердің қақпақтары мен биік таулардың шыңдары осы жағдайлардың айқын мысалы болып табылады. Жерге түскен қар біраз уақыт мамық жамылғымен жатып, біраз уақыттан кейін күн сәулесінің астында ери бастайды. Түнде, күн болмаған кезде, еріген қар көптеген мұз шарларынан тұратын массаға айналады – бұл мұздықтың негізі болып табылатын фирн деп аталады. Жиналып, фирн қабаттары өз салмағымен басылып, мұздыққа айналады [1].

Ең дұрысы, жауын-шашын болу кезеңдері мен еру алмасып тұру шартына сәйкес келуі керек, бірақ іс жүзінде бұл аймақтар маусымдық сипаттағы және көпжылдық ауа-райы циклдеріне сәйкес үлкен ауытқуларға ұшырайды. Осы тербелістерге сәйкес абляция аймағы күшейтілген еру кезінде көтеріледі, содан кейін суық жылдары төмендейді. Мұздық ашық жер мен суға түседі, содан кейін артқа шегінеді. Егер мұндай ауытқулардың жеткілікті ұзақ кезеңін қарастырылатын болса, жалпы балқу мен қату тепе-теңдігі сақталады. Мұздықтардың "тіршілігінің" тепе-теңдігін сақтау бүкіл әлемде климаттық тепе-теңдікті сақтаудың маңызды факторларының бірі болып табылады [2].

Жетісу Алатауы Қазақстанның ең мұзды жоталарға ие тау жүйесі болып табылады. Мұздықтардың сипаттамасын көрсететін ең алғашқы каталогы 1956 жылы төрт шығарылымында жарияланған болатын: 1) Тентек пен Рғайтының солтүстік жотасыда шартты түрде Шығыс бөлігі; 2) Биен, Ақсу және Лепсінің солтүстік бөлігін шартты түрде Солтүстік бөлігі; 3) Қаратал ауданының бассейні

батыс бөлігінде; 4) Хоргос пен Усек өзендерінің бассейндері жотаның оңтүстік макрожоталарындағы - шартты түрде Оңтүстік. Бұл материалдардың 1990, 2000 және 2004 жылы жасалған ғарыштан түсірілген суреттері ойынша мұзды қату аймақтары кішірейгені байқалған. Бүгінгі таңда орта ғасырлардағыдай да Жетісу Алатауындағы ең ірі мұздық Берг мұздығы (Каталог бойынша № 214) болып табылады. Басқаша айтқанда, барлық мұздықтар жүйесінің аймағы бойынша массаның азаюы су эквиваленті бойынша 21 метрді құрайды. Бұл өлшемдер бүгінгі таңда өсуде және климаттың жылуы негізінде дегляциация процесі әлі де жалғаспақ.

Жоңғар Алатауындағы мұздықтар жаһандық климаттық жүйелердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олардың мөлшері мен мінез-құлқын өзгерту осы аймақтағы климатқа үлкен әсер етуі мүмкін.

Температура жоғарылаған сайын мұздықтар қысқаруы немесе тіпті толығымен жойылуы мүмкін. Бұл өзендер мен көлдердегі су көлемінің ұлғаюына әкеліп соғуы мүмкін, бұл олардың биоәртүрлілігіне және экономикалық маңызына әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, мұздықтардың қысқаруы теңіз деңгейінің көтерілуіне әкеліп соғады, бұл төмен жатқан жерлерді су басуға әкелуі мүмкін.

Дегенмен, Жоңғар Алатауындағы мұздықтардың өсуінің де кері салдары болуы мүмкін. Мұздықтардың жарылуы су тасқыны мен көшкінге әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, мұздықтардың өсуі қолда бар жайылымдық жерлер мен су ресурстарының азаюына әкелу қауіпі бар.

Жетісу (Жоңғар) Алатауы Алакөл көлінің бассейні, Балқаш көлінің шығыс бөлігі мен Іле өзенінің аңғары арасында орналасқан. Қазақстан Республикасының шегіне тек өзінің солтүстік және солтүстік-батыс бөліктерімен және олардан шығатын көптеген бөліктерімен ұзындығы мен биіктігі әртүрлі жоталар негізінде кіреді. Жотаның ұзындығы шамамен 450 километрді құрайды. Максималды ені оңтүстіктен солтүстікке қарай 120 километрден асады. Жетісу Алатауында жалпы ауданы 1000 шақырым шаршы болатын 1369 мұздық белгіленген, олардың арасындағы ең ірілері Абай, Кора, Балакор және тағы да басқалары жатады. Мұздықтар Лепсі, Сарқанд, Ақсу, Қаратал, Басқан, Қора, Биен секілді ірі өзендердің бастауы болып табылады. Сонымен қатар, бұл таулардан өз бастауын Тентек және Ырғайты өзендері де алады. Жетісу Алатауы климаттық жағынан ерекше аймақ. Бұл географиялық ландшафттарды бөлетін тосқауыл іспетті сипатқа ие. Солтүстік беткейлерде Алтай климаты айқын көрінеді. Оңтүстік беткейлерге Іле Алатауы, Қырғыз және Талас жоталарына жақын Тянь-Шань климаты тән. Жоңғар Алатауы әлемдік мұхиттан алыс орналасқан. Оның климатына Арктиканың суық ауасы, Тұран ойпатының ыстық ауасы, сондай-ақ Сібір антициклоны әсер етеді. Құрғақ шөлдер мен жартылай шөлдердегі таулардың етегінде климат континентальды түрде таралған. Биік таулардың баурайында климаты қоңыржай-қысы суық, жазы орташа салқын, қаңтарда орташа ауа температурасы - 10-11 ° С, шілдеде + 18, + 20 ° С, таулардың баурайында жауын-шашын көп түседі [3].

Осы тік жотаның шыңдары мен жоталары мұзды көлденең өрістермен және жабынды мұздықтармен жабылған және олардың көпшілігінде салыстырмалы түрде жұмсақ контурлары бар. Шыңдар сирек кездеседі. Бүйірлік жоталардың жоталары осы тік жотамен бірдей бөлінеді.

Қазіргі мұздықтар негізінен теріс рельеф формаларында орналасады, олар үлкен төрттік мұздықтардың қоймалары ретінде қызмет етеді. Таулар неғұрлым жоғары көтерілсе, қазіргі мұздықтар өздерінен бұрынғыларының жабын орындарын басып тұрған сипатта толтырады.

Мұздықтар жүйесінде шамамен 42 шақырым текше су сақталған. Мұздықтар теңіз деңгейінен 3000 метрден жотаның жотасына дейінгі биіктік белдеуін алып жатыр (теңіз деңгейінен 4000 - 4360 метрді құрайды).

Жетісу Алатауы төрттік дәуірде күшті мұздануға ұшырады, оның іздері таулардағы қара, цирктер мен трогтар, аңғарлар мен тау бөктеріндегі мореналық шөгінділерден байқалады, бұл да климаттық әсерлерінің бір белгісі ретінде қарастыруға болытны элемент болып табылады. Қазіргі мұздықтар негізінен жоталардың бөлінетін аймақтарымен шектеседі, олар үлкен абсолютті биіктіктермен, беткейлердің терең бөлінуімен, ежелгі тегістеу беттерінің аздаған бөліктерімен және су бөлетін жоталардың созылу бойымен салыстырмалы түрде әлсіз бөлінуімен сипатталады.

Жетісу Алатауында су ресурстарының үлкен қоры бар. Оның өзендері жергілікті көлдерге құяды. Солтүстігінде Жалайты өзені Жаланапкөл көліне, Жаманты өзені Алакөлге, Тентек өзені Сасықкөл көліне құяды. Көптеген тау өзендері (Лепсі, Қаратал, Сарқант, Биен, Ақсу) Балқаш көліне құяды. Оңтүстік жотада су қоры аз. Қытай шекарасы бойымен ағып жатқан Қорғас өзені Іле өзеніне құяды. Солтүстіктен Усек өзеніне құяды. Борохудзир өзені де Іле өзеніне қарай бет алады, бірақ қатты ыстықтан ол құрғап, суын шығармайды. Жоңғар Алатауының солтүстік және Оңтүстік жоталары арасында Қаратал өзені ағады. Көксу, Биже өзендерімен бірге (Мақаншы, қара, Сарыбұлақ, Құсақ өзендері) Балқашқа құяды.

Қорытындылай келгенде, Жоңғар Алатауы Қазақстан аумағында орналасқан ең ірі тау жыныстарының бірі болып табылады. Орталық және Орталық Азияның негізгі тау жоталарының көпшілігі сияқты ендік бағытта батыстан оңтүстік-батысқа қарай созылып жататын таудың шығыс және солтүстік-шығыс бөлігі мемлекеттік аймақтық қарастыру бойынша Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы шекаралары бойынша орналасқан. Сондықтан бұл аймақты жете зерттеу Қазақстан туризміндегі өте өзекті мәселелердің бірі. Жетісу Алатауының табиғаты өзінің флорасы мен фаунасына бай. Олар өздерінің сұлулығымен және жергілікті көрікті жерлерімен таң қалдырады. Физикалық-географиялық ерекшеліктер отандық және шетелдік туристерді тарта алады, бірақ бұл үшін инфрақұрылым мен қызмет көрсету мәселелерін шешу қажет.

Мектеп бағдарламасында аталған тақырып бойынша білім беру әдістемесін тау мұздықтарын сипатына қарай талдау, сыни ойлау негізінде, салыстыру, сандық мәліметермен жұмыс секілді түрлі негізде қамтып өтуге болады. Жетісу

Алатауының карталық контуры негізінде сипаттамаларын қайталау мен салыстыру жұмыстарын өзге тау жүйелерімен, оның мұздықтарымен салыстыру жұмыстарын жүргізуге болады. Ландшафттық ерекшеліктерін талдауда салыстырмалы диаграммалар қолдану негізінде сандық мәліметтерді көрсету әдістемесін жүргізу оқыту процесінде барынша тиімді болады.

Кесте 1- Әдістемелік мақсатта толтыруға болатын жұмыс кестесі

Туындау тарихы	Құрылымы	Ашылу мерзімі	Маңызды жылдар	Сандық мәліметтері	Бастау алатын өзендері
----------------	----------	---------------	----------------	--------------------	------------------------



Сурет 1- Әдістемелік мақсатта салыстырмалы ақпарат нысанын толтыруға болатын сурет бейнесі

Қазақстан тауларының мұздануының тозуы бойынша 60 жыл ішінде алынған деректер Қазақстанның әртүрлі таулы-мұздық аудандарындағы мұздықтармен болып жатқан кейінгі өзгерістердің мониторингі үшін базалық негіз болып табылады. Сондықтан мұздықтарды ғарыштан қашықтықтан өлшеу негізінде қайта каталогтау өте маңызды (кем дегенде 10-15 жылда бір рет). Болашақта бұл климаттың қазіргі және болашақ өзгерістері жағдайында әртүрлі морфологиялық типтегі, өлшемдегі және экспозициядағы мұздықтардың мінез-құлқы мен күйін салыстырмалы талдау үшін біртекті деректерді алуға мүмкіндік береді. Қайта каталогтау нәтижелері мұздандудың өзгеруін негізделген бағалау үшін де, қазіргі заманда айтарлықтай өзгеріп отыратын климат пен тау ағынының сипаттамаларының өзгеріштігін анықтау үшін де

пайдаланылуы мүмкін. Бұл нәтижелер жақын және алыс болашақта тау мұздануының жай-күйін объективті және дәл болжауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Джунгарский Алатау в книге: Н.А. Гвоздецкий, Н.И. Михайлов. Физическая география. – М., 1978. – 192 с.
2. В. Тихонов. В горах Джунгарского Алатау. – Алматы.1992. – 216 с.
3. Джунгарский Алатау, схема с перевалами. – Алматы, 1995. 4. Горный поход 4 к.с. по Джунгарскому Алатау. – Алматы. 1989. – 86 с.
4. Книги: «Природа Заилийского Алатау», М.Ж. Жандаев, изд. Казахстан, Алма-Ата, 1978 «По Северному Тянь-Шаню», В.Н. Вуколов, Москва, Профиздат, 1991
5. Чижов О. П. Ледники и климат. «Природа», № 7,1966.

ҚАЗАҚСКОЕ ГОСУДАРСТВО "KASAKKI TARTARI" НА ГЛОБУСЕ НИКОЛАЯ КОПЕРНИКА 1530-1540 ГОДОВ

Мухит-Ардагер Сыдыкназаров

доктор политологии, профессор,
исследователь старинной картографии Қазақского Государства и тюркских стран XI-
XX веков.

Астана, Қазақстан.

Посол доброй воли Республики Қазақстан.

На родине великого польского ученого астронома, математика, географа Николая Коперника в Польше, в городе Торунь, в его доме, в котором он жил, работал, создавал свои научные труды, хранится его глобус XVI века.

На глобусе Николая Коперника указано Казахское Государство "Kasakki Tartari" (Қазақ Түркілер Мемлекеті, Государство Қазақских Тюрков).

Государственный строй, социальный и общественный быт, этноконфессиональная и этнокультурная среда, которых придерживались и сохраняли Казахи, позволяли европейским исследователям, путешественникам, дипломатам, картографам, торговцам, религиозным миссионерам четко идентифицировать на картах Азии и мира Қазақское Государство начиная с XV века, позднего Средневековья вплоть до эпохи раннего Нового времени (XVIII-XIX вв).

За годы исследований мною в европейских музеях, библиотеках, государственных и национальных архивах, королевских картографических коллекциях Европы, университетских и частных картографических центрах США, Азии, Ближнего Востока найдено, описано, систематизировано свыше 4000 старинных карт Қазақского Государства. Все они впервые введены в научный, культурный и информационный оборот современного Қазақстана.

ФОРМИРОВАНИЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ СИСТЕМ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В ГОРНЫХ УСЛОВИЯХ (НА ПРИМЕРЕ КИРГИЗИИ)

Ниязов Т.З.

Профессор, КНУ им. Ж.Баласагына, г. Бишкек

АННОТАЦИЯ

В статье дана научно-методологическая углубленная и развернутая картина проблем организаций территорий для различного историко-географического изучения территориальных систем нашей Республики.

Основным объектом исследования в статье является изучение размещения территориальных систем сельского хозяйства в различных типах высотной поясности ландшафтов и их функционирования в целях устойчивого развития.

Обобщение опыта проводимых реформ в сельском хозяйстве за определенные периоды общественного развития Кыргызской Республики и сопоставления их особенностей с природными, социальными и экономическими условиями являются приоритетными.

В статье показаны особенности региональных различий функционирования сельскохозяйственных систем и отраслей по областям.

Экономико-географический аспект в изучении сельского хозяйства республики, состоит в исследовании сочетания разных типов высотной поясности для сельского хозяйства и их влияния на трансформацию использования земель, на формирование типов организации территории и на производственные формы сельского хозяйства.

Ключевые слова: использование земель, годичный цикл кочевого хозяйства, кооперативное хозяйство, территориальная организация сельского хозяйства, организация территории, пастбищный цикл, экономическая эффективность, земельная реформа, крестьянское хозяйство.

Макалада биздин республиканын жердин системасын ар башка тарыхый-географиялык жерди уюштуруунун проблемасынын тереңдетилген илимий-методикалык жактан кеңири картина берилген.

Кыргыз Республикасынын коомдук өнүгүүсүнүн белгилүү мезгилинде айыл чарбасында жүргүзүлгөн реформалардын тажрыйбалары жана алардын жаратылыштан түзүлгөн социалдык, экономикалык шарттары негизги орунда тураары салыштырмалуу жалпылаштырылган. Аймактагы айыл чарба системаларынын жана тармактарынын айырмачылыктары жана өзгөчөлүктөрү макалада көрсөтүлдү. Макалада айыл чарба системалары менен тармактарынын областар боюнча өнүгүнүн айырмачылыктарынын өзгөчөлүктөрү көрсөтүлгөн.

Республиканын айыл чарбасы экономикалык-географиялык өңүттөн, изилдөө айыл чарбасы үчүн ар кайсы типтеги бийиктиктердин айкалышынан жана алардын жерди пайдалануу өзгөрүүгө, жерди уюштуруунун типтерин калыптандуруга айыл чарбанын өндүрүштүк формаларын тийгизген таасирин изилдеген.

Урунтуу создөр: жерди пайдалануу, көчмөн чарбасынын, жылдык цикли, кооперативтик чарба, айыл чарбасын аймактык уюштуруу, жерди уюштуруу, жайыт цикли, экономикалык эффективтүүлүк, жер реформасы, дыйкан чарба.

The article deals with the scientific methodological picture of organization of territories aimed at historical and geographical study of territorial systems of the Kyrgyz Republic. It concludes that a survey of reforms undergoing in agriculture in specific periods of social development in the Kyrgyz Republic as well as comparative analyses of their features with natural, social and economic conditions of the country are of priority consideration.

The article shows the features of regional differences in the functioning of agricultural systems and industries in every region of the country. The economic and geographical aspect in the study of agriculture of the republic includes in the research of the combination of different types of altitudinal zoning for agriculture and their influence the transformation of land use, the formation of types of territory organization and on the production forms of agriculture.

Keywords: land use, annual cycle of nomadic farm, cooperative farm, territorial organization of agriculture, organization of territory, pasturable cycle, collective farm, economic effectiveness, land reform, country economy.

В современном этапе развития сельского хозяйства под воздействием рыночных реформ сформированы основы многоукладной экономики, проведены земельные и структурные преобразования. Наряду с этим, большое значение имеет решение проблем развития крестьянских и частных хозяйств с сочетанием использования сельскохозяйственных земель разных высотных ландшафтных зон горных территорий. В решении этого вопроса, необходимо, использование достаточно полной информации о состоянии, тенденциях развития, экономической эффективности существующего сельского хозяйства в разные периоды ее развития. Экономико-географическое изучение сельского хозяйства [1], складывается из следующих элементов:

А. Морфологическое и типологическое изучение территориальных различий существующего сельского хозяйства.

-изучение, классификации и картографирование отдельных форм (видов) использования земель;

- изучение, классификации и картографирование форм (систем) животноводства и изучение и классификация форм организаций территорий сельскохозяйственных предприятий;
- изучение и классификация существующих типов;
- сельскохозяйственное районирование.

Б. Изучение природных и экономических условий, вызывающих территориальное различия в характере сельского хозяйства:

- экономико-географический анализ действий неодинаковых природных условий;
- анализ действия неодинаковых экономических условий.

В. Историко-географическое изучение сельского хозяйства как один из методов выявления обусловленности различий в характере сельскохозяйственного использования земель:

- метод состоит в сопоставлении данных, характеризующих территориальную дифференциацию сельского хозяйства в разные периоды;
- изменение экономических отношений между сравниваемыми историческими периодами.

Г. Критический анализ сложившейся территориальной организации сельского хозяйства и обоснование направлений и способов ее совершенствования

Географический аспект в изучении сельского хозяйства республики, состоит в исследовании сочетания разных типов высотной поясности для сельского хозяйства и их влияния на трансформацию использования земель, на формирование типов организации территории и на производственные формы сельского хозяйства. Сельское хозяйство любой страны имеет свой географический аспект, как внутренний, так и внешний.

Следует выделить ряд направлений при исследовании внутренних различий:

- ***историко-географическое направление***, нацеленное на изучение моделей формирования хозяйств за разные социально-экономические периоды развития и особенностей использования земель горных территорий.
- ***Географическое направление*** для исследования влияние типов сочетаний высотной поясности на использование земель. Изучение организации кормовых угодий разных высотных ландшафтных зон. Анализ влияния сочетаний угодий на формирование типов сельского хозяйства при разных формах организации территорий и форм собственности;
- ***Социально-экономическое направление***, нацеленное на изучение политических и социальных изменений и процессов, которые возникли в результате развала авторитарной централизованной системы.

При обосновании границ между трансформационными процессами и изменениями окружающей среды следует проводить исследование по следующему направлению:


- *ландшафтно-экологическое направление*, которое направлено на выяснение экологических последствий человеческой деятельности и их воздействие на ландшафты, а также изучение процессов изменения на возрастающее давление использования природных ресурсов.

На основе анализа внутренних и внешних различий нами выделены модели сельского хозяйства за разные периоды ее развития.

Одним из характерных черт развития кочевого хозяйства на территории Киргизии, особенно в дореволюционный период, была периодическая бескормица. Периодически эти проявления повторялись в 4-5 лет, с наибольшим периодом в 10-15 лет. Такая периодичность явлений была характерна в основном для кочевых районов. Периодичность бескормицы объясняется не только метеорологическими явлениями, а также с особенностью развития кочевого хозяйства в разных ландшафтных зонах. Кочевым хозяйствам того периода была характерна несложная структура годового цикла, перегон скота от пастбищ и наоборот, (схема 1)


Схема 1. Структура годового цикла использования земель в кочевом хозяйстве Киргизии в дореволюционный период

- 1) от летних (I) к осенним (II);
- 2) от осенних (II) к зимним (III);
- 3) от зимних (III) к весенним (IV);
- 4) от весенних (IV) к летним (I);



В советский период годичный цикл имел более сложную структуру. Производственные процессы в производственных типах сельскохозяйственных предприятий, т.е. в колхозах и совхозах, динамичны, постоянно изменяются в большей или меньшей степени, в последующем планомерно перерастают в новый производственный тип.

Схема 2. Структура годового цикла использования земель при функционировании колхозов, совхозов в советский период



«а» - центральная усадьба колхоза или совхоза


1,2,3- производственная и социальная инфраструктура колхозов или совхозов

На данном отрезке времени в районах пастбищного овцеводства стояла проблема развития и усовершенствования форм расселения сферы обслуживания населения, обслуживающих весь производственный процесс овцеводства, решались проблемы жилья и обучения, а также проблема взаимодействия отгонно-пастбищного животноводства.

Характерной чертой развития сельского хозяйства в горах, с перепадами высот, является сильное влияние, оказываемое на почвенно-растительный покров. Отсутствие удобных скотопригонных дорог также вызывает трудность в использовании пастбищных участков. В связи с этим создаётся перегрузка отдельных пастбищных массивов и развитие пастбищной эрозии.

Анализ развития сельского хозяйства за разные периоды социально-экономического и политического развития показывают сложность перехода из одной модели в другую (см. схему 3).

Схема 3. Структура использования годично-пастбищного цикла в переходный период



Ослабление нагрузки на летний пастбищный цикл (переходный период):

- во-первых, усложнение и видоизменение форм комбинированного использования земель разных высотных поясов в годичном цикле;
- во-вторых, изменение систем расселения населения, которое приводило к хозяйственной и культурной обособленности отдельных национальностей мигрантов, заселенных в разных типах природной среды, особенно в переходный период;
- в-третьих, увеличение сельскохозяйственной нагрузки на нижние высотные зоны, которое привело к обособлению хозяйственного использования земель верхних от нижних зон;
- в четвертых, возврат к традиционному кочевому землепользованию не увенчались успехом из-за сохранений колхозно-совхозной инфраструктуры и систем расселения;
- в пятых, развивается процесс, в смысле сочетания разных отраслей, построение фермерских хозяйств в пределах отдельных высотных зон.


После распада советской хозяйственной системы, современное землепользование можно характеризовать как переходное. Это является следствием трансформации хозяйственных и общественных процессов.

После распада колхозов и совхозов появились богарные земли, сенокосы, пастбища и угодья, разделенные между жителями. На переходном этапе внедрение новой системы землепользования вызвали значительные трудности у крестьян. Крестьяне продолжали пользоваться сохранившимися колхозно-совхозными производственными и социальными инфраструктурами. За последние 10 лет фактически не создана новая инфраструктура землепользования. Это привело к замыканию хозяйств в одну или двух ландшафтных зонах, которое привело к нарушению сочетания высотных зон. Попытка возрождения годичного кочевого цикла не увенчалась успехом, ослаблена нагрузка на летний пастбищный цикл.

Территориальные системы сельского хозяйства в Киргизии имеют большие региональные различия по уровню функционирования в условиях высотной поясности. В диаграмме показаны эти региональные различия функционирования сельскохозяйственных систем и отраслей по областям.

Функционирование территориальных систем областей Киргизии по типам высотной поясности (над уровнем моря в метрах)

Диаграмма 1



Функционирование территориальных систем областей Киргизии по типам высотной поясности, показывает, что использование земель в годичном цикле имеет разную структуру и схему. Эти особенности развития и размещения сельского хозяйства в Киргизии должны учитываться при разработке национальных проектов и программ при внедрении новых моделей в территориальных системах областей.

Глубокие изменения территориальной организации сельского хозяйства в республике, находят отражение в изменении организации территории, систем использования земель, структуры кормовой базы и типов содержания скота, взаимоотношениях земледелия и животноводства.

СПИСОК ЦИТИРУЕМЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Ракитников А.Н. География сельского хозяйства (проблемы и методы исследования). М., «Мысль», 1970. 342 с. с карт, 1 л. карт.

2. Географические границы. Под ред. Б.Б. Родомана Б.М. Эккеля. М., изд-во МГУ, 1982 г. 128 с., с ил.
3. Колосовский Н.Н. Научные проблемы географии. «Вопросы географии», 1955, сб. 37.
4. Мурсалиев А.М., Ниязов Т.З. Жалпыэкологиянын негиздери. Окуу куралы. -Б.: «Полиграфбумресурсы», 2017.-480-б.
5. Носонов А.М. Территориальные системы сельского хозяйства (экономико-географические аспекты исследования).-М.: Янус-К,2001.-324с.

Түркі тілдес елдер территориясының рекреациялық бағалаудың әдістері мен белгілері

Нысанбаева Б.Н.

Мұғалім, М.Шаханов атындағы жалпы білім беретін
мектеп, Отырар ауданы, Түркістан облысы

Бұл жарияланымда Түркі тілдес елдер территориясының рекреациялық бағалаудың әдістері мен белгілері туралы айқындалады. Рекреация сөзіне анықтама беріліп, оның адам өміріндегі маңызы мен еліміздегі рекреациялық аймақтардың ошақтарымен танысады. Және бағалау әдістері мен қандай белгілеріне негіз қойып сипатталатындығы туралы, туристерді тарту жолдары, сондай-ақ қандай жобалар жұмыс жасайды, еліміздің көркеюіне қандай ықпал жасайды, қандай жұмыстар атқарылып жатқандығы және келешекте қалай жүзеге асатындығы туралы айтылады.

Негізгі ұғымдар: рекреация, рекреациялық география, туризм, туризм мен демалыс географиясы, туристік қозғалыс, рекреациялық ресурстар, туристік сыйымдылық, туристік инфрақұрылым (түнеу базасы, тамақтану базасы, қосымша базасы, коммуникациялық базасы), туристік кешен, турбаза, туристік қонақ үйі, туристік-экскурсиялық шаруашылық, туристік маршрут, туризм индустриясы.

жұмыстың міндеті:

- Қазақстандағы рекреациялық аудандарының табиғи ресурстарының зерттелуі мен оларды қолдану
- Қазақстандағы туризм дамуының мәселелері мен келешегін анықтау.

КІРІСПЕ

Тарихта түркі халықтары солтүстікте – Солтүстік Мұзды мұхит, оңтүстікте – Тибет таулары, шығыста – Тынық мұхит, батыста – Балқан тауларына дейінгі үлкен аймақта өмір сүргені белгілі. Жалпы түркі тілдес халқының саны 300 млн. адамға жуықтады. Түркі мемлекеттерінің ұйымын алғашында Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия негізін қалап, 2019 жылы Өзбекстан, 2018 жылы Қырғызстан, 2021 жылы Түркіменстан ұйымға мүше болды. Ұйым бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға, кең ынтымақтастықты дамытуға және оған мүше мемлекеттер арасындағы ортақ даму әлеуетін ашуға ұмтылады.

Қазақстанның әрбір аймағы туризм кластер ошағы. Еуразияның орталығында орналасқан, Ұлы Жібек жолының дарқан даласына айналған өлкеде ертеден қалалар, тұрғызылып, мәдени ошақтар салынды. Қазақстан бай табиғатымен сырға толы өзен-көлдерімен, тау-тастарымен, орман-шөлейттерімен талай тарихи оқиғалардың куәсі болды. 1500 жылдан астам тарихы бар, Қазақ хандығының астанасы болған шартарапқа кеткен керуен жолдарының тоғысқан жері, Ұлы Жібек жолының орталығына айналған Түркістан

қаласының тарихи- туристік нысандары да жетерлік. Сондықтан Түркістан шаһары – қаймағы бұзылмаған қазақтың қара шаңырағы. Берекесі ұйыған киелі мекен. Мағжан Жұмабаев жырлағандай, «Екі дүние- есігі, ер түріктің – бесігі», түркі әлемінің рухани ордасы. Түркістан шаһары бүгінде облыс орталығы ғана емес, еліміздегі ұлттық болмысымыздың, рухани қазынамыздың орталығы болып отыр. Облыс орталығы болғалы Түркістан қаласы түркі елдерінің басын біріктіріп, жақындастыра түсетін «Алтын көпірге» айналууда. Атап айтсам, Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы, Түркіменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы, Солтүстік Кипр Республикасы. Орта Азия елдері мен Түркия мемлекетінің жалпы съездері, мәдени мәдени –рухани бас қосулары, түркі мемлекеттерінің саммиттері Түркістан шаһарында жалауын көтереді. Оның мақсаты – рухани қалада экономика және әлеуметтік саланың тамырына қан жүгіріп, мәдениет, білім және рухани ағартушылық бағыттағы жұмыстарды жандандыру.

Демалысты жақсы көретіндер сапарға барып, әр түрлі мақсаттарын көздейді. Біреулер мемлекеттің көрікті жерлермен танысады, екіншілер табиғаттың сұлулығымен әсемдейді, таза орман немесе тау ауамен тыныс алғысы келеді. Үшіншілерге жаяу сапар - бұл спорттық оқиға. Басқа сөзбен айтқанда, рекреацияда және туризмде үш негізгі функцияларды бөлуге болады: танымдық, спорттық- сауықтыру және емдік. Кейбір авторлар бұл негізгі үш функцияларды бірігіп, “еңбекке жарамдықты қалпына келудің мақсаттары” деген ұғымға жалпыланады, яғни адамның физикалық және психологиялық күштерін қалпына келтіруі .

Турист белгілі-бір территорияға келгенде оның бұл себептері де болуы мүмкін-жергілікті оқиғалар, мысалы, театрлық және музыкалық фестивальдар, кинофестивальдар, слеттер, конгресттер, жәрменкелер, карнавалдар, ірі спорттық жарыстар т.б. Халықтың мәдени деңгейінің дамуы туризмнің танымдық жағының ұлғаюын қажет етеді, өйткені, туризм қоғамның ең маңызды мақсаттарын-адамның мәдениетін тәрбиелеу іске асыруға көмектеседі.Туризм арқылы сауықтыру- бұл адамның физикалық пен психологиялық және өндірістік пен өндірістік емес шаршандау мәселелерін шешу әдістерінің бірі болып келеді. Жақсы ұйымдастырылған және белсенді демалысты кең қолдануы (жаяу сапар, кеме, велосипед, моторлық емес көлік арқылы сапарлар) адамдарды физикалық жағынан күшті етіп, олардың жағымды емес жағдайларға қарсы қарсыласуды күшейтеді.

Сауықтыру-спорттық туризмде адамның денсаулықты жақсарту және жалығудан бас тарту үшін жалпы шаралар қолданылады. Сондай жағдайларда серуендер, жаяу сапарлар, экскурсиялар, әртүрлі оқиғалар, ауа және күн серуендер, теңіз бен көл шомылулар және т.б шаралардың маңызы зор болып келеді.

Рекреациялық географияның негізгі түсініктері болып бос уақыт, демалыс, рекреация және туризм саналады. Жақсы демалыс – бұл жай жатып, тынығу емес, ол – адамның іс-әрекет түрлерінің ауысып тұруы. Шынында да, адам өзінің бос уақытын сауықтыру немесе спорттық, мәдени, танымдық мақсат

үшін жұмсайды. Мысалы, санаторийлерде, демалыс үйлерінде, пансионаттар мен демалыс базаларында болған кезде адам жиі белсенді жорыққа және экскурсияларға шығып тұру жөн. Осындай саяхаттар адамның тұрғылықты жерінен тыс жерде арнайы аумақтарда іске асады, яғни рекреация арқылы адам өзінің физикалық және рухани күшін қалпына келтіреді. Рекреация дегеніміз *recreatio* (латынша) – қайта қалпына келу, *recreation* (французша) – демалыс, көңіл көтеру, іс-әрекеттің өзгеруі. Рекреация – бұл халықтың тұрақты жерінен тыс жердегі арнайы мамандандырылған аумақтарда тәуліктік, апталық және жылдық өмір циклдеріндегі, адамның бос уақытын пайдалану кезінде іске асатын сауықтыру, танымдық, спорттық және мәдени-көңіл көтеру үшін қатынастар мен құбылыстар жиынтығы. Бұл ұғым әрине туризм сөзімен тікелей байланысты. Қазіргі таңда туризм экономикада маңызды салалардың бірі болып табылады. Туристерді тарту мақсатында «Neo Nomad-2022» акциясына қатысушы турист бір жыл ішінде еліміздің 20 аймағына барып, арнайы қойылған рамка алдында суретке түсуі тиіс. Осылайша 20 фотосурет жинаған турист «Заманауи көшпенді» мәртебесі беріліп, естелік сыйлық табыс етіледі. 2023 жылы Түркістанның өзіне келген туристер саны 130503-ке жетіпті. Шипажайларда ас қорыту жүйесі, зат алмасу бұзылған жүйке жүйесі, қол мен аяқ, тері аурулары бар науқастар, сондай-ақ гипертониямен ауыратын адамдар денсаулығын жақсартып алады. Сол себептен шипажайлық - курорттық демалыстың көмегімен денсаулықты нығайтып, әрі демалуға болады.

ЮНЕСКО -ның мәдени мұралар тізіміне енгізілген Қ.А.Яссауи кесенесі, көне Отырар, Сауран қалашықтары, Арыстан баб кесенесі, Бәйдібек ата, Домалақ ана кесенелері мен Ақмешіт үңгірі, Түлкібас ауданының қайталанбас әсем табиғаты, Ақсу-Жабағылы, Қаратау қорықтары, Сайрам - Өгем мемлекеттік ұлттық-табиғи паркі көптеген саяхатшыларды тамсандырған мекендер.

Туризмнің дамуы, оның материалдық -техникалық базаларын салу мен ұлғайту, туризмнің мақсаты үшін табиғи және мәдени-тарихи элементтерді тығыз пайдалану. Оларды аймақтың әлеуметтік - экономикалық өміріне әсерінің өсуі территорияны туристік мақсатпен аудандастыру үшін арнайы зерттеулерді қажет етеді. Көптеген ғылым ұйымдары рекреациялық мақсат үшін аудандастырудың әдістемесі мен қағидаларын еліміздің көлемінде, сондай-ақ жеке аумақтарда да күш салып келеді. Рекреациялық мақсатпен территорияны аудандастыру және оған баға беру үшін көптеген факторлар есепке алынады: табиғи, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, сәулетті-көркемдік. Туризм үшін бағалысы - жер бедері, сулар, өсімдіктер, климат. Табиғат пен мәдениеттің көрнекті объектілері.

Туристік аудандардың бірқатар ерекшеліктер бар: 1.Туристік аудан - сипаты бойынша әлеуметтік болса, соңғы шектеулі өнімі халықтың физикалық және рухани күшін кең түрде қайта толықтыратын туристік қызметтер. 2.Туристік аудандардың басқа салалық аудандардан айырмашылығы – өндіріс, айырбас, тарату, тұтыну.

Табиғи ресурстарды бағалау сұрақтары қоғам мен табиғаттың қарым-қатынас мәселелерінде маңызды орын алады. Қандай да болмасын шаруашылық іс-әрекеті табиғи жағдайлар мен ресурстарды бағалауға негізделеді. Санаторлы-

курорттық мақсатта қолданылатын территорияны бағалауда әртүрлі авторлардың көптеген зерттеулері жасаған. Соңғы уақытта табиғи кегендердің рекреациялық бағалануының қағидалары мен әдістемелік тәсілдеріне қызығушылық артып отыр.

Туризм мен демалыс мақсаты үшін табиғи жағдайды бағалау өте күрделі. Емдік ресурстарды бағалаудан айырмашылығы- мұнда әсем көріністердің тартымдылығы, олардың қайталанбастығы, экзотикалығы сияқты факторлар орын алады. Әйгілі болғандай-ақ туризм түрлері-әртүрлі. Сонымен рекреациялық мақсатқа территорияны бағалаудың жалпы міндеті 2 бөлікке бөлінеді:

- Адамдардың әртүрлі рекреациялық іс-әрекетте қолдану үшін табиғи кешендерді бағалау.
- Рекреациялық объектілерді салу үшін табиғи кешенді бағалау.

Территорияны инженерлік игеру экономикалық көрсеткіштер есебінен бағалануы тиіс (қатынас жолдарының болуы, жылда рекреациялық объектілері пайдаланудың мүмкіндік мерзімінің ұзақтығы, ацданның мамандандырылуы, қызықты экскурсиялық объектілердің болуы).

Рекреациялық мақсатта территорияның жарамдылығын бағалаудың негізіне, ең алдымен табиғи жағдайларды жатқызу керек. Себебі, рекреациялық ауданды ұйымдастыру үшін жеке табиғи факторлар бірдей құнды емес, оларға территорияны бағалауда әртүрлі салмақ түседі (негізгі және қосымша факторлар). Бағалау негізіне жататын негізгі факторларға мыналар: қолайлы температура жағдайының ұзақтығы, теңіз жағалауының болуы, бедер сипаты, орман мен өзендердің, көлдер мен су қоймаларының болуы жатады. Одан басқа, транспорттық жолмен қамтамасыз ету секілді шаруашылық факторы да есепке алыну керек. Орман ресурстарын бағалау ірі орман алабы көп адамның рекреациялық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға негізделеді, ал орманның құрамы мен құрылымы микроклиматқа және санитарлы-гигиеналық жағдайға әсер етеді. Орман алабында көріністер өте жиі, әсіресе көрнелі өзгеріп тұрады. Орманның аз ауданы немесе олардың болмауы территорияның туризм мен демалыс үшін қолданылу мүмкіншіліктерін шектейді. Өзен, көл және су қоймасына баға бергенде олардың әртүрлілігі мен көптігі туристік ұйымдардың мүмкіншіліктері мен демалыстың басқа түрлерін анықтайды. Транспорт жағдайын бағалауда есепке алатын нәрсе, ол егерде қатынас тораптарды жақсы дамытса, онда рекреациялық аймақтардың жеке бөліктеріне бару мүмкіншілігі ұлғаяды, сонымен қатар ол территорияның тезірек игерілуін және оның мамандану сұрақтарын шешудегі мүмкіндік туғызады. Сол табиғи фактордың құндылығы жыл мезгіліне қарай өзгеріп отырады. Мысалы, егер жаздағы демалу мен туризм үшін теңіз және өзен торының жиілігі негізгі фактор есебінде жүрсе, ал демалу мен туризмнің қысқы түрін ұйымдастыруда олар тәуелді маңызға ие болады немесе мүлдем есепке алынбайды. Туризмнің қысқы түрі үшін рекреациялық мекемелер ұйымдастырғанда жыл бойғы 60-70 күндік жамылғысының болу ұзақтығы орынды.

Түркі кеңесінің IV Саммиті 2014 жылғы 5 маусымда Бодрум қаласында (Түркия) «Туризм саласындағы ынтымақтастық» тақырыбында өтті. Жиында Түрік кеңесі елдері министрліктерінің шешімімен Кеңес хатшылығы «Түрік кеңесінің бірлескен заманауи Жібек жолы туристік топтамасы жобасы» әзірленген. Оның мақсаты - Жібек жолы тарихи орындарымен туристік бағытты дамыту. Осыдан кейін, 2016 жылы Түрік Кеңесіне мүше елдердің 11 тур операторларының бірлесуімен аталған жобаны жүзеге асыру үшін консорциум құрылды. «Тур топтама бағдарламасы 14 күннен тұрады. Жоба бағдары бойынша саяхатшылар Түркияда: Ыстанбұл-Кайсери-Нившехир (Кападокия), Ақсарай-Конья-Ыстанбұл бағыттары бойынша, Әзербайжанда: Генджи, Шеки, Шамаха, Баку, Қазақстанда: Алматы-Түркістан, Шымкент, Тараз, Қырғызстанда: Бішкек, Нарын, Таш-Рабат, Чолпан Ата - (Ыстықкөл) Бішкек» бағыттары бойынша саяхаттай алады. Туристер Алматы, Шымкент, Түркістан, Отырар, Таразды тамашалайды. Әлемдік туризмнің даму тенденциясы жылдан жылға оң бағыттарға өзгеріп келеді. 2021 жылы 31 наурызда Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII бейресми саммитінде тараптар Түркістанды түркі әлемінің рухани астанасы деп атау туралы декларацияға қол қойды. Бұл құжат – Түркістанның рухани-мәдени бағытта дамуына оң серпін беріп келеді. Түркі тілдес елдердің туризм бағытындағы жоғары деңгейдегі кездесулері мен келісімдері Түркістанға тың серпін береді. Жаңа Түркістан Түркі әлемінің мәдени-рухани орталығына айналады деп сенемін, –деген облыс әкімі Дархан Сатыбалды өңірде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды атап өткен болатын. Форумда Туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев бірқатар бастамалар мен кешенді шараларды ұсынды. Мұнда алты бағыт қарастырылған. Түркістан қаласының туристік әлеуеті өте жоғары. Әсіресе көлік инфрақұрылымы жолға қойылған.

Атап айтқанда, біріншіден, ТМҰ мүше мемлекеттер мен бақылаушы мемлекеттердің ірі қалалары арасындағы авиарейстер санының артуы. Екіншіден, бірлескен туристік өнімдерді құру, серіктестік қатынастарды жолға қою бойынша жұмыстарды жандандыру және «Жібек жолы» заманауи турмаршрутын дамыту. Үшіншіден, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы «Таббарук Зиерат» пилоттық жобасын одан әрі жалғастыру. Төртіншіден, салауатты өмір салтын насихаттау, мәдени алмасу және туристік ағымды ынталандыру мақсатында ТМҰ елдері арасында жүгіру бойынша марафондар альянсын құру ұсынылды. Бесіншіден, туризм және қонақжайлылық бойынша оқытуға мамандандырылған ТМҰ университеттер лигасын құру. Бұл туризм саласындағы табысты мансап үшін маңызды болып табылатын студенттердің кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етеді. Алтыншыдан, елдердің туристік әлеуетін ілгерілету және маркетинг бойынша тәжірибе алмасуды күшейту.

ТМҰ кеңістігіндегі маңызды бастамалардың бірі «Түркі әлемінің туристік астанасы» ерекше атап өтуге болады. Бұл бастама Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың туристік әлеуетін ашуға мүмкіндік беріп, бір-бірінің мәдени және дәстүрлі құндылықтарын білу арқылы барлық түркі елдері халықтарының тығыз байланысуына ықпал етеді, – деді вице-министр өз сөзінде. Форумның басты мақсаты – түркі әлемінің туристік астаналары арасында өзара тиімді ынтымақтастық орнату және 2024 жылы түркі әлемінің келесі астанасы ретінде

Түркістан қаласымен таныстыру. Айтпақшы, күні кеше ТМҰ елдеріндегі туризм мәселелеріне жауапты министрлердің VIII отырысы аясында Түркістанды 2024 жылға арналған Түркі әлемінің астанасы деп жариялау бастамасы мақұлданды. Осы шешім туралы ресми хабарландыру ел басшыларының жақын арадағы саммитінде жоспарлануда.

Жалпы Түркістан облысында туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 2021 жылы 102 млрд. теңгені құрады. Бұл көрсеткіш бойынша республикада 1-ші орында. Аймақта «Қасқасу туристік-рекреациялық кешені» жобасының инфрақұрылымын салу жұмысы жүргізілуде. Бұл жоба туристік саланы дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының өңірлік маңызы бар туристификациялау картасының ТОП -50-іне енгізілген. Түркістан облысында 2023 жылы туризм дамыту мақсатында «Қасқасу» туристік-рекреациялық кешенін құру жобасы қолға қойылды. Бұл жобаға бөлінге қаражат 26,2 млрд. тг. құрады. Былтыр Түркістанда демалыс орындары және туристік нысандар іске қосылды. Өңіріміз тарихи және мәдени мұраға бай. Түркістан, Кентау қалалары мен Отырар, Ордабасы, Бәйдібек аудандары бағытында тарихи-танымдық туризмі, Сарыағаш курорты аумағында емдік-сауықтыру туризмі, Түлкібас, Төлеби, Қазығұрт аудандарында экологиялық туризм түрлері қарқынды дамып келеді.

Еліміздің рекреациялық ресурстары: Солтүстік Қазақ жазығы, Көкшетау тауының баурайынан Оқжетпес пен Жұмбақтас шыңы, Баянауыл, Бурабай тауының әдемілігі, Марқакөл қорықшасы – Шығыс Қазақстанның табиғатының бірден бір жері, бал қарағай тайгасымен тау шалғының өсімдік әлеміне бай – Рахманов бастауы, Оңтүстік өңірлерде А.Яссауи кесенесі, Айша-биді мен Бабаджи-Хатун, Арыстан баб кесенесі, Медеу мұз айдыны, Шымбұлақ тау шаңғы курорты, Бутаковка сарқырамасы, Шарын шатқалы және т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келсек келешекте еліміз әлем бойынша перспективті аудандардың бірі болуы мүмкін, ол үшін туристерге таныту үшін қызмет көрсету жүйесін құру қажет. Адамның көпшілігі демалысын теңіз жағалауында денсаулығын қалпына келтіру мақсатында әртүрлі курорттық орындарда өткізеді. Рекреациялық туризмнің дамуының бірден-бір көрсеткіші десе де болады.

Табиғи рекреациялық ресурстарды экономикалық бағалауда сол ресурстың түріне, сапасына, орналасуы, пайдалану технологиясы, ортаның экологиялық жағдайының сипаттамасымен тығыз байланысты. Рекреациялық туризм бизнесі өте кең тараған бизнестердің бірі. Қазақстанның туризмі рекреациялық ресурстарға бай. Елімізде рекреациялық туризм арқылы ел, облыс және өлке экономикасын дамыту, шағын және орта бизнестің даму деңгейін арттыруға, материалдық базаны жетілдіруге, өңірдің өзекті мәселесі болып отырған туристік ахуалды жақсартуға, оның келеңсіз жақтарын жоюға болады. Орталықтардың, аудандардың елді мекендердің инфрақұрылымын көтерудегі табанды қадам жасап, қосымша инвестиция көздерін тартуға және Қазақстанның інжу-маржан орындарын төрткүл дүниеге жария етуге

мүмкіндіктер береді. Шет елдің немесе отандық туристердің жақсы демалып қайтулары үшін арнайы демалыс орындары, ойын-сауықтыру бағдарламасы дайындалады.

Қазақстанның туристік бет-бейнесін көтеруде Республика территориясына келіп кету тәртібін жеңілдетуі, кедендік шараларды біртұтас компьютерлендіру жүйесін енгізу. Қорыта айтқанда Қазақстан Республикасында туризмді дамыту мақсаты:

- туризмді экономиканың табысты салаларының біріне айналдыру.
- Республиканың туристік потенциалын дамыту.
- Мәдениет тарихын және табиғи байлықтарымызды сақтау және ұтымды пайдалану.
- Туристік ресурстарды барлық халықтық қол жеткізу мүмкіншілігіне көңіл бөлу, тұтынушыларды максималды қанағаттандыру.
- Халықты ынталандыру
- Мемлекеттік және жеке меншіктік туризм сферасының тиімділігін арттыру.
- Орта және шағын кәсіпкерлерді дамыту.
- Қазақстан әлемде туристік бағытта әлі де болса да әлі де танымал емес. Сондықтан да Қазақстанның туристік бейнесін көтеру үшін бірқатар кең көлемде жұмыстар атқарылу қажет. Негізгі жұмыстың бірі туристік фирмалар мен агентсволардың халықаралық туристік жәрмеңке, көрме конференция т.б. әлемдік деңгейдегі шараларға қатысуы және Қазақстан жерінде де өткізу керек. Сонымен бірге Қазақстанда әлемдік деңгейде әр түрлі мәдениет, спорт, туристік шараларды өткізу қажет.

ҚАЗАҚСТАН – КҮЛЛІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Пазылбекова А.А.

Қазақстан Республиканың Оқу-ағарту министрлігі, Түркістан облысы, Отырар ауданы, «Сейітқасым Әшіров атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

КІРІСПЕ

Қазақстан географиялық жағынан Түркі әлемінің қақ ортасында орналасқан. Қазақ елінің кең-байтақ даласы көшпенді өмір салтының және сол салт негізінде қалыптасқан түркі өркениетінің төл бесігі. Бүгін түркітөктес елдердің көпшілігінде жоғалып бара жатқан ұлы бабаларымыздың құндылықтары әлі күнге дейін қазақ ортасында сабақты жалғасын тауып келеді. Ендеше, «Қазақ елі – түркі әлемінің орталығы» деген пікір тек қазақтың ұлттық болмысының күшеюіне ғана себеп болмайды, оған қоса өзімізбен бауырлас елдердің де рухани жаңғыруына септігін тигізбек. Басқаша айтқанда, тағдырдың өзі Қазақ еліне маңызды жауапкершілік жүктеп отыр. Қазақтардың өздерінің шежірелі тарихын зерделеп, оған ие болып, ұлттық бірегейлік қалыптастыруы – түркі өркениетінің жиырма бірінші ғасырда жаңа белеске көтерілуінің алғышарты. Сондықтан Қазақ елінің түркі әлеміндегі орнына жан-жақты талдау жасалып, насихатталуы керек.

Түркілердің атақонысы, шыққан жері, төркіні қай жер екендігі – ғалымдардың арасында осы уақытқа дейін талқыланып келе жатқан мәселе. Жалпы қабылданған түсінік түркілердің Алтай тауынан шыққандығы болса да, басқаша пікірлерді қолдайтын ғалымдар да аз емес. Кейбір ғалымдар түркілердің негізгі қонысы Еділ мен Жайықтың арасы десе, кейбіреулер Тәңір тау мен Арал теңізінің арасы деп айтады. Енді кейбіреулері Орал тауын көрсетсе, түркілердің атақонысы, қара шаңырағы қазіргі Моңғолия аумағы деген пікір де кеңінен тараған.

Бұл мәселеге тың көзқарас ұсынған татар ғалымы Зәкиев түркілер бір жерден шығып, бүкіл Еуразия аумағына тарады деген пікір еуроцентристік идеологияны қолдау үшін ортаға тасталған түсінік деп есептейді. Еуроцентристердің мақсаты – түркілердің Орталық Азия, Кавказ аймағы және Шығыс Еуропаға кейіннен келген келімсектер екендігін дәлелдеу және шын мәнінде бұл жерлердің үнді-еуропалық тайпалардың атақонысы екендігін дәйектеу. Бұл арқылы еуропалықтардың осы аталған жерлерді билеуге құқығы бар екендігіне дәйек қалыптастыру. Зәкиевтің пікірінше, түркілер атам заманнан бері қазіргі тұрған жерлерін мекендеген. Түркі руларының бір жерден басқа жерге барып, онда өз мемлекеттерін құруы ол жерде одан бұрын түркілер болмады деген мағынаға келмеуі тиіс. Кешегі мақаласында Елбасының «Еуропацентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің

ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ», деген пікірі бүгін Еуразияның әр қиырында отырған түркітөктес халықтар секілді

қазақтардың да атам заманнан бері осы жалпақ даланы мекендегендігін көрсетеді. Қалай болғанда да, түркі әлемінің шет жақтарында отырған түркі халықтарының құрамы басқа мәдениеттермен шекарасы болмаған орталықтан келген түркі руларымен жаңарып отырғаны анық. Өйткені өзге мәдениеттермен аралас-құралас отырған түркі елдерінің ол мәдениеттердің ықпалында қалмауы әрине мүмкін емес. Бұл үдеріс кезінде шетте отырған түркілердің түркілік болмысының әлсіреуі де заңды. Алайда, бұл үдерісті болымсыз деп бағалауға болмайды. Тіпті, түркі өркениетінің ең үздік үлгілері осы жат мәдениеттермен араласу аймақтарында пайда болған десек, қателеспейміз.

Десе де, түркі өркениетінің тұнық халін өздерінің дәстүрлі өмір салтына байланысты көшпенділердің сақтап қалғандығында дау жоқ. Бәлкім осы «орталықтағы түркілердің» нағыз түркілік дүниетанымды айшықтайтын болмыстарына байланысты шеттегі түркілер артта қалған туысқандарының жерін «атақоныс», «қара шаңырақ» деп те атаған болуы мүмкін. Тіл тұрғысынан айтар болсақ, Махмұт Қашқаридың да жазып кеткеніндей, «Ең таза, ең тұнық түркі тілін қалаға келмеген, басқа тілдерді білмейтін түркі тайпалары сөйлейді». Демек, түркі әлемінің орталығында Ұлы даланы мекендеген көшпенділер негізгі түркі тілін, мәдениетін, дүниетанымын, тіпті мемлекеттілігін сақтап қалған болып шығады. Сондықтан түркі әлемінің ішкі жағында орналасқан түркілер түркі әлемінің атақонысы, қара шаңырағы.

Түркілердің қара шаңырағы мәселесіне бүгінгі қазақ шежіре дәстүрінен жауап іздейтін болсақ, өте қызықты жайттарға куә боламыз. Қазақтарда көнеден келе жатқан «Түркімен – төр ағам, өзбек – өз ағам» деген мақал бар. Осы қанатты сөзді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шежіреге сүйене отырып талдағанда, бұл мақалға сай түрікмендер, тек қана қазіргі Түрікменстанның түрікмендері ғана емес, бұрынғы Османлы елінде тұрған барша түркі ру-тайпалары қазақтардан бес ата үлкен; ал өзбектер қазақтардан үш ата үлкен деп жазады. Сонда қазақтар түркі ағайындардың ең кенжесі ретінде қара шаңыраққа ие боп қалған болады. Қазақ санасындағы бұл түсінік Мағжан Жұмабаевтың өлеңінде де өз көрінісін тапқан:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,

Түріктен басқа от болып жан туып па?

Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Түркі мемлекеттілігі тарихы тұрғысынан қарасақ, негізінен Түркі мемлекеттілігін Түрік қағанатынан бастаған жөн. Өйткені Түрік қағанатынан бастап,

барлық билеушілер қағанаттың басында тұрған Көктүрік әулетінен сайланған. Жалпы, біздің түркі аталуымыз да осы әулеттің атымен байланысты.

Еуразия құрлығының аумағын алып жатқан түркілердің жері Солтүстік мұзды мұхиттан Жерорта теңізінің арасын қамтиды. Ежелгі көшпелілердің жерлері тек малшаруышылығына қолайлы жерлермен шектелген жоқ. Оған қоса суармалы әрі ежелгі өркениет қалыптасқан әртүрлі жер бедерлерінен де тұрады. Оған дәлел Алтай, Тянь-Шань, Памир, Кавказ тауларының қамтылуы. Түркі халықтарының тарихы, жалпы адамзат өркениетіндегі орны жайлы шынайы көзқарастармен қатар, «тұрпайы мәдениеті дамымаған жабайы халық» тәрізді біржақты көзқарастардың қалыптасқаны көпшілікке аян. Бұл еуроцентристік жүйенің салдарынан туындаған жансақ пікір. Қалай болғанда да техногендік өркениетке дейін мыңдаған жылдық адамзат тарихында түркілердің қуаты күшті болғаны күмән тудырмайтын тарихи шындық. Сол тарихи шындықты дәлелдейтін Еуразия аумағындағы топонимикалық атаулар. Қазіргі орыс тілінде, көптеген түркі тіліндегі термин сөздер кездеседі. Мысалы белгілі топономик ғалым Э.М. Мурзаев өзінің еңбектерінде, курган түркі сөзі қамал, қорған, деген мағына беретінін дәлелдеген. Тюркизмдер орыс украин басқа халық тәлдерінеде кездеседі. Мысалы Тула Тулақ толы, Орел Ор Иол Ор жол, Қырым. Қырым - Кьрьм, Саратов - Сарытау, Сібір - Сыбыр Сыпыр, Су жер. Алтай Алатау, алтын тау түркі монғол тіліндегі мағынаға келеді. Қырым қыр дала жазық төбе қырат, Карадаг, Қаратау, Аюдаг, Аютау, Чатырдаг Шатыртау, Қырым тауларындағы, яйла жайлау Кавказдағы, Пятигорск Бештау Бестау, Есентуки Есентүгі, Дағыстан тау елі, Терек Терек Аргунь Арғын, Кубань Қобан. Түркі тілдерінде тау-даг, Сув су, Балқан балка-таулы орман деген, мағына береді. Байкал, Байкөл үлкен көл. Орал тау тізбек, белдеу, жота. Жердің аты тарихтың хаты дегендей, топономикалық атаулар ежелден түркі тілдерімен, бірге жасап келеді. Бір қызығы кейбір түркі тілдес атаулардың түркі халықтары мекендемеген, аумақтарда кездесуі, бұл кездейсоқтықпа? Соған қарағанда түркілер Еуразия кеңістігінде алып империя болғаны айдан анық [4]. Оған осы аталған атаулар куә болады. Сондықтан түркі тектес халықтар, мекендеген ареал аумақты әліде, зерттеуді қажет етеді.

Географиялық атаудың өзі түркі тілдерінің бай келбетін қуаттайды. Кейде түркі жер-су атауларын зерттегенде бір түркі тілінен алынған материалдар жеткіліксіз болады. Сондықтан туыс түркі тілдес тілдерге жүгінуге тура келеді. Кавказдың түркі жер-су атауларының этимологиясын өзірбайжан тілі негізінде түсіндіру мүмкін емес, сондықтан көне түркі тілдері мен туыстас түркі тілдерінің материалдарына жүгіну қажет. Мысалы, барық, ұрық, шүлән, сұңқұр, язы, сарп, буғур, явуқ XIX ғасырда Орта аймағындағы Барық, Теректі аймағындағы Ұрық, Ойсұңқыр, XIX ғасырда жазылған топонимдерді жасауға қатысады. Урук – шато, Дағыстанда Шүләни, Әзірбайжанда Сунқурдағ, Қараязы, Сарпсу, Бугур, Тифлис провинциясындағы Явуклу деген сияқты көне түркі топонимдері тарихымыздың бай екенін дәлелдейді. Кейбір түркі гидронимдерінің этимологиясына назар аударайық. Дағыстан аумағындағы Шура-Өзен өзені екі номенклатура негізінде құрылды. Құмық тілінде Шура

«тоған», «шұңқыр» дегенді білдіреді. Өзен/озон/үзен географиялық терминіне байланысты Буюк-Өзен, Уллу-Өзен, Өзен-баш гидронимдері Қырымда кездеседі. В.В. Радлов «адыр» сөзі «біркелкі емес жерде орналасқан ел», ал адир сөзі «төбе» дегенді білдіреді деп атап көрсетеді [5, 25-27 бб.].

Көне түркі тілдерінде «бұға» бұғы дегенді білдіреді. Әзірбайжан топонимиясында бұл мағынада оның баламасы «бұғы» жиі қолданылады. Тек Шуша ауданында Бугадаг деген ороним бар. Татарстанда Алабуға деген ойконим бар. «Сай» сөзі параллель топонимдерде кездеседі. «Сусай» Татарстанда «Үрсай» деген географиялық атау бар. Түркі топонимиясында географиялық термин ретінде адам және жануар мүшелерінің атаулары қолданылады. Мысалы: бас (бас), ғаш (қас), гез (көз), боғаз (көмей), бой (мойын), дабан (өкше), ағыз (ауыз), бел (бел). Оларды анатомиялық географиялық терминдер деп те атайды. Түркі халықтары келешекке тек саяси-идеологиялық жүйелерінің беріктігімен ғана емес, тарихи атаулар жадының өзгеріп, өшпейтін біртұтастығы арқылы да қарыштап адымдап барады. Түркі тілдес халықтар, Алтай тілдік семьясына жатады. Түркі тілдес халықтар құрамында түріктер, азербайжандар, гагауздар, қырым татарлары, қырымшақтар, ұрымдар, қарайымдар, ноғайлар, құмықтар, балқарлар, қарашайлар, татарлар, башқұрттар, чуваштар, ногайбақтар, түрік месхеттіктер, түрікмендер, өзбектер, қарақалпақтар, ұйғырлар, қазақтар, қырғыздар, сарыұйғырлар, саларлар, кашкайлықтар, афшарлар, хаджарлар, шахсевендер, халадждар, алтайлар, телеуттер, чулымдар, долгандар, сахалар (якуттер), хакастар, тувалықтар, шорлар, тофаларлар, т.б. шағын этникалық топтар. Балқан түбегі, Қырым, Молдавия, Украина, Ресейдің Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Орал, Баты Сібір, Шығыс Сібір, Түркия, Орталық Азия, Таяу Шығыс, Түркия, Азербайжан, Иран, Қытай, Монғолия, елдері аймақтарында ежелден мекендейді. Қазақ тілі түркі тілдер ішіндегі бай тілдердің бірі. Жерлес ақын жыр пайғамбары, Мағжан Жұмабаев өзінің Түркістан атты өлеңінде:

Түркістан екі дүние есігі ғой ,
 Түркістан- ертүріктің бесігі ғой
 Ертеде Түркістанды Тұран дескен.
 Тұоанда ертүрігім туып өскен.
 Бұл ежелден ақ алаш жері.
 Тұрансыз тарқамайды алаш шері.
 Тұран түрік ойнаған ұқсап отқа .
 Түріктен басқа от боп жан туыппа.
 Көк түрік енші алып тарасқанда
 Қазақта қара шаңырақ қалған жоқпа.

Деген жыр жолдары шындық, ақ семсердей өткір. Түрік бабаларымыздың ерлігін жырлап. Тұранды өрбіген түркі жұртының бесігіне балайды. Ежелгі түркі тілінің жәдігерлері «Орхон-Енисей» жазба ескерткіштері баға жетпес мұра [6]. Көне мұрамыздың көшірмесі елордаға әкелінді. Бұл халқымыздың

түркі дүниесінің мәдениетінің мұрагері екенін көрсетпейме. Сондықтан 130 ұлт мекендеген егеменді әрі тәуелсіз, Еуразияның ежелгі мәдениеті өркениетін тоғыстырған тегі сақ ғұрпы ғұн жұрты түркі халықтары бауырлас етене араласқан. Сондықтан түркі тілдес түгел болындар дегім келеді.

Түркі тілдеріндегі топонимдер жай ғана жер атаулары емес. Олар тарихтың, мәдениеттің және халықтар арасындағы қарым-қатынастардың қабаттарын сақтайды, оларды Еуразия құрлығының өткені мен бүгінін түсіну үшін баға жетпес ресурс етеді. Олар түркі халықтарының адамзат тарихындағы ұтқырлығын, бейімделгіштігі мен ықпалын айғақтайды.

Заманауи күш-жігер сонымен қатар жаһандық карталар мен ақпараттық жүйелердегі біркелкілікті қамтамасыз ету үшін халықаралық деңгейде жер атауларын стандарттауға бағытталған. БҰҰ-ның жер атаулары бойынша сарапшылар тобы (UNGEGN) сияқты халықаралық ұйымдар топонимдерді біріздендіру және олардың аудармасы мен транслитерациясына қатысты мәселелерді шешу үшін жұмыс істейді.

Топонимикалық зерттеулердің тарихы мен қазіргі дамуы осы ғылымның шекараларының үнемі кеңеюін, оның жаңа әдістемелер мен технологияларға бейімделуін және географиялық атаулар призмасы арқылы әлемнің мәдени және тілдік әртүрлілігін түсінуді тереңдетуді көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мурзаев Э.М. География в названиях. Издание 2-е, переработанное, дополненное. Академия Наук СССР. Изд-во «НАУКА», Москва - 1982. - 609 с. 18-20
2. Дюсенбаев А.Р. Топонимы Евразии// <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/29890> - 14.03.2014.
3. Бахишева Т. Топонимы тюркского происхождения// Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского. Филологические науки// <https://cyberleninka.ru/article/n/toponimy-tyurkskogo-proishozhdeniya> - 2012.
4. Будагов Б.А. Еурзаия топонимдері түркі тайпаларының бүкіл алып құрлықта өмір сүргенінің дәлелі// - 26.02.2014.
5. Трепалов В.В. Тюркские народы средневековой Евразии. Избранные труды/Отк.ред.И.М. Мииргалеев. - Казань: ООО «Фолиант», 2011. - 252 с.
6. Қыдырәлі Д. Түркістан - тамырластық тұғыры// <https://egemen.kz/article/170696-turkistan-%E2%80%93-tamyr-lastyq-tughyry> - 20.07.2018

ТҮРКІСТАН ЖӘНЕ ТҮРКІ ЕЛДЕРІ

Мауленова А.С.

Астана қаласы «Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК
география пәні мұғалімі

АҢДАТПА

Түркістан деген сөзді естігенде санада екі ой жаңғырады. Біріншісі – Мағжан ақынның «Түркістан екі дүние есігі ғой, Түркістан ер түріктің бесігі ғой» деп жырлайтын әдемі өлеңі. Екіншісі – Отырар кітапханасы. Кезінде Түркістан қаласы – қазақ хандығының астанасы, қазақ халқының бас қаласы болды. Тұран даласына адамның ізі алғаш түскелі бері өңірден адам үзіліп көрмеді. Қанша өркениет көшсе де соның бастауында осы Түркістан қаласы тұрды делінген.

Геоцентризм белгілі бір аймақты қасиетті етіп, сол жерге назар мен ниетті топтастыру. Қазіргі кезеңде Мекке қаласы мұсылман парызының ішіндегі арнайы барып өтейтін қажылық орталығы. Түркістан осындай геоцентризм аймағы. Түркістан мен Арыстан-Бабақа барып қайту деген қажылық жасаумен бірдей деп есептеген.

Ал, осыны мектеп оқушыларына қоғам талабына сай жеткізудің жолдарын іздестіріп көруді жөн деп санадық. Қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беруге қойылған төмендегі міндеттерді негізге алып жұмыс жасалды:

- Білім сапасын арттыру
- Әлемдік білім беру кеңістігіне ену
- Орта білімді ақпараттандыру
- Интернет жүйесін пайдалану
- Электрондық оқулықтар
- Қашықтықтан басқару

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Кілт сөздер: география, геоцентризм, «брендинг», «case», жұмыс дәптер

Түркістанның әлемдік деңгейде орны бар екенін мектеп оқушыларына электрондық оқулық, интернет жүйесін пайдалану бағытында картографиялық жолмен танымдық жұмыстар жасату арқылы білімін қалыптастырған қолайлы. Оған Кейс - технология – қолдану арқылы оқыту мен оқыту нәтижелерін жинақтау жасап, Кейс - технология – оқытушылардың дәстүрлі және қашықтықтан кеңес беруін ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуалдық,

мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген. Кейс - технологиясы (ағылшынның case – потрфель) оқытудан жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады. Кейс - тетехнологияға арналған материалдар түрлері:

1. Әдістемелік нұсқаулық
2. Жұмыс дәптері
3. Анықтама.
4. Оқу, аудио, бейне материалдар.
5. Бақылау және емтихан материалдары.

Түркістанды таныту үшін, жоғарыда айтылған кейс технологиялардың бірі жұмыс дәптер құастыру. Жұмыс дәптер 7,8,9,10,11 сыныптарға арналған. Жұмыс дәптердегі тапсырманы орындау арқылы оқушыны отанының маңызды орындарын тануға, зерттеуге, нәтижелі жұмыс жасау арқылы Түркістанның екі дүние ортасы деп айтылуын географиялық тұрғыдан дәлелдеу негізгі мақсат.

Сыныптар бойынша тақырыптарды жіктеу:

7 сыныпқа – Түркістан қаласының мен қала маңындағы киелі орындарына бару жолдарының планы және топографиялық картасы бойынша тапсырмалар орындау;

8 сыныпқа – Түркістанның табиғатымен таныстыратын тақырыптық карталар номенклатурасы;

9 сынып – Түркістан мен түркі елдерінің виртуалды картасын құрастыру;

10 сынып – Түркістан киелі орындарын анимациялық таныстыру;

11 сынып – Түркістанның киелі орындарының картограммасы мен картодиаграммасын құру.

Географиялық бағытта Түркістанның географиялық орны, географиялық координатын анықтау, жер бедері, климаты, өзендері мен көлдерінің рекреациялық маңызын көрсету; топырағы, өсімдіктері мен жануарлары, пайдалы қазбалары, халқы, өнеркәсіп салалары мен кәсіпорындары, ауыл шаруашылығы экономикалық маңыздылығын ашу; көлік жолдарындағы Ұлы Жібек жолының және қазіргі әлемдік көлік дәлізі ретінде орнын ерекшелеу.

Кейстің бір бөліміне өлкеге экскурсия жасау арқылы жүргізген далалық практикалық жұмыстар, мысалы ауа райын бақылау, өзенді, топырақты, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін зерттеп, тәжірибелік жұмыстар, видео және фотосуреттер жинағы, завод, фабрикалар жұмысымен танысқан материалдары, жер-су атауларының топонимикалық ерекшелігі, экологиялық жағдайы, ерекше қорғалатын аймақтары салынады.

Кейстегі жинақталған жұмыстың мақсаты «брендинг» процесінде қаланың имиджіне әсер ететін элементтерді анықтау және туризм индустриясындағы мүдделі тараптарға қаланың дамуына үлес қоса алатын ұсыныстар беру. Талдау

қала брендингінің шетелдік туристердің Түркістанды қабылдауына және оған бару туралы шешіміне әсеріне бағытталған. Түркістан брендінің имиджіне әсер ететін факторлар туралы құнды ақпарат береді. Нәтижелер келушілердің тәжірибесін жақсартудың, тиімді брендинг үшін технологияны пайдаланудың, діни және мәдени мұраны көрсетудің және туристік инфрақұрылымға инвестиция салудың маңыздылығын көрсетеді. Тек қана геоцентализм аймағы деп қана танымай, елімізді лингвацентризмге ұшырамай қазақ тілді ақпараттар беру мен ұғымдарды сақтап қалуға бағыттайды.

Геоцентризмге айналдырудың бір жолы елдегі этнотуризмді дамыту үшін ең алдымен ұлттық брендтерді айқындау. Қазақ ұлтына ғана тән, өзге ұлттарда қайталанбас жәдігерлерімізді, өшпес өнерімізді, ұлттық дүние-таным, салт-дәстүр, ұлттық тағам болсын барлық қазаққа тән, тек қана қазаққа тиесілі дүниелерді мынаны қазақ ойлап тапқан деп дәріптеп, кеңірек насихаттау, этнотуризмнің дамыту, қажетті ақпараттарды дұрыс беру. Этнотуризмде, киіз үй немесе дәстүр түрлері ғана емес барлық әдет-ғұрып, салт, жөн-жоралғы түгелімен көрсетілуі, тарихи орындар, аңыз-әңгімелер, тарихи мекендер, ұлттық ерекшелік киім, тағам, спорт түрлері ғана емес, ұлтты әлемге танытар ең басты "бренд" – ұлттық мінез бен ұлттық дәстүр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Баймаханов Н.Б., Әмірхан Е.Ә., Төрегелдиева Э.М. Көне қаланың өткені мен бүгіні, Шымкент
2. Жансейіт Түймебаев Түркістан облысы әкімі. Егемен Қазақстан газеті, қаңтар 2018ж.
3. Е. Тілешов, С. Итеғұлова, А. Қадырхан, Қазақстанның 70 тарихи орны (Тарихи және географиялық орындардың суретті энциклопедиясы). – Алматы: «Керемет медиа», 2017. – 224 бет
4. YASSY - TUR TV ақпарат агенттігі, мамыр 2024ж.

ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕР ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тайлыбекова К.А.

Шалқар қалалық №2 мектеп-гимназия география пәнінің мұғалімі,
Ұ.Есназарова атындағы географиядан Республикалық атаулы мектеп мүшесі,
Шалқар ауданы Ақтөбе облысы, Қазақстан

Қазіргі заманғы білім жүйесінің міндеті – интеллектуалды, өмір бойы оқуға дайын, жылдам өзгертін қоғамға бейім ұрпақты тәрбиелеу. Бүгінгі таңда менің алдымда тұрған үлкен міндет – оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, саналы, салауатты, жан – жақты дамыған, рухани бай, заман талабын орындай білетін тұлғаны тәрбиелеп дамыту. Қазіргі заманда білім беру ісінде талап деңгейінен шығу мұғалімнің іздену шеберлігіне тіреледі. Бүгінгі талап оқушыға білім берумен бірге оны білікті түрде қолдана алуына, оны дағдыға жеткізіп қана қоймай баланың ақыл-ойын, қабілетін дамытуға, әрекет нәтижесінде белгілі тұжырым жасай алуға үйретуге негізделеді. Әрине, оқытудың барлық әдістері баланы дамытуға бағытталған. Дегенмен осы кезге дейінгі дәстүрлі оқытуда оқулық пен мұғалімнің пікірін нысана етумен шектелеп келді. Ал бүгінгі оқыту оқушы қабілеті, оны жан-жақты дамыту, даму әрекеттерін ұйымдастырудың қажеттігін дәлелдеп отыр. Мұғалім шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, өздігінен білім алуға және жан-жақты әрекетке дайын болуды үйретеді.

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы №2 мектеп- гимназиясында 2013 жылдан бастап «Түркі тілдес елдер географиясы» таңдау пәнін 10-11 сынып оқушыларына оқытып келемін. Қазіргі білім беру тұжырымдамасының талабында мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы жаңа болмыстық мазмұнда өзгеріп, мұғалім – ұйымдастырушы, бағыттаушы, оқушы – білім алушы, ізденуші, белсенді болуы керек. Оқушының өз бетімен білім алуының бір түрі – шығармашылық тапсырмалар орындау арқылы білім алу. Түркі тілдес елдер география пәнін оқытуда оқушыларға өз бетімен жұмыстар орнату арқылы шығармашылықпен білім алуға қол жеткізуге болады. Өзіндік жұмыстарда:

- Оқушының пәнге деген қызығуы артады;
- Оқушының шығармашылық қабілеті дамиды;
- Ізденушілік қабілеті артады;
- Жауапкершілігі жоғарлайды;

Әрбір ұстаздың міндеті мектеп оқушыларын отан сүйгіштікке, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, ұмтылуға тәрбиелеу. «Қыран-түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған.

Түркі тілдес елдер география пәнін оқытуда көбіне ауызша жауаптары талап ететін болғандықтан жұптық, топтық, жеке жұмыстар арқылы табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын сабақ барысында зерделеуге, зерттеуге жұмысын жүргізуге, болжамдар жасауға, өз пікірін дәлелдеуге, гипотеза ұсынуына, тіпті өзіндік кішігірім жаңалық ашуына мүмкіндіктер береді. Түркі тілдес елдер география пәнін басқа пәндермен салыстырғанда, картамен жұмысты талап етеді, оқушылардың деректерді жинауы, оларды сараптау, салыстыру, маңыздылығын бағалау, басқа пәндермен байланыстыру оқушы үшін ерекше қызық. Оқушылар тақырыптық ресурстармен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер, ғаламтор ақпараттарын пайдалану арқылы бір-бірімен білім алмасып бір-бірінің оқуының ілгерлеуіне ықпал етеді.

Түркі тілдес елдер география пәнін оқытуда топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. Оқушылардың топта жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Топтық жұмысты ұйымдастыра отырып қызығушылығын арттыру арқылы, әлеуметтік ортаға бейімдеу. Зертеудің нысаны – топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, шығармашылық ойлауын дамыту, сабаққа деген қызығушылығын арттыру. Оқушылар жеке, жұптық, топтық жұмыс жасағанда диалогқа түскені жөн. Себебі қабілеті әртүрлі оқушылар, бір- бірімен жұмыс жасағанда, әрқайсысы өз пікірлерін айтады, яғни жауапкершілікті сезінеді. Топтық жұмыста оқушылар өзін-өзі, бірін-бірі бағалау, немесе топаралық бағалау жүзеге асады. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың белсенділігі, шығармашылығы артады. Топтық жұмыс, біріншіден, оқушыларға бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырса, екіншіден, ұйымшылдыққа тәрбиелейді, бірін-бірі оқытуға, бірінен-бірі үйренуге жағдай жасайды және көшбасшыны анықтауға мүмкіндік береді. Топтық жұмысты жүзеге асыру, оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, мүмкіндік беретініне сенімдімін. Себебі оқушыға сыни ойлауын жүзеге асыратындай тапсырма бергенде ғана, оқушы ойланады. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге, өмірде қолдана білуге бағытталған пәндік шешім.

Өз тәжірибеме келетін болсам, сабақтарымда сыни тұрғысынан ойлау, АКТ модульдерін жиі қолданамын. Ал мектепте алған білімді оқушылардың қолдана білуін, өмірмен байланыстыра алуын жүзеге асыру көп жұмыстануды қажет етеді.

Мектептегі сабақ беру кезінде іс-тәжірибеме өзгерістер енгізу арқылы өзімді де, оқушыларымды да өзгерте алдым дей аламын. Өзгеріс дегеніміз – жаңа тәсілдерді енгізу

Түркі тілдес елдердің географиясын оқытуда «Түкия Республикасы» тақырыбын меңгертуде оқытудың 6 трамшлен әдісін қолданамын.

Сабақ барысында оқушылардың зейінін шоғырландырып, олардың ынталарын сабаққа бейімдеуде сергіту сәтіңде маңызы зор, осы тұста сабақ басында "Отырғаннан қозғалу маңызды" қадамын орындатамын.

Оқушылар тақырыптық ресурстармен мәтіндермен оқып танысуда, мәліметті оқып қана қоймай, негізгі мәліметтерді, статистикалық ақпараттарды конспектілеп жазып алуларын қадағалаймын. Осы мақсатта трамплин әдісінің "Оқығаннан жазған маңызды" 2- қадамын пайдаланамын. Сабақ барысында оқушыларды жаңа сабақтың мазмұнын ашуда және түркі елдерінің географиялық орнын, ішкі сыртқы саясатына орай бейнероликтерді көрсету, және көрген бейне ақпараттары туралы ой бөлісу маңызды. Осы тұрғыда "Тыңдаудан сөйлеу маңызды" әдісін қолданамын. Оқушылар көргендерін тыңдағандарын, түсінгендерін ортаға салып, ой бөліседі, пікір білдіреді. Сабақ барысында сандық ақпараттармен статистикалық мөлшерлік мәліметтерді есте сақтауға қолайлы, тиімді әдісті қолдану нәтеже береді. Тақырып бойынша ақпарат мазмұны ауқымды болғанда адам миы кішігірім "бөліктерге" немесе сегменттерге бөліп ұсынғанда ақпаратты жақсы сіңіреді. Осы тұрғыда Патрисия Вольф мұны телефон нөмірлері мысалында суреттейді "Телефон нөмірлері он нөмірдің тізімі ретінде емес, қалай есте сақтайсыз үш нөмірден тұратын екі блок және бір блок, төртке бөліп". Үлкен сандық мәліметтер немесе негізгі ұғымдарды түсіндірудің тағы бір тәсілі фактілерді топтастыру. Осы принципті қолдана отырып: мазмұнды жеткізу уақытын есептеймін. Барлық толық ресурстық мәліметтерді тақырыпшаларға бөліп, ұзақтығына қарай бестен- он минутқа дейінгі аралықты қамтитын "бөліктерге" бөлемін де тақырыппен танысу жұмыстарына мүмкіндік беремін. Бөліктерге бөлінген тақырыпшаларды оқушылар есте сақтап, қысқа, жылдам, бір минуттық шолу жасатамын.

Оқушының миы оқу ортасындағы өзгерістер байқауға және берілген білімді игеруге арналған және әрдайым болжалды немесе бірдей қайталана беретін деректерді елемейді. Бір сарындылықтың салдары терең: ақыр соңында күнделікті қайталанатын барлық нәрсені ми елемейді, жалықтырады. Сондықтан сабақ барысында оқушылардың меңгерген білімдерін тексеріп, бағалауда тапсырмаларының деңгейімен түрлерін әр алуан түрде дайындап тексеру жүргізіп отырамын. Осы кезеңде жүргізілетін жұмыс түрін «Бірдейден әртүрлілік маңызды» әдісін қолдана отырып білім дерін тексеремін.

«Ми сөзден гөрі суреттерді жақсырақ есте сақтайды», -деп Патрисия Вольф атап көрсеткендей сөздік ақпаратты есте сақтауға қарағанда, көзбен көрген суреттік мәліметтерді есте жақсы сақталады. Суретті ұзақ мерзімді жадыда сақтау шексіз болып табылады. Өтілетін тақырып материалына сәйкес ірі суреттер, елдердің саяси картасы, табиғатын бейнелейтін фотосуреттер қосылған кезде түсіну тиімді болады. Ірі негізгі мәселені атап өту үшін: оқушыларда ақыл-ойды қолдана алатын кезде есте қаларлық суреттер арқылы фактілер көбірек еске түсетін болады. Трамплин әдісінің «Сөзден суреттер» қадамы жаңа тақырыпты меңгертуде немесе уй тапсырмасын тексеруге арналған деңгейлік тапсырмаларда қолдану тиімді.

Түркі тілдес елдер география пәнін оқытудағы ерекшелігі сол сарамандық жұмыстар мен өзіндік тақырыптық зерттеу жұмыстар әрқашан бірін-бірі толықтырып отырады. Оқушының өз бетінше орындалуына берілетін әрбір тапсырма олардың күші келетіндей, түсінікті, көлемі жағынан бағдарламаға

сай, мазмұны оқушыларды қызықтыратындай әр түрлі болуын қадағалаймын. Өз бетімен жұмыс істеу оқушыларды ізденушілікке тиянықтылыққа, төзімділікке, бастаған ісін жемісті аяқтауға тәрбиелесе, ал мен үшін оқушы еңбегін бағалайтын ең жақсы көрсеткіштің бірі. Мысалы оқушылардың өз бетімен жүргізілетін жұмыстарының бірнеше түрлерін сабақ барысында әр кезеңінде ұйымдастырамын.

Олар мыналар:

1. Оқулықпен жұмыс істеу-әсіресе жоғарғы сынып оқушыларымен жүргізілетін негізгі жұмыс түрі. Оқушылар статистикалық материалдарды, кесте, сызба-нұсқаларды талдау арқылы оқулықтағы білімдерін кеңейтіп, негізгі білімдерін жүйелейді.
2. Атласпен, картамен жұмыс істеу: география пәнінде атласпен, картамен жұмыс барлық сыныптарда жүйелі жүргізілуі тиіс. Географиялық нысандарды ажырату, олардың ерекшеліктерін, жату бағыттарын, орналасуын тек карта арқылы түсіндіруге болады. Сондай-ақ өнеркәсіп орталықтарын, олардың мамандану салаларын карта арқылы білуге болады..
3. Кескін картамен жұмыс: ойпаттардың, қырат-үстірттердің, таулардың бояуларын қалыптастыру дағдыларын дамытуға болады. Сондай-ақ өзен-көлдерді картаға түсіру дағдылары дамиды.
4. Географиялық есептер шығару, жаттығулар орындау: географияның бастапқы курсына географиялық есептер шығару арқылы оқушылардың қисынды ойлау дағдыларын дамытып, пәнаралық байланысты қалыптастыруға мүмкіндік болады. Мысалы қысым мен температура арасындағы байланысқа арналған есептер, географиялық градус торы арқылы жер бетіндегі қашықтықты анықтауға арналған есептер құрастыруға болады. т.с.с.
5. Географиялық сөздік, анықтамалық материалдармен жұмыс. Оқулықтардың соңында географиялық терминдер мен ұғымдардың түсіндірме сөздігімен жұмыс жүргізіп отыру керек. Сондай-ақ онда кездеспейтін ұғымдарды күнделікті жұмыс дәптерлерінің соңындағы бірнеше бетке жазып отыруды тапсырып отыру керек. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуін қадағалап отыру қажет, себебі ол- оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.
6. Кестелерді толтыру. Кесте толтыру арқылы оқушылардың салыстыру, нақтылау, ойлау қабілеттері дамытады.
7. График, профиль, диаграммалар сызу: 6-шы сыныптан бастап температура графигін салу, бағандық диаграмма арқылы жылдық жауын-шашынның айлар бойынша таралуын сыздырту- оқушыларды төзімділікке, ыждаһаттылыққа тәрбиелейді. Сондай-ақ 9- шы сыныпта статистикалық материалдарды пайдалана отырып, шеңберлік диаграмма сызу арқылы білім, білік дағдыларын дамытуға мүмкіндік болады.
8. Қосымша әдебиетпен жұмыс. Қосымша әдебиеттердің ішінде саяхатшылардың өмір -тарихы, зерттеулері, қызықты әңгімелер оқу арқылы

оқушылардың жан-жақты дамуына, дүниетанымының артуына мүмкіндік туындайды.

9. Табиғатқа бақылау. (топсеруендегі бақылаулар мен ауа райына күнделікті бақылау жүргізу)

10. Карта-сызба нұсқауларды қарау.

11. Әңгіме құра білу

Оқушылардың өз бетімен жасаған нәтижесі білім ұстамының тұрақты болуына әсерін тигізеді. Ұлы ойшыл қытай философы Конфуций: «Естігенімді ұмытпаймын, көргенімді есте сақтаймын, ал өз ақыл ойыммен істеген ісімді түсінемін» дегендей оқушылардың негізгі білім және білік дағдыларын қалпыстырады. Қазіргі кезде білім беру технологияларының негізгі бағыттарының бірі саралап оқытуға көп көңіл бөлінуде. Күнделікті сабақтарда әсіресе 10-11 сынып оқушыларымен деңгейлік тапсырмалар беру арқылы саралап оқыту технологиясын пайдаланған өте тиімді. Себебі бұл сынып оқушыларының жас ерекшелігіндегі Деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында әрбір оқушы өз шамасына қарай тапсырма орындау арқылы оқулықпен, картамен, дәптермен жұмыс жасайды. Сонымен бірге оқушылар топпен жұмыс жасау барысында бір-біріне көмектесіп отырады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, пән бойынша білім сапасының артуына мүмкіндік береді. Сонымен саралап оқыту дегеніміз- оқушының туа біткен ақыл – ой қабілетінің жеке дамуының жан- жақтығына негізделген білім беру жүйесі. География пәнінің өзіндік ерекшелігіне байланысты мен өз тәжірибемде сөз әдісін, наменклатуралық білім беруде сұрақ –жауап әдісін , тестік жүйенің әр түрін қолданамын. Оқушылармен қабілетіне қарай жеке жұмысты қайталау арқылы, білім негіздеріне қарай карточка жасап келіп сұрау арқылы, кескін картамен жұмыс істету арқылы және тестік тапсырмалар арқылы жүзеге асырып отырдым. Ал оқушылармен оқу- білім беру жұмыстарын ұйымдастырғанда оқытудың жеке, ұжымдық түрлерін көбірек пайдаланамын. Соның нәтижесінде оқушылардың іздену, зерттеу қабілеттері дамиды. Еселе еңбектің арқасына көптеген жетістіктерге жеттік. Бұл күнде мектепте тәрбиеленген шәкірттердің жетістіктері бір төбе, көз қуантарлық жағдайда. Аудандық, облыстық, республикалық білім сынағындағы сайыстардан жеткен толассыз марапаттар мен дипломдар бар жеңісімнің жеңісі болды, яғни еңбегімнің еленгені деп білемін.

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуір күн тәртібінде тұрған негізгі мәселенің бірі – білім беру, ғылымды дамыту екендігін тілге тиек ете отырып, жеңістер мен шығармашылыққа толы жыл еттік. Адамгершілік ұстанымды жоғары қоя отырып, педагогтарға сенімдірек болып, жоғарыда айтып өткендей өзгелерге жетістікке жету жолын көрсете жүрдім. Адамнан құнды адамгершіліктен асқан мәңгілік асыл жоқ дегендей барлық педагогтар мен оқушыларымыз мектебіміздің табысты, білімді тетігі бола білді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есназарова Ұ.Ә, Темірбеков А.Т. «Түркітілдес елдер географиясы» Алматы, 2011.
2. Құрбаниязов А.К Орта Азия елдерінің физикалық географиясы. Түркістан 2019ж.
3. Бейсенова А.С Қазақстанның физикалық географиясы. Алматы 2014ж.
4. Қожамқұлова..Ж.Ж «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» Алматы, 2013 ж.
5. Алимов. А. «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» Алматы, 2012ж.
6. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. «Қазіргі білім беру технологиялары». Алматы, 2006 ж.
7. «Түркі тілдес елдер» журнал 2019ж,2020ж

УДК 640.432

ТРЕНДЫ И ТЕНДЕНЦИИ В РЕСТОРАННОМ БИЗНЕСЕ**Алдашева А.А., Абсадықов Д.Б.**

Алматинский Технологический Университет, г Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье анализируются особенности ресторанного бизнеса, с учетом современных инновации и трендов. Также проведен анализ специфики ресторанного дела.

Abstract. This article analyzes the features of the restaurant business, taking into account modern innovations and trends. An analysis of the specifics of the restaurant business was also carried out.

Андатпа. Бұл мақалада заманауи инновациялар мен трендтерді ескере отырып, мейрамхана бизнесінің ерекшеліктері талданады. Сондай-ақ мейрамхана ісіне талдау жасалды.

По данным The Business Research Company, объем мирового рынка общественного питания в 2022 году составляет 2 855 млрд долларов США. Ожидается, что к 2027 году он достигнет 3 790 млрд долларов при среднегодовом темпе роста в 5.8% с 2023 по 2027 годы.

Объем рынка общественного питания по сегментам, %

Рестораны быстрого обслуживания включают фастфуд рестораны, пиццерии, кофейни, фуд-треки, фудкорты и магазины самообслуживания. Они специализируются на быстром обслуживании гостей и предлагают блюда и напитки для выноса или употребления на месте. Данная категория занимает значительную долю рынка общественного питания во многих странах мира.

Рестораны полного обслуживания, которые также называют ресторанами класса «люкс» или «высокого уровня», являются также одними из самых популярных видов общественного питания. Они предлагают тысячу блюд разных народов, которые подаются на стол с использованием профессиональной сервировки. Кроме того, в ресторанах полного обслуживания часто предоставляются коктейльные и десертные меню, а также музыкальное сопровождение и дополнительные развлечения.

Поставщики кейтеринговых услуг предоставляют услуги по приготовлению и доставке еды для различных мероприятий, таких как свадьбы, юбилеи, корпоративные вечеринки и другие события. Они могут обслуживать как небольшие группы людей, так и масштабные мероприятия с тысячами участников.

Бары также входят в список категорий общественного питания, которые специализируются на продаже алкогольных и безалкогольных напитков и

коктейлей, а также закусок. Популярность баров существенно отличается в зависимости от страны, региона, культурных традиций и религиозных убеждений

Ресторанный бизнес – предпринимательская деятельность в области ресторанного дела за счет собственных или заемных средств на свой риск и под свою ответственность. Ресторанный бизнес – это бизнес, имеющий специфические особенности. Основными финансовыми показателями работы предприятий общественного питания является выручка, затраты и прибыль. Отличительными признаками ресторанного бизнеса являются:

- мобильность;
- особые требования к помещениям;
- короткая продолжительность финансового цикла;
- обширный рынок трудовых ресурсов;
- незначительные затраты на подготовку и повышение квалификации кадров;
- высокая степень риска при планировании потока клиентов.

Отличие ресторанного бизнеса от крупных производственных предприятий – мобильность. Для открытия ресторана требуется подходящее помещение и необходимое, как правило, недорогостоящее оборудование для приготовления блюд и напитков. Помещения для ресторанов, обычно, не находятся в собственности, используются по договору аренды. При неудачном выборе помещения есть возможность без больших потерь перенести ресторан в другое, более подходящее, помещение. В ресторанном бизнесе короткий финансовый цикл. Денежные средства проходят цикл от оттока, в рамках текущей производственной деятельности, до притока, как результат производственной деятельности, незначительное время. Ресторанный бизнес не предполагает сложных специфических знаний и умений. Обучение нового сотрудника проходит внутри ресторана в течение его кратковременной стажировки.

Высокая степень риска при планировании потока клиентов в ресторанном бизнесе определяется зависимостью числа посетителей от сезона, расположения ресторана, пешеходного трафика, открытия новых заведений, наличия развлекательной программы и рекламных компаний. Планируемая выручка ресторана может рассчитываться по-разному. В большинстве случаев при планировании доходов основываются на произведении суммы среднего чека и количестве чеков в ресторане. Соответственно, чем выше сумма среднего чека и чем больше количество чеков, тем выше выручка ресторана. При эффективном планировании выручки предприятие выходит на требуемые показатели прибыли от продаж. Средний чек, в первую очередь, является индикатором заведения для посетителя. В ресторанном бизнесе под средним чеком понимается количество денег, которое оставляет посетитель ресторана за один приход. Значит, средний чек – это сумма денег, которую платит средний клиент, совершая среднюю покупку в ресторане.

Сумма среднего чека напрямую зависит от наполняемости чека, а значит, от умения официантов предлагать выгодные ресторану позиции, от грамотности составления меню и от ценообразования на предлагаемые блюда. Средний чек рассчитывается либо на одного посетителя, либо на один стол в ресторане. Многие крупные сети ресторанов в настоящее время определяют средний чек на одного гостя, так как с этим показателем работать намного эффективнее. Во многих заведениях программа, в которой ведется учет всех проданных позиций ресторана, приравнивает средний чек на посетителя к среднему чеку на стол в ресторане. По мнению А. Федосеева, на одного посетителя должно приходиться не менее трех блюд и двух напитков, что позволяет достигать необходимого среднего чека каждому конкретному ресторану [1]. При закупке продуктов необходимо обращать внимание на формирование товарных запасов. Оборачиваемость товарных запасов характеризует деловую активность ресторана. Она отражает длительность цикла от поступления товаров на склад ресторана до их продажи. Определенного нормативного значения коэффициента оборачиваемости нет. У каждой отрасли есть свои средние значения. В ресторанном бизнесе данный показатель не должен превышать 15 дней. Значение данного показателя может изменяться в зависимости от специфики конкретного ресторана. Более важно обращать внимание на динамику оборачиваемости товарных запасов. При увеличении показателя длительности оборота необходимо рассматривать ассортимент с точки зрения спроса на него. Количество чеков в ресторане определяется количеством посетителей и оборачиваемостью стола. При работе с данным показателем необходимо отслеживать правильное формирование заказов в системе. Для этого проводится обучение сотрудников, которые непосредственно работают с системой, а также руководителей, которые исполняют функцию контроля. А.И. Кучеренко предлагает рассчитывать оборачиваемость стола отношением общего количества гостей к количеству столов в ресторане [2]. Это стратегически важный показатель при определении правильного зонирования помещения и работы сотрудников. Чем меньше по времени занят стол в ресторане, тем выше его оборачиваемость, и, как следствие, растет выручка ресторана. Помимо оборачиваемости стола, на количество чеков в ресторане влияют маркетинговые показатели, такие, как узнаваемость бренда, лояльность и профессионализм команды работников ресторана. Чтобы оценить загрузку ресторана, необходимо знать: - количество посетителей; - количество чеков; - выручку. Наценка в ресторане зависит от категории блюда и всех входящих в него ингредиентов. Наценка на блюда составляет около 400%, а на напитки может достигать до 1000%. Единой формулы для формирования размера наценки не существует. Формирование цены определяется рыночными факторами, среди которых главным является ориентация на цены конкурентов. Ресторан получает доход от продажи блюд и напитков в зале на территории своего заведения. При организации собственной службы доставки у ресторана появляется возможность получения дополнительного дохода с этого сервиса. В среднем служба доставки приносит дополнительные доходы в размере 10-25% к выручке ресторана. Сетевые рестораны имеют свои особенности. Сетевые рестораны ориентируются на обеспечение постоянного трафика. В связи с этим они

являются недорогими. Возможность оставлять цены на низком уровне в ресторанах появляется за счет экономии на затратах. Экономия на затратах является основным принципом существования сетевых ресторанов. Экономия на затратах становится возможной за счет единой поддержки маркетинга, логистики, кадровой политики и других сфер. Централизованный закуп продуктов для приготовления блюд и напитков существенно снижает затраты на него. Оптовый закуп продуктов дает возможность снижения закупочных цен. Единые требования к сотрудникам для ресторанов сети позволяют минимизировать время и затраты на их обучение. Отдел маркетинга в сетевых ресторанах работает не на обширную рекламу заведения для знакомства потребителей с ней, а на поддержание имиджа и привлечения дополнительного потока клиентов. Жизненный цикл сетевого ресторана намного больше, чем у авторских концептуальных ресторанов. Это возможно за счет выдержанного стиля во всех заведениях: оформления интерьера, названия, меню и общей концепции. Основной ориентир сетевых ресторанов – клиенты, для которых посещение заведений является обыденным и повседневным занятием. В кризисные периоды у сетевого бизнеса большая устойчивость по сравнению с единичными ресторанами. Сложность в создании сетевого бизнеса – это стандартизация всех процессов. Во всех заведениях одной сети все рестораны должны быть одинакового качества выпускаемой продукции, единые стандарты обслуживания. Стандартное качество приготовления блюд и четкий контроль за качеством обеспечивает наличие заготовочного цеха либо фабрики кухни. Еще одна функция заготовочного цеха – обеспечение экономии для всей сети ресторанов. Сетевые рестораны для своих заведений выбирают места с высоким городским трафиком: вблизи с торговыми центрами, рядом с остановками общественного транспорта, с городскими парковками в центре города. Реакция на внешние изменения у сети ресторанов более медленная, чем у одиночных ресторанов, поскольку все изменения необходимо вводить централизованно. Это занимает больше времени, возникает риск денежных потерь. Возможность развиваться в системе франчайзинга является дополнительным преимуществом сети ресторанов. Одиночным рестораном практически невозможно развиваться в данном направлении. Данное направление приносит дополнительный доход сети ресторанов, а также позволяет стремительно развиваться, в том числе и в других странах. Управление сетью ресторанов имеет определенные сложности. Совершенствование процессов управления осуществляется путем внедрения автоматизированных систем. Размер планируемой выручки и прибыли для каждого ресторана индивидуален. При этом сумма выручки всех ресторанов должна быть равна общей планируемой сумме выручки. Прибыль сети ресторанов планируется по такому же принципу, как и выручка.

Одним из современных трендов является *цифровизация рынка общественного питания*. Этот процесс цифровизации и роботизации включает в себя внедрение новых инструментов и технологий для повышения эффективности процессов, улучшения качества обслуживания, опыта потребителей и прибыли. Согласно отчету Национальной ресторанной ассоциации США, примерно 41% фаст-фуд ресторанов в США используют различные технологические средства, такие как планшеты, десктопные системы заказов, киоски самообслуживания и

автоматизированные программы для упрощения процесса обслуживания клиентов в ресторанах [3].

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Федосеев А. Нестандартный подход к управлению и планированию финансовых результатов // Финансовый директор. - 2016. - №9. - С. 32-37.
2. Кучеренко А.И. Бюджетирование как метод финансового планирования деятельности организации // Справочник экономиста. - 2016. - №3. - С. 14-17.
3. Н,Макенова. Анализ рынка общественного питания // Бизнес аналитика банка Жусан, 2023

ШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ ТУРИСТІК КЛАСТЕРДІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ**Айтқулова С.Б.**

Мұхаметқұл Исламқұлов ат. ЖББМ география пәні

мұғалімі, Ордабасы ауданы

АҢДАТПА

Қазіргі кезде Қазақстандағы туризмнің даму кезеңінде туристік қызметтің әлеуметтік-эконо-микалық тиімділігін арттыруға көмектесетін кластерлік тәсіл қолданылады. Кластерлерді әзірлеудің негізінде айрықша қайталанбайтын туристік өнімді қалыптастыру жүріп жатыр. Зерттеушілердің бағалауы бойынша шекаралық аудандарда туристерге қолжетімді даму әлеуеті жоғары шекаралық туризм қалыптасады, осыған орай, елімізде кластерді дамытуға мүмкіндік беретін аймақ ретінде Шығыс Қазақстандағы шекаралық туристік кластерін аламыз, оның негізгі екі дестинациямен, яғни Қатон-Қарағай Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мен Марқакөл Мемлекеттік табиғи қорығын бір туристік өнім ретінде ұсыну көзделеді, сондықтан екі объектіні бір туристік кластерге біріктіріп дамыту қажет екені анықталды. Аталған мәселелерді шешу үшін Қатон-Қарағай ұлттық паркі мен Марқакөл мемлекеттік қорықтарының арасын жақындататын Аустралиялық жолды пайдалануды ұсынылады.

Түйін сөздер. тұжырымдама, шекаралық кластер, аустриялық жол, айналма жол.

Өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымдар мемлекеттің индустриялы-ды-инновациялық дамуын тиімді жүзеге асырудың негізгі факторлары болып табылады [1, б.8]. Осы негізде, туризм саласын экономикамыздың маңызды саласы ретінде дамытуға арналған бағдарламалар құру өзектілігі белең алуда. Елімізді Орта Азия аймағының туризм орталығына айналдыру үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру жолдары қарастырылды және де бағдарламада «туризм» кластерінің пилоттық жобасын іске асыру қолға алынып, «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы» әзірленді. Отандық туристік саланың орталықтары мен локомотивтеріне айналатын бес аймақ анықталды. Онда қонақүйлер жүйесі, Ұлы Жібек Жолы үлгісіндегі керуен-сарайлар мен өзге де маңызды туристік маршруттардың құрылысына жағдай жасалуда. Инвестжобалар бойынша ұсыныстар негізінде аймақтық база қалыптасты, алғашқы кезеңде 90 инвестжоба сарапталып, жинақталды. Олардың 11-і өзекті деп табылып, 386 млн. АҚШ доллар мөлшеріндегі қаржыға мемлекеттік қолдау көрсету үшін «Қазына» тұрақты даму қорына жіберілді. Салалық нарықтың ұзақ мерзімді даму үрдісіне егжей-тегжейлі талдау жүргізіліп, туристік объектілерді сегменттеу мәселелері қарастырылды және ең соңында қазақстандық туризмнің дамуы үшін қуатты мотиватор болуға лайықты іс-шара ретінде – Астанадағы «EXPO-2017» Бүкіләлемдік көрменің өткізілуін айтуға болады [2, б.15].

Жаһандану кезінде Қазақстанда перспективті ұлттық кластерді дамыту

бәсекегеқабілет-тілікті арттыруда, тікелей шетелдік инвестиция тартуда және сыртқы экономикалық инте-грацияны жандандыруда тиімді механизм қызметін атқарады. Жалпы кластер дегеніміз – бұл, бір салада жұмыс істейтін, біріккен немесе бір-бірін толықтыратын кәсіпорындар мен оларға өзара жақын орналасқан және байланысқан жанама ұйымдардың тобы. Кластер ау-данды немесе тіптен жақын орналасқан қала немесе көрші елді-мекенді қосып ала отырып, бір қаланы қамтуы мүмкін [3, 181 б.]. Туристік кластердің бәсекелік (экономиканың басқа салаларымен және басқа елдердің туризмімен салыстырғанда) мүмкіншілігін арттыратын жеке өлшемдерін қарастыратын болсақ, онда туризмнің кластерлік дамуының факторлар өлшемі бойынша Қазақстанда туризмді дамыту факторлары өте көп, олай болса нарықтық экономика жағдайында туристік кластерді құру экономиканың ең перспективті салалары-ның бірі болып табылады. Оның Қазақстандағы үлесі ЖІӨ-нің жиынтық көлемінің 0,9% құраса, ал сол уақытта дамыған елдерде туризмнің үлес салмағы 30% - ға дейін жетеді. Осы-лайша, Қазақстанның бәсекеге қабілетті туризмнің қалыптасқан деңгейін сақтай отырып, әлемдік туристік нарықтағы отандық туристік нарықты дамыту мүмкіндігі халықтыңөмір сүру деңгейін арттыру және жұмыспен қамтуын ұлғайту, сапалы туристік қызмет үшін өсіпкеле жатқан сұранысты қанағаттандыру және еліміздегі туризмнің тұрақты дамуы үшін жағдайларды қалыптастыруға жеткіліксіз болып отыр. Туристік қызметтің даму мотивтері мен басымдықтарын, күш, мақсаттарын туристік кластер шеңберінде үйлестіру Қазақстан-ның Орталық Азия аймағындағы туризм орталығы ретінде қалыптасу міндеттерін неғұр-лым тиімді шешуге мүмкіндік береді [4, 15 б.].

Осыған байланысты, жергілікті тұрғындардың орналасқан мекенін бұзбай, берілген ау-мақты пайдалануды және қорғауды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын құрылым құрудыңқажеттілігі туып отыр. Қазір «жаңа» шекарамен шектесетін аудандардан бөлек, мемлекет-тік шекара өтіп жатқан бірқатар аумақтар экономикалық мәселелердің әсерін сезіне баста-ды. Сонымен қатар, жаһандану жағдайында шекаралық әріптестік тұжырымдамасы белгілі бір түрленулерді басынан өткеріп жатыр жәнебір мемлекеттегі шекаралық аумақтарда бо-лып жатқан әлеуметтік-экономикалық үдерістер аймақтың экономикасының аясында басты ғылыми қызығушылықтудыратын объектіге айналды. Әлеуметтік-экономикалық және сая-си жағдайлар және дәстүрлі жабық шекаралық аумақтар бір мемлекеттердегі тиімді эконо-микалық қарым-қатынас ортасының қалыптасуына себепкер болатындай жағдай жасалды. Көптеген халықаралық және ұлттық деңгейдегі бағдарламалар мен нормативті-құқықтық актілер жарты ғасырдан астам уақыт бойы шекаралық аумақтарды дамытудың бастыбағыттардың бірі ретінде есептелді. Шетелдік тәжірибемен салыстырғанда, еліміздің са-ясатынаорай,жылдар бойы шекаралық аумақтардың дамуына көңіл бөлінбеді, ол өз ке-зегінде сол аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етті. Тек қазіргі кездеәзірленіп жатқан «туризм» маңызды рөл ойнайтын бағдарламалар жүзеге асырылып, шетелдермен байланысатын шекаралық аймақтарды дамыту қолға алына бастады [6, б.73].

Мамандардың пікірі бойынша шекаралық аудандарды дамыту төмендегі

себептерге бай-ланысты өзекті болып отыр [7, б.3]:

-шекаралық аумақтар көрші мемлекеттермен экономикалық, мәдени және гумани- тарлық байланыстарды тиімді дамыту мен қалпына келтіруге, әріптестік механизмдерін- де дұрыс қойылған шекаралық байланыстарды қолдануға, аймақтардың дотациялылығын төмендетуге мүмкіндік береді;

-географиялық орынды еуразиялық транзитті коридор ретінде қолдану геоэкономи-калық рента үлесін алуға мүмкіндік береді;

-экономикасы дамымаған аймақтардағы трансшекаралық үдерістер жанжалдарды болдырмаудың алдын-алу шаралары мен әлеуметтік-экономикалық дамудың алғышарты ретінде орын алады.

Шекаралық туристік кластердің қызмет етуінің бірқатар ерекшеліктері туризм түрлерінебайланысты. Көбінесе туристік рекреациялық-кластерлерді құрудың негізі ретінде қысқа мерзімді туристік саяхаттар, яғни, демалыс күннің турлары алынады, ал сирек жағдайда орта немесе ұзақмерзімді саяхаттар құрайды. Салыстырмалы түрде саяхат мақсаттарын- да әдетте, іскерлік саяхаттар, сондай-ақ, шопингтік, мәдени-танымдық және рекреациялықсаяхаттар басым болып табылады. Шекаралық туристік кластерді құрудың ерекшелігі үшін бірыңғайланған индустрия мен инфрақұрылымды құру қажет.

Шекаралық туристік кластердің дамуының жетістікке жетудегі маңызды факторлары ретінде келесі факторларды аламыз:

- іргелес мемлекеттердің аумағына туристерді өткізу пунктерін модернизациялау;
- туристерге қызмет көрсету мен медициналық сақтандыру мәселелерін шешу;
- бірыңғай туристік өнімдер, маршруттар мен дестинацияларды қалыптастыру;
- туристер үшін туристік ақпараттың қол жетімді болу мәселелерін шешу.

Осыған орай, облыстарда шекаралық туристік кластерлерді қалыптастыру шекаралық аудандардағы әр түрлі туризм сегменттерін дамытудың әлеуетін толық зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе шекаралық ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының тиімді құралы болуына септігін тигізуі мүмкін. Қазір шетелдік ғалымдар экономикалық кластердіжіктеу белгілерін кең ауқымды қолданып, келесі параметрлер бойынша топтастырады:

- географиялық орналасуы;
- капиталдың болуы;
- жабдықтаушылардың жақындығы;
- бәсекелестіктің жағдайы;
- арнайы қызметтерге қолжетімдігі;
- еңбек әлеуетін дамытуы;
- мамандандырылған оқу орындары мен зерттеу ұйымдарының болуы;
- салалық меншіктігі және т.б.

Кластер негізінің маңызды элементтерінің бірі ретінде –географиялық орналасуды алуға болады. Шекаралық туристік кластердің қызмет етуінің бірқатар ерекшеліктері бар, ең ал- дымен бұл туризм түрлеріне қатысты. Шекаралық туристік кластерлердің белсенділендіруалғышарттарын төрт топқа жинақтай отырып қарастырайық (сурет 1) [6, б.74].

<p>Жаһанданумен туындағаналғышарттар</p>	<ul style="list-style-type: none"> • туристік рәсімдерді жеңілдету; • туризмнің индустриясы мен рекреациясын дамыту; • шекаралық аймақтардың экономикасы мен мәдениетіндегі біріктіруші үдерістері
<p>Шекаралық әріптестік саласындағы саясат пен заңның өзгерістерімен туындағаналғышарттар</p>	<ul style="list-style-type: none"> • шекаралық әріптестік саласының дамуы, құқықтық-нормативтік базаны құру; • шекаралардың кедергі функцияларын төмендету; • шекарадағыаумақ тұрғындары үшін шекарадан өту рәсімдерін жеңілдету бойынша келісімшарттар жасау; • шекаралық аймақтың байланыс функцияларын арттыру
<p>Туризм саласындағы саясат пен заңның өзгерістерімен туындаған алғышарттар</p>	<ul style="list-style-type: none"> • туризмді мемлекет экономикасындағы басым қызмет салаларының бірі ретінде тану; • кластерлік саясатты аймақ туризміндамытудағы тиімді құралдардың бірі ретінде тану; • туристік кластерлерді құру мен дамытуда құқықтық-нормативтік базаны құру; • туризмді дамыту және реттеу бойынша құзыреттілікті мемлекет субъектілері деңгейіне беру
<p>Туризм және рекреация индустриясының дамуымен туындағаналғышарттар</p>	<ul style="list-style-type: none"> • туристерді ақпараттандыру және қызмет көрсету технологиясын дамыту; • бұрынғы КСРО мемлекеттерінің шекаралық аумақтарында туристік инфрақұрылымды, маршруттарды, туризм индустриясының тарихын қалыптастыру

«Туристік саланы дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасындағы» аталған алты кластердің бірі кластері –«Алтай інжуі» Шығыс аймағындағы солтүстік және шығыс бөлік- терін қамтиды. Өскемен қаласы кластердің орталығы болады, мұнда 8 маңызды туристік қызығушылық орындары айқындалған: «Берел» қорғандары, «Бұқтырма» су қоймасы, Ертіс өзені – Зайсан көлі, «Қатон-Қарағай»Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі, Қиын Керіс тауы,Алакөл көлі, Риддер – «Батыс Алтай» мемлекеттік қорығы, Семей қаласы және Абай ауданы. «Алтай інжуі» «Табиғаттың ғажайып әлемі» ретінде сипатталып, экологиялық ту- ризмді дамыту орталығы болады. Аталған кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдерге белсенді және қызық оқиғалы туризм, таулар мен көлдердегі демалыс, пантамен емдеу, гастронаомдық, санаториялық-курорттық, СПА туризмі және басқалар жатады [2, 30 б.].

Шығыс Қазақстан облысының солтүстік шығыс және шығыс бөліктерін жасыл орман- ды, биік таулы Алтай таулары алып жатыр. Табиғаты өте көркем, екінші Швейцарияға теңестіруге де болатын, нағыз туристік ресурстардың ордасы ретінде бәсекеге қабілетті туристік орталық, яғни туристік дестинация деуге

болса, осы Алтай таулары орналасқан елді-мекенді жер екі аудан еншісінде. Олар: Катон-Қарағай ауданы және Күршім ауданы. Күршім ауданының туристік әлеуетін жоғарылататын негізгі дестинацияларын (туристік ресурстарын) атап кетуге болады, яғни Алтай таулы аймағында Марқакөл көлі, Марқакөл мемлекеттік табиғат қорығы, Алтай тауының ең биік шыңы – Мұзтау, Алтай тауларының сілемдері және кішігірім мөлдір, тасқынды өзендер мен сарқырамалары орналасса, Катон-Қарағай ауданы 13 190 км², ол Шығыс аймағының 4,6% аумағын алып жатыр. Бұл ауданда Катон-Қарағай ұлттық мемлекеттік паркі, Рахманов бұлақтарының термальды көздері, Берел қорымы, Көккөл сарқырамасы, тастанды биік таулы Көккөл кеніші және Ұлы Жібек жолының алтын тармағы және т.б. орналасқан.

2001 жылдың шілдесінде Катон-Қарағай ұлттық паркі құрылып қызметін бастады, ұлттық парктің негізгі міндетіне: әлемнің негізгі биотикалық кешендерінің репрезентативті үлгісі ретінде экожүйені сақтау; табиғи ортаның экологиялық әртүрлілігін қолдану; мәдени мұраның аумағы мен нысандарын сақтау; экожүйенің өнімділігін сақтау; туризмді дамыту арқылы шекаралық ауданның экономикалық дамуына қосымша күш қосуды алуға болады. Парктің аумағын: Солтүстік пен шығысында мемлекеттік шекаралар Ресей мен Қытай елдері; Батысында меридиан бойынша Медведька ауылы; Оңтүстігінде – Қытайға дейінгі Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай және Күршім аудандарының шекараларын қамтиды. Сол себепті, Қазақстанның Шығыс аймағында шекаралық аймақ ретінде транс-шекаралық туризмді және шекаралық туристік кластерді дамытуға зор мүмкіндік бар [5].

Осыған орай, ғалымдар ұсынған критерийлер бойынша туристік кластердің жіктелімін жинақтап, Шығыс Қазақстан өңірінде шекаралық туристік кластерлердің орнын анықтаған жөн (сурет 2).


Сондықтан, ғалымдар ұсынған критерийлер бойынша туристік кластердің жіктелімін жинақтап, Шығыс Қазақстан өңірінде шекаралық туристік кластердің орнын анықталды.

Мақсатты бағыты бойынша демалыс және рекреациямен байланысты мәдени-танымдық, жағажайлық және басқа да туризм түрлері жүзеге асырылатын рекреациялық және туристік қызметке бағытталған кластерлерді бөлу қажет. Басқа туристік кластердің мақсатты бағдары бизнес-саяхаттармен, МІСЕ-индустриямен және іскерлік туризммен байланысқан, осылайша, туристік кластерді жіктеудегі шекаралық кластерлердің орны оның орналасуы мен ұлттық туристік кластерлерге қарсы қойылуымен белгіленеді. Шекаралық туристік кластерлердің түрлерін тікелей қарастыра отырып, қазіргі кездегі азғантай саны мен болашақтағы маңызды әлеуетін ескеріп, шекаралық туристік кластерлердің ерекшелігі, басқаларға қарағанда, кездейсоқ орын алатындығын назарда ұстау керек.

Бұрын қабылданған көзқарас бойынша кластердің географиялық кластерінің ерекшеліктеріне шекаралық туристік кластерлердің субъектілерін таспалық, жұлдыздық және орта-шаланған деп бөлуді қарастыру керек. Біздің ойымызша, шекаралық туристік кластерлерге қатысты туристік ресурстардың басым

категорияларына табиғи, мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық шарттар орын алады. Шекаралық туристік кластерде дамып келе жатқан туристік қызмет түрлері шекараның кез-келген жағына бірдей болуы мүмкін, бірақ тәжірибе бойынша, олар бір-бірінен ерекшеленеді. Осылайша, шекаралық туристік кластерлердің ұсынылған жіктелімі шекаралық туристік кластерлерді құрылымдап, жиын-тықтарын сипаттауға мүмкіндік береді.

Германия елінің «IPK International» халықаралық консалтингтік компаниясының жүргізген сауалнамасы негізіне сүйенетін болсақ, Ресей және Қытай мемлекеттерінен келетін туристердің қалауы бойынша Қатон-Қарағай мен Марқакөл ұлттық парктерін бір тур құрамында болуын қалайды [8]. Әсіресе, шет ел туристерін экстрималды, спорттық және оқиғалық туризм түрлері қызықтырады. Қазақстанда жағажайлық туризм түрі Каспий теңізінде, Алакөл көлі, Балқаш көлі, Бұқтырма су қоймаларын дамыту перспективті болып отыр [9, б.87]. Осыған орай шекаралық аймақта орналасқан екі объектіні бір туристік кластерге біріктіріп дамыту қажет екені анықталды, ал қарастырған теориямызға сүйенетін болсақ, оны шекаралық туристік кластер негізінде іске асыруға болады (сурет 3).



Сурет 2 - Туристік кластерлерді сыныптаудағы шекаралық кластерлердің орны.

Шығыс Қазақстан облысында шекаралық туристік кластерлердің объектісі ретінде екі дестинацияны, яғни Марқакөл және Катон-Қарағай аудандарын

енгізуге кедергілер бар екенін көруге болады, олар: жолдың қашықтығы, айналмалы жолдың ыңғайсыздығы, бір тәуліктен аса уақытты алуы қонақ үйді пайдалану керектігі, тамақтану объектілеріне тоқтау керектігі, тур құнының қымбаттауы, кедендік рәсімдердің баяу жүргізілуі, т.с.с.

Аталған мәселелерді шешу үшін Катон-Қарағай ұлттық паркі мен Марқакөл мемлекеттік қорықтарының арасын жақындататын Аустралиялық жолды пайдалану керек, жергілікті ха- лық осы жолды пайдаланады. Атауы ресми болып табылмайтын жолдың «аустриялық» деп аталу себебі, 1914 жылдан 1916 жылдар кезеңінде Бірінші Дүниежүзілік соғыстың аустри- ялық (чех) тұтқындарының салғандығына байланысты және «адамның еңбек батырлығы- ның ескерткіші» деуге болады. 2000 метр биіктіктегі 150 км. жуық қашықтықты алатын трассаны қайла мен күрекпен салуды елестету қиын [11]. Мыңдаған адамдар опат болды деседі: біреуі биіктен құласа, енді біреуін тас басып қалған, енді біреулері мұндай ауыртпа- лыққа шыдамаған, жолдың айналасы табиғаттың сан алуан таңғажайып көріністеріне бай. Аустриялық жол – Теректі ауылы мен (бұрынғы Алексеевка ауылы), Ұранқай ауылын (Марқакөл көлі), Бұрқат асуын, Бұқтырма өзенінің аңғарын байланыстырады, ұзақтығы 150 километрге жуық аустриялық жол өзінің әсемдігімен әйгілі. Аймақтың дала (шөлді-дала) зонасындағы Теректі ауылынан басталған жол солтүстікке қарай ақ және сұр мәрмәрлі әк тастармен қатпарланған, Мәрмәр асуы арқылы өтеді. Бұл арадан Қытай Халық Республи- касы жағында орналасқан Аққұм құмдарының ғажайып шағылдарының көрінісі ашылады. Бұдан әрі жол теңдесі жоқ Марқакөл көлі, Қара-Қаба тау өзенінің аңғары арқылы, Қатын жотасы мен Бұқтырма өзені аңғарының көрінісі ашылатын Бұрқат асуымен (2098 м) өтеді.

Аустриялық жолдың www.google.kz бағдарламасымен есептеу нәтижесінде Марқакөл көл жағасынан Катон-Қарағай ауданына дейінгі 98 км қашықтықты, 2,35 сағат уақытын және айналма жолдың 478 км қашықтық пен 6,45 сағат уақытын алатындығын көруге бо- лады (кесте 1).

Кесте 1 - Аустриялық жолдың тиімділігі

Айналма жол бойынша ара қашықтық (м)	Аустриялық жол бойынша ара қашықтық (м)	Екі жол арасындағы айырмашылық (м)	Екі жолдың ақшамен шаққандағы құнындағы айырмашылығы (тг)	Есептелуі
478 (6,45 сағ)	98 (2,35 сағ)	380 (4,09 сағ)	10 368	Мөлшері 478 км аралыққа 80 л, ал 98 км аралыққа 16 л бензин жұмсалады, ортаесепте бензин бағасы 162 тг

Ескерту – мәліметтер негізінде авторлар дайындаған					
--	--	--	--	--	--

Кесте мәліметтері бойынша, ұсынылатын Аустриялық жолды қолдану 380 м және 4 сағатты үнемдесе, ол қаржылай көріністе, егер жеңіл көлікпен мөлшері 10 368 теңгені үнемдейді екен, сондықтан Аустриялық жолды пайдалану жергілікті тұрғындарға, ішкі ту-ристерге және шекаралас жатқан Ресей мен Қытай елдерінен келетін туристерге, екі аудан-ның (дестинацияның) туристік ресурстарын айналмай-ақ, тура және қысқа жолмен жүріп өтуге болатынын көрсетеді.

«Белді дереккөзінен алынған ақпарат бойынша мұнда жұмыс істеген адамдардың саны 600-ге жеткен», - деді аустриялық тілші Лана Берндл. Журналистер деректі фильмді Ау-стрияның Грац қаласында өтетін халықаралық кинофестивальде таныстырды [12].

Шекаралық аймақты дамыту мақсатында екі ұлттық паркті бір туристік өнімге айнал-дырып, Қазақстанның Шығыс аймағында шекаралық кластерді дамыту мүмкіндігінің мол екенін көруге болады, осы уақытқа дейін оған кедергі болған мәселе айналмалы жол мен екі аудан әкімшілігінің қарамағында тіркелуінде болса, оны шешудің жолы шекаралық ту-ристік кластерді дамыту алғышарттарын дұрыс және ретімен қолдану болып табылады.

Шекаралық туристік кластерлердің жіктелуінің мақсаттық бағыты бойынша туристік-ре-креациялық шекаралық туристік кластердің құру керек екенін білеміз, біздің зерттеуіміз бойынша осындай кластерлерді құруға көбіне аумақтардың арақашықтығының алшақтығы және жолдарды өту қиындығы көп кедергі келтіреді, ал Шығыс Қазақстан аймағындағы екі ауданды жақындату үшін ата-бабаларымыз бен қазіргі жергілікті халықтың пайдаланып жүрген Аустриялық жолы туристерге үлкен ыңғайлылық туғызады және жолдың атауы-ның өзі Аустриялық жол деп аталуы, осы аймаққа туристердің көп келуінің кепілі деуге болады, себебі қазірдің өзінде шет елдіктердің тарапынан осы жолды зерттеу басталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Еспаев С.С., Киреева А.А. Ұлттық кластерлерді қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы.- Алматы: ҚР БЖҒМ ҒК Экономика институты, 2013. – 234 б.
2. «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысы: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406> (12.10.2017 қарау)
3. Ларионова Н.А. Кластерный подход в управлении конкурентоспособностью реги- она // Экономический вестн. Ростовс.гос.ун-та – 2007. -Ч.2. №1. – С.22-23.

4. Ахметжанова С.Б. О кластерном подходе к развитию отрасли // Вестник КазГАУ
5. -2001. №1. -С.57.
6. Қатон-Қарағай ауданы әкімінің ресми сайты: -URL: www.katon-karagay.vko.gov.kz(11.09.2017 қарау)
7. Кропинова Е.Г.,Митрофанова А.В. Регионально-географический подход к понятию
8. «туристско-рекреационный кластер»// Вестн. Балтийского федерального ун-та им. И. Кан-та – 2009. №1. –С.70-75.
9. Бойко А.Е. Формирование кластеров как инструмент повышения конкурентоспособности туристских услуг:автореф. на соиск. к.э.н.: 08.00.05, Балтийская академия туризма и предпринимательства. – Санкт-Петербург, 2011
10. «IPK International» халықаралық консалтингтік компаниясының ресми сайты. -URL: www.ipkinternational.com/ (15.03.2016 қарау)
11. Смыкова М. Р., Сохатская Н. П. Оценка привлекательности туризма Казахстана// Вестник Карагандинского университета. Экономическая серия. - 2011.-Т.4. № 64.-С.85.
12. Қатон-Қарағай МҰТП және Марқакөл МТҚ арасындағы айналма жол 3D спутник-тік картасы. -URL: [www.google.map.com./](http://www.google.map.com/) (12.10.2017 қарау)
13. Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің ресми ғаламтор-ресурсы. -URL: <http://www.akimvko.gov.kz/ru/> (13.09.2017 қарау)
14. Bnews.kz жаңалықтары. -URL: http://bnews.kz/kz/news/regioni/avstriya_zhurnalisteri_shkonin_tarihi_murasi_turali_film_tusirude-2014_09_10-884253 (15.10.2017 қарау)

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ РУХАНИ АСТАНАСЫ- ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**Налмишова Қ.Н.**Аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан**АҢДАТПА**

Түркістан қаласының тарихы 2 мыңжылдықтан бері келе жатыр. Алғаш қала атауы Шавғар деген атпен араб жазбаларындағы деректерде кездеседі. Ол – ежелден Орта Азия мен Тұран даласындағы ең көне қала. Түркістан – Қазақстанның көне қалаларының бірі. Бұл қала еліміздің оңтүстік аймағында орналасқан. Түркістан қаласы қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Орта ғасырларда (XVI – XVII ғғ) ол Орта Азия мен Қыпшақ даласы халықтарының саяси орталығы болған. Беріде Қазақ хандығының ордасы болды. Қасиетті Түркістанды Екінші Мекке» деп атаған. 1903 жылы Түркістанға алғаш темір жол келген. Қасиетті Түркістан – тарихи және туристік қала. Түркістанға келгендер алдымен Қожа Ахмет Йасауи кесенесіне барады. Бұл кесене – сәулет өнерінің ең озық үлгісі. Кесене отыз бес бөлмеден және сегіз бөліктен тұрады. Кесененің жанында шығыс моншасы бар. Жер астында қырық төрт бөлмеден тұратын «қылуат» деп аталатын ғибадатхана салынған. Түркістан қаласы Қожа Ахмет Йасауи атымен әлемге әйгілі болды. Түркістан қаласы – тарихы тереңде жатқан Қазақстандағы тарихи туризмнің басты жобасы әрі 2004 жылы Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – ЮНЕСКО-ның мұралары тізіміне енген тарихи орын.

Түркістан – Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Ол туралы алғашқы деректер араб жазбаларында IV-V ғғ. бастап Шавғар деген атпен кездесе бастаған. Араб тарихшы-географы Әл-Истахри ибн Кордаубех ат-Танрази өз жазбаларында: “Көне Шавғар XI ғасырға дейін өмір сүрген, XI ғ. бастап қала орталығы Ясыға көшті”, - дейді [1]. Бұл деректерді қазіргі біздің археолог ғалымдар да растайды. Ерте кезден Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы мен кесенесі Түркі дүниесінің киелі рухани құбылысы болғанмен, тарихи шаһардың тағдыры да, жөні де бөлек. Кесене XII ғасырдағы ақын, ойшыл, ағартушы, сопылық ілімінің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауидің құрметіне салынған. XIV ғасырда, яғни А.Ясауи кесенесі салынғаннан кейін, Түркістан бүкіл түрік тілдес халықтардың діни орталығына айналып, “Хазреті Түркістан” немесе “Кіші Мекке” атанған. Бұл болжам шығыс зерттеушісі академик В.В.Бартольд еңбектерінде кездеседі [2]. XV ғасырда Түркістан Сырдария өңірінің саяси және экономикалық орталығына айналып, 1598 жылы ол біржолата қазақ хандығының орталығы болады. Бұған дәлел – А.Ясауи кесенесі төңірегіне қазақ хандарының жерленуі. Ел арасында дәстүрлі атауы – «Әзірет Сұлтан». Қала XVI ғасырдан бастап құжаттарда «Түркістан» деп жиі қолданылады. Түркістан қаласы сонымен қатар орта ғасырдың өзінде ірі білім орталығы болғандығы белгілі. Оның мәдени өмірінде дәруіш ақындардың, ислам дінін уағыздаушылардың да шығармалары үлкен орын алады. Олардың қатарына Ахмет Ясауи бастап, оның шәкірті Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Жүгнеки, Жүсіп Баласағұндар жатады.

Түркістан – Моңғол-татар, жоңғар шапқыншылығын, қазіргі Орта Азия мен Қазақстанда сол кезде өмір сүрген мемлекеттер мен хандықтардың жаугершілігін көрген қала. Орта ғасырдағы Сыр бойындағы Сығанақ, Сунақ, Сауран сияқты үлкен шаһарлардан біздің ғасырға жеткені де осы қала. ХІІІ ғасырдың басынан Түркістан қазақ хандығының, яғни қазақ мемлекетінің астанасы болды. Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасын реттеу үшін Түркістаннан Ресейге, Ресейден Түркістанға елшіліктер жүріп отырған. Түркістанның бүкіл қазақ халқының байтақ астанасы болғандығын дәлелдеу үшін Шығай, Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай, Қазыбек, Әйтеке секілді қазақ халқының ұлдары мен Қанжығалы Бөгенбай, Тобықты, Мамай, Қоңырат Сырғақ, Нияз, Дулат сияқты батырларының құлыптастарының А.Ясауи сағанасында орналасқаны дәлел. Түркістан қаласы Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің тарихи, мәдени, рухани және туристік өмірінде маңызды рөл атқарады. Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммиті қазіргі таңдағы әлемдегі келеңсіз жағдайға байланысты онлайн форматта өтті. Бейресми саммиті Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев ашып жүргізді. Жиынға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Түркия Президенті Режел Тайип Ердоған, Әзірбайжан, Президенті Ильхам Әлиев, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзаёв, Қырғызтан Президенті Садыр Жапаров, Түрікменстан Президенті Гулбангулы Бердімұхамедов, Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбан, Түркі тілдес мемлекеттердің Бас хатшысы Бағдад Әміреев қатысты. Осы саммитте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі кеңесіне мүше елдерді түркі өркениетін жаңғыртуды Түркістанды әлемге танытудан бастауға шақырды. Ел президенті «Біздің мақсатымыз - түркі әлемін ХХІ ғасырда маңызды экономикалық және мәдени – гуманитарлық кеңесіктің біріне айналдыру. Түркі өркениетін жаңғыртуды ең алдымен Ясауи мұрасы мен қасиетті Түркістанды әлемге танытудан бастауға шақырамын», - деді. Жалпы, Түркістан қаласын түлетіп, өркендету мәселесі әрдайым Тұңғыш Президентіміздің назарында. Ежелгі Түркістанның жаңғыруы және жаңаруы даму жолымыздың дұрыстығын көрсетеді. Президент ретіндегі Түркістан қаласын түлетуге үлес қосу мен үшін аса маңызды», - тдеді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сол себепті саммит «Түркістан – түркі әлемнің рухани астанасы», - деп аталды. Саммит соңында түркі елдерінің мәдени құндылықтарына және кеңестің мәртебесіне қатысты қорытынды декларация қабылданады. Үкімет деңгейінде Түркістан қаласын дамытуға және облыстың келешегін қалыптастыруға бағытталған заң мен 5 қаулы қабылданды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Түркістанға сапарында тұрғындармен кездесіп: «Тәуелсіздік алғаннан соң Түркістанды астана ретінде қарастырдым. Бірақ өздеріңіз білетіндей, жағдай бұған жол бермеді. Бүгін бұл қала облыс орталығына айналды, шаһарды жандандыру жұмыстары жүргізілуде. Барлық жоспарланған нысандардың құрылысы аяқталғаннан кейін біз туристердің көбеюін күтеміз. Сонымен қатар қосымша жұмыс орындары ашылады. Мұның бәрі біздің халқымыздың өмір сүру деңгейіне оң әсер етеді», - деген болатын. Елбасы Түркістан қаласында әкімшілік-іскерлік орталықтың капсуласын салған тарихи сәтке арнап орнатылған ескерткіш тасбелгіге «Көне Түркістан жаңа Қазақстанның шырайлы шаһарына айналады», - деп жазды.

Сондай-ақ 2018 жылы 29 қыркүйекте Түркістанға Үкімет басшысынан бастап, министрлер мен елдегі алпауыт компаниялардың жетекшілерін де, шетелдік инвесторларды да ерте келген Елбасы «Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-

рухани орталығы ретінде дамыту бойынша бас жоспардың тұжырымдамасын мақұлдау» және «TURKISTAN» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Жарлықтарға қол қойды. Түркістан қаласында арнайы мәжіліс өткізіп, еліміздегі алпауыт компаниялар мен ел Үкіметіне Түркістанды дамытуға үлес қосу жөнінде тапсырма берді. Облыс әкімдіктері мен ірі компанияларға 26 нысанды салу міндеті жүктеліп, өткен жылдың өзінде оның бірқатарының құрылысы аяқталып үлгерді.

Түркістанның идеологиялық бағыты да жұртшылыққа жария етілді, облыстық мәслихаттың сессиясында идеологиялық ұстанымның *бірінші* басымдығына сәйкес қалаға келген әрбір адам күллі Қазақ мемлекетінің басынан өткен тарихи оқиғалардан мағлұмат алатындай болуы тиіс екенін нақтылады. *Екіншіден*, бүгінде қалада қолөнер орталығының құрылысы жүргізілуде. Алдағы уақытта қазақ халқының ұмыт қалған қолөнері мен зергерлік өнері, ұлттық құндылықтары мен кәсіп түрлері қайта жанданып, ірі кәсіпорындар ашылады. *Үшіншіден*, Түркістан өркениет, сауда және өндіріс орталығы ретінде дамиды. Тоғыз жолдың торабында орналасқан шаһарды ірі сауда, өнер, туризм орталығына айналдырудың кешенді тетіктері дайындалды. *Төртіншіден*, «Қожа Ахмет Ясауи – рухани тұлға» бағыты бойынша Түркістанда республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шаралар қолға алынбақ.

Елбасы тапсырмасы бойынша жаңа Түркістанда Ясауи музейі салынып жатыр. Шаһардағы 15 нысанның құрылысы биыл толық аяқталып, пайдалануға беру көзделген. Сондай-ақ биыл Түркістанда «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасының аясында мемлекеттік бюджет есебінен 158 нысанның құрылысына 36,6 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде 40 арендалық, 88 кредиттік тұрғын үй, 30 инженерлік инфрақұрылым нысандарының құрылысы жүргізілуде. Мемлекеттік бюджет есебінен сатып алу құқығынсыз арендалық 40 көпқабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Жыл соңына дейін жоспар бойынша 978 пәтерлі 18 тұрғын үй пайдалануға берілмек. Әлеуметтік кредиттік тұрғын үйді дамыту бағытында 7 қабатты 48, 72 және 84 пәтерлі 24 тұрғын үй салынууда. Жыл соңына дейін 1452 пәтер тапсырылады. Яғни биыл Түркістанда 70 нысан пайдалануға беріліп, нәтижесінде 2430 отбасы баспанамен қамтамасыз етіледі. Ал 3604 жеке жер учаскелеріне инфрақұрылым жүйелері жүргізіледі.

Түркістанның діни, мәдени орталық болумен бірге, аймақтық бизнестің дамуына, өмір деңгейі сапасының өсуіне тигізген ықпалы зор. Түркістанда туризмнің экологиялық, табиғи, діни бағыттағы түрлерін дамыту туризм кластерін қалыптастыруға туристік әлдеуеті жеткілікті. Иә, Түркістан – дайын туризм ордасы. Ол ежелгі «Ұлы жібек жолының», қазіргі заманауи «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» тасжолының бойында тұр. Қалыптасқан қатынас жүйесі бар. Сондықтан Түркістанға жеткілікті, тиімді менеджмент жүйесі мен қолайлы инфрақұрылым қалыптастыру керек. Экономика жақсарса, халықтың демографиялық өсімі артады, тұрмысы артады. Демек, бұл қазақ қоғамы үшін – экономикалық, саяси, рухани үш жақты пайдасы бар бастама. Әуелі қаланың бас жоспарына халықаралық байқау жарияланды. Инвестициялар және даму министрлігінің болжауынша, жаңа бас жоспар 2 кезең бойынша жүзеге асады. *Біріншісі*, түркі әлемінің мәдени рухани орталығы және Түркістан облысының орталығы ретіндегі Түркістан қаласының бас жоспары тұжырымдамасы. Нұр-Сұлтанды салу тәжірибесі ескеріліп, кешенді жұмысқа «Астана бас жоспарын» тарту немесе оның Түркістан қаласында филиалын ашу айқындалды.

Екіншісі, 2050 жылға дейінгі тұжырымдаманы ескеріп, қаланы дамытудың егжей-тегжейлі ұсыныстары қамтылған бас жоспар бағыты. Бас жоспарды сәтті әзірлеу үшін облыс орталығы ретінде Түркістан қаласын дамытудың жол картасы әзірленіп, барлық мүдделі мемлекеттік ұйымдар белсенді тартылады.

Түркістан қаласы аумағында кәсіпкерлерді, оның ішінде бизнеске енді араласқан жастарды ынталандыру ісі жүргізіліп келе жатыр. Осы бағытта кәсіпті дамытуға ерекше ден қойып, мемлекет жеңілдіктерін пайдалану мақсатында оңтайлы жобалар жүзеге асады. Өткен жылы Түркістанда алғаш рет жас кәсіпкерлерді қолдау мақсатында «Damdi Turkistan» тағамдар фестивалі, балалар бизнес жәрмеңкесі секілді жаңа жобалар қолға алынды. Сондай-ақ жастардың бойындағы қабілетін ұштай түсетін жобалар қатары да аз емес. «Пәтержай», «Шабыт» кештері өнерпаз жастарға кең мүмкіндік ашқан. Саламатты өмір салтын өрістететін «Turkistan bike» жобасы іске асты.

Қазір Түркістан қаласының барлық аумағында құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Инфрақұрылым жаңарып, жол төселіп, көше бойындағы арықтар қалпына келтірілді. Көрінісі көзді арбайтын ғимараттар бой көтерді.

Жобаға сәйкес Түркістанда 170-тей жаңа нысан салу жоспарланған. 30-дан астам ірі нысанның құрылысы 2018 жылы басталған. 2019 жылы 12 нысанның құрылысы аяқталған. Олар: облыс әкімдігі ғимараты (Түркістан облысы), «Нұр-Сұлтан» алаңы (Нұр-Сұлтан) қаласы, медиаорталық (Алматы қаласы), олимпиада резерві спорт мектебі (Солтүстік Қазақстан облысы), музыкалық мектеп (Батыс Қазақстан облысы), Халыққа қызмет көрсету орталығы (Павлодар), шығыс моншасы (Қызылорда), қабылдау орталығы (Жамбыл облысы), музыкалық субұрқақ (Шығыс Қазақстан облысы), амфитеатр (Маңғыстау), неке сарайы (Қостанай), «Түркістан» автобекеті (жеке инвестор).

2020 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасының аясында мемлекеттік бюджет есебінен 158 нысанның құрылысына 36,6 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде 40 арендалық тұрғын үй құрылысы, 30 инженерлік инфрақұрылым нысаны, 88 кредиттік тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр. Бұл – талай отбасы баспанаға ие болады деген сөз.

Түркістан облысы мен қаласының құрылыс нысандары өңір басшысының Өмірзақ Шөкеевтің тікелей қадағалауында. Елбасы аманаттаған жауапкершілікті Президент пен Үкімет басшысы да терең түсініп, сәтімен бақылап отыр. Коронавирус індеті кезеңінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, ғимараттардың құрылысын тоқтатпау – ортақ елдік іс болып тұр.

Биыл пайдалануға берілген аса маңызды нысандардың ішінде халықаралық әуежай, драма театр, саябақ «Hampton by HiltonTurkestan», «Rixos», «Нұр Аспан» қонақүйлері, облыстық басқармалар ғимараты, аумақтық департаменттер үйі, конгресс орталығы, УЕФА жүйесіндегі стадион, жабық бассейнді спорт кешені, оқушылар сарайы, ғылыми-әмбебап кітапхана, «Ұлы дала елі» орталығы, цифрлы кеңсе Отанымыздың мерейін өсірді. Мұның бәрі – Түркістанды түркі әлемінің мәдени-рухани орталығына айналдыру бағытындағы нақты қадамдар.

Туризм саласы Түркістанда бұрыннан жақсы жолға қойылған. Бұл сала бойынша 2021 жылы инвестиция көлемі 102 млрд теңгені құрап, республика бойынша бірінші орынға шықты. 2021 жылы облыста «Керуен Сарай» көпфункционалды туристік кешенінде демалыс орындар және туристік нысандары іске қосылды

(Ramada by Wyndham, Emir Plaza, Rich Hotel, Grand Villa, Golden Ray Turkistan Hotel, Этно Парк Резорт). Сондай-ақ, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Түркістан қаласына бір күнде 1 417 372 адам келді (2020 жылы – 382 606 адам болған).

2022 жылы ішкі туристердің са-нын 261 000 адамға, шетелдік туристердің санын 7 290 адамға, Түркістан қаласына бір күндік келушілер санын 1,6 млн адамға, туризм саласы бойынша көрсетілетін қызметтердің кө-лемін 3,5 млрд теңгеге дейін жет-кізу жоспарланған

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президент ретіндегі алғашқы жұмыс сапарын Түркістаннан бастағанда «Түркістан – мемлекетіміздің алтын бесігі. Ежелгі Түркістанның жаңғыруы мен жаңаруы даму жолымыздың дұрыстығын көрсетеді»,- деген еді. Түркістан – жай қала емес, алыс-жақынға даңқы кеткен ежел-гі тарихи қаланың бірі.

Біз үнемі Түркістан қаласы үшін көтеріліп отырған, жаңалықты қуана құптап отырамыз. Тарихи тұлғалардың алтын ордасы біздің туған өлкеміздегі Түркістан қаласының түркітілдес елдердің мәдени астанасы болуға бек лайықты. Барша түркі тілдес бауырларымызды рухани астанаға шақырамыз. Келіңіздер тарихи ата бабаларыңыздың кіндік қаны тамған өлкеде қонақ болыңыздыр. "Екінші Мекке" атанған қасиетті өлке. Түркістан – күллі түркі халықтарына ортақ, әлемге әйгілі қасиетті де киелі мекен. Бұл ең алдымен Ислам дінін таратушыларының бірі, сопылық ілімнің негізін қалаушы, ғұлама дегдар, әулие тарихатшы, ақын, философ Қожа Ахмет Яссауи бабамыз жерленген өңір.

Түркістан – араб, қытай, парсылар мен еуропалықтар көз тіккен "Ұлы жібек жолының" ортасындағы ең үлкен қала, күллі түркі жұртының- тарихи астанасы.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Түркістан жайлы маңызды деректер | Қазақ Әдебиеті ...

<https://qazaqadebieti.kz> > t-rki...

2. В.В.Бартольд «Моңғол кезеңіне дейінгі Түркістандағы христиандық туралы» (1894),

3. egemen.kz: <https://egemen.kz/article/239549-turlengen-turkistan-eki-dgylda-enhshesin-tiktegen-onhir>

© egemen.kz

4. Түркістан қаласының бүгінгі, ертеңгі, болашағы

<https://egemen.kz/article/177151-turkistannynh-bugini-men-bolashaghy>

5. <https://informburo.kz/kaz/trkstan-eknsh-mekke-atanua-lemdk-turizm-ordasy-na-aynalua-layy.html>

6. Egemen.kz: <https://egemen.kz/article/252900-zhaqanda-dganhghyrghan-turkistan> © egemen.kz

УДК 338:48 (574)

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В РК**Токбергенова У.А.¹, Желдибаев А.Е.², Туебекова З.Ж.³, Токкожаев Д.М.⁴**¹докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Республика Казахстан²к.э.н., доцент³лектор кафедры ТиСО, Алматинский технологический университет, Алматы,
Республика Казахстан⁴магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы,
Казахстан

В последнее время оказание туристских услуг получило значительное развитие и стало массовым социально-экономическим явлением международного масштаба. Его быстрому развитию способствует расширение политических, экономических, научных и культурных связей между государствами и народами мира. Массовое развитие туризма позволяет миллионам людей расширить свои знания об истории своей страны и других стран, познакомиться с достопримечательностями, культурой и традициями определенной страны.

Туристские ресурсы национального и этнографического туризма в Казахстане богаты и уникальны. Это памятники архитектуры, музейные экспозиции, архивные материалы, места художественного характера. Все это вместе создает благоприятные условия для отдыха и знакомства с историей и культурой города.

Развитие любого направления туризма для Казахстана, в том числе этнографического и национального развития, зависит от ряда условий: декларация открытой экономики и приграничной политики; заключается в поддержке и развитии социальных и культурных связей.

При правильном подходе к развитию и совершенствованию национально-этнографического туризма как определенного вида туризма Казахстан рассматривает не только получение дохода, но и укрепление межгосударственных и дружественно-соседских отношений, расширение дружеских связей, взаимообогащение между народами, мира и взаимопонимания между странами.

Формирование и развитие этнографического и национального туризма в условиях открытой экономики Казахстана в настоящее время является актуальной и очень важной задачей.

В последнее время наблюдается значительный рост интереса иностранных туристов к туристическим местам Казахстана. Это явление в основном связано с географическим положением республики, большим потенциалом в области организации привлекательных маршрутов и др. Туристическая привлекательность Казахстана объясняется наличием уникальных природных

территорий и заповедников, исторических и культурных достопримечательностей мирового уровня.

Казахстан имеет конкурентные преимущества, заключающиеся в уникальной культуре, богатой и разнообразной природе, повышенной деловой активности, что позволяет развивать культурно-познавательный, экологический, этнографический, деловой туризм, активный отдых типа спорта, туризм приключенческий [1].

На территории Казахстана находятся различные исторические, архитектурные и природные объекты национального туризма, которые могут быть включены в этнографические маршруты.

Во время национально-этнографических поездок турист изучает определенную этнографическую группу людей, рассматривает их быт, культурные особенности, бытовые моменты и т. д. Благодаря этому новшеству в туристических агентствах многие даже нашли дальних родственников в зарубежных странах.

Сегодня на территории Казахстана развивается этнографический туризм. Огромная территория и красивая природа Казахстана не могут не удивлять граждан зарубежных стран и граждан нашей страны. Среди них наиболее привлекательными местами для туристов являются Боровое, Алмаарасан, заповедники Казахстана, вершины Алматинского Алатау.

Каждая туристическая отрасль в регионе Казахстана находится в стадии становления, вопросы ее развития актуальны с точки зрения повышения эффективности региональной экономики, привлечения инвестиций в развитие туристической отрасли. Каждый регион отличается своими природно-климатическими, географическими и этнографическими особенностями.

В Казахстане действуют более 400 туристических компаний, у них заключены соглашения с туристическими компаниями 80 стран мира.

Внутренний туризм имеет положительную тенденцию роста. По сравнению с предыдущими годами увеличилось количество желающих путешествовать по стране. Несмотря на организованный внутри страны турпоток, хотя эксперты прогнозировали нулевой рост в 2022 году, эти прогнозы не оправдались: он вырос в среднем на 8-10%.

По данным Национального бюро статистики РК, услуги, оказанные туристам, посещающим нашу страну, в 2020 году сократились в 5,4 раза по сравнению с 2019 годом и составил 454,6 млн. долларов. В 2021 году по сравнению с 2019 годом оно сократилось в 4,6 раза, то есть объем туристских услуг составил 535,3 миллион доллар.

В 2022 году наблюдалось улучшение ситуации. В 2022 году услуги, оказанные обычным посетителям, составили 60,4% к 2019 году, частным туристам – 56,1%, деловым туристам – 87,7%. В течение года ситуация продолжала улучшаться. По сравнению с 2021 годом показатели выросли: оказанные услуги туристам в целом – в 2,78 раза, туристам, приехавшим с личными целями – в 5,57 раза. Сервис,

оказанный туристам, приехавшим с деловыми целями, приблизился к показателю 2019 года (составил 94%).

Социальная роль этнографического туризма заключается в его оздоровлении и просветительстве, проявляется в образовательной деятельности. Каждому региону следует уделить особое внимание задаче развития социального туризма. Необходимо найти пути использования финансовых механизмов для поощрения работодателей, являющихся спонсорами программ этнографического туризма или возмещения части затрат на туристические услуги своих работников на территории Республики Казахстан [2].

Развитыми регионами культурно-этнографического туризма являются Жетису, Алматинская, Восточно-Казахстанская, Карагандинская, Павлодарская, Туркестанская области, а также города Алматы и Астана. По этнографическим и национальным особенностям этих регионов фирмы составляют 88% оказываемых услуг. Наиболее посещаемыми туристами из Казахстана странами являются: Россия, Китай, Германия, Корея, Польша, Турция, ОАЭ. А страны туристов, приезжающих в нашу страну, это: Россия, Китай, Германия, Турция.

Основными факторами, тормозящими развитие национального и этнографического туризма в Казахстане, являются неразвитость туристской инфраструктуры, отсутствие благоприятных условий для инвестиций, низкое качество туристических услуг и неактивный имидж Казахстана как туристической державы на внутреннем и международном рынках, что негативно сказывается на рейтинговые показатели страны [3].

Основные проблемы развития национально-этнографического туризма в Республике Казахстан:

1. Проблемы размещения. Сюда относится недостаточное количество средств размещения, ориентированных на массового туриста, а также высокая стоимость существующих средств размещения.
2. Транспортная проблема. Инфраструктура для передвижения на автомобиле: дороги плохого качества, придорожные кафе, гостиницы, парковки и т.д. маленький А существующие предприятия предоставляют низкий уровень сервиса, но при этом устанавливают высокую цену. Стоимость транспортных услуг (воздушный и железнодорожный транспорт) также высока.
3. Инвесторы меньше интересуются отечественной туристической отраслью. Это связано с низкой отдачей инвестиций в сфере национального и этнографического туризма. Инвесторам выгоднее вкладывать средства в строительство жилых комплексов, чем в отели, которые быстрее окупятся.
4. Низкий уровень обслуживания. Проблема низкого уровня сервиса часто связана с нехваткой квалифицированных кадров.
5. Низкий уровень «культуры отдыха». «Культура отдыха» позволяет жителям принимающих регионов, а также работникам этнотуризма взаимодействовать с туристами, обмениваться опытом, проявлять доброжелательность и гостеприимство, проявлять вежливость и толерантность, а также объекты и территории, посещаемые туристами, образ жизни и обычаи местного населения

– означает готовность с уважением и заботой относиться к их обычаям и образу жизни.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ


1. Об утверждении государственной программы развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2019–2025 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 мая 2019 года № 360.
2. Issakov, Y., Laiskhanov, S., Mazbayev, O., Ussenov, N., Zheldibayev, A., Kamelkhan, G., & Dávid, L.D. (2022). Opportunities to use mobile GIS applications in the formation of tourist and local lore competencies in students: case study in Almaty, Kazakhstan. *GeoJournal of Tourism and Geosites*, 41(2), 597-605.
3. Қазақстан туризмі 2017-2021: стат. жин. / Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі – Нұр-Сұлтан, 2022. – 65 б.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ТУРИСТІК ШАҒЫН АУДАНДАР МЕН КЛАСТЕРЛЕР ҚҰРУДЫ КЕҢІСТІКТІК ҰЙЫМДАСТЫРУ

Токбергенова У.А., Абдиманапов Б.Ш.


Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы
Токкожаев Д.М. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы

Туристік индустрия саласында туристік аудандардың (жүйелердің) белгілі бір иерархиясы қалыптасты: туристік-рекреациялық аймақ, туристік макро аудан, туристік мезорайон, туристік шағын аудан, туристік объект. Туристік-рекреациялық жүйелерді қалыптастыру тұжырымдамасы әртүрлі композициялық, функционалды және жоспарлау элементтерін бөлуге негізделген. Мұндай элементтердің ішінде композициялық типтерді атап өткен жөн: аймақтар – туристік-рекреациялық және санаторий-курорттық ресурстардың шоғырланған аймақтары; өзектер-аудандар мен аймақтардың функционалды – экономикалық және қала құрылысы орталықтары; осьтер-ареалдар мен ядроларды бір аумақтық қаңқаға байланыстыратын ландшафттық – маршруттық дәліздер; локустар-жекелеген ескерткіштермен, турбазалармен, демалыс үйлерімен, елді мекендермен байланысты функционалды-жоспарлау құрылымының нүктелік элементтері. Әр түрлі елдерде әр түрлі дәрежедегі потенциалды туристік аймақтар қалыптасады. Аттрактивтілік әртүрлі факторларға байланысты болуы мүмкін: табиғи, мәдени-тарихи, әлеуметтік-экономикалық, этно-конфессиялық. Көбінесе аттрактивтілік факторлардың барлық жиынтығымен анықталады, бұл жағдайда мұндай кешенді тартымды аймақтар туристер мен туристік бизнес үшін ерекше тартымды[1]. Туристік аудан (ТР) - белгілі бір аттрактивтілік белгілері бар және туристік инфрақұрылыммен және туризмді ұйымдастыру жүйесімен қамтамасыз етілген аумақ. 1-суретте рекреациялық аудандардың таксономиялық иерархиясы көрсетілген.




Сурет -1 Рекреациялық аудандардың таксономиялық иерархиясы

Туристік аудандар бірқатар негізгі белгілермен ерекшеленеді: пайда болу уақыты және қалыптасудың тарихи ерекшеліктері; турст ауданының қалыптасуының табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары, туристік инфрақұрылымның даму деңгейі, туристік әлеует, туристік мамандану



Сурет-2. Туристік рекреациялық кешеннің құрылымы

Аталған белгілердің негізінде туристік аудандардың жіктелуі құрылуы мүмкін. Бұл өте егжей - тегжейлі немесе жеңілдетілген түрде болуы мүмкін-пайда болу уақыты, қалыптасудың алғышарттары (аттрактивтілік түрлері), туристік инфрақұрылымның даму деңгейі, функционалды типология, туристік мамандандыру бойынша[2]. Туристік мамандандырудың көптеген аралас түрлері бар (емдеу-сауықтыру, спорттық-сауықтыру, қажылық, танымдық-рекреациялық, танымдық-фестиваль және т.б.). Туристік аудандар кең және тар мамандандырылған аудандарға бөлінуі мүмкін (3-сурет).



Сурет-3. Туристік аудандар

Тәжірибе туризм индустриясының дамыған жүйесі бар бірқатар елдердің тәжірибесі рекреациялық аудандарда мамандандырылған туристік кластерлер қалыптасып жатқанын көрсетеді. Туристік кластерлер рекреациялық тропиялар экономикасының жоғары тиімділігіне ықпал етеді. Кластерлердің қалыптасуы белгілі бір елдің, аймақтың, облыстың, ауданның артықшылықтарынан көп пайда алуға мүмкіндік береді.

Көп жағдайда кластерлер мемлекеттік - жекеменшік әріптестік қағидаттарында қалыптасады және жұмыс істейді. Іс жүзінде тиімділікті көрсеткен мемлекеттік және жеке секторлардың өзара іс-қимылының әртүрлі нысандары, модельдері мен тетіктері бар. Мемлекет кластердің әртүрлі актерлерінің диалогы үшін платформа құру, қосымша білім беру және кадрларды қайта даярлау бағдарламаларын іске асыру арқылы жергілікті жұмыс күшінің біліктілігін арттыру, шетелдік келушілер мен жергілікті халықты тарту үшін өңірлік бренд құру арқылы жергілікті жерлерде кластерлік бастамаларды дамытуға көмектеседі.

Туристік кластерді дамыту бағытына байланысты қажетті көлемде қаржылық қолдау жүзеге асырылады. Басқарушы компания өз кезегінде мынадай бөлімшелердің жұмысын реттейді: туристік операторлар; туристік қызметтер көрсету жөніндегі агенттіктер; қонақтарды орналастыру жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдар (қонақ үйлер, пансионаттар, санаторийлер және басқалар). Иерархияның келесі кезеңі: трансферді ұйымдастыратын компаниялар; тамақтану орындары (мейрамханалар, кафелер, барлар және т. б.); демалыс және демалыс орындары (саябақтар, спорт залдары мен алаңдар, кинотеатрлар және басқалар); кәдесый өнімі бар сауда нүктелері; көлікті жөндеу жөніндегі объектілер. туристік кластерлер құру. Туристік кластер - бұл елдегі туристік компоненттердің шоғырлануы. Кластерді құру аймақ пен оның болашағы туралы суретті құрайды, құрылымның бөлігі ретінде жаңа элементтерді ілгерілетуге және құруға ынталандырады[3].

Түркістан облысы үшін туристік кластерлер құру туристік қызметтердің сапасын арттырудың шарты болады. 4 суретте аудандық кластерлерді құру үшін қажетті негізгі компоненттер көрсетілген.



Сурет-4. Кластерді құру үшін қажетті шарттар

5-суретте Түркістан облысының туристік кластерлерінде ұйымдастыруға болатын туризмнің негізгі түрлері көрсетілген.



Сурет-5. Түркістан облысының кластерлеріндегі туризмнің әлеуетті түрлері [4].

Әкімшіліктердің физикалық-географиялық орналасуы мен туристік мамандануы негізінде оларды жалпылау жүргізіліп, соның негізінде Түркістан облысының аумағында микродеңгейде 7 туристік кластер анықталды. (1-кесте).

1- кесте. Түркістан облысының туристік кластері

№ п/п	Кластердің атауы	Кластерлер құрамындағы әкімшілік бірліктер
1	Түркістан- Отырар оазисі	Түркістан, Кентау қаласы, Шәуілдір ауданы
2	Солтүстік Бәйдібек - Созақ	Бәйдібек, Созақ ауданы
3	Шығыс Қазығұрт-Төле би	Қазығұрт, Төле би ауданы
4	Орталық Арыс - Ордабасы	Арыс қаласы, Ордабасы ауданы
5	Тау бөктеріндегі Сайрам-Түлкібас	Сайрам, Түлкібас ауданы
6	Бальнеологиялық Сарыағаш-Келес	Сарыағаш, Келес ауданы
7	Оңтүстік Мырзашөл	Жетісай, Мақтарал, Шардара ауданы

Туристік кластер-бұл туризм саласында қызмет көрсететін ұйымдардың бірлестігі. Оның құрамында үнемі өзара әрекеттесетін шағын және ірі фирмалар бар. Олар бір аймақ шегінде бірыңғай аумақта орналасқан. Жұмыс ішкі (ішкі саяхат) және сыртқы бағытта (шетелдік сапарлар) жүргізіледі. Кластерлердің құрылымы иерархиялық жүйе болып табылады. Жетекші буын – басқарушы компания. Мемлекет оған белгілі бір экономикалық аумақтарды басқару өкілеттігін береді. Қарым-қатынас серіктестікке негізделген. Туристік кластердің даму бағытына байланысты қажетті көлемде қаржылық қолдау көрсетіледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Елеуов М. 2019 жылғы барлау жұмыстары // Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Түркістан ескерткіштері. Алматы, 2019.
3. Маликов А.М. Святые места Туркестанского региона: особенности истории и современность // Локальные религиозные верования в Центральной Азии.

Материалы международного научного семинара. г.Алматы. 25 мая 2017 года.
Алматы: издательский дом "Мир", 2017, с.129-144.

4. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч., Т.1.М.,1963.С
429